

әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 930 (574)

Қолжазба құқығында

ДУЛАТОВА ИНДИРА САБИТОВНА

**Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы
қалалардың Қазақстандық тарихнамасы**

07.00.09 – Тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері

Тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
тарих ғылымдарының
докторы, профессор Төлебаев Т.Ә.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАСЫ.....	15
1.1 Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихы ХІХ ғ. дейінгі еңбектерде	15
1.2 Кеңестік кезеңдегі Ұлы Жібек жолы тарихының зерттелуі	33
1.3 Ұлы Жібек жолының тарихы тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеушілер еңбектерінде.....	50
2 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАР ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	74
2.1 Ұлы Жібек жолының Жетісу аумағындағы қалалары туралы зерттеулер	74
2.2 Оңтүстік Қазақстандық Ұлы Жібек жолының қалалары жөніндегі зерттеулер: мәселелері және бағыттары	101
2.3 Батыс Қазақстан торабындағы Ұлы Жібек жолы қалаларының тарихы: зерттеулер және проблемалар	118
ҚОРЫТЫНДЫ.....	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	146

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ халқының тарихындағы көпшілік бөлігі қазіргі Қазақстан арқылы өткен Ұлы Жібек жолының тарихы күрделі де қызықты. Қазақстан Шығыс пен Батыстың мәдениетінің өзара ықпалдасуы мен өзара байытылуының жолындағы байланыстырушы көпір болса, Ұлы Жібек жолы – халықтар мен елдерді біріктіріп, олардың мәдениетін жақындатты, адамзат эволюциясына ықпал еткен көптеген жаңалықтарды силады. Кейбір ғалымдар оның тарихы тіптен б.з.б. 3-1 мыңжылдықтардағы аумақтық сауда жолдары жұмыс істеген кезден бастау алады деп есептейді. Ал халықаралық сауда трассасының гүлденуін біздің эрамыздың басында Кушан империясы мен басқа да шығыстық мемлекеттердің Еуропа елдерімен сауда байланыстарын орнатқан кезеңге жатқызады. Бұл мәселелер әлі де айқындауды қажет етеді. Қалай болғанда да, Ұлы Жібек жолының бірыңғай жүйесінің құрылуы оның бойында қалалардың қалыптасуы мен өрлеуіне және оларда сұранысқа бейімделген қолөнердің, өндірістердің дамуына, соның барысында ақша-тауар қатынастарының пайда болуына әсер етті. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар өзара тиімді, бейбіт қатар өмір сүруді, діни төзімділікті қалаған және инновациялық жетістіктерімен белсенді түрде алмасуға ұмтылған әртүрлі экономикалық және дүниетанымдық жүйелерді жалғастырып, біріктіріп отырды. Олар сондай-ақ әртүрлі дәрежедегі өркениеттер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына, көптеген мәдени құбылыстардың импортталуына немесе қабылдануына ықпал ете отырып белгілі бір мәдениеттің құрамдас бөлігіне де айналды.

Сондықтан да, шығысы сонау Хуанхэ өзенінің бойынан басталып антика әлеміне дейін жетіп, он алты ғасырдай уақыт теңдесі жоқ сауда, мәдени қатынастар артериясы қызметін атқарған Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан қалаларын зерттеу жұмыстары бір жарым ғасырдай уақыт бойы жүргізіліп келеді. ХІХ ғ. ортасынан бастап әсіресе Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалалар мен елді мекендер, сауда жолдары, соның ішінде ежелгі замандардағы қытай саяхатшылары мен елшілерінің жүріп өткен жолдары туралы мәселелерге арналған әртүрлі көлемдегі еңбектер жарық көре бастады. Мұндай еңбектердің авторларының мамандықтары, қызмет дәрежесі әртүрлі болды. Олардың негізгі бөлігі ғалымдар, арнайы ғылыми экспедициялардың мүшелері еді. Сонымен қатар әскери қызметкерлер, шенеуніктер де тақырып мәселелеріне қатысты еңбектер жазып қалдырды. Қызметтерінің, мамандықтарының әртүрлілігі олардың еңбектерінің мазмұнына, қорытындылары мен көзқарастарына ықпал етіп отырды.

Кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларды зерттеу жұмысының ауқымы мен көлемі кеңейе түсіп, біршама үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Көптеген қалалар қазылып, зерттелді. Отырар, Ақтөбе сияқты қалалар кешенді, әрі тұрақты зерттеу объекті болды. Бұл салада әсіресе археологтар көп еңбек сіңіргенін және көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер жариялағанын ерекше айтуымыз

кажет. Бірақ, Кеңестік кезеңде әртүрлі себептерге байланысты, Ұлы Жібек жолының тарихы арнайы сөз бола қоймады. Тек Кеңес үкіметі билігінің соңғы жылдарындағы «жариялылық» науқаны барысында және шетелдік халықаралық ұйымдардың бастамасымен Ұлы Жібек жолы туралы мәселе көтеріліп, мерзімді басылымдар сөзете бастағаннан кейін ғана Ұлы Жібек жолының тарихына біршама кеңірек назар аударыла бастады.

1987 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының 24 сессиясында қабылданған шешім бойынша «Ұлы Жібек жолын» кешенді түрде зерттеп білудің халықаралық жобасын жасап, оны іске асыру қолға алынды. Мұндай зерттеу жүргізу туралы шешім Грекия, Египет, Индонезия, Италия, ҚХР, МХР, Оман, Португалия, Шри-Ланка және сол кездегі КСРО елдерінің бастамасымен қабылданды. Бұл жоба ЮНЕСКО-ның «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз қоры» және «Мәдениет пен келешек» атты екі ірі бағдарлама бойынша жүзеге асырылмақшы болды. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап біршама бағдарламалар жасалып, Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеу және оның бойында туризмді дамыту мәселелері қолға алына бастады. Халықаралық, республикалық конференциялар өткізіліп, мәселені ғылыми тұрғыда зерттеу қажеттігі туралы мәселелер сөз болды. Соның барысында бірнеше монографиялық еңбек, көптеген мақалалар, конференция материалдары жарық көрді. Бұл кезеңдегі Ұлы Жібек жолы тарихын зерттеушілер қатарына тарихшылар, археологтармен қатар, мәдениеттанушылар, географтар, философтар, этнологтар, дінтанушылар, экономистер де қосылды.

Сонымен қатар көңіл аударатын бір мәселе, мәселені зерттеуге ғылыми бағыттары ғана емес, мамандықтары да әртүрлі адамдар атсалыса бастады. Мәселен теміржол, автокөлік жолы, туризм сияқты мамандық иелері, жекелеген компаниялар мен мекемелер басшылары, бизнес өкілдері Ұлы Жібек Жолы тарихы мен оны жаңғырту мәселелері туралы еңбектер жариялай бастады. Бұл айтылғандар Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихы көпшілік назарын аударып, қызығушылығын тудырып отырғандығының куәсі. Сонымен қатар біздердің, әртүрлі мамандық иелерінің көзқарастарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, кейде тіпті қайшылықтырды да айқындап, зерттелуі қажет мәселелерді ерекшелеуіміз қажеттігін, яғни тарихнамалық тұрғыда зерттеуіміз керек екендігін де күн тәртібіне қойуда.

Оның үстіне соңғы жылдары халықаралық бағдарламалардың негізінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» алып трансевразиялық магистралының құрылысы басталды. «Батыс Қазақстан – Батыс Қытай» мұнай құбыры салынды. Жақында ғана «Түркменстан - Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбыры іске қосылды. Осы төрт елдің басшыларының кездесуінде Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біз Ұлы Жібек жолын жаңғыртып отырмыз», - деген еді. Сондықтан да, Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының зерттелу дәрежесін айқындап, болашақта зерттелуі қажет мәселелерін зерделеудің бүгінгі таңдағы сұраныспен де байланыс күмән туғызбайды. Бүгінгі таңда тәуелсіз елімізде туризмді дамыту маңызды саланың бірі болып отыр. Сол себепті де, Ұлы Жібек жолының тарихын, оның ескерткіштерін зерттеп, бүгінгі күн талабына, туризмнің сұранысына сай етудің

де маңызы зор. Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығы ежелгі Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихына жаңаша көзқараспен баға беруді, тарихнамалық тұрғыда зерттеуді қажет етеді деген ойымызды нақтылай отырып, біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеу жұмысының нысаны – төңкеріске дейінгі, Қазақстанның кеңестік және тәуелсіз кезеңдеріндегі Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихына байланысты жарық көрген еңбектер болып табылады.

Зерттеу жұмысының пәні – Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихына қатысты ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХІ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы еңбектерді, яғни тарихнамалық деректерді талдау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды тарихнамалық тұрғыда арнайы қарастырған еңбектің жоқ екендігін бірден айқындап кеткен дұрыс. Қазақстандық тарихнамада ортағасырлық қалалар тарихының зерттелуі туралы мәселелер оларға қатысты археологиялық еңбектерде және кейбір жекелеген зерттеулердің тараушаларында қарастырылып отырған мәселемен байланыс дәрежесіне қарай кездесіп отырады. Бұл жерде бір назар аударатын жағдай тарихшылар еңбектерінде олар қарастыратын мәселенің зерттелу дәрежесін айқындау мақсатында тарихнамалық шолулар жасау дәстүрге айналса, археологтардың еңбектерінде бұған ерекше көңіл бөлу сирек, яғни зерттеу тақырыбына тарихнамалық талдау арнайы ерекшелене бермейді. Оларда көбінесе зерттеу жұмысының мазмұнын баяндау барысында кейбір зерттеушілердің еңбектері сөз болады.

Мәселен, А.Н. Бернштамның «Памятники старины Талаской долины» [1] деген еңбегінде ішінара тарихнамалық ой-пікірлер айтылады және олар кейін көптеген зерттеушілердің көзқарасына ықпал етті.

Ә.Х. Марғұланның 1950 жылы жарық көрген «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» деп аталатын іргелі жұмысында өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалып, ортағасырлық қалалардың қай жерде орналасқандығына қатысты салиқалы пікірлер айтылды.

М. Елеуов «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы)» атты еңбегінде Қазақстанның (Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу, және Іле өңірлері) ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің зерттелу тарихы жөніндегі және оны кезеңдерге бөлу жөніндегі зерттеушілер арасындағы пікірлерін келтіреді. Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің, К.М. Байпақов, П.Н. Кожемяко, Т.В. Савельева, Б.Ә. Аманбаев, С.Я. Перегудовалардың кезеңдеуі мен хронологиясын жеке-жеке алып көрсетеді [2]. Алайда, оның тарихнамалық шолуында, негізінен, ХХ ғасыр 90-жылдар бас кезіне дейінгі ғана ізденістер қамтылған.

У.Х. Шәлекенов [3] «Түріктердің отырықшы өркениеті» аты ғылыми жұмысында «Баласағұн мәселесі» көлемінде М. Қашқари, Махмұд Ибн-Вали, Ж. Баласағұнға, сонымен қатар В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Л.Р. Кызыласов, П.Н. Кожемяко, М.Е. Массон, В.Д. Горячева, К. Байпақов, М. Елеуов сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдайды да, өзінің ұзақ жылдар бойы экспедиция барысында жинаған мәліметтеріне сүйене отырып, Ақтөбені Баласағұн деп есептейтіні туралы өз тұжырымын ұсынады.

Сонымен қатар Т.Н. Сенигованың [4] «Средневековый Тараз» зерттеу еңбегі толығымен тек Тараз қаласына арналғанымен, онда ортағасырлық кейбір қалаларға қатысты көптеген ғалымдардың пікірлері де ұшырасады. Еңбекте автор А.Н. Бернштамның пайымдаулары мен ойларын келтіреді де, көбіне оның тұжырымдарын қолдап отырады.

Академик К.М. Байпақов Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихын ғана емес олардың тарихнамасы туралы мәселені де ғылыми айналымға енгізу керектігін дәлелдеп жүрген ғалым ретінде де ерекшелеуді қажет етеді. Мәселен, К.М. Байпақов [5] «Қазақстанның ежелгі қалалар энциклопедиясы» атты қысқаша анықтамалық мақалаларында ортағасырлық қалалардың тарихына, атауларына, зерттелу кезеңдері мен ғалымдар белгілеген хронологиялық шектерінің айырмасына, археологтардың тұжырымдамаларына да шолу жасайды.

К.М. Байпақов, Т.В. Сенигова, К. Чанг сынды зерттеушілердің «Средневековые города и поселение Северо-Восточного Жетысу» [6] деп аталатын ғылыми еңбектеріне ортағасырлық Жетісу қалалары мен қоныстарына біршама кеңірек тарихнамалық талдаулар жасалған. Жұмыста ХІХ ғасыр ортасынан соңғы кезге дейінгі ғалымдардың сан алуан ой-пікірлері біршама жүйеленген.

Ал К.М. Байпақовтың, З.Ж. Шарденованың, С.Я. Перегудованың «Раннесредневековая архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом Шелковом пути» атты еңбектерінің бірінші тарауын мәселенің тарихнамасына арнаған [7]. Мұнда жалпы құрылыс өнері тарихнамасының құрамында қалалардың зерттелуі жөніндегі де мәселелер сипатталған. Зерттеушілер аймақтың архитектуралық ескерткіштердің зерттелуіне 150 жылдай уақыт болғандығын айта келе, Ш. Уәлихановтың еңбектерінде ортағасырлық қалалардың қалдықтары туралы сипаттамалардың кездесетінін атап өтеді. А. Бернштамның еңбектерінде [8] археологиялық методты пайдалана отырып, этносаяси жағдайдың ауқымында қалалардың даму жолдары туралы мәселенің көтерілгендігін көрсетеді. Ә.Х. Марғұланның ежелгі Қазақстанның қалалары мен құрылыс өнері тарихына арналған еңбегінде іс жүзінде алғаш рет еліміздегі ортағасырлық қалалардың мәліметтер жиынтығы жасалғанын атап өтеді [9]. Монғол дәуіріндегі қалалар тарихы мәселелерін зерттеумен байланысты Л.Б. Ерзаковичтің еңбектерінде Аспара қаласында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелерінің жүйеленгендігіне назар аударылған [10].

Қазақстанның археологиялық зерттелуінің тарихы К.М. Байпақов пен Ж.Қ. Таймағамбетовтың жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралында қорытындыланған [11]. Мұнда көрнекті екі археолог Қазақстан қалаларының және Ұлы Жібек жолының археологиялық негізде зерттелу тарихына да тоқталып, өзіндік баға беріп отырады. Онда 1939 жылы Іле жазығындағы ортағасырлық ескерткіштерді зерттеудің басталғанын, арнайы экспедиция жұмысын қорытындылаған А.Н. Бернштамның еңбектерінде аумақтағы қалалардың тарихи географиясы, генезисі, өмір сүрген уақыты, аттары туралы мәселелерді біршама реттеуге мүмкіндік бергендігін жазады.

Бұдан соң Отырар археологиялық экспедициясы туралы айта келе, көптеген қалалардың қазылғаны, әсіресе Отырар қаласында табылған заттай деректер негізінде К.А. Акишевтың, К.М. Байпақовтың, Л.Б. Ерзаковичтің, В.А. Грошевтың бірнеше еңбектерінің жазылғандығы, жаңа бағыттардың пайда болып, еліміздің археологиясының жаңа сатыға көтерілгендігі атап көрсетілген. Бұл көлемді еңбекте Қазақстандық археология ғылымының дамуын алты кезеңге топтай отырып, авторлар оның бесінші кезеңін ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастайды. Бұл кезеңдегі өте маңызды мәселе ретінде «Ұлы Жібек жолы: мәдениеттер диалогы» атты бағдарламасының болғандығын, онда ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстандағы урбанизация, қала мен даланың өзара ықпалы мәселелерімен байланысты жұмыстар жүргізілгені және оған атсалысқан ғалымдар жөнінде қысқаша баяндалады. Урбанизацияның даму динамикасы қалалардың құрылымы, атқарған қызметі, архитектурасы, тұрғындарының рухани өмірі көрші елдермен және халықтармен қарым-қатынасы жөніндегі мәселелермен байланыстырылып зерттелгендігін Отырар, Қостөбе, Құлан, Талғар қалалары мысалы негізінде дәлелдейді. К.М. Байпақовтың еңбектерінде Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы, оның негізгі бағыттары, олар бойынша тауарлардың, мәдениет үлгілері мен діннің таралу тарихының сипатталғандығы ерекшеленеді. Осылайша Ұлы Жібек жолының тарихнамасы туралы мәселе алғаш көтеріледі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де Қазақстандағы қалаларды археологиялық зерттеу жұмыстарының жалғасқанын, әсіресе халықаралық және кейбір шетелдік ұйымдармен байланыстар жасау барысында Отырар сияқты тарихи маңызы жоғары қалаларда консервация және мұражайландыру жұмыстарының қолға алынғандығы баяндалған.

Осылайша Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихнамасына қатысты мәселелер көтерілген еңбектер тобы аяқталады. Байқап отырғанымыздай жоғарыдағы еңбектердің бірде біреуі Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихнамасын зерттеуді арнайы мақсат етпеген. Мұның өзі отандық тарих ғылымында Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихнамасының кешенді түрде зерттеу нысанына айналмағандығын көрсетеді, яғни аталмыш мәселе тарихының тарихнамасын талдау өзекті бола түседі. Отандық тарих ғылымындағы біз талдап отырған мәселеге қатысты тың, әрі маңызды көзқарастарды айқындау оның ілгері дамуы үшін қажетті проблемаларды анықтаудың көкейкестілігін тағы да айғақтай түседі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытып, мынадай тұжырымға келдік. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихнамасы тарихнамалық тұрғыда арнайы зерттелмеген. Сондықтан да аталмыш тақырыпты тарихнамалық тұрғыда зерттеудің маңызы зор.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының зерттелу дәрежесін айқындау, басты тарихи ойлар мен көзқарастардың бағыттарын ерекшелеу және зерттелуі қажет мәселелерді айқындау болып табылады. Оған қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

-Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды кеңестік кезеңге

дейінгі зерттеу мәселелерін көрсету;

-Ұлы Жібек жолы тарихының кеңестік кезеңдегі зерттелу деңгейін анықтау;

-Ұлы Жібек жолы тарихының тәуелсіздік тұсындағы зерттеушілер еңбектеріндегі жаңа тарихи көзқарастарды айқындау;

-Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісу қалалары туралы кеңестік және отандық тарихнамадағы тұжырымдарына, пікірлер мен көзқарастар эволюциясына баға беру;

-Оңтүстік Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар туралы зерттеулерді талдау, жетістіктері мен кемшіліктерін, ақтандақ тұстарын саралау;

-Батыс Қазақстан торабындағы Ұлы Жібек жолының қалаларының тарихын зерттеудің бағыттарын және проблемаларын ашып көрсету;

-Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы бойы қалаларының тарихына қатысты тарихнамалық фактілерге баға беріп, зерттеушілердің ғылымға қосқан үлесін таразылау.

Жұмыстың деректік негізі. Жұмыстың хронологиялық ауқымының кеңдігі оның деректік негізінің ауқымды және әртүрлі сипатта болуына әсер етеді. Диссертациялық жұмыстың деректік негізін қазақ жерінде болған саяхатшылардың, кейбір әскери адамдар мен шенеуніктердің, археологтардың, этнографтардың және тарихшылардың еңбектері құрады. Басты дерек қоры болып ортағасырлық қалалардың құрылуы мен нығайуы, даму тарихы бойынша қалам тартқан кеңестік және отандық тарихшылардың, этнологтар мен археологтардың бүгінгі күнге дейін жарияланған еңбектері саналады. Тарихнамалық деректерді өзіндік ерекшеліктеріне, мазмұны мен сипатына қарай тарихнамадағы мерзімдемелік әдісті пайдалана отырып, төңкеріске, яғни ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі, кеңестік кезең және тәуелсіздік жылдарындағы деректер деп шартты түрде үш кезеңге бөліп топтастыруға болады. Сонымен, хронологиялық тұрғыда үш топқа жіктелген деректерге жеке жеке тоқталып өтейік:

Бірінші топқа төңкеріске дейінгі кезеңдегі ізденістер. Бұл топқа Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі, Орыс географиялық қоғамы, Орынбор мұрағаттық комиссиясы сынды бірлестіктердің мүшелері, орыс үкіметі шенеуніктері мен офицерлері жазған Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың орны мен басты жол бағыттары туралы еңбектері жатады. Солардың қатарында Ш. Уәлихановтың [12], Н.Н. Пантусовтың [13, 14], Г.В. Фишердің [15], Н.А. Абрамовтың [16, 17, 18], П.И. Лерхтің [19], Л.Д. Ивановтың [20], В.А. Каллаурдың [21, 22, 23, 24, 25, 26], В. Григорьевтың [27], Л.С. Бергтың [28], Н.С. Лыкошиннің [29], А.К. Кларе., А.А. Черкасовалардың [30], П. Рычковтың [31], И. Казанцевтың [32], т.б. аса маңызды шығармаларын атауға болады. Бұл зерттеулер өз ерекшеліктерін күні бүгінге дейін сақтап келеді. Себебі тарихи жазба дерек ретінде саналатын осы еңбектер сол кездерде болған немесе қалдықтары біршама дұрыстау сақталған көптеген ескерткіштер, жәдігерлер туралы нақты, шынайы мәліметтердің негізінде жазылғандығында деп есептейміз. Уақыт өте жойылған Қазақстандағы тарихи ескерткіштер, қалалар

жайлы ақпараттардың бір бөлігі патшалық Ресей тұсында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінің арқасында ғана бізге жетіп отыр. Осындай заттай және жазба жәдігерлерді бойына сақтаған деректердегі тарихнамалық фактілерді айқындап, оларға баға беру ғылым үшін маңызды болып табылады. Олар бір жағынан мазмұны бай тарихи жазбалар болса, екінші жағынан құнды тарихнамалық деректер ретінде дерек қорын толықтырады.

Ұлы Жібек жолы және оның тарихы туралы тарихнамалық деректердің біразын мерзімді басылым материалдары құрайды. Сондай мерзімді басылымдардың ең құндысы - «Туркестанские ведомости» журналы. Бұл басылым төңкеріске дейінгі кезеңде ұзақ уақыт бойы шығарылып тұрды. Оның беттерінде Ұлы Жібек жолы қалаларына қатысты ғылыми мақалалар, жазбалар жарық көрді. Кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдерінің мерзімді басылым жарияланымдарында Жібек жолы бойындағы қалалар жөнінде мәлімет беретін ғылыми мақалалар жарық көрді. Шағын ғылыми зерттеу түріндегі бұл туындылар Ұлы Жібек жолының тарихына қатысты құнды деректер болып табылады.

Екінші топты кеңестік кезеңдегі, немесе 1917 жылдан 1991 жылдарға дейін жазылған ғылыми ізденістер жиынтығы құрайды. Олардың арасында әлеуметтік топтың не мемлекеттің, көп жағдайда кеңестік құндылықтардың артықшылық идеясы тұрғысынан жазылған шығармалар бар. Дегенмен, Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеу ісі кеңестік кезеңде біршама жүйеленді, яғни бұл кезең кешенді жұмыстар атқарылғандығымен ерекшеленеді. Осы кезеңге жататын В.В. Бартольдтің [33, 34, 35], А.Н. Бернштамның [1, 148 б; 8, 6 б; 36], Ә.Х. Марғұланның [9, 152 б.], К.А. Акишевтің [37], К.М. Байпақовтың [38, 39, 40], С.П. Толстовтың [41], Е.К. Неразик [42], Л.С. Васильевтің [43], Б.Е. Көмековтың [44], М.Е. Массон [45], Е.И. Агеева [46, 47], Т.Н. Сенигова [4, 160 б; 48], Г.И. Пацевич [49], Ю.А. Зуев [50], Р.З. Бурнашева [51], т.б. іргелі еңбектері құнды тарихнамалық деректер болып табылады. Бұл зерттеулердің басым көпшілігі археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары негізінде жазылды. Археологиялық экспедициялардың барысы мен нәтижелерінде көптеген есептер жазылып, материалдар дайындалды. Сондай есептер мен материалдар да елеулі маңызы бар деректер тобын құрайды. Қазіргі таңда ортағасырлық қалаларды зерттеумен шұғылданатын кеңестік кезеңде құрылған экспедициялар (мысалы, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы) әлі күнге дейін жұмысын жалғастырып келеді. Қос кезеңнің куәсі іспеттес мұндай экспедициялардың материалдарын талдау, Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларға қатысты отандық тарихнаманың дамуын, ғылыми тұжырымдамалардың өзгерістерін көруге мүмкіндік береді.

Үшінші топтың деректері болып еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бері жинақталған Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар туралы еңбектер саналады. Оларды жаңа тарихи жағдайда пайда болған және балама теорияларға негізделген зерттеулер деп қарастыруға болады. Себебі, бұл кезде бұрынғы кеңестік таптық-партиялық идеологиядан ада ғылыми ізденістер дүниеге келді. Ғылымда ұлттық мемлекет пен ұлттық мүдде тұрғысынан бұрын

айтылмай келген тақырыптар көтеріле бастады. Өркениетті теорияға сүйеніп дайындалған зерттеулердің қатарында іргелі монографиялар, салиқалы ұжымдық еңбектер, докторлық және кандидаттық диссертациялар, өзіндік ойтұжырымдарға негізделген ғылыми мақалалар бар. Мәселен, У.Х. Шәлекеновтың [3, 121 б; 52, 53], К.М. Байпақовтың [54, 55, 56, 57], М. Елеуовтың [2], Б.А. Байтанаевтың [58], Р. Насыров [59], М. Хошимов [60], З. Самашев; Ф. Григорьев; Г. Жумабекова [61], т.б. іргелі зерттеулерінің ғылымнан алар орны елеулі.

Бұл кезеңнің басты артықшылығы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша түбегейлі зерттеулер жүргізіліп, Қазақстан аумағындағы Жібек жолы бойындағы ежелгі және ортағасырлық қалалардың орындары ашылып, тың мағлұматтарға қол жеткізіліп, отандық археология тарихнамасы жаңа ақпараттармен толықты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қосылған үлесті таразылайтын ғылыми бас қосулар өткізіліп, олардың материалдары да жарық көрді. Мұндай ғылыми топтамалар да тарихнамалық дерек қорымызды толықтыра түседі. Тақырыпқа қатысты кеңестік және тәуелсіздік жылдары өткізілген ғылыми конференциялардың материалдарының жинақтары дерек ретінде біраз мәліметтер береді.

Аталғандардың барлығы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларға, тарихына байланысты тарихнамалық деректердің аз еместігін байқатады. Сол тарихнамалық деректерді талдап, ұтымды тұстары мен кемшіліктерін көрсету отандық тарих ғылымының дамуына септігін тигізеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Диссертацияда қол жеткізілген басты ғылыми жаңалықтар болып мыналар саналады:

-Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихнамасы алғаш рет кешенді түрде талданып, олардың тарихы туралы көзқарастар сараланды;

-Мәселені әртүрлі кезеңдерде зерттеудің басты ұстанымдары анықталып, зерттелуге тиіс мәселелері айқындалды;

-Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі кезеңдегі зерттелуінің бағыттары көрсетілді;

-Кеңестік кезеңдегі Ұлы Жібек жолы тарихының зерттелу жолдары мен тәсілдері, кемшіліктері және олқылықтары алғаш рет арнайы қарастырылды;

-Тәуелсіздік тұсындағы еңбектердегі Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеудің барысы, туризмді дамытудағы рөлі таразыланып, зерттелмеген тұстары ашылды;

-Кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі Жетісудағы Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалар тарихын зерттеу мәселелері алғаш рет арнайы сараланды;

-Зерттеушілердің Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстандық аумағындағы қалаларының қалыптасуы мен дамуы жөніндегі пайымдауларына талдаулар жасалды;

-Тарихшылардың Ұлы Жібек жолының Батыс Қазақстандық қалаларына қатысты ой-пікірлеріне, көзқарастарына тарихнамалық баға берілді;

-Зерттеушілердің Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы қалаларының әлемдік өркениет пен мәдениетке қосқан үлесі турасындағы тұжырымдары таразыланып, қазіргі кезеңде халықаралық маңызды керуен даңғылын қайта жаңғыртып, республикада туризмді дамытуға байланысты пікірлері ашып көрсетілді.

Диссертацияның методологиялық негіздері мен әдістері

Бүгінгі таңдағы дүниежүзілік әлеуметтанушылық ғылым саласында зерттеудің методологиялық негіздері туралы түсініктерде оның бірнеше бағытын айқындай отырып, олардың қажеттілерін қатар пайдалану жүйесі кең орын алуда. Дәл осыдан методологиялық плюрализм ұғымы пайда бола отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарында жетекші ұстанымға айналды. Біз де өзіміздің осы зерттеу жұмысымызда бұл ұстанымды негізге алдық. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар туралы ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басында жарық көрген еңбектердің методологиялық бағыттарын айқындау қиындау. Өйткені олардың көпшілігі қалалар мен елді мекендердің орындары мен қалдықтарын сипаттауға арналған. Біздіңше бұл сол кезеңдегі Ресейлік ғылымның даму дәрежесімен де байланысты болса керек. Оның үстіне сол кездегі жекелеген ғалымдар ғана болмаса біздің тақырып мәселесіне байланысты еңбектерді саяхатшылар, шенеуніктер, әскери қызметтегілер жазған еді. Бұлардың көзқарастарының ғылыми методологиядан алыстау болғандығы түсінікті. Ал В.А. Каллаур, П.И. Лерх, В.В. Бартольд сияқты ғылымға бейім зерттеушілердің бұл кездердегі еңбектерінен тарихи ескерткіштерді біртіндеп даму үрдісінде қарастыру, сипаттау байқалады. Бұдан біз олардың эволюционизм негіздерімен таныс болғандығын байқаймыз.

Эволюционизмді марксизм негізін салушылардың қоғамдық ғылымда кең пайдаланғандығы белгілі. Олардың ілімі бұл салада кеңестік кезеңде дамытыла отырып, диалектикалық және тарихи материализм ұғымына ұласты. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі бұл методологиялық бағытты бұрмалап, ауқымын тарылтып жіберді. Қоғамдық ғылымдарда ол енді таптық-партиялық, формациялық дегендерді басты ұстаным етуге дейін тарылды. Бұны тарихшылар мен археологтарда негізге алуға тиісті болды. Дәл осы бағыт және тоталитарлық үкімет саясаты кеңестік кезеңде Ұлы Жібек жолы тарихының ұзақ уақыт арнайы зерттелмеуіне ықпал етті. Кеңестік зерттеушілердің методологиялық ұстанымдарын анықтау барысында біз мынаны да байқадық. ХХ ғ. орта кезінен бастап дами бастаған қазақстандық археология ғылымының өкілдері тарихшылармен, әдебиетшілермен, философтармен салыстырғанда таптық-партиялық ұстанымдарға көп көңіл аудара бермеген. Олар табылған археологиялық заттай артефактілерге, ескерткіштерге нақты сипаттама жасай отырып өздерінің тұжырымдарын баяндап отырған. Дегенмен олардың еңбектерінде тарихи кезеңдерді сипаттау барысында біртіндеп даму идеясы, яғни эволюционистік методологиялық бағыт басым орын алады. Міне сондықтан да біз өз зерттеу жұмысымызда дәстүрлі методологиялық бағыттардың ішінде эволюционизмге көңіл аудара отырып, кеңестікке дейінгі және кеңестік кезеңдердегі зерттеушілердің ұстанымдарын ажырату, жасаған тұжырымдарының негізділігін айқындау барысында оны пайдаландық.

Еліміз тәуелсіздік алған кезеңде, еркін ойдың кең таралуы барысында біздің елге де өркениеттік, феноменология, неомарксизм сияқты жаңа макротеориялар мен методологиялық бағыттар енді. Олар кейбір зерттеушілер еңбектерінде басты ұстаным ретінде де орын алды. Мәселен, біздің тақырып көлеміндегі Ұлы Жібек жолы бойымен материалдық және рухани мәдениеттің, дәлірек айтқанда құрылыс өнері, бейнелеу, сәндеу өнерлері, діни бағыттардың таралуы, ғылыми білімнің алмасуы туралы мәселелер өркениеттік макротеорияға негізделі отырып сипатталды. Олардың мән-мағынасын айқындау, жетістіктері мен біржақтылықтары жөнінде пайымдаулар жасау осы өркениеттілік макротеориясына тарихнамалық тұрғыда көңіл бөлуді талап етті. Біз қарастырған еңбектер әзірге феноменологияның методологиялық бағыт ретінде қазақстандық тарихи еңбектерге арқау бола қоймағандығын байқатады. Бірақ Біз Ұлы Жібек жолының, оның бойындағы кейбір қалалар мен оларда болған жағдайдың феномендік құбылыс болғандығын ескере отырып, феноменологиялық тұрғыда зерттелуі қажет мәселелерді анықтауға назар аудардық.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар тарихының тарихнамасын талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

-кеңестікке дейінгі еңбектерде Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихы үстірттеу зерттеліп, негізінен сырттай сипаттау дәрежесінде қалды. Дегенмен де бұл еңбектердің авторлары мәселені зерттеудің алғашқы бағыт-бағдарын көрсетіп, кейінгі зерттеулердің дұрыс жүргізілуіне септігін тигізді.

-Ұлы Жібек жолы тарихы кеңестік кезеңде арнайы зерттеле бастады, бірақ әлі де болса көлемді еңбектер аз болды. Осы кезеңде Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар отырықшы-егіншілік мәдениетінің ескеркіштері, ірі сауда орталықтары ретінде сипатталды;

-еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі барысында Ұлы Жібек жолы мен оның тармақтарының тарихын зерттеу кеңейе түсті, ол тарихи-археологиялық қана емес, туристік зерттеу объектісіне де айналды. Осындай тұжырымның негізінде зерттеушілер Ұлы Жібек жолы бойымен туризмді дамыту және экономикалық, әрі мәдени байланыс жолдарын қалпына келтіру туралы ұсыныстар жасады;

-тарихшы-зерттеушілер өз еңбектерінде Жетісу қалаларының негізі ерте кездерде-ақ қаланды және олардың қалыптасып, дамуында Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарды деген тұжырым түйіндеді. Тарихнамада осы өлкедегі отырықшылық мәдениеттің сонау қола дәуірінен бастау алатыны дәлелденді;

Зерттеу жұмыстары Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан арқылы Орта Азия мен Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Азия аймақтарына және Каспий мен Қара теңіздің солтүстік жағалауларына өтуі, бұл аумақтағы қалалардың санының көбейуі мен ертерек дамуына тиімді ықпал еткендігін көрсетті. Оңтүстік Қазақстан аймағында жүргізілген зерттеулер ортағасырлық қалалардың мәдениеті туралы мол хабар берді. Өлкеде орналасқан қалалардың

шетелдік қалалармен тығыз байланыстар орнатқандығы жайында археологиялық және жазба ескерткіштердің негізінде тұжырым түйінделді;

-мамандар Алтын Орда дәуіріндегі Еділ бойы қалаларының қолөнер өндірісі Хорезмнің, бірінші кезекте Үргеніштің қолөнер дәстүрлеріне тәуелді болғанын атап көрсетті. Сол себепті, Алтынорда қалаларының материалдық бейнесін де Хорезм және тіпті бүкіл Орта Азия қалаларына тән ортақ көріністері арқылы сипаттады;

-Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихы әртүрлі кезеңдерде, әрқилы идеологиялар шеңберінде негізінен зерттелген. Мәселені тарихнамалық тұрғыда талдау оның зерттелмеген тұстарының ғылымнан орын алып отырғандығын дәйектеді;

-Ұлы Жібек жолының тармақтары, ежелгі дүниедегі және ортағасырлардағы Қазақстан аумағындағы жолдар мен көптеген қалалар әлі де болса археологиялық, тарихи тұрғыда зерттеуді қажет етеді.

Жұмыстың хронологиялық шеңбері - ХІХ ғасырдан бастап осы кезеңге дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Бұл уақыт аралығында Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар туралы мәселе біршама терең зерттелді. Әсіресе ХХ ғ. ІІ –жартысынан бастап Қазақстан қалаларын археологиялық зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Тәуелсіздік кезеңінде халықаралық керуен жолы тарихын зерттеу жаңа серпін алды. Осылайша зерттеудің мерзімдік шегі ХІХ ғасыр екінші жартысы ХХІ ғасырдың бас кезі аралығы болып саналады.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік құндылығы. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеген еңбектерді тарихнамалық дерек ретінде талдау жасаумен диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы анықталады. Сондай-ақ, еңбекті Қазақстан тарихнамасы бойынша жазылатын еңбектерде қолдануға болады, өйткені ол ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы тарихнамасын толықтыра түседі. Диссертацияның нәтижелері мен басты тұжырымдарын Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихына қатысты іргелі еңбектер жазуда пайдалануға болады. Дербес зерттеу жоғары оқу орындарындағы оқытушылар үшін элективті пәндерді оқытуда және семинар сабақтарын өткізуде тиімді.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысын тарихшылар және туризм саласы қызметкерлері Ұлы Жібек жолының қалаларына қатысты нақты мәліметтерді анықтама алу үшін қолдана алады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың секцияларында баяндалды. Зерттеу тақырыбының мазмұнына сәйкес үш ғылыми мақала Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген ғылыми мерзімді басылымдарында жарияланды. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Деректану және тарихнама» кафедрасында орындалып, қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Жұмыс тақырыптың өзектілігін, зерттелу деңгейін, деректік негіздерін, мерзімдік шегін, методологиялық ұстанымдарын, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығын, т.б. көрсететін кіріспеден,

тарихнамалық талдаулар жасалған екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАСЫ

1.1 Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихы ХІХ ғ. дейінгі еңбектерде

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен елді мекендер туралы мәліметтер сонау ежелгі дәуірден бері әртүрлі дәрежедегі, әртүрлі тілдердегі еңбектерде сақталып келеді. Олардың авторлары - ұлты ғана емес, кәсібі бойынша да әртүрлі. Олардың көпшілігі қытай, араб және еуропалық саяхатшылар, миссионерлер, саудагерлер және тағы басқалар болды. Сондықтан да бүгінгі таңда мұндай еңбектер негізінен тарихи дерек ретінде пайдаланылып келеді. Бұл еңбектерге ерекше маңыз берген патшалық Ресей болды. Себебі олар қазақ жері мен Орта Азияны жаулап ала отырып Иран, Үндістан және Қытаймен сауда-экономикалық және саяси байланыстар орнатудағы ежелгі жолдарды пайдалану үшін оның мүмкіндіктерін зерттеуге тиісті еді. Сол себепті болар Қазақстан мен Орта Азияны жаулау барысында, әсіресе бұл аймақтарды басып алғаннан кейін ежелгі жол тораптарын зерттеп, олардың сипаттамаларын берген әртүрлі дәрежедегі мақалалар мен еңбектерді жариялады. Олардың біразы белгілі «Туркестанский сборникте» жинақталған. Соның бірі В. Григорьевтың көлемді мақаласы «Об арабском путешествии X века, Абу-Долеф и странствовании его по Средней Азии» деп аталады [27, 6-8 б.]. Араб әдебиетіндегі атактылардың қатарында Әбу –Долеф Мисыр ибн-Мугалгил эль-Янбуидің болғандығын, Азияның кеңістігін сипаттауы бойынша ортағасырлық кезбелердің ішінде оған тек қытайлық Сюань Цзянь, венециялық Марко Поло, араб Ибн Батутта ғана тең келетінін атап көрсетеді. Оның Х ғасырдың ортасында Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы түрік елдерін, Тибетті, Қытайды бүкіл Индияны аралап шыққанын жазады. Ол өзі болған елдер туралы ерекше әңгіме жазып оны «рисале» деп атаған екен. В. Григорьев оның еңбегінің басқа араб жазушыларының еңбектері арқылы белгілі болғанын, еуропалықтар арасында оны тек Ф. Вюстенфельд пен К. Фон Шлецер неміс тіліне аударып пайдаланғанын айтады. Автордың көрсетуі бойынша Әбу Долеф 914 - 943 жылдары билік еткен сасанид мемлекетінің билеушісі Ахмет ұлы Насрге қытай билеушісі елші жіберіп құдаласуды, ұлына қызын беруді сұрайды. Оған Наср келіспегеннен кейін қытай билеушісі өз қызын Насрдың баласына беріп туысқандық байланыс орнатуды ұсынады. Бұған Наср келісімін береді де, қытайға елші аттандырады. Сол елшіліктің құрамында Әбу Долеф те болады. Сөйтіп ол түріктер мен қытай жерлерін аралау мүмкіндігіне ие болады. Әбу Долеф Хорсан мен Мавреннахр қалаларынан шыққаннан кейін қандай елдерге қанша күнде барғанын жазып отырған. Ол қалалар, жүрген жолдары жөнінде нақты ештеңе айтпайды. Сондықтан В. Григорьев оның Қытайға жету үшін қандай бағытта, қандай жолмен жүргенін анықтаудың қиынға түсетіндігін бірнеше рет атап көрсетіп отырады. Біз үшін құндысы автордың басқа да еңбектер негізінде бұрынғы уақыттарда Амудария мен Сырдария бойынан Қытай мен Тибетке баратын төрт жол тармағы болғандығын мақаладағы ескертпесінде сипаттауы еді. Оның біріншісі – Таразға барып, Жоңғария арқылы Қарашарға немесе Жоғарғы Барсаджарға баратын жол, екіншісі –

Ферғана арқылы Жоғарғы Барсаджарға; үшінші жол – Тохирстан мен Памир арқылы, ал төртіншісі – Памир мен Вахан арқылы деп жазады [27, 10 б.].

Ш.Ш. Уәлиханов Жетісуда 1856 және 1857 жылдары екі рет болған еді. Оның «Поездка на Иссык-куль», «Записки о киргизах» сынды шығармаларында көне мәдениеттер куәсі болған обаларға, қалалар қирандыларына, ирригациялық жүйелерге үлкен назар аударып отырғаны байқалады. Ғалым ескерткіштерді сипаттағанда, оларды өлке тарихымен байланыстырады, жекелеген археологиялық нысандарды салыстырады [9, 37-43 б.]. Ш.Ш. Уәлиханов көрсетіп кеткен қалалардың бірі Шілік өзеніндегі қала болып табылады. Бұл қалашықтан Ш.Ш. Уәлиханов қыш ыдыстар сынықтарын, інжумаржан моншақтарын тапқандығын айтады [12, 55 б.]. Талғар өзенінің жоғарғы жағынан Ш.Ш. Уәлиханов жергілікті халық «Рүстем обасы» деп атаған ескерткішті кездестіреді. Ал, бұл Жібек жолының қазақстандық аумағындағы алғашқы ірі қалалардың бірі болған Талғар қаласының атауларының бірі еді [12, 60 б.]. Қала ортағасырлық дерек көздерінде Тальхиз деп те көрсетілгенін айта отырып, Т.В. Савельева, К.М. Байпақов секілді ғалымдар оның жергілікті атауы –Талғар деп көрсеткен жөн дейді [6, 45 б.]. Талғар қаласына қатысты А.М. Беленицкий, И.Б. Бентович, О.Г. Большаков сынды зерттеушілер, оны өте үлкен емес бекініс деп қана атап өтеді [62]. Шындығына келгенде қала аумағы 7-9 гектар жерді қамтиды. Қазіргі күні Талғар қаласы - Іле Алатауында орналасқан, кең көлемді қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан ірі тарихи қала. Мұнда жыл сайын Талғар археологиялық экспедициясы (жетекшісі – Т. Савельева) үздіксіз зерттеулер жүргізіп келді.

Аймақтағы Шеңгелді қаласын да Ш.Ш. Уәлиханов алғашқылардың бірі болып атайды. Сол уақыттарда қаладан қыштан жасалынған су құбырының қалдықтары табылған болатын. Кейіннен қалада бір ғасырға таяу уақыттан кейін зерттеу жүргізген А.Н. Бернштам оны ортағасырлық Екі-Оғыз (Эквиус) қаласы деп есептеді [57, 142 б.]. Мұны «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» деп аталатын еңбегінде Ә.Х. Марғұлан да қолдаған болатын [9, 17 б.]. Бірақ, А.Н. Бернштам өз айтқандарына өзі күмән келтіріп, Екі Оғыз тіпті Ілебалық та болуы ықтимал екендігін жазады [36, 11 б.]. Соңғы қаланы Ә.Х. Марғұлан Қапшағай бөгені төңірегінде деп көрсетті [9, 159 б.]. Академик К.М. Байпақов Гетум жолсапарындағы деректерді талдай келеді де, Ілебалық деген сөз Іле өзені бойындағы қала деген мағына береді дейді. Оның пікірінше қала ең алдымен Іле өзенінің жағасында орналасқан. Әзірге қала орны анықталмай отыр. Ғалым оны Жаркент маңындағы Көкталда орналасуы мүмкін деген пікір ұстануда [5, 301 б.].

Тарихнама үшін Н.А. Абрамовтың ХІХ ғасырдың 60-70 жылдары жариялаған мақалалары да белгілі бір дәрежеде құндылыққа ие болып табылады. Ол өзінің «Алматы или укрепление Верное с его окрестностями», «Древнее укрепление при речке Чингильда», «Древние курганы и укрепления при в Семипалатинской и Семиреченской областях» сынды мақалаларында осы өлкенің Ұлы Жібек жолы бойындағы бірқатар ескерткіштерін сипаттап беріп кетті [16, 260 б.]. Әсіресе оның Іле мен Жоңғар Алатауындағы археологиялық нысандарды сипаттауы өз құндылығын әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Патша үкіметінің Шығыс елдерімен сауда –экономикалық байланыстарды жандандыру жолдарын іздестіргенінің және соның барысында ежелгі Ұлы Жібек жолы тармақтарын да зерттегендігін 1876 жылы шыққан «Результаты экспедиции полоковника Ю.А. Сосновского для исследования торгового пути в Китай» атты мақаладан да көреміз [63]. Мұнда негізінен алғанда Зайсаннан Қытайдың орталық аудандарына бару жолдары сипатталады. Сонымен қатар, Тянь-Шаньнан Турфанға, одан ары Қашқарға баратын және оның солтүстігіндегі Тянь-Шань арқылы Баркөлге баратын жол мен оның екі тармағы да қысқаша баяндалады.

Ежелгі сауда жолдары және онымен жүргендер туралы бірнеше қызықты мәліметтер мен зерттеулер қорытындылары «Туркестанские ведомости» газетінде де жарияланып тұрған. Соның бір мысалы, 1870 жылғы 20 қарашадағы 14 санында «Древний торговый путь в Среднюю Азию» деген атпен жарияланған [64]. Онда орыстардың І Петр кезінен Орта Азиядағы сауда жолына назар аударғанымен, бұл жолдың өте ежелден өмір сүріп келе жатқанын, еуропалықтардың Орта Азия мен Каспий теңізі арқылы баяғы замандардан теңіз және өзен жолдары арқылы сауда жасап келгендігі баяндалады.

Біздің тақырып көлеміндегі мазмұнды мақалалар топтамасы осы газеттің 1889 жылғы қыркүйек-қазан айларындағы үш санында (№№ 38, 39 және 40) жарық көріпті. Ол «Западный Туркестан в УП столетии, по описанию китайского путешественника» деп аталады [65]. Бұл мақала мұсылмандыққа дейінгі Батыс Түркістан туралы мәліметтердің өте аздығын атап өте келе, 629 – 646 жылдарда Сюань Цзаньның Түркістаннан Үндістанға барып, одан Окстың жоғары жағы мен Памир арқылы қайта кеткенін ерекшелейді. Оның жинаған мәліметтерінде француз синологы С. Жюльеннің аударған екі кітабы арқылы танысқанын және оларды Н. Бичурин аударған қытай жылнамаларымен салыстыру арқылы толықтырып, түсініктеме беріп отырғанын, сөйтіп Сюань Цзаньның жазбаларындағы Батыс Түркістан туралы жазғандарын баяндайтынын атап көрсетеді. Мақаланың негізгі бөлімі алты тақырыпшадан тұрады. Олар рет-ретімен: «Сюань Цзаньның жазбалары мен өмірбаяны негізіндегі Батыс Түркістандағы жолы», «Сюань Цзань маршрутын қазіргі уақыттағы жерлермен салыстыру», «Сюань Цзаньның жүріп өткен жолынан тыс жатқан жерлер туралы мәліметтер», «Батыс Түркістанның жалпы сипаттамасы», «Батыс Түркістандағы дін туралы мәліметтер», «Тугустар туралы мәліметтер» деп аталған. Әрбір тақырыпшаның астында қысқаша жоспары беріліп отырған. Осылардың ішіндегі көлемдісі бірінші, екінші және алтыншы тақырыпшалары. Мақаланың соңында авторы ретінде Н. Аристов көрсетілген.

Сюань Цзаньның жүрген жолдарының бағыты былайша көрсетіледі: Тянь Шаннан өту - Цинь чжи көлі - Суй өзені бойындағы қала – Мың бұлақ – Талас қаласы – қытай қалашығы – Бейшуй қаласы – Нучилин иелігі – же-ши иелігі - Бе өзені – Самогяр иелігі – Гшуанна иелігі – Гуахоло иелігі – Темір қақпа – Хуо иелігі – Бахоло иелігі – Батыс Түркістан аумағынан шығу. Бірінші тақырыпшада осы жол бойындағы қалалар, өзендер мен көлдер, жер бедері,

табиғаты, кейбір жемістері мен өсімдіктері, тұрғындары мен олардың кәсібі, ерекшеліктері, әдет-ғұрпы жөнінде мәліметтер берілетінін жазған.

Екінші тақырыпшада Н. Бичурин және басқа да өлкені арнайы зерттеп-тексергендердің мәліметтеріне сүйене отырып, Н. Аристов Сюань Цзаньның жазбаларындағы жер-су, өзен-көл, қала мен елді мекен атауларының қытайша дұрыс жазыла бермегендігін көрсете отырып, дұрыс атаулары мен кейінгі кездегі, яғни өзі өмір сүріп отырған уақыттағы атауларын дәйектеуге баса назар аударды. Сюань Цзаньның Тянь Шаньнан Шығыс Түркістан жақтан Бедел асуы, немесе Ыстық көл жақтан Зауке, дәлірегінде Барысқауын асулары арқылы өткенін, Суше деп атаған қаланың Тоқмақтың жанында болғанын, ал Суе өзенінің Шу өзені екендігін, Бинь –юй дегеннің Мың Бұлақ деп аударылатынын және оның Талас өзенінің жоғары жағында екенін, Талас деп атаған қаласының кейінгі Әулие-Ата екенін, Баймуйдың Ақсу өзені екенін, Нучиляннің Сайрам аумағы, Гунь-юйдің – Отырар, Чже-шидің – Ташкент, Самогяннің – Самархант, Мидің – Шехрисябз, Геншуанның – Қарши, Тухолонның – Тохирстан екендігін оның жазбаларының негізінде жүрген жолдары, оның қашықтығы, сипаттамалары арқылы салыстыра отырып дәлелдейді.

Ал үшінші тақырыпшада Сюань Цзань жүріп өткен жолдан шеткері қалған, бірақ олар туралы естігендерін жазып кеткен жерлерге қысқаша тоқталады. Төртінші тақырыпшада Батыс Түркістандағы елдер, халықтар, олардың тілі, жазуы, кімі, тұрмысы, салт-дәстүрі, кәсібі жөнінде, бесінші тақырыпшада діні, ал алтыншы тақырыпшада билеушілері жөнінде баяндайтынын жазады.

Императорлық археологиялық комиссияның өкілі, Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі, шығыстанушы Н.Н. Пантусов Жетісу тарихи жәдігерлерін зерттеуде біршама еңбек сіңірді. Оны ғалым ретінде әсіресе тарих, нумизматика, археология, этнология, лингвистика мәселелері қатты қызықтырды. Мемлекеттік қызметте жүріп ол түрлі ғылым салаларымен шұғылданды. Жетісу жерін көп аралаған Н.Н. Пантусов ғылыми деректерге сүйеніп, Верный бекінісін ортағасырлық Алмату қаласымен салыстырады. Ол Бабыр сұлтанның жазбаларына сілтеме жасай отырып, «Фергана по «Запискам султана Бабура» атты мақаласында Верный тарихы (қазіргі Алматының) ортағасырлық Алматудан бастау алатындығын алғаш пайымдағандардың бірі еді [13, 35-36 б.]. Н.Н. Пантусов Іленің жоғарғы ағысындағы Құлжа ауылы маңындағы ортағасырлық қаланы Алмалық деп есептейді [14, 180 б.]. Оның бұл пайымдауы әріптесі В.В. Бартольд тарапынан да қолдау тапты [33, 450 б.]. Н.Н. Пантусов ұсынысымен Жетісу ескерткіштерін қорғауға қатысты бірқатар өкімдер де шықты.

Г.В. Фишердің «Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устьев» атты 1884 жылы шыққан Ілені сипаттайтын мақаласында Балқаш өңірінің көне отырықшылық мәдениеті, ежелгі суландыру жүйелері жайлы азды-кемді мағлұматтар бар [15, 18 б.]. Кейіннен Л.С. Берг те Г.В. Фишердің сөздерінің рас екендігін нақтылай түсті. Бұл зерттеуші көне суландыру жүйелерінен бірқатар қыш ыдыстардың сынықтарын да ұшырастырады да,

Іленің құрғап қалған арналары бұрын үлкен мәдениеттің ошағы болғандығын делелдейді [28, 60 б.] .

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан сынды көне өркениет аймақтарының ортағасырлық тарихы мен археологиясының зерттелуіне В.В. Бартольд өзіндік үлес қосқан еді. Оның Жетісудың тарихына қатысты еңбегінен басқа бүкіл Орталық Азия мамандары «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг.» секілді іргелі жұмысын әлі күнге дейін пайдаланады [34, 78-90 б.]. Онда ХХ ғасыр бас кезінде Солтүстік-шығыс Жетісудан кездейсоқ табылған бірлі-жарымды археологиялық олжалар аталып кетеді. Мысалы, 1901 жылғы Археологиялық комиссияның есебінде Верный қаласынан табылған ХІІІ ғасырға жататын мәнәттер, өрнекті қыш ыдыстар, Шағатайлық кезеңнің мәнәттері жайында сөз қозғалады [38, 37 б.].

Жалпы алғанда, Талас алқабы мен Тараз қаласының тарихы бойынша еуропадағы алғашқы жазба мәліметтер жиынтығын 1838 ж. француздың белгілі шығыстанушысы М. Картмер құрастырған деп есептеледі. Сондай-ақ, Талас пен Шу алқабындағы археология мен сәулет өнерінің ескерткіштері туралы мәліметтер оқымысты-географтардың, шығыстанушылардың, натуралистердің, сонымен қатар саяхатшылар мен өлкетанушылардың еңбектерінде көптеп кездеседі.

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанның ертедегі ескерткіштерін зерттеумен Императорлық қоғамның Археологиялық комиссиясы айналысқан. Соның белді мүшелерінің бірі суретші М.С. Знаменский 1864 жылы бекіністік құрылыс Ақыртастың қираған қалдықтарының бірнеше кескіндерін жасаған болатын [66]. Бұл ескерткіш бірден өзінің жұмбақ белгіленуімен, өзіндік жоспарлануымен, ірі тас блоктарының қалануымен қызықтырған еді. Одан кейін Ақыртаста 1867 ж. П.И. Лерх болып, оның құрылысына қарап ескерткішті будда храмы деп есептейді [19, 24 б.]. Ақыртасты В.А. Каллаур да өзінің «Ақыр-Тас» атты мақаласында зерттегені белгілі. Мақалада ескерткішке жалпы сипаттама жасалды. Суландыру жүйелеріне көңіл бөлінді. В.В. Бартольд Ақыртасты христиандық кешен деп есептеген болатын. Оның «О христианстве в Туркестане в домонгольский период» [35, 180-182 б.] - деген еңбегінде аңыздар келтіріп, оны христиандық құрылыс – несториандықтардың монастыры деп түсіндіреді. Оның бұлай деп жорамал жасауына тас блоктардың біріне салынған балықтың суреті себеп болған. Балық суреті христиандықтың символы болғандығы белгілі. Сол себепті де бұл ғалым қателікке ұрынды. Ақыртаста болған Д.Л. Иванов ескерткішті мейлінше толымды түрде суреттеп, әрбір блоктарының суретін салып көпшілікке жеткізеді [20, 78-81 б.]. 1945 жылы ескерткішті Т.К. Басенов басқарған Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы сәулет өнері ісі жөніндегі экспедиция да зерттеген. Т.К. Басенов оны УІІІ-ІХ ғасырларда салынған сарай-қамал деп есептеді. Бүгінгі күні Ақыртас мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қайта зерттеліп жатыр. Қазіргі уақытта ғалымдардың көпшілігі (К.М. Байпақов, К. Байбосынов, т.б.) Ақыртасты ерте орта ғасырлар кезеңінде толық бітпей қалған сарай деп есептеп отыр [67]. К.М. Байпақов оны ІХ-Х ғасырда салынған қарлұқтардың ордасы деген пікірде.

1890 жылы шығыстанушы Е.Ф. Каль Әулиеата уездінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Шығыстанушы уезд аумағынан көне қорғандар мен күзет мұнаралары жайлы мағлұматтар табады. Осы кезде ол Жетітөбе бейітінде қазба жүргізеді. Алынған мағлұматтарды кейіннен жарыққа шығарып, Жетісу археологиясына өзіндік үлесін қосады. В.В. Бартольд 1893-1894 жылдары Шымкент - Әулиеата - Мерке – Пішпек (Бішкек) – Ыстықкөл – Верный маршруты бойынша жүріп өтеді. Жолай өзіне қажетті орасан зор ғылыми мәліметтер жинастырады. Ғалым жоғарыда аталған есептік мақаласында Жетісу ортағасырлық қалаларын, оның ішінде Тараз қалашығы мен Талас алқабының археологиялық және сәулет ескерткіштерін анағұрлым қызықты етіп бере білді. В.В. Бартольдтың Түркістан археология әуесқойларының үйірмесіндегі бірқатар әріптестері де осы аймақта нәтижелі зерттеулер жүргізді. Бұл үйірменің жетекші мүшелері – В.А. Каллаур, В.П. Лаврентьев, Н.П. Остроумов, Ә. Диваев, т.б. Жетісу жеріндегі қалалық мәдениеттердің, мұндағы халықтың тарихының мәселелерін зерттеді.

Әсіресе В.А. Каллаурдың «Древности в низовьях реки Талас» [21, 29 б.], «Археологическая поездка по Аулие-Атинскому уезду» [22, 32 б.], «К истории г. Аулие-Ата» [23, 17 б.], «Древние местности Аулие-атинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулие – Ата» [24, 13 б.], «Поездка на Ахыр-Тас (Ахур-Таш, Таш-Акыр) и его окрестности» [25, 27 б.], «Находка клада древних монет в г. Аулие-Ата» [26, 7 б.], т.б. еңбектерін патшалық Ресей кезіндегі Қазақстан археологиясына қосылған үлес деп бағаласақ артық емес сияқты. Бұларда ортағасырлық қалалардың орнын анықтауға, түрлі елді мекендер мен қорымдарға, тас мүсіндерге байланысты сипаттамалар беріледі. Ал В.П. Лаврентьев Әулиеата маңындағы қалашықтардың «дөңестер» реестрін жасаса, П.И. Лерх, Л.Д. Иванов – Тараз, А.И. Добросмыслов - Әулиеата қалаларындағы сәулет өнері ескерткіштерін зерттеуге көңіл бөлген [68].

Ұлы Жібек жолы өткен келесі бір үлкен аймақ Оңтүстік Қазақстанның қазақ тарихында алатын орны ерекше. Сырдария аймақтың негізгі суландыру ошағы бола отырып, көктем мен жаз айларында Қаратау және Талас Алатауынан ағып келетін өзендер (Келес, Арыс, Боролдай, Бөген, Шаян т.б.) арқылы арнасынан асып жатты және жер шаруашылығына қолайлы болды [69]. Бұл аймақты зерттеу арқылы археологиялық қазба жүргізу барысында Қазақстан тарихында сауда, мәдени және саяси мәнімен қатар жер шаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысқан тайпалардың арақатысы арқылы гүлденген өлкенің жаңа беттері ашылып отыр. Қалалардың дамуы, этникалық құрамы ортағасырлық қала өркениетінің өсуі ерекше дәлелденіп келеді.

1867 жылы патшалық Ресей басып алған Түркістан аймағындағы қазақ даласы мен Бұқара, Қоқан хандығы қарамағындағы басқа да жерлер біріктіріліп, Түркістан генерал-губернаторлығы мен әскери округы болып құрылады. Патша әскерінің жаңа құрылған әскери округқа шоғырлануы Ресейдің Орта Азияға ішкерілей енуіне жол ашты.

Ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті халықтардың материалдық және рухани мәдениетін қарулы күшпен жаулап алуы Түркістан аймағында Ресей

рухын орнықтыруға жеткіліксіз болғандықтан, енді патша өкіметі мемлекеттік деңгейде идеологиялық тегеурінді әрекет жүргізе бастайды. Көздеген саяси-әлеуметтік және экономикалық міндетті жүзеге асыру идеологиялық саясаттағы негізгі қару — баспасөзге тәуелді екендігін түсінген өлке басшысы К.П. Фон-Кауфман, Түркістан генерал-губернаторлығының ресми органын шығарудың қамына кіріседі. Осы өлкенің тарихына, этнографиясына, статистикасына, географиясына қатысты материалдар оқырмандарды Ресей иелігіндегі әлі аз зерттелген, бірақ дүние жүзі ғалымдарының ерекше ынтасын тудырып отырған, осы елмен жан-жақты таныстыруды көздейді. Соның ішінде Орта Азия мен Қазақстандағы орта ғасырлық ірі қала Отырар мен оның айналасындағы көне ескерткіштердің орны айрықша болды.

Алғашқыда орыс зерттеушісі П.И. Рычковтың 1762 жылы жазған Орынбор губерниясы топографиясында 1813 — 1814 жылдарда Қоқанда болған орыс аудармашысы Филипп Назаровтың жазбасында, 1832 жылы А.И. Левшиннің кітабында, 1865 жылы француз тілінде жазылған Б. Залескийдің еңбектерінде тек Отырардағы қаланың орны туралы жазылды. Бұрынғы деректерде Отырар қаласына алғаш қазба жүргізген А. Черкасов пен А. Кларе деп айтылып жүрген, алайда М. Қожаның 2003 жыл 9 тамызда жергілікті «Отырар алқабы» газетіне жарияланған мақаласында: «Мәскеудегі әдебиет және өнердің орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы тұрған (қор 118, опись № 1, сақтау бірлігі № 243) белгілі шығыстанушы Н.И. Веселовскийдің «Қазалыдан Ташкентке барар жолдағы көне қалалар қалдықтарының көне сипаттамасы» деп аталатын қолжазбасының фотокошірмесіне тиді. Бұрын жарияланбаған қолжазбада Қазалы қаласы қасындағы Жаңқала — көне қалашық қалдықтарынан бастап Сайрам жәдігерлеріне дейін суреттеледі. Қолжазбаның 57 бетінде Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесі, басқа ескерткіштер сипатталады. Түркістаннан кейін Н.И. Веселовский Отырар құландыларын суреттейді: «Әзірет мешітін көріп болған соң бұл жерде Темір дүние салуымен танымал, кезекті құланды орны Отырар болды. Бұл қаланың қалдықтары Арыс пен Дария сулары қосылар жерде. Алғашқы өзен каладан 6 верста, екіншісі 3 верста қашықтықта ағып жатыр.

Бізге келіп жеткен Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясының (жетекшісі - С.П. Толстов), әсіресе ортағасырлық археологияға жаңа бетбұрыс әкелген Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының, 1970 жылдан Оңтүстік Қазақстан экспедициясының (екеуінің де басшысы К.А. Акишев) қорытынды жұмыстары қыруар деректер берді. Соның ішінде Отырар және Отырар оазисі қалаларының тұрақты зерттелуі қала өркениетінің дамуының сан-салалығын көрсетті. Хорезм бойынша [41, 82 б.], Оңтүстік Қазақстан бойынша жаңа монографиялық зерттеулер шықты [37, 159-161 б.]. Орталық Азия мен Қазақстан жерінің әртүрлі географиялық аймақтарында қалалардың өсуі, дамуы, тарихтағы орны туралы әрі олардың ұқсастығы, шаруашылық аймақтарға байланысты өзгешелектері туралы толық мағлұмат алып отырмыз. Тарихнамалық шолу барысында аңғаратынымыз, қалаларды зерттеу біз айтып отырған аймақта, яғни Сырдарияның орта және төменгі ағысында өзіндік жолдан өткен. Әрине, бұл

аймақ көне және ортағасырлық грек, араб, парсы авторларының шығармаларында айтылады да, географиясы, қалаларының орналасуы көрсетіледі. Қытайлық Сюан-Цзянь, Макдеси, Пано-Карпини және Рубрук т.б. көптеген авторлардың еңбектері көрсетіледі [51, 6-7 б.].

XIX ғасырдың ортасынан бастап, біртіндеп Қазақ жеріне кірген Ресейдің саясатымен қатар, кейбір ғалымдарының — картограф, географ, геолог, шығыстанушылардың келуі, олардың еңбектеріне көңіл бөлу, қазақ тарихшылары мен археологтарының назарынан тыс қалмаған. Археолог Ә.Х. Марғұлан еңбегінің өзінде-ақ 50-ші жылдары сын көзбен қарап, Ресей авторларының қателіктерін көрсетіп, әрі ғылыми жаңалығын айтқан [9, 5-6 б.]. Көне Түркістан жерін зерттеген алғашқы Ресей ғалымдары және өлкетанушылары, негізінен, патша үкіметінің саясатын іске асыру барысында еңбек етеді. Мұны белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд мойындай отырып көрсетеді: "Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы, бірқатар уақыт ішінде өлкеде ғылыми жұмысты жандандырды. Бірақ, негізгі мақсат өлкенің географиялық, табиғи, тарихты статистикалық зерттеу, әрине, тұрғындардың тұрмысы мен өткенін зерттеуге әрекет жасалды" [37, 13 б.]. Сондықтан да XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы зерттеулерді сын көзбен зерделеген жөн.

Сырдария өлкесін археологиялық жақтан зерттеуге қозғау салған 1862 жылдың 19 қаңтар айындағы Императорлық археологиялық қоғамының отырысында Қазалы көпесі Н. Деевтің ұсынысы бойынша жасалынған "О древностях Сырдарьинского края" еңбегі болды. Қалалар, керуен-сарайлар, обалар, жолдар туралы жазудың қажет еткендігін айтқанмен, іс жүзінде, бұл жұмыс іске аспады.

Бірақ, осындай жақсы бастамада келеңсіз жағдайлар орын алды. Себебі, патшалық Ресейдің шенеуніктері, әскери адамдары және көпестер жергілікті көне ескерткіштердің қамын ойлаудың орнына, әсемдік заттарды жинап, Отандарына оралғанда коллекционерлерге, тағы басқа орындарға барып, пайда табуды көздеді. Самарқанд, Түркістан (Яссы) сияқты қалаларды "тонауды көздеген" қазба жұмыстары жүргізілді. Патша офицерлері діни ғимараттардың киелі орын екендігімен санасқан да жоқ. Тек қазақ жерінің ғана емес, түркі әлемінің киелі орны, озық сәулет өнерінің куәсі Қожа Ахмет Иассауи ғимаратын патша әскерінің қолбасшысы полковник Веревкиннің бұйрығымен 12 рет зеңбірек оғымен атқылаған. Оның ізі әлі күнге дейін көрініп тұр. Әрине, орыс әскерлерінің мұндай ескерткіштерге мән бермеуін басқа да жерлерден көптеп мысалға алуға болады. Орта Азия археологиясының негізін салушылардың бірі археолог М.Е. Массон өзінің еңбектерінде бұл аймақтың сол кезде археологиялық жағынан нашар зерттелуінің тағы бір себебін ашына ашып көрсетеді. Ол былай деп жазады: "Түркістанның Ресей құрамына кіргенінің өзінде, орталық ғылыми мекемелер Түркістанның археологиялық зерттелу мүмкіншілігіне ие бола алмады. Мысалы, 1869 жылдан бастап шақырылған 15 археологиялық съездің бірде бірі Орта Азия жерінде өткізілмеді және олардың зерттеу тақырыбында немқұрайлық көрінді" [45, 9 б.].

1893 жылы табиғаттану, антропология және этнография бойынша Императорлық қоғамының Түркістан бөлімінің отырысында Н.П. Остроумов

пен В.В. Бартольд Түркістан өлкесіндегі бағалы археологиялық ескерткіштерді зерттеудің қажеттілігіне баса назар аударып, көне ескерткішті сақтау керектігін тілге тиек еткен болатын. Сонымен қатар алғашқы ғылыми қоғам құру қажеттігін де айтқан солар еді. Соған байланысты 1895 жылы археологияға қызығушылардың Түркістандық үйірмесі құрылды. Әйткенмен 1859 жылы құрылған, патша сарайының мақсатын ғана орындайтын, Археологиялық комиссия мүшелерінің Орта Азия және Қазақстан жеріне жасаған ғылыми экспедицияларының маңызын теріске шығармағанымыз жөн. Олардың ішінде 1864 жылдардағы П.И. Лерх, 1868 жылғы В.В. Радлов, 1884-1885 ж.ж. Н.И. Веселовский сияқты ғалымдардың еңбегі, ғылыми қазба жұмысымен айналыспаса да, қол жазбалық пайымдаулары археологиялық зерттеулердің кейінгі дамуына әсер етпей қалған жоқ.

Шығыстанушы П.И. Лерх өзінің қол жазбасында көрсеткеніндей, тек археологиялық, архитектуралық ескерткіштерге ғана көңіл бөлмей, сонымен қатар ауыз әдебиеті, осы ортадағы аңыз-әңгімелерге де көңіл бөлді. Бұл тәсіл әрбір ескерткішке алғашқы жан-жақты тұжырым жасауына мүмкіндік берді. 1867 жылы П.И. Лерх [19, 26 б.] Сырдарияның төменгі ағысынан бастап, Жетісу өлкесіне дейінгі аралықты аралап өтті, әсіресе Сырдарияның төменгі ағысындағы Жаңакент, Жент, ортағасырдағы Сауран, Түркістан, Сығанақ қалалары туралы мәліметтері оның еңбегінің басты бағытына айналды. Оның "1867 жылғы Түркістан өлкесіне археологиялық сапар" атты Археологиялық Комиссияға берген есебі, өз замандастарының тарапынан ғылыми бағасын алды. Соның алғашқысы Н.С. Лыкошин құрастыруымен "Среднеазиатский вестник" журналының Ташкент қаласында ай сайын шығатын 1896 жылғы шілде-қыркүйек айларына арналып шыққан номерінде жарияланды. Ол жинақта толық П. Лерхтың еңбегі туралы, әрі еңбекті саралап жазған сыни көзқарасты байқай алмаймыз. Оның өзіндік себептері де болды. Орта Азия және Қазақстан археологиясы бойынша ғылыми тұрғыда жинақталған археологиялық қазбалар нәтижесі ғана емес, жинақталған жекелей заттардың өзінің тарихи орындары орыс оқымыстылары үшін аз мәліметтер болатын. Көне шығыс — Иран, Египет жерлеріндегі шығыс археологиясының жаңалықтары Орта Азия жеріндегі жазба деректермен салыстырыла зерттелді. Еуропа, Ресей ғалымдары үшін әрбір зат, ескерткіш сыры ашылмаған деректер болатын [19, 32 б.].

П.И. Лерхтың археологиялық зерттеу есебінен ғалымның шығыс тарихын зерек білетіндігін аңғарамыз. Оның Жанкент қаласының құрылымын зерттеп, суландыру жүйелеріне көңіл бөлумен қатар, өзіндік тұжырым жасауы - көңіл аударарлық жай. Зерттеушінің батыл тұжырымының бірі — көне қалалардың қирау себептеріне басқа тарихшы саяхатшылар сияқты үстірт қарап, шешім жасамай, жан-жақты зерттеу арқасында берік бір тұжырымға келуі. Соның бір айғағы көне қаланың күшпен қиратылмай, табиғаттың бұзылуына байланысты біртіндеп қирауын, тұрғындарының басқа аймақтарға қоныс аударғандығын ғылыми дәлелдеуінен аңғарамыз [29, 12 б.]. Ол Сырдарияның Шыңғысхан әскерлерінің тарапынан қиратылған қалалардың орнын да, кейінгі жылдарда археологтар тарапынан дәлелденгеніндей, орынды көрсеткен. Мысалы,

Отырар, Сауран, Сығанақ т.б. қалалар туралы осыны айтуға болады. П.И. Лерхтың еңбегі арқылы, кезінде бекініс деп түсіндірілген Міртөбе атты көне қаланың орны археологтар тарапынан зерттеліп, оның үлкен ортағасырлық қала екендігі дәлелденді. Оның Қорқыт ата мазары, Қожа Ахмет Иассауи кесенесі туралы, сол сияқты сағана тастарды бейнелеп жазуы ғалымдар үшін құнды дерек көзі болып табылады. Ол өткен ғасырдың соңындағы ескерткіштерге жай ғана көрермен ретінде ғана емес, сонымен қатар оқымыстының көзімен қараған ғалым. Ол әрбір ескерткіштерге, сол аймақтың тарихына байланысты әдебиеттерді мүмкіндігінше толық беріп, жазба деректерді саралап, Сауран, Сығанақ қалаларының көнеден келе жатқандығына назар аударған. Оның жолжазба есебінде археологиялық заттардың түр-түсіне, не мақсатқа пайдаланылғандығына, жақсы көңіл бөлінген, жеке ескерткіштер бейнесі дәлдікпен көрсетілген. П.И. Лерх еңбектерінен Орта Азия жерінде болған жолжазбасынан басқа, Қазақстанның Шу-Талас аймақтарында болып, ондағы Әулиеата (көне Талас) қаласы туралы да жазған мәліметтерін айтуға болады. Оның еңбегінде көне Мерке қаласына жақын орналасқан Ақыртас ескерткіші туралы мәліметтің құндылығы сол бұл ескерткіштерге археологтар қазіргі таңда зерттеу жүргізуде.

Түркістан жеріне географ, геодезист ғалымдардың келуі де тарихи рөл атқарды. А.П. Федченко көне Шардара, Сүткент, Байырқұм сияқты қалалардың орнын айта келіп, Сырдарияның көне суландыру жүйелері бойынша көптеген мәлімет қалдырған. 1893-1894 жылдары В.В. Бартольдтың Орта Азия және Қазақстан жеріне келуі — Түркістан өлкесінің тарихына жаңа бағыт-бағдар ала келді десек болады. Оның ортағасырлық Қазақстан тарихына сіңірген еңбегінің ғылыми құндылығы белгілі тарихшыларымыз тарапынан өз бағасын алуда [70].

Ортағасырлық Қазақстанды археологиялық негізде зерттеу тарихы, 1895 жылы Ташкентте құрылған Түркістан археологиялық үйірмесінің құрылуымен тікелей байланысты болды. Алғашқы күннен бастап бұл ұйымға жүзден астам әр түрлі мамандық иелері мүше болды. Олар шенеуніктер, әскери адамдар, оқытушылар, дін иелері, т. б. құралды. Үйірменің жұмысының ғылыми бағытына, жетістігіне, кейінгі ғылымға мұра етерлік ғылыми деректер жинауына қазіргі таңда тарихымызда ыстық ықыласпен еске аларлық тұлғалар болды. Н.П. Остроумов, В.А. Каллаур, Н.Н. Пантусов, А.А. Семенов, А.А. Диваев т.б. археология, фольклор, өнер туындыларына жете көңіл бөлген оқымыстылар көптеген жаңалықтар ашып, ғылыми көзқарас қалыптастыруда белгілі орынға ие болды [71].

Қазақстан ортағасырлық археологиясының зерттелу тарихының кезеңдеріне көңіл бөлсек, 1947 жылдан Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулері бойынша, Сырдарияның ортағасырлық қалалар тарихын зерттеуден басталды деп айта аламыз. Сол экспедицияның зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша алғашқы сүбелі еңбектің шығуына байланысты, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалардың пайда болу, өркендеу тарихын археологиялық деректермен толықтыру арқылы дәлелденуі, Түркістан археологиясын ұнатушылар үйірмесі мүшелерінің қалдырған мұраларына шолу жасалуынан байқауымызға болады [69, 16 б.]. Е.И. Смирнов, А.О. Руднев, В.А.

Колосовский, Н. Лыкошин, К. Кларе, А. Черкасов т.б. еңбектеріне алғашқы рет шолу жасалып, мән берілді десек болады. Сонда да болса ол кезде белгілі бір қалаларға, яғни экспедиция мүшелерінің зерттеу көзі болып табылатын ескерткіштерге байланысты еңбектер таңдалып алынған. Қазіргі таңда ортағасырлық археологияның дамуына байланысты олардың еңбектеріне кеңінен талдау жүргізілгені жөн болады.

Түркістан археологиялық үйірмесі мүшелерінің кейінгі археологтар үшін үлкен нұсқау боларлық еңбектерінің бағыты — көне қалалардың топографиялық құрылымының орнын белгілеу болды деп есептеуге болады. Үйірменің вице-председателі Н.П. Остроумовтың 1893 жылғы Шымкент уезінің Мамаевкі селосында археологиялық барлауының өзінде-ақ Қараспан төбе сияқты, Қарауыл төбе ескерткіштері туралы айта келіп, олардың қандай қорғаныс болғаны, құрылымы туралы айтады. Сонымен қатар олар әрбір ескерткіштерге тән жергілікті аңыз-әңгімелерді жазып отыруды назарына алған. Осы тәсілді ұстанған үйірме мүшелері әрбір ғылыми есептерінде, көзі тірі сол кездің адамдарынан ауызекі әңгімелерін жиып алып қалуы — қазіргі кезге дейін жетпей қалуы мүмкін деректерді сақтауымен құнды. Түркістан археологиялық үйірмесі мүшелерінің бірі А.О. Рудневтің, Сырдарияның сол жағалауын бойлап жүргізген археологиялық зерттеулері алғашқы рет көне қалаларды кеңінен зерттеуге бағыт-бағдар болды деуге болады. Себебі, он бірге жуық ірі көне қалалардың орнын анықтап, тізімге алып, олардың әрқайсысының топографиялық құрылымына көңіл бөліп, ғылыми көзқарасын білдірді. Бірақ, толық құрылымы бойынша сызбалар қалдыра алмады. Өзінің ғылыми есебінде "Древние города, со времени их запустения и до сих пор, помимо атмосферных влияний, особенно много терпели изменений от разливов капризной и непостоянной Сырдарьи, а также от песчаных наносов", — деп көрсеткеніндей, қазіргі таңда көптеген қалалар орны топографиялық құрылымын көп өзгертіп отыр. Дегенмен, А.О. Руднев еңбегінен үлкен орын алған Сүткент, Байыркұм, Ұзын ата, Артық ата т.б. көне қалалар орны әлі күнге дейін зерттеушілерін күтуде.

Түркістан археологиялық үйірмесінің мүшесі, қазақ жерінің ескерткіштеріне көп еңбек сіңірген зерттеушілерінің бірі өлкетанушы В. Каллаур еңбектеріне көңіл бөлген жөн. Оның 1899 жылғы Сығанақ, Ашнас т.б. жерлерде болып өткен жазбаларын кейінгі зерттеулерімен салыстыру қажет. Осы жылғы жазбаларында, ол Н. Лыкошин, Е.Г. Смирнов зерттеулеріне сілтеме жасайды. Сырдарияның орта ағысы қалаларының ішінде ортағасырлық араб, парсы саяхатшы, тарихшы, географтарының жазба деректерінде көп орын алған көне Отырар қаласы болып табылады. Түркістан археологиялық үйірмесінің мүшелері де сол жазба деректерге сүйене отырып, Отырар қаласына айрықша көңіл бөледі. Соның ішінде алғашқы еңбектердің бірі — Н. Лыкошиннің "Догадка о прошлом Отрара" атты 1899 жылғы еңбегі болатын. Ол Отырар қаласын алғаш көргеннен-ақ оның ірі мәдени орталық болған ірі ескерткіштер шоғыры екендігін беріле жазған. Н. Лыкошин де Отырар төбеден басқа Алтын төбе, Пышақшы төбелер туралы айта келіп, жергілікті халықтардың ауызекі әңгімелерінің әсері болса керек, ол төбелерге — зергерлер, тері

өңдеушілердің бекінісі деген пікірлерді келтіреді. Оның бұл көзқарасы шындыққа жанасады. Ғалымның Отырар қаласының ежелгі атауын іздеуі, көне қаланың тарихта үлкен орын алғандығын көрсетті. Оның еңбегінен байқайтынымыз, көне Фараб атауының Әмудария бойындағы бір елді мекеннен кездесуі жаңсақ пікірге алып келгендігі. Себебі, Н. Лыкошин Орта Азияның көне Бұхара, Самарқанд қалаларын көре отырып, әрі оның тұсында ол қалалар өзінің ортағасырлық көрінісін сақтап қалған ірі орталықтар болғандығын есепке алып, Отырар қаласын сол Орта Азиялық Бұхарадан шыққан тұрғындар тұрғызды дегенге саяды. Н. Лыкошин ойының бұлай өрбуіне патшалық Ресейдің бірқатар оқымыстылары, шенеуніктері қазақ даласын тек көшпенділер, тағы елдер мекені деген түсінік қалыптастырған еді. Осы түсінік Н. Лыкошиннің Отырар атауының шығуын іздестіруіне кедергі болды.

Сондықтан да ол еңбегінде Отырар қаласына көшпенділердің шабуыл жасап, қиратып өртеуіне байланысты түрік сөзі "От" дегеннен алынған, яғни күлге айналған қала деп жазды. Ол Бұхарадан шыққан Хамукат атауымен қаласының орнын Талас өңіріндегі ескерткішке келтіріп, Отырар қаласының орнын ортағасырлық Фараб қаласының атауымен тура келетіндігін көне жазба деректер бойынша орынды дәлелдеп келтірді. Ол Х ғасырдағы араб географы әл-Макдисидің Фарабтың Сырдарияның екі жағалауын қамтыған ірі қала екендігін айтқан пікіріне сүйенеді. Отырар және Отырар оазисінің Түркістан археологиялық үйірмесінің тарапынан талас-пікір туып, ғалымдардың зерттеу объектісінің біріне айналуы көне қалалардың тарихына жаңадан көңіл бөлуге алып келді. 1903 жылы Шығыс және Орта Азия зерттеулері бойынша, Орыс Комитетінің қамтамасыз етуіне байланысты, Отырарда алғашқы қазба жұмыстары басталды. 1903 жылы Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің төрағасы Н.П. Остроумовтың тапсырмасымен Отырар қала құландысына А.А. Черкасов пен Темір станциясында жұмыс істейтін инженер А.К. Кларе келіп төбенің сызбасын жасайды.

Сонымен қатар, Отырар төңірегіндегі төбе аттары Мәслихат, Алтынтөбе, Арыстанбаб, Пышақшы, Арыс өзенінің сол жағалауындағы Мардан, Жетітөбе, Берден, Улкентөбе, Сеткін, Бесқарақұм және шығыстық деп Қисық, Қарауыл, Жаман Ақтөбе, 2-ші Ақтөбе, Жалпақ, Шошақ Жеті, Айдарыны атап өтеді. Келесі жылы 1904 ж. 29-шы сәуірінде Орта Азияны зерттеу жөніндегі Орыс комитеті бөлген 300 сом есебінен Отырар қала құландысының үстінен бес жерден шруфтық тәсілмен қазба жұмысын жүргізеді. Бірінші шруф төбедегі үш жолдың түйіскен жерінде, екінші-үшінші шруф төбе үстіне түсірілсе, төртінші-бесінші шруфтар төбенің қорған жиегіне салынады. 1904 жылы Отырарды қазу жөніндегі есеп 30 беттік жазба мен 6 фото сурет пен сызбадан тұратын зерттеуде жазылады. А.К. Кларе мен Черкасов ел ішіндегі аңыз әңгімелерді де жинастырып отырған. Әсіресе сол кездегі Шілік болысының басшысы Төле Байтерековтен Отырардың соңғы күйреуі қалмақ шапқыншылығына жергілікті халықтың қарсы тұрғаны, қаланың осы шапқыншылықтан өртеніп кетуіне байланысты, қала халқы Шілікке көшіп барғаны жөніндегі әңгімесін жазып алғанын айтады. Алғашқы қазба жұмысын Түркістан археологиялық үйірмесінің мүшелері К.А. Кларе және А. Черкасов жүргізді. Бұл екеуінің

Отырар қаласы туралы жинақтаған жазба дерек мәліметтері орынды болғанымен, мұнда да олардың далалы аймақтарға жақын орналасқан ескерткіштерге Орта Азия ескерткіштеріне қарағанда, немқұрайлықпен қарағаны байқалады. Өздерінің ғылыми есебінің алғашқы беттерінде "Отрар славился более всего как торговый город, и никогда не имел важного политического значения, а потому и доставлял меньше материала для историка, чем другие города Средней Азии", – [30, 9 б.] деп жазады. Отырар қаласының тарихта саяси маңызды орын алғандығын аңғармайды, өздері көне қаланың екі тарихи ірі оқиғаларға қатысты екендігін жазады. Олар Отырар қаласының Шыңғыс хан шабуылына ұшырағанын, Ақсақ Темір әмірдің осы жерде қайтыс болғанын көрсетеді. К. Кларе және А. Черкасов еңбектерінен тағы бір байқайтынымыз - Отырардың басқыншылар қолынан жиі қирағанын, қаланың бір билеушілерден екіншілерінің қолына өтуіне байланысты мәдени өркендеуіне кедергі келді деп жазғаны. Олар үшін Отырар қаласының қандай шекарада тұрғандығына ерекше мән бермеген болса керек. Оның үстіне қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының тарихын, Сырдария бойы қалаларының этникалық құрамын олар жете түсіне алмаған еді. Отырар қаласының тарихи орнын көрсетуде К. Кларе, А. Черкасов, негізінен, шығыстанушы В.В. Бартольдтың еңбегіне сүйенген. Сондықтан да отырықшы шаруашылықтан мал шаруашылығы басым болған аймақтың қиылысында орналасқан, ортағасырлық Сырдария бойы қалалары туралы үстірт ой қалыптасқан. Олардың пікірі бойынша, Орта Азияның дамыған жер шаруашылығы мәдениетінің орталығы — өркениеттің дамыған жері, ал Сырдария мен Қаратау беткейіндегі қалаларға сауда керуен жолдарының бойындағы Шығыс пен Батысты жалғастырушы дәнекер ретінде қарады. Соның әсерінен К. Кларе, А. Черкасов өздерінің қазба жұмыстарында Отырардың цитадель бөлігіне траншея (кесік) салу арқылы ғана барлау жүргізген. Оның өзінде де, жүргізілген 5 траншеяға ғылыми тұрғыда топырақ қабатын анықтау, не болмаса одан шыққан көне ыдыстар салыстырмалы түрде болса, қай ғасырға жататындығын меңземеді, олардың қазба жұмысының ғылыми әдісіне дайын еместігін көрсетеді. Бұл кемшілікті зерттеушілер өздерінің еңбектерінде көрсетіп кетеді.

К. Кларе, А. Черкасовтың еңбектерінде Отырар қаласының орнын анықтау мәселесіне едәуір орынды көңіл бөлінеді. Олар XIV ғасыр Пеголеттидің Қытайға жол жазба сапарына сүйене отырып, ибн Арабшахтың тарихи еңбегіне және тағы басқа деректерге сүйеніп, Отырардың Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасына орналасқан көне қаланың қалдығына сәйкес келетіндігін дәлелдейді. Бұл зерттеушілердің еңбектеріндегі қалдырған деректер мен фото-суреттер кейінгі ғалымдар үшін, жалпы Отырар археологиясының дамуы үшін, алғашқы бастама болды деуге болады [30, 12 б.]. И.А. Кастанье 1910 жылы орыс және француз тілдерінде жарияланған «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне көздері» кітабында А. Черкасов пен А. Кларенің 1904 жылы 14 қарашасында Отырар қазбасы жөнінде жасаған баяндамасын жазады.

Сыр бойының қалалары туралы дерек Д.Н. Люшиннің мақаласында да бар. Д.Н. Люшин 1911 жылы Чиназдан Перосовкге дейін өзен бойын зерттеп, Шардара, Байырқұм, Сүткент, Оқсыз қалаларының орнын суреттейді. Оқсыз

қаласының айналасында ескі каналдардың орны барын, олардың кейбірін қазақтардың әлі де пайдаланып отырғанын жазады. 1916 жылы Археология комиссия хабарлары мен 1917 жылы Түркістандық Курьер атты басылымға И.А. Кастаньенің Бөген өзенінің бойындағы Бұзық төбені көріп зерттегені туралы мақаласы жарияланады. 1915 жылы В.Д. Городецкий Шымкент уезінің жерінде бірқатар ескерткіштерді есепке алып, оларға өз бағасын берді.

Ұлы Жібек жолының бір тармағы Каспий теңізінің солтүстік жағы, яғни Қазақстанның батысындағы қалалар арқылы Қара теңізге қарай өткені белгілі. Қазақстанның батыс өңірлерінің қалалары Еуропа мен Азия сынды екі алып құрлықтардың шекарасында болғандықтан саяси өзгерістерге жиі ұшырап отырды. Бұл өлкедегі қалалардың құрылысына өз әсерін тигізіп отырды. Сондықтан да біз, әлі тың зерттеулер күтіп тұрған еліміздің батыс өңірінен негізгі зерттеу нысаны етіп Сарайшық пен Жайық қалаларын қарастырсақ деген ойдамыз. Жазба деректермен қазба материалдарын салыстыру арқылы мұндағы қалалардың қаншалықты дәрежеде Еуразия тарихында орын алғандығын көруге болады. Бұл қалалардың тарихы ертеден басталатындығын зерттеушілер кезінде жазған болатын [31, 18 б; 72, 73, 74, 75].

Батыстағы Қазақстан жерлері туралы ең көне мәліметті «тарих атасы» атанған Геродоттан табуға болады. Б.з.д. V ғ. жазылған оның «тарихында» Каспий теңізі туралы ұшырасатын мәліметте, оның айтуынша одан әрі «жазық ұшы қиырсыз кеңістік», ал тағы онан әрі «тастақ және шоқалақ жер», одан кейін «биік, асу бермес таулар орналасқан». Бұл суреттеуде, артқы жағында «биік» Орал таулары тұрған, «тастақты және шоқалақ» Жалпы Сырт пен Оралдың алдыңғы жағына ұласатын Каспи маңайының жазықты далаларын оңай аңғаруға болады.

Белгілі араб саяхатшысы және жазушысы Ибн Фадланның қалдырған жазбалары қызықты болып табылады. Ол 921-922 жылы Халифтың елшісі ретінде Еділдік Бұлғарияда болды және оның жолы Орал өзенін бойлай созылып жатқан-ды.

Екінші мыңжылдықтың басында араб елдері және Орал мен Еділ қосөзені халықтары арасындағы байланыс тұрақтанады. Шығыс географтарының бұл алыс өлке туралы мәліметтері жақсы деңгейде болды. 1154 жылы араб географы әл-Идриси Руза өзенін суреттеп, асылы Жайықпен теңестірді, бірақ Руза туралы басқа пікірлерде бар. Ол бойынша Жайықпен Даранда өзені салыстырылады.

Жайық өзенін ортағасырлық Батыс Еуропалық көпестер, миссионерлер, елшілер талай рет кесіп өтіп және оны өздерінің жол күнделік жазбаларында белгілеп қойған. Ортағасырлық Сарайшық қаласы ауданына Жайық арқылы: басында рим папасы Иннокентий IV елшісі Джовани Платано Карпини (1249), ал сәл кешірек француз корольі Людовик IX елшісі Гильом де Рубрук (1253) өтті.

Жайық арқылы Қырымнан және онан әрі шығысқа өтетін жол туралы, Франческо Бальдучи Пегалотти «Сауда тәжірибесі» атты өзінің шығармасында жазады. Тан өзенінен Сарайшыққа баратын жолдың ерекшелігін, өтетін тауарлар және жергілікті тұрғындармен саудаласуға ыңғайлы ақшалар жөнінде де суреттей кетеді. 1333 жылы өзенді Марокколық белгілі араб саяхатшысы, ел

кезуші көпес Ибн Баттута кесіп өткен. Бірақ, Орал аймағы туралы жалпы мәліметтер мардымсыз. Оңтүстік Орал далаларын және Орал маңайын қарқынды тарихи зерттеу тек XVI ғ. соңында басталды.

Орал облысы ескерткіштері туралы ең ерте мәліметтер П.И. Рычковтың 1762 ж. жарияланған, «Орынбор губерниясының топографиясы» шығармасында жарық көрген болатын. П.И. Рычковтың еңбегі шыққаннан соң сегіз жылдан кейін Кіші және Орта жүздің жерлеріндегі ескерткіштер жөнінде Ресей (патшалық) Ғылым Академиясының академигі П.С. Палластың еңбектерінде ұшырасады. Өлкенің заттық мәдениет ескерткіштері жөніндегі келесі мәлімдемелер XIX ғ. пайда болады. «Ішкі қырғыз ордасы», яғни Бөкейлік басқармасының Орынборлық кадеттік корпусын аяқтағаннан кейін, Салық Бабажанов өз зерттеулерін бастайды.

XIX ғ. 80-ші ж.ж. соңында Орынборда Ғалымдық архивтік комиссияның негізі қаланып, ол 1917 жылға дейін бүгінгі Батыс Қазақстан аумақтарында өлкетанулық жұмыстардың бәріне басшылық еткен болатын.

1889 жылы этнограф А. Харузин ортағасырлық 22 обаны қазуды ұйымдастырып және қазба жұмыстарын жүргізді, ал ерекше тапсырмалардың шенеунігі И.А. Кастанье XIX ғ. соңына таман өлкенің ескерткіштері туралы мәлімдемелер жинауды бастап және 1910 ж. «Орынбор өлкесі мен қырғыз даласының көне ескерткіштері» атты ескерткіштердің тізімін дайындады.

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. XVIII ғ. зерттеушісі П. Рычковтың сипаттамасы бойынша: "Сарайшық - Жайық өзеніндегі ғаламат қала елесі, Гурьевке 50 верст жетпейді, Сарайшық қазіргі форпост. Ол жерден тіпті күні бүгінге дейін көптеген шатырлар (ғимараттар) табылады. Осы арада айтулы адамдардың зираттары көп" [76]. Адамдардың сұлулық бейнелері поэтикалық формада Сарайшық тұрғындарының жадында сақталған, соған мысал, мына бір шумак:

"Сарайшықтың саздары,
Қаңқылдайды қаздары.
Су сұрасаң бал берер
Ноғайлының қыздары." [77].

Тарихшы И. Казанцевтың жазуынша XIX ғасырдың бірінші жартысында Сарайшық қамалының маңында қазақтың әлімұлы, байұлы және жетіру сияқты рулары көшіп-қонып жүрген, олар сауда керуендеріне не атқосшы, кейбірі керуен-басы болған [32, 49 б.].

Мыңдаған жылдар бұрын саудагерлер, әскери бөлімдер, басына оқиға іздеген елкезбе жиһанкездер салған дала соқпақтарымен ғасырлар бойы есепсіз керуендер қатынап жатты. Екі мың жыл бойы бұл жол жұртқа терістіктегі Ұлы Жібек жолы ретінде белгілі болды. Жауынгер қосындар, сауда керуендері және қоныс аударған көшпелілер ұзаққа созылған жорықтарынан кейін жұтаған жұрт пен төрт түлікке тіршілік сыйлаған арнасы кең, ағысы қатты өзеннің жағасына тоқтап тыныс алған. Бұл өзенді көне дәуір географтары ауызға алады, ал бірінші Ұлы түрік қағанаты құрылған заманда ол Жайық деген атпен белгілі

болды. Зәмзәм суы, тайдай тулаған балығы, шүйгін шөбі және қыстың боранына ықтасын болған қоғалы қамысы. Тәңірі ұлдары жаратқан Жайық иесі рухының көрінісі деп есептелді. Жайықтың борышы - "Кісілерді барлық жамандықтар мен зұлымдықтан қорғап, оларға өмір сыйлау" болған. Өзен, өзі шырайлы да қуатты, әрі кірпияз болды.

Әбілғазы Бахадүр-ханның (XVII ғ.) Сарайшықтың негізін Батухан (билік құрған уақыты 1221-1256 ж.ж.) салған деген тарихи пікірімен келісуге болады. Әбілғазы былай деп жазады: "Берке хан болғаннан соң ұлық той жасап, көп сыйлықтар берді. Барлық аға-інілеріне Батухан бағындырған ұлыстарды бөліп берді, қағанға көп сый-сияпат жіберді. Одан соң құдай тағала бір күні Берке ханның көңіліне мұсылмандықтың ұрығын сеуіп, өз дінінің бос нәрсе екенін білдірді. Бір күні аттанып, ағасының салдырған Сарайшық атты шаһарына барды. Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр еді. Ол керуеннің ішінен екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып, мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Одан соң кіші інісі Тоқай-Темірді шақырып, бұл сырын оған айтты, ол да мұсылман болды. Сосын ол халқына исламға сенуге жарлық берді" [78, 99 б.].

Сарайшық өзге қалалармен қатар, Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ өлкені билеген, кейінірек Алтын Орда аталған империя - Жошы Ұлысының алғаш құрылған бірінші онжылдығында салынған. Бұл қалалардың құрылыстары алғашында нөкер, ноян және басқа да ел басқарушы шонжарлар үшін Сарай және әкімшілік ғимараттар ретінде бой көтерген. Ондағы орталық ғимараттың төңірегіннен кейінірек біртіндеп қолөнершілер, еркін тұрғындар, көпестер және т.б. әр түрлі адамдарға арналған үй - жайлар салынған [79, 114 б.]. Сарайшық сондай қалалардың бірі еді. Оның стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай-Бату және Сарай-Берке) Хорезм шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын құрлық аралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт-бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жетіп отыр. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. XIII-XIV ғ.ғ. осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды.

XIII-XIV ғ.ғ. керуенші сауда жолдарының қауіпсіздігі туралы Италияндық Франческо Пеголоттидің мәліметтері бойынша айғақтауға болады: "Таныдан Қытайға баратын жол, сонда саяхат жасаған көпестердің айтуынша күндіз де, түнде де аса қауіпсіз көрінеді, тек қана, егерде көпес бара жатқан не кері қайтқан жолда көз жұмса, онда оның барлық мал-мүлкі өзі қайтыс болған елдегі патшаға табысталатын болған, ал егерде оның жанында өзінің туысқаны немесе жақын дос-жараны бірге болып, өзін қайтыс болған кісінің туысқанымын деп айтса, онда өлген кісінің мал-мүлкі соған тапсырылып, аман сақталатын болған" [80, 357 б.]. Осылайша, Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар,

керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медіреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен аландары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айырықша байқалады. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті. Қала аумағының тез кеңеюіне оның бекініс қамалдарының болмауы себеп болған. Онсыз да қала әрқашан хандық биліктің бақылауында, әрі тақ таласындағы жеңімпаздар тарапында болуға мәжбүр болды, ал жеңімпаздар болса оның қауіпсіздігіне кепіл болды.

Кейбір зерттеушілер Алтын Ордалық Сарайшықтың төменгі мәдени қабаттары X-XII ғасырлардағы хазар және қыпшақтардың қалалары немесе қоныс-тұрақтарының қалдықтары деп есептейді. Алайда соңғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері әзірше ол заманның қабаттарын көрсете қойған жоқ. Десе де, осы арада Алтын Ордаға дейінгі қоныстар болуы мүмкін. XIII-ғасырға тән бір құрылыстардың бұрышынан қыпшақтардікіне ұқсайтын ошақтың (қазандық) және қолмен жапсырылып жасалған қыш ыдыстың қалдықтары табылды. Ал ерте орта ғасырлық қоныс тұрағы орналасқан жағаның бір көрнекілеу жерін су орып кеткен, немесе XIII ғасырда үстіне жаңа қаланы салғанда, ескі қоныстардың орны сырылып кеткен. Демек, онда Моңғол дәуіріне дейінгі адамзат тіршілігінің іздері бар, немесе, кейін бір кезде табылады деп сеніммен айтуға болады.

Сарайшық туралы неғұрлым ертерек мәлімет бергендердің бірі араб көпесі әрі жиһангезі Ибн-Батута еді. Ол мұнда 1333-1334 жылы келді. Ибн-Батута өзінің «Саяхатнамасында» былай дейді: "Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук - "кіші" деген мағынаны береді. Ол Ұлысу деп аталатын үлкен әрі ағынды өзеннің жағасына орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндей қайықтардан жасалған көпір бар... Осы қалада біздің аттылы-арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жүдеген ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы (Завия) бар, оның аты - Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде қалмаған бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн суыт жүрдік, жол бойы тек екі-ақ сағат, бірде түс әлетінде, ендігі бірде ақшамда ғана аялдадық" [78, 180 б.]. Саяхатшылардың өздері жазуынша, керуен жолында жүрген кісілер алыс сапарға шығар алдында көбінесе мұсылман зираттарының жанында тұратын шейх-хазіреттердің батасын алып аттанып отырған. Олардың рухы да жолда керуенді желеп-жебеуші болады деп есептесе керек.

Сарайшықтың ұлылығы - онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында. Әбілғазы Бахадүрханның жазуынша мұнда Алтын Орда хандары, мәртебелі кісілер және шонжар-ұлықтар жерленген. Сарайшықтағы хандар пантеонында ең алғаш жерленген кісі деп

1266-1280 ж.ж. билік құрған Мөңке Темір ханды атайды [81, 83 б.]. Мұнда келесі жерленген кісі - 1280 жылдан 1312 жылға дейін ел билеген – Тоқтамыс хан. Оны Марко Поло кезінде "Батыстың патшасы" деп атаған [81, 90 б.].

Сарайшықтың қирандылары мен жәдігерлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының екі ғасырдан астам тарихы бар. XVIII ғ. 60 ж. соңында қалашықты П.С. Паллас көріп қайтты. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. Қала туралы қызықты мәліметтер XVIII-XIX ғ.ғ. П. Рычковтың, А. Левшиннің, Н. М. Карамзинның шығармаларында бар.

Қорыта айтқанда, кеңестік дәуірге дейінгі немесе патшалық Ресей кезіндегіт Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды зерттеген сан алуан ғалымдар мен өлкетанушылар айтарлықтай дәйекті материалдар қалдырды. Осы уақыттағы мамандардың көптеген ескерткіштерге берген сипаттамалары күні бүгінге дейін өз мәнін, мағынасын жойған жоқ. Олардың көбі уақыт өте келе жойылды, бүлінді немесе қирады. Сондықтан, осы кез зерттеушілерінен сақталып қалған мәліметтер олармен танысудың жалғыз деректік көзі болып табылады. Бұл жұмыстар Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларды сипаттау мен тіркеуге, материалдардың жинақталуы мен қорлануына бастама болған еді. Оңтүстік Қазақстандағы көне және ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу, біз жоғарыда шолу жасағанымыздай, алғашқы зерттеулер бірнеше бағытта жүргізілгендігін байқаймыз. Мынадай тұжырымдар жасауға болады. Түркістан археологиялық үйірмесі құрылғанға дейін зерттеудің өзінің бағыты болды. Онда Орта Азия және Қазақстан жерін жаулап алған патша үкіметінің әскери қызметкерлері мен шенеуніктерін ең алдымен таңқалдырғаны көне ескерткіштердің көптеп кездесуі еді. Олар бұл жерде көне өркениеттің жоғары дәрежеде дамығандығынан хабарсыз болатын. Сондықтан олардың ішінде "бағалы" заттарға қызығушылар мен алдыңғы қатарлы оқыған азаматтардың көзқарастары қалыптасты, соның ішінде, оқыған азаматтардың ескерткіштер туралы көрген-білгендерін жазу нұсқалары ғылымға едәуір деректер қалдырды.

Екіншіден, Түркістан археологиялық үйірмесінің құрылуының өзіндік маңызды орны бар, олар көне ескерткіштерге деген қамқорлық, әрі ғылыми зерттеудің кейінгі кезде дамуына жол салды. Бірақ Түркістан үйірмесінің мүшелерінің ішінде археолог мамандардың болмауы, алғашқы зерттеушілердің қазба жұмыстарды үстірт жүргізуіне алып келді [71, 343 б.]. Сонымен қатар Орта Азия тарихын көтеруге деген құлшыныстың жоғары дәрежеде болмағандығы себепті, қазба жұмыстарына қаржы аз бөлінді. Осы мәселелерді айта келіп, Сырдария ағысы бойындағы қалалардың Орта Азия қалаларынан тарихи, географиялық жағынан орналасуының өзгешелігіне көңіл бөлуге, алғашқы зерттеушілердің мүмкіншілігі болмағандығын аңғарамыз. Олар сонда да болса алғашқы бағыт-бағдар сілтеп, кейінгі зерттеулердің дұрыс жүргізілуіне себебін тигізді. Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Сырдарияның төменгі және орта ағысы қалалары археологтар тарапынан зерттеліп, Орта Азия және Қазақстан археологиясында, тарихында қазақ халқының ата тарихында алар орны дәлелденіп отыр.

1.2 Кеңестік кезеңдегі Ұлы Жібек жолы тарихының зерттелуі

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдегі, дәлірек айтқанда 1917 – 1920 жылдардағы Орта Азиядағы археологиялық жұмыстар туралы мәселеге тоқтала келе А.Н. Бернштам: «Это был в общем послереволюционный «Бартольдский период» лишь в конце 20-х и в начале 30-х годов начинаются с более совершенной методикой и не в Мавераннахре, но и за его пределами», - деп жазған екен. Ол Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қалаларды зерттеудің кеңестік кезеңнің бірінші сатысы 1917-1935 жылдар деп көрсете келе, оны 1893 жылдан басталған Орта Азия мен Қазақстандағы археологиялық зерттеудің «бартольдтық кезеңінің» жалғасы болды деп есептейді.

Ал көрнекті археолог К.М. Байпақов кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы археологиялық зерттеулерде археологияны ұнатушылардың Түркістандық үйрмесінің өлкетанушылық бағыты одан әрі жалғаса түскенін атап көрсетеді. Ол Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениетінің зерттелуін XVI ғасырдан бастап кеңестік кезеңге дейінгі аралығын екі сатыға бөледі. Біріншісі XVI ғ. – 1870 жылдар аралығы және екіншісі 1870-1917 жылдар аралығы деп жазады. Ал кеңестік кезеңді төрт сатыға бөледі. Ол бойынша: бірінші саты - 1917-1935 ж.ж; екінші саты - 1936-1945 ж.ж; үшінші саты - 1946-1959 ж.ж; соңғы төртінші саты - 1960 жылдан бергі, яғни 1991 жылға дейінгі саты [2, 140 б.].

Бірақ Ұлы Жібек жолы туралы мәселе біршама уақыт арнайы зерттелмеді. Тек кейбір зерттеушілердің мақалаларында жанама түрде сөз болып қана отырды. Мәселен, А.Н. Бернштамның Орта Азияның орталығынан тегі Ирандық Соғды тайпалары б.з. I ғасырында Жетісу және Талас өңіріне келгенін, олардың бірте-бірте Шығысқа қарай жылжып, Тянь - Шань арқылы Шығыс Түркістанға жетіп, Қытай қорғанына барып бірақ тоқтағанын жаза отырып, «Ұлы Жібек жолын» Қытайдан гөрі Соғдылықтар көп пайдаланды деп атап өтеді.

1957 жылы Ю.А. Зуевтың «К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и китаем во второй половине I в. до н.э.» атты мақаласы жарық көрді. Онда автор үйсіндердің астанасы Шығу қаласы болғандығын, олардың жалпы жағдайын сипаттай келе: «Усуни были главной политической силой и торговым посредником на большом расстоянии Великого Шелкового пути», - деп көрсетеді [50, 70 б.].

1960 жылы Қазақстанның ерте және орта ғасырлық тарихы, соның ішінде қалалары мен сауда жолдары туралы деректердің жиынтығы болған және оларға ғылыми сипаттама берілген тамаша ғылыми жинақ жарияланды [82]. Онда С. Волиннің құрастыруымен Талас өзені аңғары мен оның маңындағы аудандар туралы араб деректеріндегі мәліметтерден үзінділер берілген. Құрастырушы географиялық терминдердің транскрипциясының өзгеріп отырғанына, әсіресе IX – X ғ.ғ. географтардың қолжазбаларындағы жер-су атауларының өте үлкен өзгерістермен жеткеніне ерекше назар аударады. Мұнда Талас өзені бойындағы қалалар мен елді мекендер, олардың көлемі, бір-бірінен

ара қашықтығы жөнінде көптеген мәліметтер жинақталып, олар туралы жазған араб географтарының қысқаша өмірбаяндары берілген.

Осы жинақта С.К. Ибрагимовтың Ибн Рузбеханның «Михман –намеи Бухара» атты еңбегінің Қазақстан тарихы бойынша деректік мәні мен маңызы туралы мақаласы жарияланған [82, 141-157 б.]. Ол ХҮ – ХҮІ ғ.ғ. Қазақстан тарихына қатысы бар Орта Азиялық авторлардың еңбектерінің ішінде Ибн Рузбеханның «Михман- намеи Бухара» атты шығармасының орны ерекше екендігін айта отырып, Ибн Рузбеханның өмір жолына қысқаша тоқталады. Шейбани Ханның жанында жүріп барлық көргендерін жазып отырған оның еңбегінде аталған уақыттағы қазақтардың саяси жағдайы, тұрмысы туралы ғана емес қалалары сыртқы саудасы туралы да көптеген мәліметтер беретінін былайша ерекшелейді: «Михман – намеи Бухара» Рузбехана, написанное на персидском языке, является пока единственным сочинением средневековых авторов, знакомящим нас с бытом и хозяйством казахов в начале ХҮІ в. Вместе с тем в его записях можно встретить не менее оригинальные и пока единственные данные о внешнеторговых связях казахов в начале ХҮІ в., о состоянии городов Туркестан, Сыгнак, Сайрам и их роли в политической и экономической жизни кочевников и т.д.» [82, 142 б.].

Мұнымен қатар ХҮІ ғасырдың басындағы қазақ даласындағы этникалық жағдай, билік үшін күрес туралы жаза келе: «По словам Рузбехана, крупными торговыми центрами между кочевой степью Казахстана и оседлыми районами Средней Азии были города Ясса (Туркестан), Сыгнак и Сайрам», - десе, келесі бір жерде: «О светушем состоянии присырдарьинских городов говорит нам также и то, что в описываемое Рузбеханом время они продолжали быть крупными торговыми центрами. Город Сыгнак в начале ХҮІ в. оставался «гаванью Дешти-Кыпчака», куда прибывали товары из Поволжья, Мавреннахра, Кашгара, Хотана и Китая. «Город Ясса, где мазар Ахмеда Яссави, по словам Рузбехана, обширный и покрытый зеленью, столица области Туркестан ... Товары и драгоценные вещи прибывают в город Яссу, и там происходит купля и продажа их. Здесь местопребывание купцов с грузами разных стран и путешественников». Здесь сходятся дороги из Мавреаннахра и Китая [82, 220 б; 149, 156 б.]. Бұл жерде С.К. Ибрагимов Ибн Рузбеханның деректеріне сүйене отырып, ХҮІ ғ. басында қазақ қалаларына жан-жақтан тауарлар келіп жатқан ірі сауда орталықтары болғандығын, әсіресе Түркістан өлкесінің орталығы болған Яссыға әртүрлі елден саудагерлер мен қатар саяхатшылардың да келіп жататынын, Муареннахр мен Қытай сауда жолдарының тоғысып отыратынына баса көңіл аударады. Бұл ежелден келе жатқан Жібек жолының бір тармағының белгісі екендігі айқын.

Автордың ерекше назар аудартатын тағы бір маңызды тұжырымы қазақ қалаларының Мауреннахр, Хорасан, Иран және Әзірбайжан қалаларынан байлығымен, салтанатымен ерекшеленетіндігі туралы тұжырымы. Дәлірек айтқанда ол былай деп ашық көрсетеді: «В описываемое время города Сыгнак, Акрук, Ясса и Сайрам принадлежали шейбанидам...

Все вышеперечисленные города, по словам нашего автора, в отличие от городов Мавреннахра, Хоросана, Ирана и Азербайджана отличались своим

богатством. Вокруг городов были расположены пашни, орашаемые арыками, выведенными из Сыр-Дарьи» [82, 156 б.]. Өкінішке орай зерттеушінің бұл тұжырымы қазақстандық тарихнамада көп ескеріле бермейді, әсіресе көпшілік қауым мүлде бейхабар десе де болады. Сондықтан қазақ қалаларының ХҮІ ғ. өзінде басқа көптеген аймақтар мен мемлекеттердегі қалалармен салыстырғанда көптеген артықшылықтарының болғандығына болашақ зерттеушілер баса назар аударуы қажет және ол жөнінде көпшілік, тіпті басқа елдер де білуі керек деп ойлаймыз. Бұл үшін әрине Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар жөнінде тарихи тұрғыда бірнеше зерттеу жүргізіп, жоғарыда айтылған сияқты, әлі де ашылмай, жазылмай жатқан қырларын айқындай түсу қажет.

Дегенмен қазақстандық еңбектерде әлі де болса Ұлы Жібек жолына арналған, сол атаумен шыққан еңбек бола қоймады. Тек 1973 жылы Д. Досжановтың «Жібек жолы» атты тарихи романы жарық көрді. Жазушы бұған дейін 1967 жылы жариялаған «Құм жұлған қалалар» атты кітапшасында Отырар, Сығанақ, Сайрам, Түркістан қалалары туралы жазған кітабында Жібек жолы мен оның маңызы жөнінде айта кеткен еді. Тарихи маңызы аса жоғары халықаралық керуен жолын жоқтаумен аяқталатын «Жібек жолы» атты тамаша әдеби шығарма сол кезеңдегі көпшіліктің ойын білдірсе және ғылыми ортаға ой тастаса керек.

1977 жылы жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясында Ұлы Жібек жолы туралы арнайы мақала жарияланған. Онда былайша анықтама берілген: «Ұлы Жібек жолы – сауда, керуен жолдарының жалпы атауы, б.з.б. 2 ғ.-дан 16 ғ-ға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды» [83]. Энциклопедияда Ұлы Жібек жолы б.з.б. 2 ғасырда Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде ашылды деп көрсетілген. Ұлы Жібек жолы Сианьнан Ланчжоу арқылы Дуньхуанға апаратыны айта отырып, бұл жерден оның екі жол торабына бөлінетінін жазады және оны былайша сипаттайды: «солтүстік жол Тұрпан, Қашғар, Самархан, Мервті, Ферғана алабын, ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарды. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы «Ұ. ж. ж.» Ниса, Гекатомпил, Экбатан, Бағдад арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылып жатыр» [83, 374 б.]. Бұл жолдың атауының пайда болуы экспорт үшін арнайы дайындалған және Батыста жоғары бағаланған қытай жібегінің негізгі сауда тауары болғандығымен түсіндірілген. Бұл шындық еді. Мұнда Жібек жолының даму кезеңдерін көрсетуге де ұмтылыс жасалған. Онда 1-2 ғасырларда Ұлы Жібек жолы арқылы сауда-дипломатиялық байланыстың мейлінші дамығандығы ерекшеленген. Бірақ жол қатынасының қиындығының Қытай мен Рим арасындағы тікелей байланысқа мүмкіндік бермеді деп те көрсетіледі. Ал III – VI ғасырларда Ұлы Жібек жолы көбінесе «қажылар жолы» болғандығы, ол арқылы будда монахтарының Қытай мен Үндістан аралығында жүріп отырғандығы айтылады да, VII – X ғасырларда Ұлы Жібек жолының халықаралық маңызының арта түскені, Қытайдың Византиямен арабтармен байланысының дамығандығы жазылады. Ұлы Жібек

жолы XV ғасырда өз маңызын жоя бастағаны атап көрсетіледі және оның себебі теңіз байланыстарының дамуымен байланыстырыла түсіндіріледі. Ұлы Жібек жолының ұзындығы 7 мың километрден асты деп көрсетіледі де, оның Кіші Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасындағы экономикалық және мәдени байланысты дамытуда ролінің зор болғандығы жөнінде тұжырым жасалады.

1986 жылы белгілі ғалым К.М. Байпақовтың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қалаларына арналған көлемді еңбегі жарық көрді [39, 250 б.]. Еңбектің сауда мәселелеріне арналған тақырыпшасында Жібек жолы мен оның бойындағы ірі сауда орталықтары, Қазақстанның жақын және орта Шығыспен сауда байланыстары жөнінде баяндалады. Көрнекті ғалым: «В IX – XII вв. по-прежнему активно функционирует Шелковый путь, связывающий Запад и Восток. Но теперь от него отходят многочисленные ответвления, главным образом на север, к кочевникам, через города, расположенные вдоль Сырдарьи, Таласа, Чу, Или», - деп есептейді. Көптеген деректер мен зерттеушілердің мәліметтері мен тұжырымдарына сүйене отырып, Жібек жолының қазақстандық бөлігінің бағыттарын сипаттайды. Оларға зер салатын болсақ Жібек жолы шынында да көптеген тармақтарға бөліне отырып қазақ сахарасын шиырлай отырып, сауда керуендерін тікпір-түкпіріне апарып отырған екен. Мәселен, Жібек жолының қазақстандық бөлігі Газгирде басталып, Испиджабқа, Таразға, одан соң Құланға, одан ары қарай Навакет, Баласағұн және Бедел мен Ақсу асулары арқылы Шығыс Түркістанға кетті. Тараздан Беш-таш пен Кугарт асулары арқылы Ферғана жазығына, ал Адахкос пен Дех-Нуджикес қалалары арқылы қимақтарға барды. Ол жерден сауда жолдары әрбір үш жыл сайын жібегі бар керуен келіп тұратын Енесайдағы хакастарға жетіп жатты, - дейді зерттеуші. Бұдан соң, Керуеннің Испиджабтан шығып Усбаникет, Кердер, Сығанақ арқылы Жаңакентке бет алатынын, ал Усбаникет, Кердер, Сығанақтан жол Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалаларға – Баладж бен Созаққа, одан ары Бетбақдала арқылы Дешті-Қыпшаққа кетіп жататынын, Жаңакенттен Сарысуға, Ұлытау бойына және Есіл жағалаулары арқылы Ертіс даласына, қимақтарға баратын жолдың болғанын баяндаған. Зерттеуші Іле жазығы арқылы өтетін керуен жолы X ғасырда салынды деп есептейді. Мұнда Шу жазығынан Қордай, Қастек, Санташ асулары арқылы келгендігін жазады. Оңтүстік Іле жолы Есік қалашығы, Шелек арқылы Кегенге және одан ары Шығыс Түркістанға өтті. Ал Шелектен келесі бір тармағы Сүмбе қалашығына және одан ары Алмалыққа бағытталды. Солтүстік Іле жолы Жақсылық қалашығына, Тамғалы Тас аңғарына Іледен өтуге бағытталды. Одан соң Екі-Оғыз бен Қойлық (Қаялық) арқылы жол Алакөл бойымен Алмалыққа, Тарбағатай арқылы Ертіс даласындағы қимақтарға жетті. Солтүстік және оңтүстік жолдар Шелектен Борохудзирге баратын, Іледен өтетін өткелі бар жолда тоғысты және одан ары Көктал, Үсек және Хоргос жазығы арқылы Алмалыққа шықты, - деп көрсетеді.

К.М. Байпақов Қазақ даласының жекелеген аймақтарында маңызды орын алған ірі сауда орталықтарын былайша сипаттайды: Қазақстанның оңтүстігінде – Испиджаб, Кердер, Отырар және Жаңакент; оңтүстік-батысында – Тараз бен

Баласағұн, солтүстік-шығыс Жетісуда – Талғар мен Қойлық (Қаялық). Бұдан соң зерттеуші сауда орталығының үлгісі ретінде Испиджабқа тоқталады. Мұнда жабық базарлар, матамен қоршалған базарлар, арнайы орындары бар керуен-сарайлар болды және оларда қызу сауда жүргізілді. Испиджабтан саудагерлер Бағдатқа дейін тауарларымен барып жатты.

Отырар ойпаңындағы басты қала Кедер болды, ондағы қазба барысында дүкендер ерекшеленетінін, ал Сырдария бойындағы ірі сауда орталығы ретінде Жаңакентті айтуға болатынын жазған. Транзиттік сауданың ірі орталығы Тараз болып қала бергенін, деректерде оның мұсылмандардың түріктермен саудасының орны, саудагерлер қаласы ретінде сипатталатындығы, Тараз саудагерлерінің Ифаханда колонияларының болғандығы, ал исфахандықтардың Талас жазығындағы Шелджиде тұрғандығы, Жетісудан Тараз арқылы күміс сыртқа шығарылып отырғандығы, жазба деректер мен қорыту пештері табылған қазба мәліметтерінің Шелджи, Текабкет және Күл қалаларының күміс өндірісі орталығы болғандығын айқындайтыны кең түрде баяндалады.

Ал Іле жазығындағы сауда орталықтары - Талғар мен Қойлық (Қаялық) болғандығын атап өте келе, бұл қалалардың халықаралық сауда байланыстарындағы орнын Талғар қаласынан табылған заттар қоймасы арқылы айқындалатынын, онда Қытайда, Иранда жасалған заттардың табылғандығымен дәлелденетінін жазған. IX –XIII ғ.ғ. қалалардың өз аймағымен саудасының кең түрде дамығанын баса көрсете келе, алдымен егіншілікті аудандардан астық, жеміс-жидек, ет келіп жатса, егіншілер қаладан қыш бұйымдарын, әйнек, зергерлік және сәндік бұйымдар алып отырған, сауданың екі жаққа да тиімді болған деп есептейді.

Ал көшпелі әлемге жақын Сауран, Жаңакент, Дех-Нуджикес сияқты қалаларда сауда жәрмеңкелік сипатта болғанын, Дех-Нуджикес арқылы мал мен мал өнімдерінің Испиджабқа келіп отыратынын айтады. Сауранды оғыздармен сауданың орталығы деп көрсетеді. Ибн Хаукальдың және Бартольдтың жазғандары негізінде оғыздардың сондай-ақ Баладж, Берукет қалаларында сауда жасағанын және Жаңакент арқылы Хорезммен, Еділ бойымен, Хазарлармен және славяндармен байланыс орнатқанын баяндайды. Қалалардың жылқыларды, малды, жүнді, терілерді, киізді, сүт өнімдерін алып олтырғанын жаза отырып, кейбір қалалардың сыртқа белгілі бір тауар түрін шығаруға маманданғанын нақты деректер негізінде жазған. Автордың есептеуі бойынша IX –XII ғ.ғ. ақша-тауар қатынастарының артуымен байланысты тауар айырбасы ығыстырылған. Испиджаб, Отырар сияқты қалалар монеталар (теңгелер) шығарып отырған. Тек XI ғасырдың соңында күмістің жетіспеуінен алтын монеталар кеңірек таралып, саудада құн эквиваленті қызметін атқара бастағанын дәлелдейді [39, 179 б.].

Осы еңбектегі Жібек жолы туралы мәлімдемелерден кейін ғылыми әлемде оған кең түрде назар аударыла бастағаны байқалады. Оның нақты көрінісі 1988 жылы 30 қарашада Қазақ ССР Ғылым академиясының бірнеше институты мен ғылыми мекемелері қызметкерлерінің қатысуымен қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің кеңейтілген мәжілісі өткізілді [84]. Онда К.М. Байпақов «Великий

Шелковый путь: культурные контакты в прошлом и настоящем» атты тақырыпта негізгі баяндама жасады. Бұл баяндама Қазақ ССР ҒА хабаршысының осы санында жарияланған, оған алда жеке тоқталамыз. Ал баяндама негізінде бірнеше ғалым сөз сөйлеп Ұлы Жібек жолы, оның тармақтары, тарихи маңызы туралы мәселелерді көтерді.

Б.Е. Көмеков Ұлы Жібек жолының VIII – IX ғасырларда әсіресе Орта Азия мен Қазақстан аумағында белсенді түрде қызмет еткенін, халықаралық сауда және дипломатия жолы ретінде мәдениеттің таралуына, сауданың дамуына және қалалар мен елді мекендердің өрлеуіне тиімді ықпал еткенін ерекше атап өтті. Ұлы Жібек жолының басты даңғылының тек жақын маңдағы аудандар мен көрші облыстармен ғана емес, сондай-ақ алыстаға аймақтармен де байланысты болғанын атап өте отырып, қимақтарға да бірнеше тармағының жетіп отырғанын мысал ретінде баяндайды. Ол араб географы әл-Идрисидің, қимақ ханзадасы Жаһан ибн Хакан әл-Қимақидің еңбектеріне сүйене отырып, Жібек жолының қимақтарға баратын тармақтарын былайша сипаттаған: Тараз қаласынан Ертістің орта бойындағы қимақ ханының сарайына, солтүстікке қарай Мойынқұм мен Бетпақдаладан өтіп, Орталық Қазақстан далалары арқылы солтүстік-шығысқа беттеп, Ертіске жететін болған. Сондай-ақ Тараздан шыққан сауда жолы шығыс бағытта, Жетісудағы Ыстық көл мен Балқаш көлдері арасын мекендеген, қарлық тайпаларының көш жолы арқылы да созылып жатқан. Мұнда жол Солтүстік-Іле даңғылымен қосылып, одан соң Тарбағатайға шығып, одан ары солтүстікке тартып, Ертіс өзені бойымен қимақ мемлекетінің орталығына жеткен. Ал X ғасырдағы Ферғананың орталығы Ақсикеттен солтүстік-шығыс бағытқа, Қарақол асуына бағыттталып, одан Ұлы Жібек жолына шығып, одан ары Шу өзені бойындағы қарлық билеушісінің астанасынан Солтүстік-Іле даңғылы арқылы Алакөл бойындағы қимақ қаласына жетіп, одан солтүстікке беттеп, Ертістегі қимақ хақанының сарайына жеткен. Б.Е. Көмеков Ұлы Жібек жолы туралы айта отырып, осы кезеңде түрік тайпалары мен соғдылықтардың этнолингвистикалық синтезінің күшейгендігін, сондай-ақ аймақтың этномәдени қауымдастығының кейбір белгілерінің қалыптасқандығын атап көрсетеді. Біздіңше осы соңғы – маңызды тұжырым. Өйткені ол түркі халықтарының бір-бірімен байланысының қайта жандануында Жібек жолы мен оның бойындағы сауда және мәдени және тағы басқа байланыстардың артуы сөз жоқ топтастырушы, біріктіруші рөл атқарып отырды. Міне дәл сол байланыстар түркілердің тұтастана отырып, олардың мекенінің ауқымын да кеңейтуге ұмтылысын күшейтті деп ойлаймыз.

Бұдан кейін сөз алған С.М. Ақынжанов та ортағасырларда Дешті-Қыпшақ кеңістігіндегі Ұлы Жібек жолының басты даңғылынан Қазақстанның далаларын Орта Азия оазистері сияқты екі аймақтың тығыз экономикалық байланыстарының болғандығын дәлелдейін бірнеше керуен жолдары болды,- дей отырып, оларға арнайы назар аудартады. Зерттеуші бірінші жолды, Сырдарияның төменгі ағысы бойынан Батыс Қазақстанға және Оңтүстік Оралдың тауетегіне барды деп есептейді. Екінші, негізгі, орта ғасырларда Сарысу жолы деп аталған жол Фараб-Отырардан шығып Ақсүмбеге, одан Сарысу мен Шу арқылы Қаракенгірдің Сарысуға құяр сағасына жетіп, оны

бойлай отырып Ұлытауға, одан Есіл арқылы Ертіс жағалауына шыққанын, ал келесі, үшінші орта ғасырларда Ханажал деп аталған жол – Тараздан солтүстікке бағытталып, Бетпақдала, Атасу арқылы Дешті-Қыпшақ даласына жеткендігін сипаттайды. С.М. Ақынжанов осындай көп сауда жолдарының болуы бұл кезеңде тығыз шаруашылықтық байланыстың болғандығын айғақтайды деп тұжырымдаған.

Ал Р.Б. Исмагилов болса қазақ даласындағы жолдар мен олардың бағыттарының уақытын тереңдете түсуге ұмтылыс жасаған. Ол сақтардың батысқа қоныс аулауының екі жолы болды: біріншісі, оңтүстік жол- Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань және Қаратау бойымен Орал-Каспий дәлізіне жетті. Мұнда Орталық және Солтүстік Қазақстан арқылы келетін солтүстік жол да келіп тоғысты дей отырып, дәл осы жолдар арқылы кейіннен Шығыс пен Батыс арасындағы сауда операциялары да жасалып отырды деп тұжырымдай отырып, бұл ойын б.з.бұрынғы VІІІ –VІІ ғасырларға тән Шілікті, Ұйғарақ, Тегіскен ескерткіштері мен Солтүстік Қазақстандағы жерлеу орындары мәліметтері арқылы дәлелдеуге тырысады.

Мәдениет қорының қазақ бөлімшесі төрағасының орынбасары С.Б. Құмарова мәдениет қоры жанынан құрамына Қазақ ССР ҒА ғалымдары, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың Қазақ қоғамының, Интуристің, дизайнерлер Одағының өкілдері кірген Жібек жолын зерттеу бойынша қоғамдық кеңес құрылғандығын, таяуда атқарылатын міндеттердің жоспары жасалып, «Жібек жолы Қазақстан арқылы өтеді» атты көрме ұйымдастырылып, бүкілодақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілетіндігін хабарлады.

Қазақ ССР ҒА Экономика институтының директоры А.К. Қошанов қазақстандық тарих пен археологияның дамуындағы халықаралық бағдарламаның маңызына тоқтала келіп, бұл тақырып бойынша ғылыми және ғылыми-көпшіліктік еңбектерді дайындау мәселелеріне назар аударды. Қазақ ССР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы Р.Б. Сүлейменовте халықаралық жобаның маңызы туралы айта келе, сауда жолы өтетін барлық республикалардың археологтарының бірлесуінің қажеттігін атап өтті.

Тарих, археология және этнография институтының директоры М.Қ. Қозыбаев көптеген елдердің ғылыми және мәдени шеңберінің халықаралық байланысы мен диалогының маңызына тоқталды.

Қазақ ССР ҒА вице-президенті Ж.М. Әбдилдин Жібек жолының әртүрлі халықтардың ақпарат, мәдени ой, жетістіктер алмасып отыратын арна ретіндегі маңызына баса мән берді. Мәселе көлеміндегі зерттеу жұмыстарының халықтарды жақындастырудағы, Қазақстанның ежелгі мәдениетімен таныстырудағы маңызы зор екендігі жөнінде тұжырым жасалды.

Енді осы мәжілісте жасалған К.М. Байпақовтың «Ұлы Жібек жолы: өткендегі және қазіргі мәдени байланыстар» атты баяндамасына тоқталайық. Ғалым өз баяндамасын 1987 жылы ЮНЕСКО-ның Париже өткен Бас конференциясының 24 сессиясының шешімі бойынша Ұлы Жібек жолын кешенді түрде зерттеу жөнінде халықаралық жобаны іске асырудың басталғанын, бұл бойынша Грек, Египет, Индонезия, Италия, Қытай, Монғолия,

Оман, Португалия, Шри-Ланка мен КСРО бастамалары негізінде зерттеулер жүргізу туралы шешім қабылданғанын атап өте отырып бастады. Жалпы жобаның ЮНЕСКО-ның «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз ресурстары» және «Мәдениет және болашақ» атты екі ірі бағдарламасы бойынша орындалатынын, іс-шаралардың БҰҰ шешімі бойынша Мәдениет дамуының халықаралық онжылдығының басталуы аясында өткізілмек болып отырғанын айта кетті. Біздіңше Ұлы Жібек жолына берілген анықтамалардың ішінде К.М. Байпақовтың мына анықтамасы, ауқымды әрі біршама дұрыс сияқты. Оны сөзбе-сөз келтірейік: «Великий Шелковый путь – система караванных путей, пересекавших Евразию от Средиземноморья до Китая и служивших в эпоху древности и средневековья важным каналом осуществления торговых и культурных связей представителей этих регионов» [40, 18 б.].

Бұдан соң аталған жобаның мән-мағынасына тоқталады. Бұл мәселені баяндау барысындағы ғалымның көптеген ойларының тұшымды да ауқымды екендігін атап өткеніміз жөн. Мәселен, ол жобада Шығыс пен Батыс халықтарының арасындағы адамзат тарихындағы бірінші бейбіт байланысты жан-жақты зерттеу міндетінің қойылғанын, оның Жібек жолы өткен елдер арасындағы ғылыми және мәдени ортаның диалогына, саяси жағдай қиындаған кезде мемлекеттер арасындағы интеллектуалдық байланысты орнатуға көмектесуі керек екендігін айтады. Бұл жерде Ұлы Жібек жолының тарихи негізде шыныменен адамзат тарихындағы бірінші бейбіт байланыс екендігі туралы тұжырымы тарихи шындық. Адамзат тарихында одан кейін де мұндай ауқымды бейбіт байланыс жолы бола алмады. Басқа байланыстардың жолы негізінен соғыс, басқыншылық жолдары ретінде есте қалды. Бұдан кейін К.М. Байпақов бес жылға жоспарланған бұл жобаның екі бағытта дамитындығын, біріншіден – халықаралық және ұлттық дәрежеде ірі-ірі пәнаралық ғылыми зерттеулер жүргізіп, кездесулер өткізу, екіншіден, зерттеліп отырған мәселеге әлемдік қауымдастықтың кең көлемдегі назарын аудару мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік емес ұйымдарды, оқымыстылар мен мәдениет қайраткерлерінің бірлестіктерін тарту мақсаттары қойылғанын жазады.

Зерттеуші бұдан соң Ұлы Жібек жолының тарихы, негізгі даңғылдары, оның бойындағы қалалар туралы мәселеге көшеді. Жібек жолының жекелеген тармақтарының ежелгі прототиптері туралы мәселеге келетін болсақ, - дейді ол, - б.з.б. III – II мыңжылдықтарда-ақ байланыс пен айырбас басталған еді. Олардың Бадахшан тауларында лазурит, Жәркендарияның жоғары ағысы бойында, Хотан ауданында нефрит өндірумен байланысты болғанын, лазуриттің Иран, Месопатамия, Анталия, Египет пен Сирияға, ал I мыңжылдықтың ортасынан бастап Қытайға шығарылғандығын жазған. «Лазурит жолымен» қатар Орта Азия мен Орталық Шығысты Жерорта теңізімен және Индиямен байланыстырған, сондай-ақ Шығыс Түркістанды Солтүстік Қытаймен жалғастырып отырған «нефрит жолы» да болғандығын жекелеген зерттеушілер еңбектері негізінде баяндайды. Б.з.б. I мыңжылдықта «дала жолының» болғандығын айта отырып, оны Геродоттың жазғандары негізінде, Дон бойындағы Қаратеңіз жағалаулары арқылы Оңтүстік Оралдағы савроматтар жерінен Орынборға, Ырғызға, одан Тобыл, Есіл мен қазіргі Семей

маңында Ертіске, ары қарай Алтайға, Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлі бойындағы агриппилер еліне жетті. Бұл жол бойынша жібек, тері, бұлғын, иран кілемі таратылды. Белгілі ғалым баяндамасында таяу уақытқа дейін жібекті ойлап табу мен оны саудаға салу б.з.б. I мыңжылдыққа тән деп келінгенін, бірақ қытай археологтарының Чженьцян провинциясындағы Тайху өзені маңындағы қазба жұмыстарының барысында неолит дәуіріне тән жібектен жасалған мата, белбеу және тоқыма жіп тапқанын, олардың уақыты б.з.бұрынғы 2750 жылдар шамасы екендігін айқындағанын жазады. Талдаулардың осы уақытта, яғни бұдан 5 мың жыл бұрын жібек өндірудің жоғары дәрежеге жеткендігін байқатады дейді және қытай жібегі б.з.б. VI-V ғ.ғ. шет елдерге, соның ішінде Батысқа да шығарыла бастады деп тұжырымдайды. Бұл тұжырымын б.з.б. V ғасырға тән Алтайдағы Пазырық патшалық қорғандардан табылған феникс кестеленген жібектің, Еуропаның оңтүстік және батыс аудандарындағы б.з.б. VI – V ғасырларға тән жерлеу орындарындағы табылған жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар арқылы дәлелдейді. Қымбат бағалы жібектің кең таралуына көшпелі сақ-скиф тайпалары қатысты, олар арқылы бұл тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне жетті, - деген ойы да тарихи шындықты бейнелейді. Автордың ойынша Ұлы Жібек жолы б.з.б. II ғасырдан бастап, тұрақты сауда және дипломатиялық жол ретінде қызмет ете бастайды. Бұл тұжырымын ғалым Чжан Цяньның саяхаттарымен байланыстыра түсіндіреді. Б.з.б. II – V ғ.ғ. Чананнан шығып, Ланчжоу ауданында Хуанхеден өтіп, Нань Шаньның солтүстік етегімен Ұлы Қытай қорғанының батыс шетіне, «яшмалы қақпа бекінісіне» жеткен соң Такла Макан шөлінің солтүстік және оңтүстік жақтарымен Ұлы Жібек жолы бірнеше тармаққа бөлінеді. Солтүстік бағыты - Хами, Тұрпан, Бесбалық, Шихо арқылы Іле өзені жазығына келетін, ал ортаңғы жол – Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға, Қашқарға, Ташрабат немесе Бедел асулары арқылы Ыстық көлдің оңтүстік жағалауларына келде, үшінші, оңтүстік жол – Дунхуан, Хотан, Жаркент, Вахан, Балх арқылы өтті. Автор бұл кездегі әйгілі маршрут Қашқар арқылы Ферғанаға, одан ары Самарқанд, Бұқара, Мерв арқылы Хамадан, Сирия, Жерорта теңізіне немесе Арал бойы, Қара теңіз далалары арқылы Еуропаға, сондай-ақ, Балх, Герат арқылы Индияға баратын жолдар болғандығын ерекшелеген.

К.М. Байпақов бұл мақаласында VI ғасырда Ұлы Жібек жолының Қашқар мен Ферғана маршрутының қысқа әрі қолайлылығына қарамастан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін бағыты жандана түсті дей отырып, оның себептерін, бүкіл Орта Азия бойынша өтетін сауда жолдарын бақылап отырған түрік қағанының ордасының Жетісуда болуымен және VI ғасырда Ферғанада өзара қырқысулардың болып отыруымен түсіндіреді. Сөйтіп, VI –XIII ғ.ғ. елшілер мен сауда керуендерінің көпшілігі «қазақстандық» немесе «солтүстік» жолмен өткенін де айтады. Бұл Ұлы Жібек жолының Қазақ жеріне дейінгі тармақтары туралы қорытындылары еді.

Бұдан соң зерттеуші Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның тарихына ұлы Жібек жолының даму кезеңдерін ерекшелей отырып тоқталады. Б.з.б. YII – III ғ.ғ. жоғары мәдениетке жеткен сақтардың Қытаймен, Индиямен, Таяу және Орта Шығыспен айырбастық байланыстарының болғандығын, ал YIII және

Қаңлы мемлекеттері жеріне, б.з.б. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Ұлы Жібек жолы жұмыс істей бастаған кезде, римдік әйнек, монета, қытай жібегі, айна, сырлы ыдыстар еуропалық ілгіштер, Ирандық кесілген тастар келгендігін баяндаған. Ол сондай-ақ, осы кезде Шу, Талас және Сырдария бойында қалалық орталықтар да пайда болды дей отырып, оның мысалы ретінде Талас Алатауы, Арыс пен Сырдария жазықтарындағы ондаған осындай елді мекендердің табылуын айтады. VI ғ. екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Тынық мұхиттан Қара теңізге дейін алып жатқан көшпелілердің алып империясы - Түрік қағандығының құрамына енгендігін, міне осы кезде Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қалалық мәдениеттің дамуында маңызды рөл атқарғанын да баса көрсетеді.

К.М. Байпақов Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы XIY ғасырға дейін жұмыс істеді, оның соңғы жандануы моңғол империясының астанасы - Қарақорымға сауда мен дипломатиялық өкілдер жиілеген XIII ғ. ортасына сай келеді, ал 1424 жылы Мин әулетінің өкілі император Юнле Қытайдың солтүстік-батыс шекарасын жабуға бұйрық береді, - дейді. Бұлардан кейін автор қытай, араб деректерін және еуропалық елшілер мен миссионерлердің жазбаларын салыстыра отырып, Ұлы Жібек жолының қазақстандық тармақтарын сипаттауға көшеді.

Ұлы Жібек жолының Шаштан шығып Қазығұрт арқылы Тұрбат пен Испиджабқа, Шарап, Будухкет, Тамтадж, Абардадж, Джувикат арқылы Таразға келіп, одан соң Талас бойымен екігі бөлінетіні, төмен қарай қимақтарға, ал жоғары қарай Шельджи, Сұс, Текабкет арқылы Ферғанаға баратынын, сондай-ақ, Тараздан Төменгі Барсхан арқылы шығысқа Құланға, одан Меркі, Аспара, Нұзкент, Қаражуан баратынын жазған. Навкеттен Суябқа, одан Ыстық көл жағалауына жетіп, оңтүстік торабы Жоғарғы Барсханға, солтүстік бағыты Ташрабат, Бедел асулары арқылы Қашғарға беттегенін дәлелдейді. Ол сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының келесі бір тармағының Санташ асуы арқылы Іле жазығына келгенін, Үсек пен Хоргос арқылы Алмалыққа жетіп, Қытай мен Шығыс Түркістаннан келетін жолмен түйсетінін, бұл тармақтың әсіресе X – XIII ғ.ғ. белсенді түрде жұмыс жасағанын атап өтеді. Ал Навкеттен шыққан тармағының Бунжикет, Қастек асуы, Ұрун-Ардж (Ұзын Ағаш) таулары арқылы Қастек, Қаскелең, Алматы арқылы Талғарға келгенін жазады. Автор Талғардан Ұлы Жібек жолының тағы екі тармаққа бөлінгенін көрсетеді. Ол бойынша, оңтүстік бағыты, Есікті, Түрген, Шелекке, одан Борохудзир ауданында Іледен өтіп Алмалыққа келіп, Ыстық көлден келетін жолмен қосылатынын, ал солтүстік бағыт, Талғардан шығып Іледен Қапшағай аңғары арқылы өтіп, Шеңгелді, Алтын Емел, Көксу арқылы Екіоғызға, одан Қойлыққа жетіп, ары қарай Алакөлді айнала жүріп, Жоңғар қақпасы арқылы Бешбалыққа, Турфанға немесе Семейге қарай кетеді дейді.

К.М. Байпақов Ұлы Жібек жолының маңызды тармағының Сырдария бойымен өткенін ерекшелеген. Оның бірнеше тармағын сипаттайды. Қаратау асулары арқылы Жезқазғанға, Орталық Қазақстандағы көшпелілерге, Отырардан жоғары қарай Сүткент, Шаш қалаларына, төмен қарай, Жент пен

Жаңакентке, одан Қызылқұм арқылы Жайық бойына, Сарайшыққа, Кавказ, Қырым, Еуропаға баратынын жазады. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының тармақтарын осылайша баяндай отырып, ол бойынша тасылған тауарлар жібекпен қатар Рим, Византия, Индия, Иран, Араб елдерінен сан түрлі тауарлардың тасылғанын атап көрсеткен. Олар мирра, ладан, жасминді су, амбра, кардамон, женьшень, питонның өті, кілем, бояулар, минералды шикізаттар, алмаз, яшма, янтарь, піл сүйегі, күмістің, алтынның құймалары, терілер, садақ пен жебе, қару-жарақтар және басқалар дейді. Бұлармен қатар асыл тұқымды арғымақтар, түйелер, пілдер, мүйізтұмсықтар, арыстандар, гепардтар, газелдер, қырғи мен қаршығалар, павлиндар, страустар мен тотықұстар, сонымен бірге мәдени өсімдіктер, жүзім, шабдал, қант пен көкөністер тасылғанын айтады. Бұлармен қатар, Ұлы Жібек жолының рухани мәдениет пен өнер тасымалы қызметіне назар аударады. Автор Орта Азия мен Түркістанның музыканттары мен бишілерінің, барабаншылары мен акробаттарының, музыкалық ансамбльдерінің қытайлық император сарайында өнер көрсеткендігін, әртүрлі діни бағыттардың да таралатын жолы болғанын жазады. Соңында Ұлы Жібек жолының басты мазмұны елдерді, халықтар мен өркениеттерді жақындастыру мен өзара байыту болды деген ауқымды тұжырым жасайды.

1991 жылы Ұлы Жібек жолы туралы әртүрлі көлемдегі бірнеше еңбек жарық көрді. Солардың ішіндегі ғылыми көзқарастарды айқындауға мүмкіндік беретіндеріне тоқталайық. Алдымен «Қазақстан коммунисті» журналының аға редакторы Д. Сейсенов жүргізген әңгімеге тоқталайық. Бұл әңгіме «Ұлы Жібек жолы, оның өткені мен болашағы хақында» деп аталады [85]. Мақала Ұлы Жібек жолының нашар зерттеліп келгендігі, оның сол кездегі маңызы, болашағы туралы қысқаша кіріспемен басталып, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлерін сұрақ-жауап түрінде келтіріп отырады. Бірінші болып сөз алған Ә. Кекілбаев: «Жібек жолы сонау ерте заманның өзінде ел мен елді, құрылық пен құрылықты байланыстыруға дәнекер болған шын мәнісіндегі ұлы жол. Сол шақта оның мәні кейінгі Колумб пен Магелан ашқан жаңалықтардан кем болған жоқ», - деп тұжырымдап, ол ойын Ұлы Жібек жолының Азия мен Еуропаны бір емес, бірнеше ғасыр бойы жалғастырған үлкен даңғыл болғандығымен, тек сауда ғана емес, дипломатия мен мәдени алмасулар жолы болғандығымен және қазіргі өркениетке өзіндік үлес қосқандығымен дәлелдейді [85, 47 б.].

Бұл сұхбатта біздің тақырыбымыз үшін құнды пікір айтқан белгілі археолог К. Акишев болды. Ол Ұлы Жібек жолының бастауы б.з.д. V-VI ғ.ғ. жатыр деп мәлімдеген. Ол кездегі жол Тарим өзені бойымен Памир, Бадахшан арқылы Үндістан, Иран, Ирак елдеріне барды, ал II-I ғ.ғ. Ұлы Жібек жолы Ыстық көлді айналып өтіп, Баласағұн, Отырар, Ташкент арқылы ауған, парсы, үнді елдеріне жол тартты деп есептейді. Осы екінші бөлігінің үш торабы болды деп көрсетеді. Оның бірі Ыстық көлден бұрылып, Сымтас асып, Кегенге келетін, одан Шелек, Қаракемер, Түрген, Есік, Талғар арқылы Алматыға тірелетін, ал келесі торабы – Қорғастан өтіп, Жаркент, Алтынемел асуымен Сарыөзекке, одан Арқарлы асуы арқылы Шеңгелдіге, одан Таңбалы тасқа келіп

Іле өзеніне тірелетін дейді де, ол жерде Іледен көпір салған секілді деп қызықты ой айтады. Ал үшінші торабы – Жоңғар қақпасынан өтіп, Талдықорған, Қойлық арқылы Шенгелдідегі жолға тоғысқан деп есептейді. Ал бұдан соң Ұлы Жібек жолы Алматыдан Тараз, Испиджаб, отырар, Ташкент және Сыр бойындағы қалалар арқылы Астраханды басып Еуропаға баратынын айтқан. К. Акишев сонымен қатар, тек қытайдан ғана жібек келіп қана отырмағандығын, Жетісудан алтыннан, қоладан жасалған заттар толассыз шығарылып отырғанын, қытайлықтардың Жетісу арғымақтарын «батыс кереметі» деп атап қадырлеп, бағалап отырғанын да айтқан.

Ал жазушы, Қазақ КСР Мемлекеттік және Джавахарлал Неру атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қазақ КСР халық депутаты Әнуар Әлімжанов: «Ұлы Жібек жолы туралы күні кешеге дейін еркін сөз қозғай алмай келдік,- дей отырып оған тіпті 1987 жылы республиканың сол кездегі бірінші басшысының қарсы болғанын дәлел ретінде келтіре келе,- Бір сөзбен айтқанда әуелде бұл шіркінді бастау қиын дегендей, Ұлы Жібек жолы туралы әңгіме міне естіп отырғаныңыздай, тіпті бертінге дейін жабық тақырып болды», - деп атап көрсетеді [85, 49 б.]. Бұл шынында да тарихи шындық еді. Ұлы Жібек жолының кеңестік кезеңдегі тарихнамалық деректері аздау болып отырғаны да сол себепті екендігін айтуымыз қажет. Ә. Әлімжанов Ұлы Жібек жолына тек сауда жолы деп қараудың дұрыс еместігін, оның ғылым мен білім таратқан, әдеби шығармалардың мазмұнын таратқан, қалалардың гүлденуіне ықпал еткен жақтарын да зерттеудің, сөз етудің маңызын да ерекшелей көрсетеді.

1991 жылы 15-16 маусымда Алматыда «Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысы» атты тақырыпта ЮНЕСКО-ның халықаралық семинары өтті. Бұл семинардағы баяндамалардың тезисі сол жылы жинақ ретінде жарық көрді [86]. Оның кіріспесінде ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 1987 жылғы шешімі бойынша Ұлы Жібек жолын кешенді түрде зерттеудің халықаралық жобасының іске асырылып жатқандығы айтылады. Сонымен қатар оның ЮНЕСКО-ның «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз ресурстары» және «Мәдениет және болашақ» атты екі ірі бағдарламасы бойынша жұмыс істеп отырғандығы, іс-шаралардың Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімі негізінде өтіп жатқан «Мәдениет дамуының Бүкіл дүниежүзілік онжылдығы» шеңберінде жүргізіліп отырғандығы атап өтілген.

Жинақтағы тақырыптардың сан қилы болып келуі Ұлы Жібек жолы аясында көптеген мәселелерді зерттеуге болатынын және ондай зерттеулердің қажеттігін байқатты. Жинақ Б.В. Андриановтың Ұлы Жібек жолы даңғылындағы археолого-мелиоративті карта жасау туралы тақырыппен басталады. Онда Ұлы Жібек жолын зерттеу барысында әртүрлі деректерді кең түрде пайдалану қажеттігіне баса назар аударылып, қашықтықтан зерттеу тәсіліне – аэрофото және ғарыштық (космостық) түсірулер, олардың маңызы мен тәсілдері арнайы сөз етіледі. Бұл баяндама тезисі ежелгі суландыру жүйелерінің материалдық мәдениет ескерткіші ретіндегі тарихи деректік маңызын ерекшелеуімен құнды болып табылады. Өкінішке орай біз әліде болса назар аудармай келеміз. Әсіресе оның тарихи деректік мәніне көз жіберіп, көңіл аударар болсақ қазақ тарихын жаңа деректермен толықтыруға болар еді деп

ойлаймыз. Самарқанд пен Мәскеудің А.А. Асқаров, Ю.Ф. Буряков, В.И. Гуляев, Э.В. Сайко сияқты зерттеушілерінің бірігіп жасаған «Город в системе взаимосвязей обществ оседлых и кочевых культур» атты баяндамасында Ұлы Жібек жолы бойындағы отырықшы және көшпелі мәдениеттің өзара байланысы мен ықпалы туралы мәселені зерттеудің маңыздылығын былайша ерекшелейді: «Постановка проблемы взаимодействия обществ оседлых и кочевых культур в рамках и в связи с проблемами Шелкового пути представляется продуктивной и перспективной уже в силу того, что именно в объективно создавшейся в результате функционирования последнего зоне (достаточно широкой) обеспечивались условия наиболее глубоких и широких различного рода обменных контактов и формировалась специфическая ситуация такого взаимодействия. Это во-первых, в значительной степени определяло особенности исторического развития контактирующих обществ, во-вторых, безусловно, оказывало соответствующее влияние на особенности развития обменных отношений Шелкового пути» [86, 7 б.].

Жинақта К.М. Байпақовтың екі мақаласы жарияланған. Екеуі де Ұлы Жібек жолы тарихына қатысты маңызды жаңалықтарды сипаттауға арналған. Алғашқысы Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы бойындағы археологиялық зерттеулер туралы мәселені баяндайды. Автор онда Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеудің ХІХ ғ. 60-жылдарында басталғанын П. Лерх пен В. Бартольдтың Сырдария, Талас, Шу, Іле бойындағы ортағасырлық қалалар туралы жазба мәліметтерді ғылыми айналымға ендіре бастағанын, кейін бұл істің А. Бернштам, Ә.Қ. Марғұлан, Е. Агеева, Г. Пацевич, К.А. Акышев, К.М. Байпақов және басқалардың еңбектерінде жалғасын тауып, археологиялық қазбалардың жүргізілгендігін баяндайды. Бұдан соң 1988 жылы Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтында «Жібек жолы: көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара байланысы» тақырыбының бекітілгендігі, сол негізде біршама қазба жұмыстарының жүргізілгендігі атап өтіліп, Тараз маңындағы Қостөбе, сонымен қатар Құлан, Талғар қалаларынан табылған заттай деректер жөнінде баяндайды.

Зерттеуші О.И. Исмағұловтың «Великий Шелковый путь и этноантропологическая ситуация в Евразии» атты баяндамасының мазмұны тартымды. Өйткені мұнда алғаш рет Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың этникалық тегі, құрамы, дене бітімі мен бет-бейнесі, олардың өзара байланысы туралы мәселелер арнай сөз болады. Осынысымен де бұл баяндама құнды болып отыр. Зерттеуші антрополог О.И. Исмағұлов Ұлы Жібек жолының Евразия тарихындағы көшпелі және отырықшы халықтардың ғасырлар бойғы мәдени дәстүрінің дамуында ең жарқын із қалдырғандығын, өздерінің гүлдену шағында евразия тайпаларының бұл теңдессіз сауда каналын Хуанхэ өзені мен Жерорта теңізі аралығындағы әртүрлі этностардың шаруашылықтық-мәдени құндылықтар саласындағы интеграция элементтерін дамыту үшін кең түрде пайдаланғандығын айта келе: «Именно в это время, т.е. в раннее средневековье, были заложены первые контуры региональных этнических образований, послуживших важным ядром будущих этнических массивов и локальных расовых вариантов среди насельников европейских степей. Историческое

развитие Шелкового пути не только совпало с мощными переломными этапами этнокультурных процессов многих племен Евразии, но и их динамика в определенной мере синхронизировалась в исторической судьбе обширных кочевых и оседлых племен как Центральной Азии, так и Восточной Европы. Многие аспекты этноантропологического взаимодействия различных племен отложились в геноме и фенооблике средневекового населения контактных зон Евразии», - деп тұжырымдайды [86, 21 б.]. Автордың бұл тұжырымы біздіңше дұрыс. Дегенмен осы бағытта әлі де көптеген зерттеулер қажет деп есептейміз.

Н. Смаилов өзінің «Охрана памятников истории и культуры на казахстанском участке «Великий Шелковый путь» атты баяндамасында тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауға арналған халықаралық, шетелдік және қазақстандық заңдар мен ережелерге тоқтала отырып, Ұлы Жібек жолы бойындағы археологиялық және архитектуралық ескерткіштерді сақтау мен қорғау туралы баяндайды [86, 28-30 б.].

Ленинградтық зерттеуші Ю.А. Заднепровский «Усунь и кангюй на трассе Великого Шелкового пути» атты баяндамасын: «В пределах крупнейших кочевых государств Усунь и Кангюй, занимавших обширные пространства Семиречья, Тянь-шаня и Южного Казахстана, проходил большой участок Международного торгового пути (в дальнейшем ВШП). Усунь и Кангюй (Канцзюй) обладали значительной военной силой и на своей территории контролировали и определяли функционирование ВШП», - деп бастайды [86, 35 б.]. Үйсін және қаңлы халықтарының Ұлы Жібек жолы бойынша Шығыс пен Батыстың отырықшы өркениеттерінің мәдени және техникалық жетістіктерін меңгеріп, өзінің бойындағы тарихи үрдістерде үлкен рөл атқарды. Шығысында ғұндармен, оңтүстігінде Шығыс Түркістанмен, оңтүстік-батысында Ферғанамен, ал батысында Қаңлылармен шектесіп жатқан үйсіндер орасан зор аумақта өмір сүрді. Осындай үйсіндердің қармағында болған Ұлы Жібек жолының тармағы туралы былай деп тұжырымдаған: «Чтобы уточнить представление о границах Усунь, обратим внимание на сведения Цянь - Ханьшу, что усунь находились к северу от Яньци – Карашара, т.е. крайние восточные части Тянь-шаня. Следовательно, под контролем усуней была большая часть Северной дороги в Западном крае (Вост. Туркестан), которая шла от владения Чэши Переднего через Карашар до Шулэ (Кашгар). Длина торгового пути от Карашара до Кашгара составляет около 1200 км. Более того, усунь, как полагают, распространили свое влияние на владения Сюсюнь, Цзюаньду и Юйтоу, находившиеся к западу и к северу от Кашгара. Все они располагались на трассе или в непосредственной близости от Алай - Каратегинской части ВШП. Таким образом, усунь расширили возможности своего влияния и на этой – Северной дороге» [86, 36 б.].

Жинақтағы тезистердің тақырыбы көп болғанымен, өкінішке орай көлемі өте шағын. Бұл кейбір мәселелер бойынша автордың тұжырымын айқындауға толық мүмкіндік бере бермейдітінін байқадық. Баяндамалар толық жарияланса дұрыс болар еді. Дегенмен кейбір зерттеушілер мәселе көлеміндегі ойларын кейініректегі еңбектерінде жазады. Сондықтан біз олардың тұжырымдарын сол еңбектері негізінде талдауды жөн көрдік.

1991 жылы біздің зерттеуімізге өз үлесін қосқан «По Великому Шелковому пути» атты фотоальбом жарияланды [59, 138 б.]. Кітап сөз жоқ көпшілікке, ең алдымен жарнамалық мақсатта жазылған. Мұнда әртүрлі археологиялық заттардың, қалалардың орындарының, кесенелердің суреттерімен қатар екі қатарлы, бірі көпшілікке арналған публицистикалық бағыттағы екіншісі ғылыми зерттеулер негізіндегі мәтін берілген. Біріншісінің авторы - Р. Насыров, ал қосымша сияқты, кішірек жазумен берілген екінші ғылыми негіздегі мәтіннің авторы - К.М. Байпақов.

Алдымен көпшілікке арналған, негізгі болып есептелетін мәтіндегі ойлар мен тұжырымдарға тоқталайық. Айта кететін бір нәрсе екі мәтінде де пайдаланылған еңбектер мен деректерге сілтеу берілмеген. Тек көпшілікке арналған мәтіннің бас жағында бір ескерту ерекшеленген және онда аттар мен географиялық атаулар түпнұсқалық деректегі транскрипция бойынша берілгендігі көрсетілген. «Керуен жүрген жерлермен» деп аталған тақырып 1355 жылы флоренциядағы бір сауда үйінің қызметшісі Барди Франческо Пеголоттидің сегіз жылдан кейін еліне оралып, қожасының тапсырмасы бойынша «Сауда тәжірибесі, немесе мәліметтері барлық елдердің саудагерлеріне қажет жерлер, сауда өлшемдері және басқа заттар туралы шығарма» атты еңбек жазғанын айта отырып, сол шығарма негізінде баяндауды бастайды. Бұл еңбекте Франческоның қыпшақ бекінісі Азақтан (Азов) шығып, ноғай бекінісі Джутарханға (Астрахан) келіп, одан Жібек Теңізімен (Каспий) сегіз күн жүзіп Жайыққа, одан Сарайшыққа келгендігін жазғанына тоқталады. Бұл жолдың әрине ежелгі Ұлы Жібек жолы тармағы екендігі белгілі. Бірақ біздің тағы бір нәрсеге назар аударғымыз келеді. Ол Азов деп жүргеніміздің Азақ, ал Астрахан деп жүргеніміздің Джутархан екендігі. Бұл мәселені тарихи шындық үшін болашақ зерттеушілердің ескеріп, нақтылап, анықтағаны дұрыс болар еді. Керуен –сарайдан екі түйеге жегілген дөңгелекті жылы баспана жалдап, Отырарға көктемде келіп жетеді. Бұл жерде дөңгелекті баспананы тастап, мықты есектер жалдап, Алматау етегімен Армалекке (Құлжаға) жетеді. Іле өзенінен өтіп, Кассайға (Ханьчжоу), одан соң Гамелекке (Ханбалық, Бежін) келеді, - дейді Р. Насыров. Ол Ұлы Жібек жолы атауы Қытайдың физикалық географиясы мен Азия орографиясы туралы тамаша еңбектердің авторы Фердинанд фон Рихтгофеннің (1833 – 1905 ж.ж.) ұсынысы бойынша ХІХ ғасырда ғана айналымға енгендігін атап көрсетеді. Бұдан соң автор біраз тарихи шегініс жасайды. Жалпы мұндай шегіністер бірнеше жерде кездеседі. Шамасы бұл кітаптың негізгі мақсаты – жарнамалық болғанына байланысты болса керек. Онда (ескендір Зұлқарнайынның (А. Македондықтың) б.з.б. 334 жылғы Азияға жорығынан бастап сауда жолының жандана түскендігі, әсіресе ҮШ – ХІІ ғ.ғ. Қазақстан мен Орта Азия аумағынан өтетін Ұлы Жібек жолының гүлденгендігі туралы тұжырымдар жасайды. Көңіл аударатын тағы бір мәселе Р. Насыров егерде Азов теңізі жағалауынан немесе Каспийдің шығысынан Алакөл көліне қарай жүк жіберсе ол да баяғы жолмен жүрер еді деген ой айтады. Ол қазіргі темір жол мен автомагистралдар ежелгі Ұлы Жібек жолымен сәйкестігін де ерекше атап өтеді де, адамдар ежелгі уақыттарда –ақ өздеріне қолайлы жолдарды білген деп тұжырымдайды. Бұл біздіңше дұрыс тұжырым.

Қазақстанның батысында бірнеше тармаққа бөліне отырып, одан ары кететінін сипаттай келе, автор соған қарамастан Көк (Арал) теңізіде оның бірігетіндігін, сөйтіп, Яксарт, Шу, Жеті өзен елі арқылы Жоңғар қақпасына жететінін баяндаған. Оның ойынша Ұлы Жібек жолының түріктік бөлігі магистралды маңызға ие болған және ол қалалардың, сауда-қолөнер орталықтарының, керуен-сарайлардың пайда болып дамуында маңызды орын алды.

Автордың келесі бір пайдаланғаны Кураш ибн Джафардың «Китаб-ал-харадж» атты мемлекеттік басқару мен қаржы мәселелеріне арналған, X ғ. ортасына тән еңбегі. Шавғарға дейін созылатын Қайрақ тас тауларынан Таразға, одан Құланға, Меркіге, Аспараға, Суябқа, Жоғарғы Барсханға одан Қашғарияға баратын жолды сипаттаған. Ол Суябтан Қашғарияның шекарасындағы Жоғарғы Барсханға дейін керуен он бес күн жүрсе, почта үш-ақ күн жүретіндігі туралы мәліметіне үлкен назар аударады. Мұнысы дұрыс-та. Джафардың түріктердің бұл жолмен байланысының халықаралық сипат алғандығы жөніндегі пікіріне сүйене отырып, ол кезеңде кең көлемді почта байланысы мындаған жылдан бері келе жатқандығы, түрік тілінің халықаралық байланыс тілі болғандығы жөнінде тұжырым жасайды және оны мәмлүктер, Ұлы Селджүктер, Қараханидтер, моғолдар тарихы негізінде дәлелдеуге тырысады. Ұлы Жібек жолы бойында Ақыртас, Айша-Бибі, Тараз, Отырар, Яссы сияқты тамаша тарихи орындар мен қалалар болғанына, әсіресе Тараз, Отырар, Яссы тарихына кеңірек тоқтала отырып сипаттама береді.

Бұл альбомдағы К.М. Байпақовтың мәтіні негізінен оның 1988 жылғы 30 қазандағы Қазақ ССР ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бюросы мәжілісінде жасаған баяндамасы желісінде жазылғаны байқалады. Оны біз жоғарыда кеңірек талдап өткенбіз. Енді тек толықтырылған жерлері мен жаңа тұжырымдарына тоқталайық. Басы альбомның мақсат-міндетіне қарай бейімделген. Ол бұл альбомнан Қытай мен Еуропаның арасын жалғастырып жатқан ежелгі керуен жолы жүйесі - Ұлы Жібек жолы туралы көптеген қызықты мәліметтер алуға болатындығы, оның бойындағы қалалардың жойқын соғыстарды, қиратуларды, өрттерді, аштық пен жалаңаштықты басынан өткергенін, оның белгісі ретінде бүгінде қираған орындарының қалып отырғанын сипаттаумен бастайды. Альбомнан сол кездегі ірі құрылыстарды, тамаша зергерлік өнер туындыларын, қыш пен фарфор бұйымдарды, сондай-ақ тамаша табиғатты, тарихтың жаңа беттерін көруге болатынын жаза отырып, Ұлы Жібек жолы бойымен саяхаттауға шақырады. Ұлы Жібек жолының ҮІ – Ү ғ.ғ. жағдайы туралы айта келе сақтар мен скифтер қымбат бағалы қытай жібегінің Орталық Азия мен Жерорта теңізіне жетуінде маңызды рөл атқарғанын атап көрсеткен. К.М. Байпақов бұрынғы баяндамасында негізінен Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы тармақтарына кең тоқталса. Мына альбомда оған қосымша Ұлы Жібек жолының Орта Азиядағы тораптарына арнайы сипаттама берген. Ол Орта Азиядағы құрылықтық жолдың үш саламен: оңтүстік, орталық және солтүстік – жүргенін былайша көрсетеді.

Оңтүстік жол Окстағы Амульден басталып үш бағытта жүргенін былайша көрсетеді: Бұқара, Қасан, Керки, Термез, Бактры арқылы; Бұқара, Самарқанд,

Шахрисябз, Керки, Ақрабат асуы, Термез, Бактры; Бұқара, Самарқанд, Ұзынқыр, Даратепе, Будрач, Хантабадтепе, Термез, Бактры.

Орталық жол Амульдан, Найкенд, Бұқара, Самарқанд, Дизак, Заамин, Самгар, Хаджистан, Тұрмұқан, Баб, Ақсикет, Ош, Үзгенд, Қашқар бағыты бойынша жүргендігін жазған. Ал үшінші, солтүстік жол Амульдан Бұқара, Димас, Тававис, Қарман, Дабусия, Рабинджан, Зарман, Самарқанд, Абаркет, Рабад, Саеду, Харкан, Дизак арқылы жүрген деп есептейді. Бұрынғы баяндамасынан тағы бір айырмашылығы К.М. Байпақов бұл албомда отырықшы және көшпелі өркениеттердің өзара байланысы мен өзара ықпалына баса назар аударған. Тағы бір айырмашылығы, Ұлы Жібек жолымен әртүрлі тауарлар тасылғанын айта келе, сән үлгілерінің де таралуына ықпал еткенін, соның ішінде қышты әрлеуде ақ түстің үстіне көк бояумен әшекейлеген темірлік стильдің кең таралғанын, Қытайда пайда болған бұл стильдің Иран, Түркия, Орта Азияда ерекше дамығанын дәлелдейді. Ол сонымен бірге, орта ғасырлардың басында белгілі бір мәдениет пен мемлекеттіліктің өзіндік түрін бейнелейтін Қытай, Индия, Персия мен Византия сияқты ірі әлемдік патшалықтардың құрылғандығы туралы теорияның өмір сүргенін атап өтеді және сол кездері әлемнің төрт бұрышына сай бай, мықты елдердің болғандығын да жазған. Олар: Оңтүстіктегі Үндістан- пілдер патшалығы, батыста Иран мен Византия – асыл тастар елдері, солтүстіктегі Түрік қағандығы – арғымақтар елі, шығыста Қытай – адамдар патшалығы деп есептелген дейді. Осымен байланысты Самарқандтың түбіндегі Кушания қонысынан табылған ғимараттың қабырғаларындағы қытай императоры, түрік ханы мен үнді брахманы, парсы патшасы мен рим императоры бейнеленген суреттерге тоқталады. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларды қазу барысында экономикалық қана емес, рухани да алмасулар мен араласудың болғандығын дәлелдейтін археологиялық деректердің табылып жатқанын, нақты мысалдар бойынша жазады.

Осылайша Ұлы Жібек жолы тарихын кеңестік кезеңде зерттеу мәселелерін қарастырдық. Мәселенің алдыңғы уақытпен салыстырғанда әлдеқайда тереңірек зерттелгеніне көз жеткізуге болады. Ғалымдар Жібек жолы қалаларында өмір сүрген халықтардың антропологиялық, этникалық белгілерін анықтау мәселелерін де зерттеген. Кеңестік тарихшы-зерттеушілер жазба деректер және археологиялық ескерткіштердің негізінде Ұлы Жібек жолы бойы қалаларының әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете білді. Халықаралық керуен жолының тек сауда қатынастарын жандандырғанын ғана емес көршілес елдердің өзара шаруашылық, мәдени байланыстарын өрістеткендігі ғалымдар еңбектерінен көрініс тапқан. Зерттеулерде керуен тасымалы оның бойындағы қалалар тұрғындарының өзара ықпалдастықта өмір сүргендігіне назар аударылды. Мұның өзі ғылымда Жібек жолының халықаралық маңызын аша түсті.

1.3 Ұлы Жібек жолының тарихы тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеушілер еңбектерінде

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғалы бері Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар жөнінде бірнеше еңбек дүниеге келді.

Бұл шағын уақыт аралығында Жетісу өңірінің бірқатар қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары біршама жаңа көзқарас тұрғысында пайымдаулар жасауға мүмкіндік берді. Дәлірек айтсақ, бұл жылдары Луговое Г [7, 200 б.] , Өрнек [87], Төменгі Барысхан [88, 17-23 б.] қалашықтарында, Ақыртас кешенінде [67, 8 б.] зерттеу жұмыстары жүргізіліп, біршама жаңа деректер жинақталды. Ендігі жерде жеке қала бойынша ғана емес, аймақ көлеміндегі қалалар туралы кешенді еңбектер де жарияланып жатты. Сондай зерттеулердің бірі 1992 жылы жарық көрген К. Байпақов пен А. Нұржановтың «Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты кітабы. Кітап төрт тараудан тұрады. Әрбір тараудың атынан кітаптың негізгі арқауы Ұлы Жібек жолы екендігі және негізінен көпшілікке арналғандығы байқалып тұр. Кіріспеде ЮНЕСКО –ның Бас конференциясында 1987 жылы қабылданған Ұлы Жібек жолын кешенді түрде зерттеудің халықаралық жобасының қолға алына бастағандығын, оның тарихи және тәжірибелік маңызын ерекшеленеді.

Бірінші тарауы «Жібек жолы Қазақстан арқылы өтеді» деп аталған. Оны Сюань Цзанның 629 жылғы сапарының бағытына тоқталады. Авторлар Ұлы Жібек жолының жекелеген бөліктерімен зат алмасу б.з.б. Ш –П мыңжылдықтарда басталған деп санайды. Оны Бадақшаннан шыққан көк лағылды (лазуритті) Иран, Месопатамия, Анатолий, Египет, Сирия жерлеріне, I мыңжылдықтың ортасында Қытайға жеткізген жолдың және сол кездерде –ақ «Нефрит жолының» да болғандығы арқылы айғақтайды. Бұлармен қатар б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолы» деп аталған жол Қара теңіз, Дон бойы, Орал тауы етегі, Ертіс жағалауы, Алтайға, Жоғары Ертіс пен Зайсан көлі бойындағы агриппийлерге дейін созылып, былғары, терілер, иран кілемі, құнды металдардан жасалған бұйымдар тасылды дейді. Міне осылайша ежелгі замандарда-ақ қазақ жері арқылы бірнеше халықаралық сауда жолдарының болғанын байқатады. Жібектің пайда болуы мен саудасының ұзақ уақыт б.з.б. I мыңжылдық делініп келгендігі, ал таяудағы Қытайдың Чженцзян провинциясындағы Тайху көлі маңынан табылған неолит дәуіріне, б.з.б. 2750-жылдарға, тән жібек маталар, белдіктер мен жібек жіптер бұдан бес мың жыл бұрын-ақ жібектің болғанын көрсететініне назар аударады. Зерттеушілер б.з.б. VI –V ғасырларда қытай жібегі шет елдерге, соның ішінде Батысқа да шығарыла бастады деп есептейді. Ол тұжырымдарын Алтайдағы Пазырық қорғандарынан, Оңтүстік және Батыс Еуропадан табылған жібек маталар мен шашақтар арқылы дәлелдейді. Олар жібектің таралуында сақтар мен скифтердің ат салысқанын, солардың арқасында жібектің Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін таралғанын жазады. Ұлы жібек жолының тұрақты сауда мен дипломатия жолына айналуын б.з.б. II ғ. ортасынан басталды деп санайды және бұл тұжырымдарын Чжан Сянның сапарымен байланыстыра түсіндіреді. Бұдан соң баяндалатын II-V ғ.ғ. Ұлы Жібек жолының Орта Азия арқылы өтетін салалары, оның солтүстік және оңтүстік тармақтары туралы, VI –VII ғ.ғ. Жетісу

мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін бағыты, оның салалары жөніндегі мәселелер К.М. Байпақовтың бұған дейінгі, дәлірек айтқанда біз талдап өткен 1989 және 1991 жылғы еңбектеріндегі пайымдаулары негізінде сипаттаған. Ал Ұлы Жібек жолы бойымен тасылған басты тауарларды да жоғарыда аталған еңбегінде жазған болатын. Бірақ бұл кітапта авторлар археологиялық зерттеулер барысында табылған заттарды сипаттау арқылы толықтыра түскен. Олар Талғардан, Отырар мен оның өңірінен табылған теңгелер (монеталар), қыш құмыралар мен тостағандар және олардағы суреттер мен безендірулер, қола айналар, жазуы бар сиясауыттар тағы басқалар туралы жазғандары. Олардың жасалған елдері мен табылған жерлері арасындағы байланыс туралы тұжырымдар көңілге қонымды. Ал мәдени байланыстар туралы мәселені де Кушан елді мекеніндегі, Пенджикенттің, Варахшаның, Афрасиабтың, Топырақкала мен Шығыс Түркістан және Талас аңғарындағы Қостөбе мен Жамұқат қалаларының қабырғаларындағы бишілер мен беткеп (маска) киген актерлардың, музыка ансамбльдерінің бейнелері, әртүрлі суреттер Пенджикенттен табылған биші қыздың тамаша мүсіні, Сырдария бойындағы Кедер қаласынан табылған X – XI ғ.ғ. тән қыштан жасалған артистің беткебі бойынша және басқа да көптеген жазбаша деректер негізінде дәлелдей отырып жазады.

Кітапта Ұлы Жібек жолы бойымен діни көзқарастардың да таралғандығы біршама кең түрде, табылған археологиялық мәліметтер мен ескерткіштер негізінде дәлелді түрде жазылған. Ол бойынша б.з.б. I ғасырда ене бастаған будда діні, II-III ғ.ғ. өте белсенді түрде таралған. Зерттеушілер будда ескерткіштерінің Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардың көпшілігінен табылғанын атап көрсеткен. Дәлірек айтқанда, Термезден I – III ғ.ғ. салынған сопыхана, Гуяр-қаладан будда ескерткіші, Ақбешімнен, Краснореченск I және II –ден табылған ғибадатхана, Испиджабтағы жерасты сопыханасы нақтылы мысал ретінде келтіріледі. VІІ –X ғ.ғ. христиан дінінің де ене бастағанын кейбір деректер арқылы атап өтеді. «Жібек жолымен тараған тағы бір дін – манихей (рух пен материяны шендестіруге ұмтылыс) діні», - дейді авторлар [89, 37 б.]. Тараз, Баласағұн, Шігілбалық қалаларында манихей дінін уағыздаушылар өмір сүрген деп есептейді. Ал зороастризм дінінің VІ –VІІ ғ.ғ. Қазақстан қалаларына енгенін Кұйрықтөбе, Пенджикент, Отырар қалаларынан табылған әшекейлер мен ошақтың орындары бойынша сипаттайды. Ислам дінінің таралуы туралы жазба деректермен қатар археологиялық деректерді де кең түрде келтіріледі. Бұл бірінші тарауды қорытындылай келе зерттеушілер мынандай тұжырым жасаған: «Осы бір дүниежүзілік өркениеттің айшықты да айырықша куәсі – «Жібек жолы» проблемаларына қысқаша шолуды тұйықтай келсек, ұлан-ғайыр қазақ даласы сахараларын, биік таулар мен етектегі құнарлы алқаптарды кәсіп етіп, Европадан Азияға дейін және оған керісінше бағытта созылып жатқан сауда жолдарына сипаттама бере отырып, сондай-ақ сол жолдармен ағылған сан-алуан таңсық тауарлар, ежелгі өнер мен дін жолдары туралы әңгімелей келіп, орта ғасырлық тарих пен рухани өмірдің аса күрделі болғанын айтпасақ болмайды. Шығыс пен Батыс, Азия мен Европа тоғысқан Қазақстан қалаларында бір-біріне мүлде ұқсамайтын мәдениеттердің өзара кірігіп, бір-

бірін байыта түсулеріне аса қолайлы жағдай, ахуал туды. Өзара қарым-қатынас жасасу нәтижесінде отырықшы қалалықтар мен көшпенді тайпалар адамзаттың ежелгі мәдениеті алқасында маржандай жарқыраған таңғаларлық мәдениет жасай алды» [89, 42 б.]. Сөз жоқ Ұлы Жібек жолы сауда ғана емес, авторлар айтқандай «өнер мен дін жолы» да болды және қазақ жеріндегі қалаларда да көшпелілер өмірінде де өзіндік орын алған жаңа тұрпатты, ерекше мәдени дамуға ықпал етті.

Еңбектің қалған үш тарауы да негізінен ортағасырлық қалалардың тарихын олардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының орны мен маңызы жөніндегі мәселемен байланыстыра отырып сипаттауға арналған. Оны біз «Яксарт жағалауларында», «Талас және Шу аңғарларын бойлай», «Балқаш бойының боз даласынан Хан тәңірінің қарлы шыңдарына дейін» делінген тарауларының және кейбір тақырыпшаларының аттарынан да байқаймыз. Түркілер дәуірінде жібектің бір бөлігі Қытайда шықса, басқаларының Шығыс Түркістан мен Соғды жерінде өндірілгенін, сол себепті де оның көлемінің өсіп, сыртқа шығарудың күрделенгенін парсылардың жібекті Византияға жеткізуге кедергі келтіруімен байланыстыра түсіндіреді. Бұл жағдайдың түркілердің Арал, Маңғыстау, Каспий, Солтүстік Кавказ, Константинополь арқылы жаңа жол салғанын баяндайды. Бұдан соң біраз хронологиялық шегініс жасап, қаңлылар, олардың Сырдария бойындағы Ұлы Жібек жолының бір бөлігін уысынан шығармау саясатын ұстанғанын жазбаша және археологиялық деректер негізінде баяндайды. Одан соң қайтадан түркілердің дәуірі, олардың арабтармен соғысы, соның барысында кеңгерестермен одақтасуы турал жаза отырып, печенегтер, кангарлар атауларына тоқталады. Біздіңше аталған шегініс авторлардың қаңлыларды кеңгерестермен, кангарлармен байланыстырмақшы ойынан хабар беретін сияқты. Бірақ кітапта ол ой ашық айтылмаған.

Аталған тарауларда Испиджаб, Шымкент, Отырар, Яссы, Қарнақ, Сауран, Сығанақ, Жент, Тараз, Жамұқат, Навакент, Суяб, Баласағұн, Талғар, Алматы қалалары негізінен қазба барысында табылған деректерге басымдық бере отырып сипатталады. Олардың дамуы Ұлы Жібек жолының бойындағы экономикалық және мәдени қатынастардың дамуымен байланыстыра баяндалады.

Ғылыми шығарманың қорытындысы ауқымды да, салмақты ойларды білдіреді. Адамдардың сонау ежелгі замандарда да саяхаттар, саудалар жасап, дипломатиялық сапарлар жүргізіп, алыс жақтарға қоныс аударып отырғанының, әсіресе орта ғасырларда қозғалыстың күшті болғандығының бір айғағы ретінде Ұлы Жібек жолын атап көрсетеді. Оның ерте кездерден басталғанын және қалыптасып, дамуында Евразияда өндіруші шаруашылықтың дамуының себепкер болғанын атап айтады. Бұл жерде көңіл аударатын бір мәселе авторлар өндіруші шаруашылықтың ішінде мал шаруашылығын ерекшелей көрсете отырып, түйе керуендерін, доңғалақты көліктер мен жылқыға салт мінудің Евразия аумағындағы мәдени және сауда байланыстарының дамуындағы маңызына тоқталады. Дәлірек айтқанда бұлардың көшпелілердің қозғалуына, таулы асулардағы жолдарды игеруіне тиімді ықпал еткендігі жөнінде жасаған тұжырымдары толық қолдауға

тұрарлық. Б.з.б. I мың жылдықта сауда және мәдени байланыстардың тұрақты түрге айналғанын, мұнда сақтардың ықпалының үлкен болғандығын, Ұлы Жібек жолының Қытайдан Римге дейін жеткендігін, кейінірек оның дамуында түркілердің маңызды орын алғандығын айта келе, оның ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүргендігін, содан соң ғана теңіз жолдарының ашылуына байланысты маңызының әлсірегендігін жаза отырып, жалпы Ұлы Жібек жолы екі мың жыл өмір сүрді деп тұжырымдайды.

1994 жылы Б.Қ. Албанидың «Тарихи таным» атты еңбегі жарық көрді [90, 264-265 б.]. Бұл көлемді энциклопедиялық еңбекте Ұлы Жібек жолы арнайы қарастырылған. Онда автор Ұлы Жібек жолын б.з.б. 27 жылдан ХҮІ ғасырға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстыратын сауда және керуен жолдарының жалпы атауы деп көрсетеді. Ұлы Жібек жолының басты бағыттарын қысқаша, нақты сипаттайды. Әсіресе I-II ғасырлар аралығында мейлінше дамыды, ал YII – X ғасырларда халықаралық маңызға арта түсті деп есептейді және оның дамуындағы үйсіндер мен қаңлылар рөліне назар аударады.

Сол 1994 жылы Л. Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегі қазақ тілінде басылып шықты [91, 40-51 б.]. Еңбектің төртінші тарауы «Жібек және керуен жолы» деп аталған. Тарихи деректер мен зерттеулер негізінде жазылған бұл еңбектің тілі жатық, көпшілікке арналған. Ұлы Жібек жолының Чаньаннан басталып Наньшан жоталары, Хами ойпаты, Турфан арқылы Гаочанға келіп, екі бағытқа бөлінгенін, оның бірінің Қарашар, Ақсу арқылы Ыстық көл маңынан өтіп Шу мен Талас алқабына Аспараға баратынын, ал екінші тармағының Жоңғарияны жағалап, Үрімші, Манас, Күркіреусу мен Ерен Қабырға арқылы Іле алқабына жетіп, одан ары Орта Азияға бағыт алатынын жазады. Ол: «Орта Азияда керуендер тыныс алатын. Ең ірі аялдама – тасымал пунктіннің бірі Пайкент болатын», - дей келе, жолдың одан ары Хорасан арқылы Рей мен Хамаданнан өтіп, Византия бекінісі Несевия арқылы Сирия мен Константинопольге кететінін, керуеннің Қытай теңізінен Парсы шекарасына дейін 150 күн, одан ары Рим шекарасына дейін тағы 80 күн жүретінін баяндайды [91, 41 б.]. Л. Гумилевтің сауда қанша қызғанымен халық бұқарасы үшін емес, бай-бағландарға қызмет ететінін, қытайлардың өз патшайымдары үшін Ираннан қымбат қас пен көз сүрмелерін, Вавилон кілемдерін, Сирияның асылтастарын, Қызыл теңіздің інжу-маржандарын, Сирия мен Мысырдың маталарын, Кіші Азияның есіртпе нашаларын алып отыратынын, дегенмен сауданың ең маңызды мүлкінің жібек болғанын, әсіресе Византияның оған мұқтаждығы зор болғанын айтады. Бұдан соң Византия мен Рим арасындағы келіспеушілік, Түріктердің Иранға, одан соң Византияға елшіліктер жіберуі, түріктердің Византияға жорығы, түрік-қытай қатынастары сөз етіледі.

1998 жылы М. Елеуовтың «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (YI – XIII ғ. басы) атты еңбегі жарық көрді [2, 13 б.]. Кітаптың бірінші тарауы Ұлы Жібек жолына қосылатын және оның тармақтары болып келетін керуен жолдары тарихы мәселелеріне арналған. Оның екінші тармақшасы Түрік жолының, Талас пен Шу бойындағы керуен жолдардың тарихын баяндайды. Зерттеуші Ұлы Жібек жолының әлемдік өркениеттің дамуындағы орны мен

маңызына жоғары баға бере келе, оның өзінің дамуы мен тармақтарының өзгеруіне сол замандардағы халықаралық қатынастардың, оның бойындағы елдердің ішкі өміріндегі өзгерістердің ықпалының да болғандығын көрсетеді. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық керуен жодарының картасын келтіре отырып, ол жолдарға сипаттама береді. Ұлы Жібек жолының YI –YII ғасырларда Атбасы, Арпа өңірі, Қара шұра асуы, Яссы өзені бойымен Өзгентке жетіп, одан соң Ош пен Ферғанаға өтетін Оңтүстік немесе Ферғана тармағының біртіндеп Түрік жолына орын бергенін айтады және оның себептерін жазба деректер негізінде дұрыс түсіндіреді. Біз автордың мұның себебі В. Бартольдтың YII ғ. Ферғанадағы өзара қырқысулардың, О. Қараевтың таулы аймақтағы қиын жол болғандығының әсері туралы деген түсініктемесінен гөрі «Шу мен Талас өңірінің түрік қағандарының ата жұртына айналып, қағандарының ордаларының осында орналасуы, ондағы қалалар мен елді мекендердің бой көтеріп, көркейіп қолөнер мен сауда –саттықтың дамуына мол мүмкіндіктердің болуы және қағанаттардың сыртқы дүниемен байланыс орнатуға әрекеттенуінен», -деген тұжырымын шындыққа жақын, әрі ауқымды деп білеміз [2, 15 б.]. Бұдан соң автор YI –X ғасырлардағы жазбаша деректерге сүйене отырып, Түрік жолдың Испиджабтан шығысқа қарай Шараб, Бадухкет, Тамтадж, Жувикат қалалар мен елді мекендерін басып өтіп Таразға келіп, Төменгі Барсхан, Қасырабасқа жеткенін, одан шыққан керуеннің Күлшуб, Жүлшуб, Құланға келіп одан Суябқа дейін тағы он қаланы басып өтіп, содан соң Сагур Кубалға одан әрі Ыстық көлге өткендігін жазады. Түрік жолын ондаған үлкенді-кішілі керуен жолдарының қиып өтіп отырғандығын және Шу өзеніне жеткенде екі бағытқа: Іле өңіріне және Ыстық көлге қарай бөлінгендігін көрсетеді.

Тараздың Түрік жолындағы аса ірі сауда және қолөнер орталығы, бірнеше керуен жолдары тоғысқан қала болғандығын көрсете отырып, одан жан-жаққа Ферғана, Жоғарғы Талас, Телікөл, Қимақ және Талас жолдары сияқты әртүрлі керуен жолдарының таралып отыратынын, бұлардың әрқайсысының бағыттарын сипаттай жазады. Солардың ішінде Ферғана жолының Ұлы Жібек жолына, Телікөл және Талас жолдарының Нәнсай жолына, Ран мен Ақсүмбе жолдарының Телікөл жолына, Дарбаза жолының Сарысу жолына, ал Қимақ жолының Хан жолы мен Қарқаралы жолдарына қосылатынын көрсеткен. Ал Талас пен Шу өңірлері арқылы өтетін Қарқаралы, Уванас, Жеті қоңыр және Банджар атты керуен жолдарының Қаратаудың бірнеше асуынан асып оның солтүстік беткейіндегі қалалар мен елді мекендер арқылы Орталық Қазақстанға, одан Есіл мен Ертіс өзендеріне, ары қарай Батыс Сібірге өтіп отырғанын, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала отырып баяндайды. Шу және Хан жолы аталған керуен жолдары мен олардың тармақтары да жан-жақты сипатталады. Шу бойындағы Навакет қаласынан солтүстік – батысқа қарай шыққан Шу керуен жолы Кирмирау, Шөміш, Ақтөбе, Ақсутөбе, Жетіжар, Сабыр, Қыркүй, қалалары мен елді мекендері, Аңырақай мен Қопа арқылы Іле өңіріне жеткен. Шу керуен жолының Текей, Ақсу, Соқұлық тармақтарының бағыттары да жазылған. Хан жолының Тайатқан, Шұнақ тауларынан шығып Шуға жететін және Қойлыбай, Болат тауларынан шығып Шуға дейін баратын

екі жолы, немесе автор жазғандай сол тармағы мен оң тармағы болғандығын баяндайды. Мұнымен бірге Хан жолының Байқара, Иткешу, деп аталған сорабтары мен тармақтары да болғандығын айтады. Осыларды қорытындылай келе автор: «Қорыта келгенде, YI – XIII ғ. басы аралығында Шу мен Талас өңірлерінің жекелеген аудандарын, олардың қалалары мен елді мекендерін бір-бірімен байланыстырып жатқан күрделі керуен жолдары жүйесі басты-басты үш жолмен байланысты болған, ол жолдар: Түрік жолы, Шу жолы және Телікөл жолы», - деп көрсетеді [2, 33 б.]. Автор бұл тұжырымды жасауға көптеген жазбаша деректер негізінде жоғарыдағы мәселелерді баяндай отырып қол жеткізгендігін атап өтуіміз қажет.

1998 жылы 2 – 3 қыркүйекте Алматы қаласында «Жібек жолы және Қазақстан» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті [92]. Конференцияны ашқан ҚР Ғылым академиясының вице-президенті, академик А.Қ. Қошанов Ұлы Жібек жолын оқу мен зерттеудің ғылыми ғана емес, саяси да маңызы бар екендігін, оның Шығыс пен Батыстың өзара ықпалы мен өзара толысуында жалғастырушы көпір болғанын, бойындағы елдер мен халықтарды біріктіріп, мәдениеттерін жақындастырғандығын атап өтеді. Бұған дейінгі зерттеушілерден бір ерекшелігі А. Қошанов: «Жібек жолының тарихы ең кемінде б.з.б. 3-1 мыңжылдықтардан басталады», - деген тұжырым жасап, оның К. Байпақов ұсынған хронологиялық шеңберін бекіте түседі. Ұлы Жібек жолының пайда болуы мәселелерінің тарих, археология, этнология, тіл білімі және басқа да ғылым салаларымен тығыз байланысты екендігін айтады және: «В целях реализации Государственной программы «Возрождение исторических центров Шелкового пути, сохранение и преемственное развитие культуры тюркоязычных государств, и создание инфраструктуры туризма» предполагается разработка научно-исследовательского проекта «Великий Шелковый путь и Казахстан: история, культура, туризм»... Главной целью данной программы является обоснование исторического значения «Великого Шелкового пути», демонстрация значимости культурных взаимодействий тюркоязычных народов» [92, 8 б.]. Ол сондай-ақ конференцияға Өзбекстан, Тәжікстан, АҚШ, Белгия, Италия, Қытай, Жапония елдерінен ғалымдардың қатысып отырғанын, олардың «Жібек жолын тарихи-археологиялық зерттеу» және «Жібек жолындағы мәдени өзараықпалдастық» атты екі секцияда жұмыс істейтіндігін атап өтеді.

Конференциядағы алғашқы баяндаманы «Жібек жолы және Қазақстан» Ұлттық акционерлік компаниясының президенті А.А. Құлыбаев жасаған. Онда 1987 жылы ЮНЕСКО-ның қабылдаған халықаралық конференциясында қабылданған «Жібек жолы – диалог жолы» атты халықаралық жобаның қабылданып, оның негізінде 1991 жылы Орта Азиялық республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін жұмыстың жандана бастағандығын, 1993 жылы Индонезияда өткен БСҰ (ВТО) Бас Ассамблеясында ұзақ мерзімдік туристік жобаны іске асыру туралы шешімнің қабылданғандығын айтады.

1994 жылы 19 елдің «Жібек жолындағы туризм бойынша Самарқандық декларацияның» қабылданып, бірнеше маңызды ұсыныстар мен бастамалардың болғандығын айта келе, елдерді үш топқа бөледі. Біріншісіне, Түркістан елдері

деп атап, оларға туризм үшін өз есігін аша бастаған елдерді жатқызады. Екінші топты Қытай, Индия, Пәкістан, Иран, Грекия, мен Түркия сияқты Жібек жолы объектілерін ашқан, белгілі бір тәжірибесі бар елдерді құрайды, ал үшінші топта Жібек жолының екі шетіндегі, ондағы туризм үшін бағыттаушы рынок болатын Жапония, Корея, Араб елдері мен Еуропа топтастырылады. Байқап отырғанымыздай баяндамашы негізінен Ұлы Жібек жолының туристік маңызын басты нысан етіп алған. Барлық мәселені осы тұрғыда, яғни практикалық мақсатта қарастыра отырып сипаттайды. Бұл концепцияның 1996 жылы Ташкентте түркі мемлекеттері президенттерінің бірлескен декларациясында қабылданғандығын, ал 1997 жылы 30 сәуірде Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасында Ұлы Жібек жолында туризмнің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі Түрік тілдес мемлекеттер басшаларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен ДСҰ (БТО) –ның жобасын іске асыру туралы» жарлығының шыққандығын, 1997 жылы 27 ақпанда оны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын бекіту жөнінде тағы бір жарлыққа қол қойғандығын баяндайды. Бұл соңғы бағдарлама Ұлы Жібек жолы бойындағы ғылыми-мәдениеттанулық, архитектура-қалақұрылысы және әлеуметтік-экономикалық қызмет салаларын қамтитын, оның жалпыұлттық әрі халықаралық рөлін қалпына келтіруге бағытталғандығын жазады. Онда туристік бағытқа енген тарихи, археологиялық, архитектуралық, қалақұрылысы мен монументалды өнер ескерткіштерін, табиғи ландшафты, экологиялық ортаны сақтау; Ұлы Жібек жолының орталықтары мен қалаларын қалпына келтіру, оларда туристік, әлеуметтік, коммуникациялық инфрақұрылымдарды, этнографиялық, мәдени-білімдік орталықтар мен сервистік қызмет мекемелерін құру; туризм индустриясын жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейде барлық салалары бойынша дамыту; халық өнері, ұлттық, аймақтық қолөнердің, тұрмыстық, салттық бағыттағы ұсақ және орташа бизнесті дамыту, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, аймақтық экономиканың дамуына демеу болу сияқты күрделі мақсаттар көзделген екен. Бұдан соң туризмнің инфрақұрылымын жасау жүйесінің екі бағытына тоқталады. Аталған бағдарламаны іске асырудың екі кезеңге бөлінгендігін, олардың әрқайсысында арқарылатын басты жұмыстарды, оларға кететін қаржының көздері туралы мәселелерді баяндай отырып жазған.

Негізгі баяндамашының бірі К.М. Байпақов бұған дейінгі еңбектеріндегі басты тұжырымдарын қысқаша тезисті түрде айтып өткен. Сондықтан біз оның тек кейбір жаңа ойларына ғана тоқталып өтуді жөн көрдік. Ұлы Жібек жолының кейбір салалары бойынша байланыс пен айырбас б.з.б. Ш-П мыңжылдықтарда-ақ басталғанын, лазурит және нефрит жолдары туралы айта келе, б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолының» іске қосылғандығын, Геродот деректері негізінде баяндап, ол бойынша тері, иран клемі, қымбат тастардан жасалған бұйымдар тасылғанын айтады. Ұлы Жібек жолының II – V ғасырларда Қытай жері бойынша жүретін бағытын көрсетеді. Оның ойынша Чаньаннан шыққан бұл жол Ланчжоу ауданында Хуанхэден өтіп, Тянь-Шанның солтүстік етегімен Ұлы Қытай қорғанының батыс шетіне, «Яшма қақпасына»

келіп, бұл жерден үшке бөлініп батысқа беттейтінін: Солтүстік бағыты – Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо, Іле өзені жазығына; ал ортаңғы бағыт, Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға, Бедел асуы арқылы Ыстық көлдің оң жағалауына; үшінші, оңтүстік бағыт, Дунхуан, Хотан, Жаркент, арқылы Бактрия, Индия және Жерорта теңізіне қарай кететінін айтады. Б.з.б. VI-III ғ.ғ. жоғары мәдениетке ие болған көшпелі және жартылай көшпелі сақ тайпаларының Бесшатыр, Есік, Тегіскен, Ұйқарақ археологиялық ескерткіштері деректеріне сүйене отырып, олардың Қытай, Үнді, Таяу және Орта Шығыс елдерімен байланысының болғанын дәлелдейді. Ол сондай-ақ: «Во время существования государств Бактрии, Парфии, Хорезма, Согда, Усунь и Кагюй во II в. до н.э. – первой половине I тыс. н.э., когда Шелковый путь начинает активно функционировать, сюда проникает римское стекло, китайский шелк, зеркала, и лаковая посуда, европейские фибулы-застежки и разные камни-печатки из Сасанидского Ирана», - деп бұл кездерде шет елдермен байланыстың кең ауқымда болғандығын айқындай түседі [92, 21 б.]. К.М. Байпақов дәл осы кезеңде Амудария, Сырдария, Зеравшан, Мұрғаб, Шу және Талас өзендерінің бойында антикалық кезеңде негізі қаланған ортағасырлық қалалардың қалыптасып дамыған деп есептейді. Ол сондай-ақ VI ғ. екінші жартысында Орталық Азияның Кореядан Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор көшпелілер империясы Түрік қағандығы құрамына енгенін де атап көрсеткеніне назар аударған дұрыс деп ойлаймыз. Бұл жерде автор Түрік қағанатының тарихи кеңістігін дұрыс көрсетіп отыр. Сол себепті де Түрік қағандығы тарихын осы көрсетілген аумақты толық қамти отырып оқып, зерттеп, оқытуымыз қажет деп есептейміз. Зерттеуші Ұлы Жібек жолы бойымен жүргізілетін сауда мен тасылатын тауарлар туралы мәселені тақырыпша ретінде ерекшелік баяндайды. Әсіресе Рим, Византия, Индия, Иран, Араб халифатынан, кейіннен Еуропа мен Ресейден тасылатын тауарлардың түрлері мен тізімінің сан жетпейтіндігін айта отырып мыналарға мән береді: «Это мирра и ладан, жасминовая вода и амбра, кардамон и мускатный орех, женьшень и желчь питона, ковры и полотна, красители и минеральное сырье, алмазы и яшма, янтарь и короллы, слоновая кость и «рыбьи бивни», слитки серебра и золота, меха и монеты, луки и стрелы, мечи и копья и многое другое.

По Шелковому пути вели на продажу «поток ровных» коней Ферганы, арабских и нисийских скакунов, верблюдов и слонов, носорогов и львов, гепардов и газелей, ястребов и соколов, павлинов, попугаев и страусов.

По Шелковому пути распространялись культурные растения: виноград, персики и дыни, пряности и сахар, овощи и фрукты, зелень.

Однако главным предметом торговли оставался шелк. Шелк наряду с золотом превратился в международную валюту, им одарили царей и послов, выплачивали жалованье наемному войску и государственные долги» [92, 22 б.]. Өзінің бұл тұжырымдарын зерттеуші археологиялық қазбалар барысында Талғардан және Отырардан табылған шетелдік заттар мен монеталар бойынша дәлелдей түседі. «Мәдениеттер диалогы» деп атаған тақырыпшасында төрт әлемдік патшалық туралы идеяны қайталай отырып, Носир Хисроу, Жалалидин Руми сияқты ақындардың еңбектері негізінде қолданбалы

өнердің, архитектураның және қабырғалық бейнелеудің, музыка мен бидің, цирк өнерінің, сахналық өнердің Батыс пен Шығыс арасында өзара ықпалдаса түскенін жазған.

Ұлы Жібек жолымен таралған діндер, олар туралы археологиялық мәліметтер жөнінде жаза келе, мынандай тұжырым жасайды: «Завершая экскурс в проблему «Шелкового пути» - этого яркого феномена мировой цивилизации, характеризую торговые дороги, которые шли из Европы в Азию и в обратном направлении, пересекая безбрежные просторы Центральной Азии, переваливая высокие горы, спускаясь в плодородные долины, степи и пустыни, а также описывая диковинные товары, древнее искусство и пути религий, следует подчеркнуть сложность исторической и духовной жизни средневековья. В городах и степях Центральной Азии, где встречались Запад и Восток, Европа и Азия, создалась благоприятная почва для взаимопроникновения и взаимообогащения непохожих культур. Оседлые горожане и кочевые племена смогли в результате взаимодействия создать культуру, которая яркой жемчужиной сверкает в ожерелье древних культур человечества» [92, 27-28 б.]. Автордың бұл қорытындысымен толықтай келісуге болады.

Конференцияда жасалған келесі маңызды баяндама археолог, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ә. К. Акишевтыкі болды. Ол «Ұлы Жібек жолы – миссионерлер жолы» деп аталған [92, 29-42 б.]. Онда қазақтың ежелгі даласының тарихына шолу жасала келе, Цинь Ши Хуандидің кезінде оның сарайында Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан шыққан Ху деп аталған халықтың сиқыршылары мен көріпкелдері үлкен ықпалға ие болған және солар арқылы даосизм мен конфуцишілдікке зороастризм идеялары, әсіресе жанның мәңгілігі мен дұрыс өмір салты туралы көзқарастар енген, хан императорлары өлмейтін жағдайға аспантұрғындарының тағамдары болып есептелетін тағамдарды пайдаланып, Жетісу үйсіндері мен ферғаналықтардың аспан сәйгүліктері арқылы жетуге болады деп санағандығын жазады. Орталық Азиядағы Кушандар билігі тұсында мұнда буддизм таралып, буддалық сутралар мен джатактарды тохар, Сақ, соғды, қытай, кейінірек түрік тілдеріне аудару басталды.

Буддалық миссионерлер саудагерлер мен дипломаттар болды. Орталық Азияның кейбір мемлекеттерінде буддизм жария, шартты дінге айналды. V-VII ғасырларда буддизм Жетісуда да орын тепті. Кейбір түрік қағандары буддизмді қабылдады. Мұның бәрін автор ең алдымен Сюань – Цзянның 729 жылы басталған саяхатымен байланыстыра дәлелдеп, түсіндіреді. Ұлы Жібек жолы бойымен жүрген келесі бір миссионерлік қозғалысты 424 жылы несториандық (шығыстық) шіркеудің Византия пентархынан бөлініп, тәуелсіздік алып, автокефалия жариялауымен байланысты Мервте, Самарқандта, Навакетте шіркеулерінің пайда болды дейді. Ал Талас өзені бойындағы арабтар мен қытайлықтардың арасындағы шайқастан соң, исламның қазақ даласына кеңірек ене бастады деп есептейді. Оның ойынша Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда әртүрлі діни қауымдар қатар өмір сүрді. Римдік шіркеу

несториандарды дінсіздерден да жаман, эретиктер деп есептеп, олардың айтқандарына сенбеді, Азияны ертегілер елдері деп санады. Тек монғолдар славяндарды талқандап, Еуропаға келгенде естерін жиып, елшілерін жібере бастады, олар барған жерлерінен христиандарды тапқанына мәз болды, олар жөнінде көбірек жазды. Александр ІҮ, Климентий ІҮ сияқты Рим папалары мен еуропалық елдердің билеушілері Пруссиядағы, Богемиядағы еретик, язычник монғолдарға қарсы крест жорығын ұйымдастыру және басқа да мәселелерді ойластырды. Ал Орта Азия мен Қазақстанда мұсылмандық гүлдене бастады. Бірақ жоңғарлар мешіттерді қиратып, буддизмді таратуға әрекет етті. Ал орыс отарлауымен байланысты буддизм ошақтары өртеліп, талқандалып, христандық шіркеулер көбейе бастады. Ә.К. Акишев осының бәрін жекелеген деректер бойынша негіздеп, сендіре жазады. Қалған баяндамалардың арасынан К.Ш. Хафизованың жаңа дәуірдегі Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы [92, 49-54 б.], Г.М. Исхаковтың Ұлы Жібек жолы атауы және оның уақыты [50, 83-88 б.], М.Қ. Әбусейтованың Ұлы Жібек жолы туралы ортағасырлық жазбаша деректер [92, 151-164 б.] туралы мәселелерге арналған баяндамаларын ерекшелуге болады. Басқаларына қарағанда бұл еңбектерде Ұлы Жібек жолы туралы мәселелер нақты сипатталады.

Тарих ғылымдарының докторы, «Қайнар» университетінің профессоры К.Ш. Хафизова Қазақстанның оңтүстігі құрамына енген Темір империясы кезінде қытайлықтармен сауданың жүргенін атап өте отырып, Абылай тұсындағы сауда келісімдеріне тоқталады. Автор қытайлық деректерді пайдаланған. Олардан көлемді үзінділер келтіріп те отырады. Қазақтардың басты сауда тауары жылқы болғанына баса назар аударады. Негізгі сауда тауар эквиваленті жібектің кесіндісі болды деп көрсетеді. Шынжан арқылы сауда жүргізудің дамуы барысында жылқы ғана емес, мал өнімдерін, ағаш ыдыстар мен сандықтарды да Қазақстаннан шығарудың басталғанын ерекшелеген. Тарих ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері Г.М. Исхаковтың баяндамасы негізінен пікірталасты мәселе көтеруге бағытталған, сондықтан да онда кейбір мәселелер біржақты сипатталады. Баяндамашы сөзін Ұлы Жібек жолы мәселесінің сол кездері кең түрде зерттеліп, талқыланып жатқандығын, 1990 жылы тамызда Үрімшіде осы мәселеге арналған Халықаралық симпозиумның болғанын, онда бірнеше қытай тарихшыларының б.з.б. II ғасырдағы Чжан Цянның батысқа саяхаты уақытынан бастап есептеп, Ұлы Жібек жолына 2100 жыл толғандығы жөнінде пікір айтқанын және Ұлы Жібек жолы Қытайдан басталады дейтін пікірдің де өмір сүріп отырғанын жаза келе бұл жол қашан, қайда басталды, әрі ол үнемі жібектік» деп аталды ма? – деген сұрақтарға жауапты тарихи фактылерден іздейік дейді.

Біздіңше Г.М. Исхаков бұл жердегі сөздері арқылы Ұлы Жібек жолы атауына да, оның басталған жері мен уақытына да күмәнмен қарайтын сияқты. Оны баяндамасының мазмұнынан да байқаймыз. Ол: сауда жолдары ежелгі уақыттарда да өмір сүрді және олар Қытаймен ешбір байланыста болмады, – деп мәлімдейді. Оның мысалы ретінде б.з.б. I мыңжылдықта ахеменидтік Ираннан Шығыс Түркістан арқылы Алтайға, Минусин қазаншұңқырына

баратын Оңтүстік Сібір мен Алдыңғы Азияны байланыстырған жол болды, дейді және ол ойын Пазырық қорғанынан табылған заттар арқылы дәлелдеуге ұмтылады. Б.з. б. II ғасырда сюннулер Орталық Азияның кең аймағын жаулап алды, бұдан соң Орта Азия мен Таяу Шығыстың сауда байланысы кеңейді де Шығыс Түркістан мен Солтүстік Монғолия арасындағы жол әрекет ете бастады дейді де, ол жолға «ұйғыр жолы» деген ат ойлап табады. Біздіңше ондай жолдың, яғни Орталық Азия мен Сібір, Монғолия арасын байланыстыратын жолдың болғаны туралы бұған дейінгі зерттеушілер де жазған. Бірақ олар «ұйғыр жолы» деген атауды айтқан емес еді. Ал Г.М. Исхаков солай атағанына және ол атауды бірнеше рет айтқанына қарамастан ешқандай дерекке сілтеу жасамайды. Сол себепті де біз бұл атауды оның өзі ойлап тапқан, яғни шындыққа сай келмейтін атау деп есептейміз. Ол сондай-ақ «күс жол», «кұлан жолы», «мың жол» деген жолдар болғанын атап кетеді. «Жібек жолы» атауын К. Рихтгофен 1877 жылғы «Қытай» атты еңбегінде айтты, содан бері ол жалпы аталып келеді, -дейді. Ханьдықтар б.з.б. II ғасырда Ганьсу коридорын, одан соң Шығыс Түркістанды игеруі Орталық Азиядағы жолдар жүйесін өзгертті, дей келе оны екі тармақ бойынша жүрді деп есептейді. Жалпы автор өзінің қазақстандық болғанына қарамастан, бұл екі жолды да және басқа да жолдарды тек Шығыс Түркістан арқылы Орта Азияға, одан ары Батысқа кететін жолдар ретінде сипаттайды. Оның жазуы бойынша қазіргі қазақ даласынан Ұлы Жібек жолы өтпеген сияқты сезіледі. Сондықтан Г.М. Исхаковтың көзқарастары ғана емес, кейбір тұжырымдары да ғылыми негізсіз, тіпті сын көтермейтін дәрежеде болып шыққан.

Конференциядағы келесі бір маңызды баяндама М.К. Әбусейтованың кең көлемдегі ортағасырлардағы Сеид Али Раистың «Мират ал-Мамалик», Рузбиханның «Михман наме-и-Бухара» Хафиз Таныштың «Шараф-наме и шахи», Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-асрар», «Акбарнаме», «Раузат ар-ризван» және тағы басқа да араб, парсы тілдеріндегі шығыстық деректерге сүйене отырып жасаған баяндамасы болды. Автор Ұлы Жібек жолының ХҮІ ғ. екінші жартысынан бастап жаңаша серпін алғанын, ХҮІ – ХҮІІ ғасырлардағы жазба деректердің Қазақстан аумағы арқылы Қытай, Индия, Орта Азия жерлерін байланыстырып жатқан сауда жолының болғанын, ол арқылы діндарлар, әскери топтар да өткенінен мәлімет беретінін айтады. Оның есептеуі бойынша сауда Астрахан мен Маңғыстау арасында Каспий теңізі арқылы теңіз жолымен және Каспий жағалауы, Бұқара, Хиуа арқылы құрылықтағы жолмен жасалып отырған. Зерттеуші қазақтардың Орта Азия елдерімен байланысы мәселесіне баса назар аударған. Ол сондай-ақ, ортағасырлық жазбаша деректерді зерттеу, ғылыми айналымға қосу мәселесінің әлі де көп ізденісті қажет ететіндігін, бұл бағытта жұмыстардың қажет екендігін жазады. Автордың бұл ойы қолдауға тұрарлық. Қазақстан тарихының ежелгі және ортағасырлық кезеңдерінің көптеген мәселелері тарихи деректерді ғылыми айналымға қосуды және сол негізде тереңірек зерттеуді қажет етіп отырғаны рас. Біз осы ғылыми жұмысымызда сол ардың бір мәселесінің зерттелу дәрежесі мен алдағы міндеттерін айқындауды ғана қолға алдық. Ал алда зерттелуі қажет мәселелер қаншама?

Сол 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қаз МҰУ-да «Түркі өрениеті»: тарихы, бүгінгі жағдайы және болашағы» атты халықаралық конференция өтті. Онда К. Қожахметов жасаған баяндамада б.з.б. II-I мыңжылдықтарда –ақ Қазақстан мен Орта Азия халықтары мен көрші елдер арасында сауда қатынастарының болғандығы, ал Ұлы Жібек жолының екі тармағы- Солтүстік және Оңтүстік бағыттары болғандығы көрсетіле келе: «Казахстан во все времена функционирования Великого Шелкового пути являлся его центральным звеном. Тюркские племена в незапамятные времена освоили степные просторы огромного евразийского региона, на востоке доходя до Желтого и Охотского морей, на западе – до Карпатских и Балканских гор. Их государства, как малые, так и великие, оставили последующим поколениям немало окультуренных пространств и духовного наследия, которые составили основу общетюркской и часть общечеловеческой цивилизации», деп тұжырымдайды [93, 40-41 б.]. Біз автордың бұл көзқарасын шындық деп есептейміз.

2001 жылы Байпақов К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. бірігіп жазған Ұлы Жібек жолындағы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ертеортағасырлық архитектурасы туралы жазған көлемді еңбек жарық көрді [7, 238 б.]. Бұл қазақстандық тарихнамадағы археологиялық архитектураға арналған, сызбалары, жобалары, аэрофото және реконструкциялық суреттері берілген, археолог, архитектор және тарихшы бірлесіп жазған ең көлемді алғашқы еңбек. Еңбектің бірінші тарауы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның архитектуралық ескерткіштерінің зерттелуі туралы мәселені Ш. Уәлихановтың 1854 жылғы Ыстық көлге сапарындағы жазбаларынан бастап, 150 жылдық тарихы бар деп көрсетеді. Сол кезеңнен бергі қазақ жеріндегі архитектуралық ескерткіштер туралы әртүрлі дәрежедегі еңбектерге қысқаша талдау жасап өтеді. Екінші тарауда аймақтың тарихи-географиялық сипаттамасы, Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы туралы және қалалар мен қалашықтардың археологиялық зерттеулер барысындағы айқындалған белгілері мен ерекшеліктері жөнінде жазылған. Үшінші тарау тұрғын үй архитектурасына арналған. Онда археологиялық қазбалар барысында зерттелген сарайлар, байлар мен қарапайым тұрғындардың үйлері арнайы қарастырылған. Төртінші тарауда діни орындар, храмдар, шіркеулер және жерлеу орындарының құрылысы жөніндегі мәселелер баяндалады. Ал соңғы, бесінші тарауда құрылыс материалдары, конструкциялар мен архитектуралық сәндеу жөнінде жүргізілген зерттеу нәтижелері жазылған. Біздің тақырыбымызға тікелей қатыстысы екінші тараудың «Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы» деп аталған екінші тақырыпшасы. Оның авторы К.М. Байпақов Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын, даму кезеңдерін, өзгеру бағыттарын қысқаша баяндай келе, VІІ – XІV ғасырларда онымен елшілердің саудалық керуендері жүріп отырғанын атап өтеді. Бұл тақырыпшадағы мәселелер негізінен бұған дейінгі еңбектерінде баяндалған, тек Отырар өңірінен табылған монеталар, Қойлықтың саудадағы орны жөніндегі мәселелер жаңа мәліметтермен толықтырылған.

2001 жылы Қазақ-Иран тарихи байланыстарына арналған семинар болып өтті. Оның материалдарының арасында, соңынан Қаз МУ хабаршысының тарих сериясында У.Х. Шалекеновтың Ұлы Жібек жолының дамуына ирандықтардың қосқан үлесі туралы мәселеге арналған мақалалары жарық көрді [94, 47-54 б.]. Бұл мақаласында У. Шалекенов оның мақсаты туралы: «Ұлы Жібек жолының тарихи дамуына иран тілдес соғдылардың қосқан тамаша үлестеріне қысқаша тоқталмақшымыз. Өйткені, Ұлы Жібек жолының Византиядан Иран арқылы Орта Азияның батысынан шығысына дейін созылып жатқан ең ұзақ бөлігі», - деп көрсетеді. Соғдылықтардың көне тарихына шолу жасай келе, автор: «Соғды мемлекетін мекендеген тұрғындар – ертеден Орталық Азияның этникалық құрамалар мен аралас құралас жайлаған тайпалар және халықтар. Негізінен олар үндіевропалық парсы және түрік тілдерінде сөйлеген. Соғдылық көпестер ерте заманнан бері өздерінің үстін басып өтетін халықаралық Жібек сауда жолын өздерінің қолдарына ұстап, көрші елдерге, сондай-ақ, түріктерге сауда бойынша үлкен әсерін тигізген және сауданы халықаралық көлемде жүргізген», деп есептейді. Зерттеуші Ұлы Жібек жолының халықаралық сауда жүйесі дәрежесіне көтерілуімен соғдылық саудагерлердің Талас, Шу және Жетісу аймағындағы қалаларға таралып, сауданың дамуына өзіндік үлес қосып отырғанын айта отырып: «Бірақ, соғдылардың саны Қазақстан жерінде көп болмағанға ұқсайды», - деп атап көрсетеді. Автордың бұл тұжырымы кейбір зерттеушілердің соғдылықтардың Ұлы Жібек жолының дамуындағы рөлін, оның бойындағы қалаларды негіздегенін баса көрсетуге ұмтылысын қолдамайтындығын байқататын сияқты. Біздің бұл ойымызды автордың келесі бір көзқарасы айқындай түседі: «Біздіңше, Қазақстан жеріндегі көне заманда салынған, көп санды ескерткіштер – осы жерді мекен еткен ата-бабамыздың маңдай терімен, саналы еңбегімен тұрғызылған мұралар. Ортағасырлық шаһарларда, әсіресе, Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларда соғдылар тұрған болса, олар сол шаһарлардың бір бөліктерінде қоныстанған, ал негізгі тұрғындар түріктер болған, соғдылар түріктерге қарағанда сан жағынан аз болып түріктің тілін, әдет-ғұрпын М. Қашқаридің кезінде-ақ, Баласағұнды мекендеуші соғдылар «түріктердің киімін және әдет-ғұрпын қабылдағанын» айтқан [95].

2002 жылы «Қазақ тарихы» журналында С. Байтленнің «Ұлы Жібек жолындағы қала» атты Тараздың 2000 жылдығына арналған мақаласы жарияланды [96]. Онда Ұлы Жібек жолының маңызы Қазақстан, соның ішінде әсіресе Талас бойымен, Тараз арқылы өтетін бағыттары жөніндегі мәселелерге көбірек назар аударылған.

2004 жылы Ақтөбе қаласында Ж. Ғизатовтың Сарайшық қаласына арналған еңбегі жарық көрді [97]. Кітаптың көлемді бөлігі «Ұлы Жібек жолы – дүниежүзілік өркениет жолы» деп аталған тараудан тұрады. Автор 1990 жылы Үрімшіде өткен халықаралық симпозиумда көпшіліктің Ұлы Жібек жолының бастауы б.з.б. 138 жылы Чжан Цянның Орта Азия мен Ауғанстан аймағына барып қайтқан уақытынан бастау алады десе, С. Руденко, Лубо-Лесниченко, К. Байпақов оның алғашқы тармақтарының өте ерте кездерден – б.з.б. III –II мыңжылдықтардағы «Дала жолы», «Сақ жолы», «Көктас жолы», «Нефрит

жолы», «Бұлғын жолы» деп аталған керуен жолдарынан басталатынын айтатынына тоқталады.

Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы, әсіресе мәдени қарым-қатынастардағы орны туралы мәселелерге ерекше назар аударады. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының тарихына арнайы көңіл бөлінген. Бұл мәселелер «Қазақстан тарихының» төрт томдығының 1996 жылғы бірінші томындағы және К. Байпақов пен А. Нұржановтың еңбегіндегі мәліметтерге негізделі баяндалған. Ұлы Жібек жолының II – V ғасырлардағы Қытайдан шыққаннан кейінгі үш бағыты, VI ғ. Түрік қағанатының қамқорлығына өтуі, VII – XIV ғасырларда басты бағытының Оңтүстік Қазақстан арқылы өтіп отырғандығы, ол кездегі бағыттары сипатталады. Кітапта әсіресе, Ұлы Жібек жолының Сарайшық арқылы өтетін бағытына баса көңіл бөлінген. Оның ойынша, Сыр бойына жеткен керуен XIII – XIV ғасырларда Аралдың солтүстігімен батысқа қарай жол тартып, Солтүстік Каспий өңірі, Сарайшық арқылы Алтынорданың астанасы Сарай қаласынан Каффа қаласына бағыт ұстап, аттанады. Автор Сарайшық арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының тармағының XIII ғасырда қайта жандануының басты екі себебін көрсетеді. Біріншісіне моңғол жаулап алуы барысында Дешті Қыпшақ пен Мауреннахр аумағының бір саяси кеңістікке еніп, тұрақтылықтың қалыптасуы және соның барысында сауданың дамуын жатқызса, екіншісін Алтын Орданың астаналарының Еділ өзенінің төменгі ағысы бойында болуы, Еуропа мен Византия саудагерлері мен елшілерінің Бату мен Берке сарайлары және Сарайшық арқылы өтуін тиімді етуінде деп санайды. Мұның барлығы Сарайшықтың жедел өркендеуіне ықпал еткендігі туралы автордың тұжырымымен келісуге болады, бірақ оның өзге бекеттермен салыстырғанда, мұнда түсім екі есе артық түсіп отырғандығы туралы қорытындысы сенімсіздеу. Ол туралы дәлелдемелері де әлсіздеу болып шыққан.

2004 жылы «Зерде» журналында жарияланған З. Искакованың «Ұлы Жібек жолы - өркениет жолы» атты мақаласы жібектің «тафта», камшат жібек» камқа, парша, атлас, ақсамит атауларының түркі сөздері екендігі туралы қызықты пікірлері арқылы ерекшеленеді [98, 18-19 б.].

Қазақстанда 2005 жылы жарық көрген келесі бір көлемді де, қызықты еңбектің авторы М. Хошимов [60, 284 б.]. Іс жүзінде бұл Ұлы Жібек жолының Орта Азиялық бағыттарын зерттеуге арналған қазақстандық алғашқы көлемді еңбек. Автор кіріспеде өркениеттердің пайда болуымен, олардың даму дәрежесіне қарай байланыстары орнады. Ол байланыстар керуен жолдары арқылы жасалып отырды және онда тауардың белгілі бір түрінің басымдық алуымен байланысты «Лазурит», «нефрит», «алтын», «күміс», «янтарь», «камшат» деген сияқты аттары да болды. Кейбір жолдарды ірі мемлекеттер бақылап, қамтамасыз етіп отырды. Мұндай жолдар «хан жолы», «эмир жолы», немесе «елші жолы» деген атқа да ие болды. Осындай жолдардың ішіндегі ең ірісі Орталық Азия арқылы Қытай, Индия, Жерорта теңізі мен Еуропаны байланыстырып отырған неміс ғалымы Фердинанд Паул Вильгельм 1977 жылы «Қытай» атты еңбегінде «Ұлы Жібек жолы» деп атаған жол болды, - дейді. Бұл жерде біз «Ұлы Жібек жолы» атын берді деп отырған неміс ғалымының және

оның еңбегінің шыққан уақытының жоғарыда айтқан Г.М. Исхаковтың атаған авторы мен уақытына сай келмейтінін байқаймыз. Ол «Жібек жолы» атауын К. Рихтгофен 1877 жылғы «Қытай» атты еңбегінде пайдаланып, содан бері ғылыми айналымға қосылғанын жазған еді. Біз аттары бірдей кітаптың басылымын көрсетуде қателік кетті деп санаған күнде авторларының аты-жөндері мүлде бөлек екенін байқаймыз. Өкініштісі біз сөз етіп отырған екі зерттеуші де өз еңбектерінде «Ұлы Жібек жолы» атауын алғаш айтты дегендердің еңбектеріне сілтеу бермеген. Ал бұл жерде екі авторы туралы сөз болып отыр деп есептеген жағдайда, әрине бұрынырақтағысы, бір ғасыр бұрын айтылған атау бірінші айтылуы және оның ғылыми айналымға ену уақыты мойындалуы қажет деп санаймыз.

М. Хошимов Ұлы Жібек жолының әрекет ете бастауы б.з.д. 2 ғасырда дипломат және барлаушы Чжан Цянның қытайлар үшін Орта Азияны ашуымен басталды дей келе, С. Кляшторный мен В. Ливщицтың [99, 7-9 б.]. еңбегіне сүйене отырып кейінгі кездердегі зерттеулердің бұл жолды Тураннан Қытайға Соғды тұрғындары ашса, батыстан А. Македондық (Ескендір Зұлқарнайы) пен Селевкидтердің шапқыншылығы барысында Тұранға дейін эллиндер мен македондықтар ашты, сөйтіп екі жақтан келетін жолдар қосылып, ол Ұлы Жібек жолы ретінде өмір сүре бастады дейді. Орталық Азия халықтарының Қытайға баратын жоды Чжан Цяннан бұрын –ақ білгенін Г.М. Исхаковта жазады. Бұл жерде біздің бір мәселеге тоқтала кеткіміз келеді. С. Кляшторный мен В. Ливщиц айтқан А. Македондық пен селевкидтерден екі ғасыр бұрын сақтар жеріне ахеменидтер, алдымен Кир, одан соң Дарий I шапқыншылықтар жасап, олардың бір бөлегінен алым-салық алып отырғаны белгілі. Демек, парсылар Орталық Азияға келетін, ал сақтар ахеменидтер астанасы болған Персепольға, Екбатанға, яғни Қосөзен бойына бара алған. Ал Персепольға батыстан Жерорта теңізіне баратын «Патша жолы» келіп жататыны да белгілі. Ендеше сақтардың ахеменидтер тұсында-ақ Парсы жері арқылы Жерорта теңізіне шығу мүмкіндігі болған. Ал А. Македондық және оның артынан ергендер Орта Азияға сол ахеменидтер кезінен сақталған жол арқылы жеткен. Ахеменидтер кезінде қазіргі қазақ даласынан өтіп Оңтүстік Сібірге дейін жететін жол болған. Оны Пазырық және Аржан қорғандарынан табылған ахеменидтік өнер туындылары сақталған заттай ескерткіштер дәлелдеп отыр. Сонықтан С. Кляшторный мен В. Ливщицтің пікірін еуроцентристік бағыттың ықпалындағы, кате, біржақты ой ретінде санаймыз. М. Хошимовтың бұған көңіл аудармағаны да оның тарихи терең біліміне күмән келтіруімізге негіз болады деп көрсетеміз.

Еңбектің бірінші тарауы «Антикалық керуен жолдары» деп аталады. Онда автор Орталық Азиядағы ежелгі керуен жолдарын жасағандар өмір салты жылдам, әрі жеңіл болуға үйреткен көшпелілер болды деп тұжырымдайды. Біздіңше бұл шындықты бейнелейді. Оның жекелеген зерттеушілердің, соның ішінде Т.Ш. Шириновтың [99, 40-45 б.] еңбектеріне сілтеу жасай отырып қола дәуірінде-ақ мал бағушы және отырықшы-егінші тайпалар арасындағы айырбас саудасы Орта Азияның солтүстік және оңтүстік аудандары арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз еткендігі, оған Маргиана мен Бактриядан, Хорезмнен

табылған андроновтық ыдыстар дәлел болатындығын айтады. Заман баба мен Гуджейліден табылған лазуритті сәндік бұйымдардың да Орта Азияның солтүстігі мен оңтүстігі арасында сауда жолының болғандығын, ол жолдың Бадахшанды, Бактрия мен Маргиананы ежелгі Хорезммен, Согдымен, Орталық Қазақстанмен және Оралмен байланыстырып тұрды деп есептейді. Б.з.б. III мыңжылдықта Бадахшаннан оңтүстік-батысқа қарай лазурит алып жүретін жол Мундичак, Шахри Сохта қоныстарынан Хилменж өзеніне, одан ары Дашти Лут даласының оңтүстігімен ежелгі Месопатамияның Ур, Урук, Киш, Лагаш және басқа қалаларына барған жолдың болғанын жазады. Үшінші бір жол Орта Азияны үнділіктердің өркениет ошақтары Хараппа мен Маханджодаромен байланыстырғаны жөніндегі Т.Ш. Шириновтың тұжырымын қолдайтынын білдіреді. Оның есептеуі бойынша б.з.б. III – II мыңжылдықтарда үнді тауарлары батысқа екі құрылықтық жолмен жеткізілетін болған. Солтүстік-батысы Хараппадан шығып Болан асуы арқылы асып, Кокча, Мургоб Герируд (Теджен) өзендері бойымен, оңтүстік Орта Азия мен Иранның солтүстік-батысына келсе, батыс жол Белуджистан, Мундичак, Шахри Сохта арқылы Дашти Лут жазығының оңтүстігімен Месопатамия қалаларына барған. Зерттеуші б.з.б. II мыңжылдықта сауда жолы Месопатамиядан Иран арқылы оңтүстік Түркменстанға, Ферғанаға дейін жетіп отырған. Ал екінші бір жол Ферғанадан батысқа Қазақстандық далалар бойынша Орал мен Еділ бойына, үшінші бір жол Ферғанадан шығысқа Давань арқылы Синыцзян, Солтүстік Қытайға барған деп санайды. А.С. Сагадуллаевтың б.з.б. I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы археологиялық география ескерткіштерін зерттеу барысында Туран аумағында болған жолдардың бес бағытын көрсеткенін айта отырып оларға қысқаша сипаттама береді [99, 8-17 б.]. М. Хошимов ең ежелгі жолдардың қалыптасуы туралы мәселеде төмендегідей тұжырым жасаған: «Таким образом, можно отметить, что к эпохе энолита восходит начало интенсивного освоения земледельцами новых районов Средней Азии. В эпоху бронзы эти пути служили не только целям расселения земледельцев и скотоводов – расширения их ареалов обитания, но все чаще для экономических и культурных связей. В раннем железном веке сформировались районные и межобластные пути транзитного сообщения, торговли и обмена. Они использовались в завоевательских походах Ахеменидов и армии Александра Македонского» [60, 13 б.]. Оның бұл тұжырымдары қолдауға тұрарлық деп ойлаймыз. Тек қазақстандық тарихнамада бұл мәселелердің, дәлірек айтқанда энолит, қола дәуірлеріндегі ғана емес ерте темір дәуіріндегі де қазіргі қазақ жеріндегі жолдар туралы зерттеулердің жоқтығы болашақ зерттеушілерді ойландыруы қажет деп есептейміз. Ежелгі дәуірдің белгілі жолдары туралы екінші тараушасында мәселені «лазурит жолын» баяндаумен бастайды. Аспан түстес көгілдір тасты Бадахшандағы қазба орнынан Бактрия арқылы Иранға, Түркменияға және Алдыңғы Азияға апаратын жолдың осылай аталғанын, оның Қытайда қымбат бағалысылық ретінде қабылданып, көптеген елдерде қасиетті заттар жасауда және зергерлік бұйымдар үшін пайдаланылғанын Э. Ртвеладзенің еңбегіне сүйене отырып жазады [100, 14 б.]. Қытайға лазурит Шаш, Қотан арқылы жеткізілді. Иран, Месопатамия, Египет, Алдыңғы Азия

жерлерінен табылған ең ежелгі лазуриттік заттар б.з.б. 4-3 мыңжылдықтарға тән екендігін айтады. Оның дәлелі ретінде ассирия патшасына жазылған хаттан үзінді келтіреді.

Дунхуаннан шығып Хотан арқылы Вахан аңғарымен Памирді айналып өтетін жолды «нефрит жолы» деп атағандарын, нефриттің де ежелгі Қытайда жоғары бағаланғанын көрсетеді.

«Алтын жол» атты жол бойынша сақтардың әйгілі алтыны тасылды, ол Бактрияны Соғды мен Хорезм қалалары арқылы байланыстырды дейді. Біздіңше негізгі мекені қазіргі қазақ жері болған сақтардың бұл «алтын жолы» тарихын зерттеу қазақстандық тарихшылардың үлесіндегі дүние. Өйткені байқап отырғанымыздай өзбек зерттеушілерінің «алтын жолды» толық сипаттауды өз міндеті санамайтыны байқалады. Олар мұны қазақстандықтардың үлесіндегі нәрсе деп ойлайтын болса керек. Онысы дұрыс та. Қазақстандық таихнамада зерттелмеген келесі бір жол «Күміс жолы». М. Хошимов бұл жолды Туанның Болғар патшалығымен сауда жолы ретінде сипаттайды. Алғаш ол жол Бағдат пен Ираннан Кавказ бен Хазар қағандығы арқылы Болғар патшалығына жетіп отырса, X ғ. басында Бағдат халифы мен Хазар қағаны арасындағы келіспеушілік жолдың Туранға ауысуына әкелді. Сөйтіп, Бұқараға жеткен керуен Амудария, Хорезм, Үргеніш, Ембі арқылы жүріп, Еділдің сол жағалауымен Болғар патшалығына жетті. Ол бойынша Туаннан Шығыс Еуропаға ең алдымен күміс дирхемдер, сонымен бірге күріш, жүзім, кептірілген жемістер, маталар тасылса, Болғар патшалығынан тері, былғары, мал, бал, құлдар сатып алынып отырды. Автор Туран жерінде Исмаилдық күміс дирхемдердің көп кездеспейтінін, ал керісінше Шығыс Еуропа мен Балтық жағалауында олардың бірнеше қоймасының табылғанын айта отырып, яғни олар әлемдік ақша қызметін атқарған деген қорытынды жасайды.

Қазақстандық тарихшылар назар аударуы қажет келесі бір жол – «Астық жолы». Ежелгі Еуропаны да басып өткен бұл жол туралы б.з.б. V ғасырда Геродоттың астықты жөнелтетін басты қала Ольвия екендігі, оған астықтың өздері үшін ғана емес, сату үшін де өсіретін сақтар, скифтер, каллипидтер, алазандар және «егіншілер» мекендейтін Днепр мен Буг арасынан келіп жататынын көрсеткенін жазады.

«Камшат жолы» туралы да қазақстандық тарихшылар арнайы зерттеу жүргізбеген. Жетісудан шығытын бұл жол оңтүстік Сібір мен Солтүстік Монғолияға баратын болған. М. Хошимов көрсеткендей ол одан ары Онон, Шилка, Амур немесе Керулен, Далай-нор көлі, Аргун, Амур арқылы Амур бойы мен Приморьеңің ең шеткі аудандарына дейін жеткен. Соғды саудагерлері тіпті қазіргі Илан ауданында Мунданыцзян мен Сунгари өзендері маңында Угочен атты қала салған. Еңбекте «Камшат жолы», «Патша жолы», «Әмір жолы», «Елшілер жолы», «император жолы» сияқты негізінен жергілікті сипат алған жолдар туралы да қысқаша мәліметтер келтіре отырып: «Но ни одному из этих путей древности и средневековья не было суждено сыграть такую громадную роль в исторических судьбах народов Европы и Азии, какую сыграла в истории человеческой цивилизации в целом трансконтинентальная

магистраль, котроая в течении более полутора тысяча лет, с конца II в. до н.э. до начала XVI в. связывала (столица Ханской империи как в древности называли Китай-Ноян и Чанань-Сиань) Китай через Центральную Азию и Иран с городами и странами восточного средиземноморья – римскими, а впоследствии Византийскими владениями и тем самым с европой, грандиозной, небывалой по своей протяженности магистрали, вошедший в историческую литературу последнего столетия под общим названием «Великий Шелковый путь», - деген қорытынды жасайды [60, 22 б.].

Кітаптың келесі тараушасы «Туран халықтары Ұлы Жібек жолын негіздеушілер» деп аталған. Автор Ұлы Жібек жолы бойынан екі халықтың ізі айқын байқалады дей отырып, оларды соғдылықтар мен түріктер деп көрсеткен. Алдымен соғдылықтардың Туранның Қытаймен байланыстағы орнына кең түрде тоқталады. Соғдылықтар тіпті б.з.б. 4-3 ғасырларда өздеріне қола дәуірінен, тіпті одан да ертеректе белгілі болған Орта Азияның батысын қосып жатқан керуен жолдар арқылы Шығыс Түркістанға қоныстана бастады. Олар тіпті қазіргі Гуньсу провинциясында болған Дуньхуан қаласына дейін жетіп, сонда тұрақты түрде мекендеді. Ал грек-македондық шапқыншылық соғдылықтардың Қытайға қоныстануын ұлғайта түсті. Б.з.б. III ғасырда циндік астана Счньянға дейін жетті. Зерттеуші осы мәселелерді баяндай отырып, Қытай Тұран үшін II ғасырдан, яғни Чжан Цзянның қытайлықтарға Орта Азияны ашуынан әлдеқайда бұрын, Соғдианадан Қытайға баратын ежелгі жолдар бойынша, ашылды, - деп тұжырымдайды. V-VI ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойының көп бөлігі соғдылықтардың қолында болды. Тек VII ғасырда араб халифатының құрылуымен басымдық араб саудагерлеріне өтті, -деген тұжырым да жасалады. Соғдыда (Самарханд пен Бұқарада) және Ферғанада жасалған жібектер Ұлы Жібек жолымен тарала отырып, Қытаймен бәсекеге түсті, кейіннен ол саудадан ығыстырыла бастады, - деген де ой айтады. Біздіңше бұл әлі де дәлелдей түсуді қажет ететін сияқты. Өйткені автордың дәлелдемелері жеткіліксіздеу.

М. Хошимов Ұлы Жібек жолының дамуына үлес қосқандардың ішінде ең еңбегі сіңген Тұран халықтарының бірі түрік халықтары деп есептейді. Бұл тұжырымын қытайлық императорлардың сүйіктісі болған, тіпті жырлар арнап, ескерткіштер тұрғызған сәйгүліктерді алуға ұмтылысымен де дәлелдейді. VI ғасырда Ұлы Жібек жолы айналасындағы саяси картаны басып қалған жаңа мемлекет, Түрік қағандығының құрылуы және оның Қытайға жорық жасап, жібекпен алым-салық төлеп отыруға көндіруі, түріктердің тілі мен мәдениетінің шетелдіктерге, ең алдымен қытайлар мен оның билеушілеріне үлгі тұтатын, мақтаныш ететін дүниесіне айналуына алып келді. Сөйтіп Ұлы Жібек жолы өнер мен мәдениеттің таралу жолына айнала түсті. Жібек саудасының да маңызы артты. Жібек тіпті саудада ғана емес әскери істер мен халықаралық қатынастарда да үлкен орын алып отырды. Мәселен, Еуропада елдері арасында жалдамалы әскер және әскерге қажетті заттар үшін жібекпен төлем төлеп отырды. Сасандар әулеті билеген Иран Византияның күшейіп кетуіне жол бермеу үшін оған жібек өткізбеуге тырысты. Тіпті Ұлы Түрік қағанының жіберген екі елшілігіне де шешімді жауап бермей, ашық түрде болмаса да

жібекпен сауда жасауға келісім бермейтінін байқатты. Ал Византияның парсыларды айналып өтіп Үндістаннан жібек алуға ұмтылысы тиімсіздеу болды. Түріктердің Қытайдан алым-салық ретінде алып отырған жібектерін тиімді бағаға өткізуі қажет еді. Сондықтан, жібекті Византияға жеткізіп отыратын бұрынғыдан ұзақ әрі қиын жол – Каспийдің солтүстік жағалауымен Қавказ арқылы Константинопольге баратын жол таңдап алынды. Түрік қағаны мен Византия императоры бір-біріне елшілер жіберіп, әскери-саяси одақ құрды. Олардың бұл келісіндегі басты мәселе жібекпен сауда болды. Зерттеуші бұл мәселелерді деректер бойынша айқындай отырып жазған.

Автор басқа зерттеушілерде көп айтыла бермейтін Ұлы Жібек жолының қамтамасыз етілуі, ондағы жағдай, қызмет түрлері жөніндегі мәселеге біршама тоқталып өткен. «Но самое главное, тюркские народы смогли создать на Великом Шелковом пути почтовую службу и обслуживающий сервис, на протяжении всей трассы», - деген қорытынды жасайды және оны Р. Насыровтың мақаласындағы Кураш ибн Жапардың «Китаб-ал-харадж» атты 945 жылы жазылған еңбегінен дәлелді дерек келтіре отырып анықтаған [59, 14-17 б.]. Түріктер сол дәуірдің өзінде Ұлы Жібек жолы бойындағы әртүрлі елдермен байданысқан арнайы ұйымдастыруды қажет ететін, бір елден екінші елге жеткізіп отыратын, мыңдаған жыл бойы әдеттегі керуеннен бес есе жылдам және тұрақты почта қызметінің жүйесін құрды. Бұл ғана емес, әсіресе Әмір Темір мен оның ұрпақтарының кезінде Ұлы Жібек жолын абаттандыруға көп көңіл бөлініп, орасан зор қаржы жұмсалып, жолдағы қызметтің бүтіндей кешені жасалды. Сауда керуендері ғана емес, саяхатшылар, саудагерлер, елшілер Әмір Темір империясының даңқына сай қызмет көрсетіп, олардың қауіпсіздігін және жақсы жағдайын қамтамасыз етті. Осының барлығын баяндай келе: «Весь этот сложный и взаимосвязанный дорожно-торговый комплекс обслуживали тысячи и тысячи людей. Они обеспечивали проводку караванов через знойные и безводные пустыни, через горы по опасным тропам, их охрану и даже вели спасательные работы при стихийных бедствиях. На их долю приходились и другие заботы: ремонт дорог, мостов, заготовка дров и фуража, воды.

Но самая великая заслуга тюрков в том, что они создали вокруг Шелкового пути и его окрестностях Великих тюркских держав поддерживающих процветание этой международной трассы» [60, 37 б.] - деп Ұлы Жібек жолының дамуында түріктердің орасан зор жұмыс жасағанын ерекше шабытпен жазады.

Автордың келесі бір ерекшеленген мәселесі Тұрандағы керуен жолдары мен олардың тармақтары туралы болды. Тұран мемлекеттері алғашында Батыс Қытайдан Батыс Еуропаға қытай тауарларын жеткізуде делдалдық қызмет атқарды. Кейін уақыт өте келе күшейген олар өз тауарларын әлемнің барлық түкпіріне жеткізе бастады, - дей отыра, Ұлы Жібек жолының тармақтары оңтүстік пен солтүстікке таралып, Тұран халықаралық ұлы рыноктардың біріне айналғанын жазады. Оның бұл жердегі Тұранның жер шарының төрт түкпіріне тауарларын жеткізгендері, олардың түрлері туралы ойлары К.М. Байпақовтың жазғандарымен сәйкес келеді.

Ал Ұлы Жібек жолының Тұрандағы тарихын автор өте ерте кезден, неолит, тіпті палеолит дәуірінен басталған деп есептейді. Ол тұжырымын болашақ Самарқандтың орталығынан табылған жоғарғы палеолиттік адамтар тұрағынан табылған Үнді теңізінің түбіне тән теңіз қауашағының табылуы сол уақыттардың өзінде Тұран мен Индия арасында байланыс болғанын дәлелдейтін ескерткіш ретінде бағалай отырып, айқындайды. Алдымен парсылық, содан соң гректік жазба деректерге тоқтала келе, Орта Азияның сауда байланыстарындағы байланыс жолдарының, соғыс жолдарының Ұлы Жібек жолының қалыптасуына ықпалына мән береді. Қытай жазбалары негізінде Қытайдан Батыс өлке елдеріне негізінен оңтүстік және солтүстік деп аталған екі жолдың бағытталғандығын нақты тораптары бойынша сипаттаған. Оңтүстік жол – Юй -Мынь-гуаньнан шығып Шань-шань арқылы, Лобнор көлін айнала өтіп, Оңтүстік тауларының (Кунь-лунь қыраты) солтүстігімен Қашқардағы Жаркентке, одан Ваханға барып, екіге бөлініп, біреуі – Бактрия мен Парфияға, ал екіншісі Үндістанға баратын болды.

Екінші солтүстік жол – батыс Цинь билеушісі иелігінен шығып, Қашқарға, одан Ферғана мен Қаңлылар еліне, одан ары Арал бойына жеткен. Бұл бағыттарды автор Бичуриннің еңбегінен үзінділер келтіре отырып дәлелдейді.

«Мавреннахр, Дешті-Қыпшақ және мәдениеттің өзара баюы» атты бөлімде Ұлы Жібек жолы бойымен діни бағыттардың таралуы мәселесі сөз етіледі. Буддизмнің Индиядан Орта Азия, ал христиандықтың Иран, Арабия мен Сирия арқылы таралғанын атап көрсеткен. Будда дінінің таралуында парфиялықтар мен қаңлылардың рөлін ерекше атайды. Жалпы бұл діндердің таралуы туралы айтқанда олардың Орта Азияға емес, Қазақстанға енуіне баса көңіл аударған. Мәселен, буддизмнің Испиджабтағы, христиандықтың Навакеттегі, Тараздағы ескерткіштері туралы археологиялық және жазбаша деректерге сүйене отырып жазады. Манихейлік туралы жазғанда да оның Жетісуда, Таразда орын алғанына тоқталады. Зороастризмнің де Оңтүстік Қазақстанға таралуын баяндайды. Исламның да Орта Азиядан гөрі қазақ жеріне енуі кең сипатталған. Біздіңше бұл жағдай ең алдымен, тарихи еңбектерде Орта Азия елдеріне қарағанда Қазақстандық зерттеулерде аталған мәселенің, яғни діндердің таралу тарихының жақсырақ зерттелуінде болса керек.

Еңбектің қорытындысында керуен жолдарының пайда болуын өркениеттердің қалыптасуымен байланыстыра түсіндіре келе, олардың маңызы бойынша бөлінгендігін былайша сипаттайды: «Существовали дороги межгосударственного и государственного значения, контролируемые межгосударственными органами, централизованной властью, государственными институтами, где государством даны гарантии за сохранность караван и за обеспечение его службами обеспечения (вода, питание, фураж, пункты отдыха, охрана). Таких дорог существовало несколько: «хан йули», «амир йулы», «элчи йули» и т.д. Самым крупным из них был «Великий Шелковый путь», по преобладающему товару провозимая через эту межконтинентальную трассу... Для обслуживания этой дороги в Туране сооружались колодцы, сардобы, сторожевые посты (караултепе), почтовые станции («ямы») с запаными людьми, укрепленные рабады, караван

сараи и гостиницы («лянгары»). Наводились плавучие переправы («гусары») и строились крепкие мосты и акведуки. Необходимость подготовки больших торговых караванов заставляло изучать будущие маршруты, появились своеобразные дорожные атласы – итенеры и дорожники» [60, 254 б.]. Біз бұл еңбекте автордың керуен жолдарының ұйымдастырылуы, абаттандырылуы, керуеншілер үшін барлық жағдайдың жасалып отырғандығы туралы мәселені жиі көтеріп отыратынын баса айтқымыз келеді. Өйткені басқа зерттеушілер керуен жолдарының бағыты, ондағы қалалар туралы айтқанымен, дәл осы мәселелерге көп назар аударма бермейді. Еңбектің құнды жақтарының бірі осында деп ойлаймыз.

Біздің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Ұлы Жібек жолы бойымен туризмді дамыту және экономикалық, әрі мәдени байланыс жолдарын қалпына келтіру мен жасау туралы мәселелердің көлемінде де көптеген шаралар ұйымдастырылып, олар жөнінде мақалалардың жарық көргеніне де назар аударма кетуді дұрыс деп есептейміз. Олар тарихшылардың ғана емес, экономистердің, саясат пен мәдениет қайраткерлерінің еңбектері болғандығына қарамастан Ұлы Жібек жолының өткені мен бүгініне және болашағына байланысты маңызды көзқарастарды білдіреді. Біз бұл мақалаларды төрт топқа бөле отырып қарастыруды жөн деп таптық.

Біріншісі Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруының бастауында тұрған және оны қайта өркендету жұмыстарына көп еңбек сіңіріп жүрген еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаевтың ойлары мен оның бұл саладағы іс-әрекеттері жөніндегі еңбектерден құралады. Тәуелсіздік тұсындағы осындай мақалалардың бірі 1994 жылы Қазақстан президенті баспасөз қызметінің консультанты Ш. Изтелеуұлының жазуымен жарық көрді [101]. Онда Анкарада шығатын «Ипек иолу» атты мәдени-экономикалық журналда «Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті» атты мақала жарияланғаны айтылады. Осы басылымдағы 1998 жылы шыққан хабарламада Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ конгресінде сол кездері талқыланып жатқан «Жібек жолы» стратегиясы туралы» атты заң жобасының авторы, АҚШ сенаторы Сэм Браунбекті қабылдағандығы туралы жазылған [102]. Онда С. Браунбектің елбасына «Жібек жолы» стратегиясы туралы» заң жобасының мазмұны жөнінде түсінік бергендігі, оны президентіміздің жоғары бағалағандығы жөнінде жазады. Жалпы бұл қабылдау ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлы Жібек жолына қатысты мәселелерді халықаралық көлемде өз назарында ұстап отырғандығын, яғни оған үлкен мән беретіндігін дәлелдей түседі деп есептейміз. Бұл ойымыз Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ –ның аясында теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ, дамудағы мемлекеттердің көлік министрліктерінің конференциясын Алматы қаласында өткізуге бастамашылық жасай отырып, оның ашылуында сөйлеген сөзі де нақтылай түседі. Онда Қазақстанның Евразия елдерінің ішінде транзиттік-көліктік мүмкіндігінің зор екендігін атап көрсете отырып: «Наша страна сотрудничает с ООН по программам АЛТИД (развитие наземной транспортной инфраструктуры в Азии) и СПЕКА (Специальная программа ООН для экономик ЦА), развивается региональный проект ПРООН «Развитие региона Шелкового пути», - деп еліміздің

халықаралық ұйымдардың Ұлы Жібек жолы бойындағы көлік қатынастары жобаларына ат салысып келе жатқанын және оны дамытуға мүдделі екендігін нақтылай түскен еді [103].

Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруына «Жібек жолы – Қазақстан» Ұлттық компаниясы мен оның президенті А. Құлыбаев көп еңбек атқарып келеді [104]. Оның мақалаларында «Жібек жолы – Қазақстан» Ұлттық компаниясының құрылу тарихы, оның елімізде туризмді дамыту мақсатында атқарған іс-шаралары кең түрде баяндалады [105]. Бұл компанияның атқарған жұмысы мен алдағы жоспарлары туралы мәселелер А. Құлыбаевпен И. Новиковтың [106] және С. Байтлесованың [107] сұқпаттарында да айтылады. Мерзімді басылымдарда сондай-ақ Е. Никитинскийдің [108], Н. Вержбицкаяның [109], А. Есалидің [110] мақалалары жарияланып, оларда да «Жібек жолы – Қазақстан» компаниясының еліміздің ғана емес халықаралық ауқымда жүргізіп жатқан жұмыстары қысқаша баяндалған. Бұл айтылғандар жоғарыда көрсетілгендердің екінші тобын құрайды.

Ал үшінші топ Ұлы Жібек жолы бойымен жүргізілуге тиісті жолдарды қалпына келтіру және жасау мәселелеріне арналған мақалалардан тұрады. Олардың алғашқыларының бірі 1992 жылғы Қазақстан Республикасының көлік министрі Н. Есенғаринмен болған сұқпат [111]. Келесі бірі С. Пірімбетовтың мақаласы [112]. Бұл екеуінде де Қазақстан, Орта Азия арқылы Азияның оңтүстігі мен оңтүстік-батысындағы елдер арқылы жолдар салу мәселелері қысқаша баяндалады. Қазақстан мен Өзбекстанның аумағынан өтетін автокөлік жолдарының халықаралық байланыстағы орны туралы мәселелер А. Шермұхамедов, В. Топалиди, Г. Хамраев бірлесіп жазған мақалаға арқау болған [113]. Е. Гурианың мақаласында Қытайдан Қазақстан мен Ресей арқылы Еуропаға өтетін темір жол туралы баяндалады [114]. Бұл топтағы мақалалардың ішінде Г. Бекмағамбетованың еңбегі көлемі, ғылыми бағыты бойынша ерекшеленеді [115]. Зерттеуші онда нақты деректерге сүйене отырып Қазақстан мен Орта Азиядағы халықаралық көлік дәліздері жөнінде баяндайды. Алдымен ТРАСЕКА бағдарламасы бойынша Қазақстаннан өтетін Достық-Ақтоғай – Алматы – Арыс – Қандыағаш – Мақат – Бейнеу – Ақтау теміржол бағытына тоқталады. Қытайдағы Ляньюнган теңіздік айлағынан Достық арқылы Еуропаға және Ресейге өтетін теміржол бағыттарының маңызын біршама кеңірек сипаттайды. Бұдан соң Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан арқылы өтетін халықаралық, субаймақтық және аймақаралық автомагистралдар, олардың бағыттары нақты көрсетіле отырып баяндалады.

Бір назар аударарлығы кейінгі жылдарда Ұлы Жібек жолының рухани және мәдени дамудағы орны және оны жаңғырту мәселелері жөнінде арнайы мақалалар жарық көре бастады. Міне оларды біз төртінші топқа топтастырғанды дұрыс деп есептедік. Ұлы Жібек жолының мәдени дәстүрлердің жаңғыруы туралы мәселе М. Әуезовтың мақаласында сөз болады [116]. А. Артемьев Қазақстандағы ислам мен христиандықтың таралу тарихы мен өзара ықпалын Ұлы Жібек жолымен де байланыстыра сипаттайды [117].

Ұлы Жібек жолы бойымен мәліметтердің таралғандығы, оның бойындағы елдерге бүгін де ақпараттар ағынының өтіп жатқандығы туралы мәселе М. Әуезовтың екінші бір мақаласында айтылады [118].

2004 жылы қазан айының 20-24 жұлдыздары аралығында Түркістан қаласында 1-Халықаралық түркі дүниесі туризм құрылтайы болып өтті. Оның мақалалар жинағында М. Хошимовтың Ұлы Жібек жолындағы діни-исламдық рухани ескерткіштер [119], Б. Тұяқбаева мен И. Проскуринаның Жібек жолы бойында урбанизация үрдісі мен туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне арналған [119, 104-108 б.] баяндамалары жарияланды. 2007 жылы «Ұлы Жібек жолындағы Керуен сарай» мегажобасының аясында Шымкент қаласында «Кітап және Ұлы Жібек жолы» атты халықаралық конференциясы өтті. Онда Б.А. Байтанаевтың баяндамасында Ұлы Жібек жолы бойындағы Оңтүстік Қазақстанның ежелгі қалалар туралы жазбаша деректерге шолу жасалған [58, 24 б.].

Қорыта айтқанда, Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды кеңестік дәуірге дейінгі зерттеушілерден біршама еңбектер бізге келіп жетті. Олардың көптеген ескерткіштерге берген сипаттамалары күні бүгінге дейін өз мәнін, мағынасын жойған жоқ. Өйткені ол ескерткіштердің көбі уақыт өте келе жойылды, бүлінді немесе қирады. Сондықтан, сол кезеңдегі зерттеушілерден қалған мәліметтер олармен танысудың жалғыз деректік көзі болып табылады. Сонымен қатар Орта Азия тарихын көтеруге деген құлшыныстың жоғары дәрежеде болмағандығын, қазба жұмыстарына арнайы қаржы бөлінбегендігін атап өтуіміз қажет. Сол себепті де бұл кезеңдегі еңбектер көбінесе үстірт сипаттау, тарихи ескерткіштердің сыртқы бейнесі мен жағдайына шолу жасау көлемінде қала берді. Ғылыми тұрғыдағы көлемді еңбектер өте аз болды.

Ал кеңестік кезеңде Ұлы Жібек жолының, әсіресе оның бойындағы қалалардың тарихы алдыңғы уақытпен салыстырғанда әлдеқайда тереңірек зерттелді. Ғалымдар Жібек жолы қалаларында өмір сүрген халықтардың антропологиялық, этникалық белгілерін анықтау мәселелерін де зерттеген. Кеңестік тарихшы-зерттеушілер жазба деректер және кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер негізінде Ұлы Жібек жолы бойы қалаларының әлемдік өркениеттегі рөлін көрсете білді. Халықаралық керуен жолының тек сауда қатынастарын жандандырғанын ғана емес көршілес елдердің өзара шаруашылық, мәдени байланыстарын өрістеткендігі ғалымдар еңбектерінен көрініс тапқан. Бірақ XX ғасырдың 80-жылдарына дейін кеңестік тоталитарлық жүйенің әртүрлі объективті және субъективті себептері ықпалымен зерттеушілер Ұлы Жібек жолы тарихы мәселелеріне көп көңіл бөле алмады. Бұл Ұлы Жібек жолы тарихының арнайы, кешенді түрде зерттелуін кешеуілдетті.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының зерттелу ауқымы кеңейе түсті. Бірнеше халықаралық конференциялар, семинарлар өткізіліп, әртүрлі келісім шарттар жасалды. Оларда Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту, туризмді дамыту, оның тарихын, туризм орталықтары мен инфрақұрылымдарын жасау мәселелерін тереңдете және жан-жақты зерттеу мақсаттары қойылды. Соның барысында

жазылған жаңа тарихи ой негізіндегі еңбектерде Ұлы Жібек жолының ерте және ортағасырлық Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени және саяси дамуындағы орны, оның даму кезеңдері туралы тың тұжырымдар жасалды.

Бүгінгі таңда Ұлы Жібек жолы бойымен бүкіл қазақ жерін басып өте отырып бірнеше мемлекеттерді байланыстырып отыратын халықаралық мұнай, газ құбырларының, автокөлік жолдарының салынуы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының әлі де көптеген мәселелерін зерттеуді, зерделеуді қажет ете түседі деп ойлаймыз. Мәселен, Ұлы Жібек жолының қалыптасуында үлкен рөл атқарған, ежелгі «лазурит жолы», «нефрит жолы», «дала жолы», «астық жолы» сияқты жолдардың тарихын зерттеу, Ұлы Жібек жолының тармақтары туралы мәселені зерттеуге көмек береді деп есептейміз. Ұлы Жібек жолы тармақтары қалаларының өткені және олардың маңызы зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы және оның тармақтарындағы қалаларды терең зерттеуде шығыс тілдеріндегі жазба деректер ғылыми айналымға кеңінен тартылуы тиіс. Мұнымен қатар, оларда кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілгенде ғана ол тармақтар мен олардағы қалалардың тарихи дамуы туралы кешенді зерттеулер жасап, көлемді еңбектер жазып, шынайы да, салмақты пікір айтуға болады.

2 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАР ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

2.1 Ұлы Жібек жолының Жетісу аумағындағы қалалары туралы зерттеулер

Профессор К.М. Байпаков кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы археологиялық зерттеулерде археологияны ұнатушылардың Түркістандық үйірмесінің өлкетанушылық бағыты онан әрі жалғаса түскенін атап көрсетті [2, 12 б.]. А.Н. Бернштам Орта Азия археологиясының қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі (1917 – 1920 ж. соңы 30-жылдың басы) дамуын қорытындылай келе былай деп жазды: «Это был в общем послереволюционный «Бартольдский период» лишь в конце 20-х и в начале 30-х годов начинаются с более совершенной методикой и не в Мавераннахре, но и за его пределами». Сонымен, Орта Азия мен Қазақстан, Талас, Шу, Жетісу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің зерттелу тарихындағы айтылып жүрген «кеңестік кезеңнің бірінші сатысы» (1917-1935) шын мәнінде 1893 жылдан басталған Орта Азия Қазақстан археологиясының «бартольдтық кезеңнің» жалғасы болды. К. Байпаков Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу, Іле өңірлеріндегі ортағасырлық қала мәдениетінің зерттелуін ХVІ ғасырдан бастап кеңестік кезеңге дейін 2 кезеңге (ХVІ ғ – 1870 ж; 1870-1970 ж.ж), ал кеңестік кезеңді төртке (1917-1935 ж.ж; 1936-1945 ж.ж; 1946-1959 ж.ж; 1960 ж бергі уақыт) деп жіктейді [2, 14 б.]. Ал біздің тарауымыз Кеңестік кезеңнің тарихнамасына байланысты болғандықтан, біз оны жеке - жеке кезеңдермен қарастырмай, 1917 жылдан тәуелсіздікке дейінгі кезең деп алдық.

ХХ ғасырдың алғашқы 20 жылында Жетісу өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен елді мекендерін зерттеуде саябырлық байқалды, бұл кезде жекелеген ескерткіштерге қатысты, не кездейсоқ табылған археологиялық заттарға байланысты қысқа хабарлар ғана шығып тұрды.

1921 ж. бастап ескерткіштерді есепке алумен және оларда шағын көлемдегі зерттеу жұмыстарын жүргізумен туркомстарис (Түркістандық мұражай ісі, көне ескерткіштерді, сәулет өнері ескерткіштерін және табиғатты қорғау комитеті) ал кейіннен Среднеазкомстарсис айналыса бастады.

1924 ж Городецкий Бурана, Ақбешім қалаларында, ал 1925 жылы А.Э. Шмидпен бірге Шудың жоғарғы ағысының, Ыстық көлдің батыс жағалауының тарихи топографиясын анықтау мақсатымен зерттеу жүргізді, соның нәтижесінде Бурананың шаруашылық аймағын қоршаған қамал қалдығы бары анықталды, ортағасырлық қаланың алып жатқан көлемі қалаларды зерттеудің бағыттарын саралау және ортағасырлық Баласағұн қаласының тарихи орнын анықтау үшін қосымша деректер жинау мақсатымен экспедиция Фрунзе - Тоқмақ аралығында барлау жүргізді. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Үлкен Ақбешім, кіші Ақбешім, Бурана, Қызыл қала қалаларының тарихи топографиялық құрылымы нақтыланып, Ақбешім, Бурана және Қызыл қала қалалары аты жазба деректерде кездесетін Баласағұн, Кирмитау және Сарыг қалаларымен баламаланды.

Экспедиция 1938-1941 ж.ж. Шу өңірінде 21 ортағасырлық қалаларда зерттеу жүргізді. (бұл қалалар Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан), олардың 12-сі әдебиеттерде белгілі қалалар ал 9-ы жаңадан ашылған қалалар. Экспедиция тек 11 қаланың жобасын жариялады.

1933 жылдан бастап Жетісу өңірінде Шу алқабындағы ортағасырлық қалалар мен елді - мекендерді зерттеумен айналысқан А.Н. Бернштам 1941 жылы шығарған «Памятники старины Таласской долины» атты зерттеуінде Талас өңірлеріндегі ежелгі б.д.д. III және IV ғасырлардан бастап XIII ғ. дейінгі аралықты қамтиды. Зерттеу VII - тараудан тұрады, негізінен еңбекте мынандай мәселелер қарастырылған: біріншіден автор қалаға қысқаша сипаттама беріп, өзіне дейінгі В.В. Бартольд, В. Каллаур сияқты авторларға тоқталады; 2-шіден Талас өңіріндегі ежелгі үйсін және қаңлы тайпаларының ролін; 3-шіден Соғдылардың жетісу жеріне келуі және Тараз қаласының құрылуын; 4-шіден VI-VIII ғасырлардағы Тараз тарихына; 5-шіден Тараз қаласына исламның келуі мен қаланың ұлғайуы және Қарахан мемлекетінің құрылуы; 6-дан; Тараз қаласының XI-XII ғасырлардағы гүлденуін; 7-шіден; Монғол шапқыншылығымен қаланың күйреуін көрсетеді.

А.Н. Бернштам: б.з I ғасырының өзінде Жетісу және Талас өңірінің Орта Азияның орталығынан тегі Ирандық Соғды тайпалары келді. Қолөнер, сауда, балық аулау дамыған соғдылықтар өздерінің өнерлерін басқа елдерде дамыту үшін Шығысқа қарай жылжыды дейді. Тараз қаласының құрылуы - V ғасыр деп, қаланың құрылуына қатты әсер еткен Соғдылықтар деп көрсетеді. Соғды отарлауы бүкіл Жетісуді алып Есік көлге дейін созылып, Тянь - Шань арқылы Шығыс Түркістанға жетіп, Қытай қорғанына барып бірақ тоқталған делінеді. «Ұлы Жібек жолы» Қытайдан көрі Соғдылықтар көп пайдаланды дейді. Самарқандтан Лобнора және Дунь - Хуанға дейін соғды мәдениеті созылған. Шығыс Түркістанға Грюнвелддің, Лекока, Штейн, Ольденбург және тағы басқалары жасаған көптеген экспедициялар б.д. I ғ. Шығыс Түркістандағы олардың ролін көрсетті. Штейннің қазба кезіндегі жинаған, оны кейіннен Рейхельт аударған материалдары соғдылардың осы аймақтағы ролінің жоғары болғандығын көрсетеді. Жетісудағы соғдылардың ролі мен мағынасынның төмендеу болуының үш себебі бар деп көрсетеді.

1-шіден: Әлі де болса археологиялық ескерткіштер аз зерттелді.

2-шіден: Бұл жерде соғдылар тез ассимиляцияға ұшырады, ал Шығыс Түркістанға олар жайлып кете алған жоқ.

3-шіден: Бұл Жетісу жері туралы б.з. I ғ. жазылған деректерге сүйенуге тура келеді. Соғдылардың өз жерінде мәдениетке байланысты деректер өте аз, шамамен 20 км болатынын көрсетті және Бурананы Невакентпен ал Ақбешімді Пенджикентпен баламалады [3, 102 б.].

1925 жылы Бұрана мұнарасын өнертанушы профессор П.Б. Деникс және М.М. Логинов зерттеді. Зерттеудің нәтижесінде алынған жаңа деректерге сүйене отырып, П.Б. Деникс Бурана мұнарасы XII ғ. салынғанын анықтады. 1927 жылдары П.П. Иванов Шу өңіріне зерттеу жүргізіп Ключевское, Қызыл қала, Қысымшы, Шөміш 1, Шөміш 2 қалалары туралы жаңа деректер жариялады.

1929 ж. Шу өңірінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендерін А.И. Тереножкин зерттеді. Ол Шудың сол жағасында Қарабалта қаласынан Боом шатқалына дейінгі аралықта барлау жүргізіп 16 ортағасырлық ескерткіштерді есепке алды, бірақ ескерткішке алынған ескерткіштердің жобасы түсірілмеген, суреттеп жазылмаған. А.И. Тереножкин Шу өңіріндегі қалалар мен бекіністердің дені VIII ғ. пайда болғанын айта келіп былай деп жазады: «в полне возможно, что именно в эту эпоху выросла основная масса укреплений, развалины, - «которых покрывают долину р. Чу в настоящее время» [3, 104 б.].

1933 ж. бастап Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді зерттеумен А.Н. Бернштам айналыса бастады. Шу, Талас өңірлері және Қаратаудың ортағасырлық қалаларын зерттеудің жаңа кезеңі А.Н. Бернштамның атымен байланысты болды. 1936 ж. СССР Ғылым Академиясының Н.Я. Марр атындағы заттай мәдениет тарихы институты (Ленинград), Ғылым Академиясының Қазақстандық бөлімі (филиалы) Қырғыз ССР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті бірлесіп құрған Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі – А.Н. Бернштам) 1936, 1938 жж. Талас өңірі мен Қаратаудың солтүстік беткейінде ал 1938 – 1941 жж. Шу өңірінде кең көлемді археологиялық зерттеулер жүргізді. Талас өңірі мен Қаратаудың солтүстік беткейінде жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Талас өзенінің жоғарғы ағысы, Тараз қаласының төңірегі, Таластың төменгі ағысы, Асса өзені мен Биліккөлдің жағасы және Талас -Шу өзендері аралығы зерттеліп ондаған ортағасырлық қалалар мен елді-мекендер ашылды, сонымен қатар бұрыннан белгілі қалалар қайта зерттелді. Ортағасырлық Ақтөбе, Жаманқорған, Шалдабар, Садырқорған, Қостөбе, Шөлтөбе, Түймекент, Ақыртас, Құлан қалаларында әртүрлі көлемде қазба жұмыстары жүргізіліп, олардың өмір сүру уақытын анықтайтын заттай деректер алынды.

1938 жылы ежелгі Тараз қаласының әртүрлі бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізіліп, тұрғын үй кешендері, әр түрлі құрылыс қалдықтары, қамал, қақпа, су құбырлары және монша ашылды. Қала шахристанның оңтүстік - шығыс бұрышында жүргізген стратиграфиялық қазбадан алынған деректерге байланысты Тараз қаласының V-XV ғғ. кезінде өмір сүргені анықталды [3, 10 б.].

Жетісу археологиялық экспедициясы 1938-1941 жж. Шу өңірінде зерттеулер жүргізді. 1938 ж. Шу - Талас өңірлеріндегі ортағасырлық қалалардың ерекшеліктерін (ұқсастықтарын) анықтау, Шу өңіріндегі тек Кеңестік кезеңдегі зерттеулер ғана бұл жөнінде көптеген материалдар берді деп тұжырымдайды.

А.Н. Бернштам: Соғдылықтардың Жетісуда Испиджабтан Баласағұнға дейінгі аймақта бар болғандығы туралы XI ғ. авторы М. Қашқаридың еңбектерімен растайды. 1074 жылы жазылған еңбекте ол «А те, которые имеют два языка и смешались с населением городов, это Сугдак, Кенджак и Аргу», - ары қарай «Баласағұн тұрғындары да соғды, түрік тілінде сөйлейді. Тараз және Ақ қаланың (Мединат - ал- Бейда) қалалардың да халқы екі тілде сөйлейді. Жоғарыдағы М. Қашқари сөздерін келтіре келе Бартольд өздерінің елдерінде

соғдылар парсы тілін қабылдады, М. Қашқаридың сөзі бойынша Баласағұн тағы басқа қалаларда екі тілде сөйлесе, XI ғ. II жартысында Жетісу соғдылары денационализациялық (ұлт ерекшелігін жою) соңғы кезеңін басынан кешіріп жатты, халықтың арасында соғдыша сөйлейтіндер болды.

Бұл Талас бойындағы тұрғындардың ұлттық құрылымы туралы айтылған беріректегі хабарлар дей келе А.Н. Бернштам «Жетісу жеріне келген соғдылар алғашқы ғасырда келе сала, бірден ассимиляцияға ұшырады деп айтуы қиын» – дейді.

1938 жылы КФАН и ИИМК археологиялық экспедицияның нәтижесінде Талас өңірінен ежелгі Тараз қаласының мұсылман кезеңіне дейінгі V қабатын тапты. Бұл жер қаланың солтүстік - шығыс бұрышынан 4 метр төмендікте құмды қабаты ежелгі соғды мәдениетіне жатады. Осы жерден Діни салт – дәстүрге табынуға арналған заттар табылды. Заттар табылған жерлерде ұзақ уақыт елдердің болуы және құрлысқа құм, топырақ тастардың алынуы бергі ғасырдағы төменгі қабатқа түсіп, ал ежелгі заттар жоғарыға шыққан.

V-ші топырақ қабатынан табылған заттардың ішінде: балшықтан жасалған ат мүсіні ертоқымы мен әбзелдері, аттың жүгендері, анық көрсетілген, екі қолмен ұсталған жарты шар, өте үлкен емес балшықтан жасалған сұйық зат құятын сырты қолмен ұстаған ізі бар ыдыс, сары - қызыл жылтыр үш жақты соғды жазуымен жазылған; кішкене флаг секілді соудок (мустахара, сұйық зат құятын), бір жағы жалпақ, басқа жағы шар тәрізді, тізбектелген оюлармен қапталған; күйдірілген балшықтан жасалған адамның бетінің формасы, монета және басқа заттар табылды [1, 19 б.].

VII ғасырдың (630 ж) Жетісу өңірімен Қытай саяхатшысы Сюань - Цзянь Тараз қаласын Да-Ло-Се деп атады, ол Суяб қаласынан батысқа қарай ондаған жекеленген бір-біріне бағынбайтын қала басшылары биледі, бірақ олардың үстінен түріктер қарады дейді. Осы мемлекеттің барлығын Сюань -Цзянь Сули мемлекеті деп атайды (қытай тілінен аударғанда Соғд, соғдылықтар). Сюань-Цзянь мемлекетте 32 таңбадан тұратын жоғарыдан төменге қарай жазылатын жазба пайдаланады дейді. Бұл әрине соғды алфавиті, ол кейіннен түріктерге ұйғыр алфавиті атымен белгілі. Бұған дәлел 1938 жылы қазба кезінде табылған үш жағына сириялық жазумен жазылған су құятын ыдыс және түргеш монеталарындағы жазбалардың осы әріптермен жазылуы дейді [3, 35 б.].

Тараз қаласы жөнінде жазылған зерттеулердің бірі Т.Н. Сенигованың «Средневековая Тараз» атты еңбегі [4, 3 б.]. Еңбек негізінен толығымен Тараз қаласының пайда болуымен құлауына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл еңбекте Тараз қаласының қолөнер сауда, қоғамдық қатынастары, X-XII ғасырларда гүлденуі және XIII-XVIII ғасырлар құлдырауы келтіріледі.

Еңбекте автор 1958, 1961, 1965 жылдардағы археологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған материалдар, тағы Л.И. Ремпеля 1950 жылғы зерттеуі және Е.И. Агеевтың II-VI шахристандағы 1961 және 1962 ж.ж. қазған кездегі мәліметтерді пайдаланған. Автор көбіне Бернштамның зерттеулеріне сүйене отырып жазады. Сенигованың зертеу еңбегін жазу барысында кездескен қиындықтары:

1-ден: Жиналған коллекциялардың әр қалаларда сақталуы (С-Петербург, Тараз, Алматы) және жазылған жазбалардың жоғалуы;

2-ден: Материалдардың бытыраңқылығы, құрылыс жүргізілген уақытта табылып, белгілі бір мәдени қабатпен ұштасып жатпауы; 3-ден: Тараз қаласының түгел қирап қалуы оның топографиясын жасауды қиындатты [4, 18 б.].

А.Н. Бернштамның айтуы бойынша: Осы аймақта зерттеу жұмыстары жалғаса беретін болса, адамзаттың бұл жерде өмір сүруі б.з.д. II ғасырдан ары жатыр дейді. Сенигова бұл жөнінде соңғы кездердегі Қаратау жоталарындағы жүргізілген зерттеулер нәтижелері дәлелдей түсті дейді. Ежелгі адамдардың үңгірлері мен тұрақтарының ашылуы осы аймақта палеолит кезеңінен бастап адамдар мекендеді делінеді. Бұны автор Х.А. Алпысбаевтың «Находки памятников каменного века в хребте Каратау» атты еңбегін пайдалана отырып келтіреді.

Тараз қаласының төменгі қабатынан табылған шақпақ тас қырғыштар, әдемі істелінген неклеустер бұл аймақта неолит дәуірі де болған деп айтуға болады. Солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс Талас аймақтарында табылған өңделмеген жерлеу бөлмесінде бай жеке адамның мүлкіне жататын нәрселер (кең орақтар, әртүрлі омырауға тағатын әшекей бұйымдар, білезіктер) және солтүстік батыс аңғарынан кездейсоқ табылған қола бүгілмелі формадағы пышақ осы аймақта Жетісу жерінде қола дәуірінің болғанын дәлелдейді.

Тараз - қаласының қала ретінде пайда болуын Т.Н. Сенигова А.Н. Бернштам пікірін қолдап, VI ғ. Талас өңіріне соғдылардың келуімен байланыстырады.

Автор Тараз қаласының бұрын бес қабаты болған болса, олар төменгі VI – VII ғ.ғ. жатады, жоғарығы қабаты XIII-XV ғ.ғ. қамтиды, енді зерттеулер барысында тоғыз қабаты белгілі болып отыр, оныншы қабатының материалдары жиналды, бұл Тараз қаласының отырықшы мәдениеті б.з. I ғ. мен XVIII ғ. аралығын қамтиды деп өз тұжырымын келтіреді. Бес мәдени қабат туралы айтқан Бернштам пікірін қолдамағанымен, толығымен теріске шығармайды, тек сол уақытта жаңадан басталған экспедиция бұл мәдени қабаттарға жете қоймаған дейді.

VI ғасырдың 60 жылдары тарих сахнасына шыққан Түрік қағатына экономикалық, саяси қатынас орнату үшін және Жібек жолы бойына бақылау орнатуға ұмтылған Византия, Персия, Индия, Қытай Талас қаласына тартыла бастады. Осыған байланысты 568 ж. грек деректерінде Тараз қаласы туралы айтылады.

Тараз жазба деректер бойынша кең тараған Талас немесе яны Талас деп аталатын, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тұрып жатқан тайпалар мен халықтырдың мәдени қабаттарына 2000 жылдық тарихы бар қала. Ерте орта ғасырдан бастап бүкіл қолөнердің және сауданың дамуы болды. Талас -Батыс Түрік қағанатының құрамына кіргенде тек Талас өңірінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл Жетісу жерінің орталығы болды. Бұған дәлел Түргеш қағанның атымен аталған көптеген монеталардың табылуы және деректерде айтылғандай қалада әр елдің саудагерлері сауда жасайды, ал қала қабырғаларынан парсы,

араб тіліндегі сөздер естіледі. Тараз қаласындағы соғды аристократтарының көп болуы туралы факті, қаланың саяси жағынан осы облыстың орталығы болғанын дәлелдейді.

731 жылы Күлтегіннің басына қойылған тасқа жазылған жазуларда, Күлтегін өлген кезде Талас өңірінен де әскери аристократтар да келген, қайғылы тасқа жазылған жолдар Тараз маңын мекендеген сол уақытта Батыс Түрік қағанатына қараған халықтар туралы болуы да мүмкін дейді. «Сен бірде түрік халқы алға жүрдің (шығысқа қарай), сен барған мемлекеттен қандай жақсылық таптың? Сенің қаның сол жерлерде су болып ақты, ал сенің сүйектерің тау болып үйіліп жатты». Бұл Талас өңірінің мекендеген тайпалар мен халықтардың Батыс Түрік қағанатының құрамында болғанда парсыларды, шығысында арабтарды талқандауда ерекше роль атқарғанын көрсетеді (С.Д. Асфендияров. История Казахстана с древнейших времен 1935 г).

1219 жылы моңғолдар жаулап алғаннан кейін Тараз Шағатай ұлысына кірді. 1269 жылы Талас өзенінің жағасындағы Құрылтайдан кейін Тараз қаласы мен оның төңірегі Ислам Кайдуға беріледі. 1307 жылы Шағатайлықтар Кайдудың мемлекетін талқандап «Алтын Орданы» жоғалтты.

1434 жылы Жетісу жеріндегі билік Шағатайлық Есен - Бұғаның қолына көшеді. Есен - Бұға билік еткен тұста солтүстік шығыс Таласта (Шу өзені) 200 мыңдай Керей және Жәнібек бастаған қазақтар тұрды. 1440 жылы Ұлықбек тұсында Талас өңірі тағы да талқандалды.

XVI ғасырдың 20 жылдары Мұхаммед - Хайдар Талас өңірі туралы мынандай мәлімет келтіреді: «Яны - бұл Моғолстанда атақты жер; Маураннахрда Яныдан көптеген халықтар тұрады; оларды барлығы Янылың деп атайды. Яны тұрған аймақта, бірнеше қалалардың іздері байқалады; ол жерлерде монастырь, медресе, т.б орындар бар; бірақ нақты қай қаланы Яны деп атаған, ал қалған қалаларды қалай атады». Янги - бұл Тараздың моңғолша аты болу керек деп В.В. Бартольд өз тұжырымын айтады [33, 495 б.]. «Яны» деген сөз жаңа деген мағына береді. Сондықтан, көне қала жанынан жаңа қаланың көтерілуі де ғажап емес.

П.Н. Кожемяко «Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины» атты 1959 ж. шыққан еңбегінде Шу бойындағы қалалар жөнінде өзіне дейінгі авторлар: В.В. Бартольд, М.М. Массон, П.П. Иванов, А.И. Тереножкин, А.Н. Бернштам зерттеу еңбектеріне сүйенді, сонымен қатар өзінің Шу өңірінің қалаларына жасаған 1954 жылғы экспедициясының мәліметтеріне сүйенеді. Автор көбіне Қырғызстан жеріндегі қалаларға тоқталады. Шу өңіріндегі қалалардың ішінен автор Ақтөбе қонысын зерттеп, оған Степнин деген ат берген. Степнин деген Ақтөбенің батыс түстігіндегі, Қырғызстанға қарайтын орыс селосының аты. Бұл қонысы өте үлкен ортағасырлық қаланың орны екенін, ол бекініспен қоршалғанын автор нақты көрсеткен [120].

Археологиялық схемалық жобасын Ақтөбе қаласын қоршаған бекініске (орға) айрықша көңіл бөліп, оның жобасын қағазға түсірген жалпы ордың тереңдігі 3-3,5 м; оның табаның ені -18-20 м. Орды қоршаған су жүйелерінің ені 8-10 м; тереңдігі 0,6-0,8 м екенін баяндаған.

П.Н. Кожемяко Ақтөбеге жалпы шолу жасап, оның көлеміне, қоршаған бекініске көңіл бөлген. Қаланы барлау үшін қоршаған орды 3 жерден қазған. Мысалы, ішкі қоршаудың үстіңгі ені 4,4 м; тереңдігі - 2,5 м. Шамасы жерде қазба жұмысын жүргізіп, бұзылмай тұрған кезінде бекіністің тереңдігі 5-6 м. болуы мүмкін деген деген пікір айтқан [120, 116 б.]. Бұл бекініс (орлар) бірнеше қабаттан тұратынын көрсеткен. Бірақ археолог Ақтөбедегі бекіністерді толық көрсете алмаса да, қаланың үлкен екенін, оның бекіністері айтарлықтай мықты екеніне айрықша көңіл бөлген.

Ол Ақтөбенің ең үстінен 4.19 м шұңқыр қазып, оны тереңдеткен. Қазғанда табылған археологиялық заттарға негізделіп, Ақтөбе IX-XII ғасырлардың қаласы деген тұжырымға келген [120, 117 б.]. Осы цитаделі мен шахристаны жоқ, Ақтөбе деп аталатын биік төбе феодалдардың мекені және әскери бекінісі болған болу керек деген пікірді айтқан [120, 118 б.]. Ғалымның пікірінше, барлық ортағасырлық қалалардың цитаделдері және шахристандары бір тектес болу керек деген түсінік болған сияқты.

1941 жылы Г.И. Пацевичтің Ақтөбе қонысы жеріндегі берілген алғашқы археологиялық деректерге қарағанда, П.Н. Кожемяко бұл қонысты жан -жақты барлап, тереңірек зерттеп оның өте үлкен, ортағасырлық қалалардың қалдығы екенін айтқан. Дегенмен, Ақтөбе қонысына ғылыми тұрғыдан мінездеме бере алмаған. Сондықтан да, Ақтөбе қонысы IX - XII ғасырлардың ескеркіші деген пікірі болғанымен, оның жасаған өмірін толық дәлелдеп бере алмаған.

Кожемякодан кейін Ақтөбе қонысын ешкім зертемей, сол күйінде қала берген. Тек 1974 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары қаза бастады. Бұл жөнінде тереңірек келесі тарауымызда тоқталамыз.

Б.з. I ғасырындағы отырықшы - егіншілік мәдениетінің ескеркіштері Луговой ауылына жақын орналасқан жерден ғана әзірше табылды. Қазба жұмыстары көрсеткендей малшаруашылығымен көп айналысқанын айтады, бірақ тұрғындар егіншілікпен де айналысты. Бұны осы аймақтан табылған астық қалдықтары мен қол диірмендері дәлелдей түседі. Бұл жерден құлаған қабырғалары батпақтан сыланып ағашпен қапталған жартылай отырықшылықты дәлелдейтін үй табылған. Біраз табылған балшықтан жасалған матамен қапталған үлгідегі су құятын ыдыс. Бұлар А.Н. Бернштам бойынша II-IV ғ.ғ. жатады.

Сонымен б.з. I ғасырында жергілікті тұрғындар егіншілікпен айналысты. Ары қарай отырықшы егіншілік шаруашылығының тез дамуына - Жетісу жеріне Шаш және Соғдылардың келуімен байланыстырады.

Сюань - Цзянь: Суябтан Ге - Шуан -наға дейінгі аралықтағы мемлекет Су - ли деп аталады, халықтар бір жазумен жазады және бір түрлі ғана киім киеді, автор С.А. Волиннің «Сведения арабских персидских и туркских источников», – деген еңбегіне сүйене отырып келтіреді.

XI ғ. Шу өңіріндегі соғдылардың орналасуы жөнінде нақты мәліметтер бар деп зерттеуші Махмуд Қашқаридың мынандай сөздерін келтіреді: «Сугдак - бұлар Баласағұнда орналасқан халықтар олар соғдыдан болып келеді, бірақ олар түріктердің мәдениетін, салт - дәстүрін және басқа ерекшеліктерін өз

бойына сіңірді» дейді. Соғдылардың Шу өңіріндегі халықтардың өміріндегі рөлі жоғары болғанын мынандай жазбалардан кейін, ерекше айғақ дәлелдер қажет етпейді деп өзінің ойын келтіреді [120, 168 б.].

Соғдылардың Жетісу жерлерін отарлауы туралы В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам еңбектерінде келтіреді. Егерде Бартольд тек жазба деректерге ғана сүйеніп айтса, ал Бернштам археологиялық материалдарға сүйене отырып, Жетісу жеріндегі Соғдылардың алғаш отарлауына байланысты сұрақтарына нақты жауап береді. Автор олар егін шаруашылығы мен қолөнер кәсібін Шу өңіріне алып келді және оның ары қарай дамуына әсер етті деген А.Н. Бернштамның пікіріне, Шу өңірінде жүгізілген осы уақыттағы материалдар VI-VIII ғғ. Соғдыдан, Шаштан шу аймағына қоныс аударып келген адам топтары болғанын айғақтайды. Бірақ стратиграфиялық қазбалар берген мәліметтер бойынша; осы жердегі отырықшы - егіншіліктің пайда болуы көшпелі мал шаруашылығының отырықшылыққа көшуімен байланысты, кедейленген малдарынан айырылған көшпелілер отырықшылыққа көшіп, жер игерушілер мен қолөнершілердің қатарын көбейтті дейді.

Шу өңірін зерттеуде Бартольдтың алар орны ерекше дей келе Кожемяко «Археолог емес Бартольд осы өңірдегі қираған қалалар туралы қысқаша мәліметтер келтіреді, қоныстардың нақты суреттеуі мен жоспары жасалмаған, археологиялық мәліметтер оны мүлдем қызықтырмаған» деп сын айтады.

Бартольдтың сіңірген ең үлкен еңбегі қалаларға байланысты жазба деректерді сөйлете білуі және қала қоныстарын зерттеуге назар аудартуы дейді [120, 185 б.].

1954-1955 ж.ж. П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі барлау жұмыстарын жасап 62 қала мен елді - мекендерді зерттеді, олардың 29-ы әдебиеттерде белгілі, ал 33-і жаңадан ашылған ескерткіштер. П.Н. Кожемяко барлық қалалар мен елді мекендердің жобасын түсіріп, 27 ескерткіште (56 қазба, 16 кесік) қазба жүргізді. П.Н. Кожемяко өзінің еңбегінде Шу өңірінің тарихи - географиясы, ортағасырлық қалалардың зерттелу тарихы көрсетіліп, керамикалық материалдарды үш хронологиялық топқа бөлген: VI-VIII ғ.ғ.; VIII-IX ғ.ғ.; X-XII ғ.ғ. П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі қалалар мен елді - мекендерді екі топқа бөлген, олар: ұзын қорғанды қалалар және шағын қоныстар, бекіністер. Шағын қоныстар мен бекіністер орналасқан жеріне қарай екіге бөлінеді: 1) ұзын қорғандар қалалардың аймағында, жазықта орналасқан; 2) Қырғыз Алатауының шатқалдарынан шыға берісте орналасқан қоныстар мен бекіністер [120, 125 б.]. Еңбекте Шу өңіріндегі қалалар мен елді мекендердің пайда болып, дамуы туралы жаңа көзқарас айтылған. Қоныстар мен елді мекендер үйсін дәуіріндегі қоныстардың негізінде қалыптасқан болса керек, не көшпелі - бақташылардың отырықшылыққа көшуі негізінде қалыптасып дамыған, ол туралы П.Н. Кожемяко былай дейді: «Однако наши стратиграфические раскопки дают материал, позволяющий считать, что процесс возникновения и развития здесь оседло - земледельческих поселений в значительной мере связан с переходом части кочевников - скотоводов к оседлому образу жизни» [120, 119 б.].

Көп авторлар Жетісудағы Соғдылардың рөлін Бернштамның пікірін қайталайды. Ал Байпаков «Средневековая города Казахстана на Великом

Шелковым пути» атты еңбегіндегі Тараз туралы бөлімінде Бернштам келтірілген мәліметтердің ешқайсы келтірілмейді. Үзінді келтірсек: 751 жылы Тараз және Оңтүстік - Батыс Жетісу аймағының бір бөлігін арабтар жаулап алды, бірақ 766 жылы қарлұқтар қолына көшті, ал IX ғасырда Саманидтерге бағынады делінеді [4, 84 б.].

1938-1941 ж.ж. Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың шаруашылығын, құрылыс техникасын, сәулет өнерін, қол өнерін сәулелендіретін аздаған деректер алған А.Н. Бернштам осы деректердің негізінде Шу өңірінде орта ғасырлық қалалардың пайда болуы, дамуы туралы «Соғдылық» үлгіні ұсынды.

Дегенмен, 1938-1941 ж.ж. жұмыстар кезінде Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың толық қамтылмағанын, зертеулердің тек кейбір қалаларда ғана жүргізілгенін, оларда жүргізілген қазбалардың көлемі шағын, ал қазбадан табылған археологиялық заттардың аз екендігін ескеретін болсақ А.Н. Бернштам ұсынған: «Соғдылық» үлгінің негізсіз, біржақты пікір болғанын айтқан дұрыс деп келтіреді [3, 106 б.].

Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г «Средневековые город средей Азии» 1973 жылы жарық көрген еңбекте авторлар негізінен Өзбекстан жерінде орналасқан қалалар туралы кең көлемде мәліметтер беретін зерттеулердің бірі болып табылады. Авторлар Өзбекстандағы Мерв, Самарқанд, Бұхара қалалары туралы жан - жақты талдау жасайды. Ал Қазақстан жеріндегі қалалар жөнінде қысқаша мәліметтер немесе Өзбекстан қалаларымен салыстыра отырып жазған қосымша мәліметтер ғана бар. Беленицкий бастаған археологтар: Г.И. Пацевич Оңтүстік Қазақстанда 1954 жылы көрсеткен қалалардан да көп болған дейді. VII ғасырға дейін бұл ауданда 35, VII-IX ғ.ғ. 65-ке жетті, 1947-1951 жылдарғы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі 1958 жылы басылған есеп бойынша 6 «цитаделін қалаларын» және 11 «рабадтары бар қалалар», жалпы қалалар саны айтылмайды, VII-IX ғ.ғ. 42 қаланы санайды. Г.И. Пацевич: қалалар тек саудаға ыңғайлы жерлерде ғана емес, сонымен қатар елдердің түпкі, ішкері аймақтарында да пайда болды.

Жетісудың ежелгі қалалары туралы П.Н. Кожемяко қалаларды жеке көрсетпейді, ол VI-X-XII ғ.ғ. ескеркіштерді бірге қарастырады. Араб географы Ибн Хордадбех 10 қала жөніндегі пікіріне қарсы 18 қала бар деп жазады. Бірақ оның тұжырымы бойынша олардың бір бөлігі Ибн Хордадбек жасаған маршруттарынан кейін пайда болған дейді. Осыдан шыға П.Н. Кожемяко Шу өңірінде VI-VII ғ.ғ. аз дегеннің өзінде 13 қалалық аймақтар болды деп келтіреді [62, 25 б.].

Тараз қаласы шахристаны солтүстік цитадельмен қоса алғанда (450x420). Шахристанда бірнеше рет (Бернштам, 1941 ж; Пацевич, 1956 ж; Сенигова 1966) қазба жұмыстары жүргізілген. Қазіргі уақытта қазба жұмыстары жүргізу мүмкін емес болып отыр дейді.

Тарихи және географиялық жағдай Жетісуды екі облысқа бөледі: Шу және Іле аңғары. Әл - Истахри ибн Хаукалда Тараздан шығысқа қарай кеткен облыстар туралы мәліметтер жоқ. Ал - Мукаддаси Жетісудағы 22 қаланы

көрсетеді. Бірақ қаланың қай жерлерде орналақаны туралы ешқандай мәліметтер келтірмейді.

Солтүстік - Шығыс Жетісуда урбанизация соңында жүреді. Қалалық тұрақтар тек XII ғасырда қарқынды түрде отырықшылыққа көше бастағанымен байланысты. XI-XII ғ.ғ. үлкен қалалардың қатарына Қойлықты (Талдықорғанға жақын 45 га жерді алып жатқан қала) жатқызуға болады. Екі Оғыз (Эквиус) Шеңгелді де орналасқан. Қалған қалаларды үлкен қалалар қатарына жатқызуға болмайды. Мысалы, Талғар қаласы небәрі 7 га жерді ғана алып жатыр (Марғұлан, 1950). Бұл жерлерде Шу өңіріндегі қалалар сияқты шахристан, рабадқа бөлінбейді, ал қалғандары хандардың бекіністері болған оларды қала деп атау өте қиын. Іле аңғарында орналасқан ірі қалалардың бірі Ақ - Там 4 га жерді ғана алып жатыр [62, 205 б.].

Талас және Жетісу өңіріндегі қалалардың халықтары саны жағынан Азиядағы орталық қалаларына жол берді дейді. Тараз қалаларында шахристан (15 га) 2,5 мың болуы мүмкін, халық көп тұратын орталық және шығыс рабад (60 га), әр га 100-ден есептегенде 6-мыңдай адам, батыс рабад (27га) 1500 тұрғын, бәрін қоса есептегенде 10 мыңнан аса адам. Баласағұн біршама халқы көп болған қалаға жатады (Ақ - Бешім деп те атады). (Бұл авторда Бернштам деректеріне сүйеніп, Ақ - Бешімді Баласағұнмен шатастырады). Шахристан (20-2 I га) 3 мың адам, Шығыс рабад (75 га) -7,5 мың адам және қоршалмаған рабадта 2-3 мың адам деп Өзбекстанда орналасқан қалаларда Бұхарада XIII-X ғ.ғ. 18750 адам, Самарқандта X ғ. 75-85 мың тұрғын, Термезде 33-35 мың адам тұрады деп салыстырады [62, 207 б.].

IX ғ. араб жаулап алушыларынан кейінгі Орта Азия Иран мен Жерорта теңізі мен экономикалық және мәдени байланыстар, қалалардың тез өсіп бой көтеруі болды.

X ғ. кішігірім қалаларда өздері тұтынуға ғана қажет өнеркәсіп және сауда болған болса, 50 мыңдық адамдарға дейінгі қалалар; мысалы, Мерв, Самарқанд сияқты қалалар әлемдік ірі астаналарға айналды. Олардың көбі VII- VIII ғ.ғ. қалашықтардан пайда болған. Ірі жаңа қалалардың шахристаны болды [62, 209 б.]. Автор бұл қалалар қатарына Тараз қаласын кіргізбейді. Ал өзіміз басқа авторлардың айтуы бойынша Тараз Қараханидтер тұсында да ірі орталықтарының бірі болғаны белгілі. А.М. Беленицкий бастаған зерттеушілер Тараз, Жетісу өңіріндегі қалаларға байланысты нақты өз тұжырымдарын келтірмей, тек басқа зерттеушілердің ойларына сілтеме жасайды.

Жетісу қалаларының ішінде ең көп зерттелген, орта ғасырлық деректерде де көп жазылған қала ол Тараз қаласы. Ал Алматы, Талғар, Қойлық, Құлан қалалары жайлы Кеңестік зерттеулер жоқтың қасы. Сондай зерттеу еңбектерінің бірі Бернштам «Прошлое района Алма - Ата» деген 1948 жылы шыққан еңбекте Алматы жайлы жан - жақты терең болмаса да біршама деректер келтіріледі. Енді соған кеңірек тоқталатын болсақ: Қазір Алматы қаласы орналасқан аймақта б.д.д. III -II м.ж. адамзат баласы өмір бастаған. Бұған дәлел Алматы қаласының кашғар көшесінің № 42 үйінен табылған тереңдігі 1,5 м қатпарлары. Бұл осы жерде табылған қатпарлар ертеден адам сүргенін дәлелдейді. Олардың ұрпақтары, қола дәуірінің тайпалары, былайша

айтқанда б.з.д. II-I м.ж. осы аймақта өте жиі орналасқандар. Ұзынағаш ауылында және Алексеевқада табылған қола дәуірінің ескеркіштері бұны нақтылай түседі [36, 35 б.].

Алматы қаласы б.д.д. III м.ж. ортасында сақтардың отырықшы аймағы болды.

Тарих сахнасына б.з.д. III ғ. шыққан сақтардың орнын басушы, солардың қорғандарының жанына өздерінің тұрғын үйлерін, сақтардың мәдениетін дамытып жалғастырушы үйсіндер ұзақ уақыт осы аймақты мекендеді.

Алматының ежелден келе жатқанын «Горный гиганттан» табылған үйсіндердің қорғанынан көруге болады. Осы жерде үйсіндердің үнемі тұрғанын дәлелдейтін күнделікті қолдануға қажетті заттар, ыдыс - аяқ, от жағатын орындар табылған. Бұл табылған тұрақ осы аймақтағы отырықшылықтың басталғаны жөніндегі талас тудырмайтын құжаттардың бірі, кейіннен осы жерде Алматы пайда болды.

Қытай деректерінде және археологтар тапқан материалдық мәдени ескерткіштер көрсеткендей үйсіндер сақтардан қарағанда Қытаймен саяси және мәдени байланысты дамыта түскен.

Үйсіндерде алтыннан әдемі әшекейлер жасау жақсы дамыды. Жоғары мәдениеттің көрінісі ретінде Қарғалыдан табылған 25 жастағы алтын әшекейлер тағылған жас әйелдің денесі еді. Бұл әшекейлер түйелердің кескіні келтірілген жүзік, адам пішінде жасалған сырға, неше түрлі тастардан (бирюза) - жабайы аңдар мен құстардың кескіні келтірілген әшекейлер табылды.

Бейбітшілік кезеңінде Жетісу аймағы Маураннахрмен жақсы қарым - қатынаста болды. Бұндай қарым - қатынас Қараханидтар тұсында дами түсті.

Ал Жетісу қалалары осы уақытта гүлдене түсті. Ескі қалалар ұлғайып, жаңа қалалар пайда бола бастады. Қалалар сауда жолдарының бойында болды. Бұл жол Шу өзенінің аңғарымен Харран Джуван қаласы арқылы, Қордай асуы арқылы, Іле Алатауына қарай Алматы аудандарына келгенде немесе Талғардың жанында екіге бөлінеді. біреуі Есік, Түрген, Шелекке кетіп оңға бұрылып, Сюгатин жазығы арқылы Кеген - Нарынқолға шықты, ал тағы біреуі Іле өзені Шеңгелді Биже өзенінің жазығы арқылы Көксу және Қаратал жазығымен Қойлыққа Талғардан кетті.

Монғол жаулап алушылары Жетісу өңірінде жермен айналысудың соңғы нүктесін қойды. Жермен айналысу мәдениетінің қалдықтары Алмалы облысында орта жоғарғы Іле ағысында сақталды. Іленің төменгі ағысындағы жермен айналысуы тек бірінші жылдары ғана сақталды, бұл туралы Қытай саяхатшылары Е-Люй-Чу-Цай (1219 ж.) және Чан-Чунь (1221 ж, Рубрук 1253 ж.). Чжан Дэ (1259 ж.) жермен айналысу мәдениеті толығымен жойылып, отырықшылықтың да жойыла бастағанын айтады. Рубрук бұл жөнінде: «жоғарғы аталған жерлерде көптеген қалалар болған, бірақ олардың көбі татар - монғолдар жаулап алушылығы кезінде құртылды».

Жер игеру мәдениетінің құлдырауымен Жетісуда қалалық өмір де тоқтады. Кейбір қалалар ғана өмір сүруін тоқтатпады, олардың қатарында - «Талғар қаласы» және ежелгі «Алматы» болды.

Темірдің әскерлері бірнеше рет Алматы арқылы Шарынға (1370-1389 ж.ж.) өткен. Бірақ ол қаланың өсіп - дамуына ешқандай жағдай жасаған жоқ. Қытайға шабуыл жасау үшін уақытша жасанды түрде ғана ұстап тұрды. Бұл жерлердің Темір экономикалық және мәдени қалдықтарын жойып, өзінің Қытайға жорық жасар алдында сол қанатын қауіпсіздендірді. Темірдің жорықтары туралы жазған мағлұматтарда ешқандай қалалардың аты көрсетілмеген.

Археологиялық мәліметтер көрсеткендей кейбір қалалық орталықтар өз деңгейлерінде өмір сүруін жалғастырған. Мысалы, Талғардан табылған заттар көрсеткендей XVI-XVII ғ.ғ. Моғолстанның билігінен кейін, қалмақтар кезінде бірқатар қалаларда өмір сүрді.

Талғардан табылған Қытайдың Мин әулиеті кезіндегі (XVI) Орта Азиялық шеберлердің жасаған фарфорлары, Талғар қаласының халықтары өте үлкен байлықпен тұрғанын дәлелдейді. Талғар мен Алматы жеріндегі құрылыстар күйдірілген кірпіштен салынған. Қалалардың ішіндегі көшелері анық, ретпен бөлінген. Орыстар Жетісуға келіп, Ұлы жүздің ішіне Верный бекінісін салады. Бекініс қираған Алматы қаласының орнына салынады. Осылай бекіністің салынуымен жаңа қаланың тарихы басталады [62, 75 б.].

Түйіндей келе айтарымыз, кеңестік кезеңде Жетісу қалаларын зерттеу біршама жүйелі түрде жүргізілді. Әсіресе Талғар қаласында қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары археологиялық тәжірибе ұйымдастырып тұрды. Оны ұзақ жылдар И. Копылов басқарды. Бір өкініштісі, алынған материалдар көп жарияланған жоқ. Басқа қалаларды зерттеуде үзілістер көп болды. Мамандардың жетіспеуі, жеткілікті дәрежеде қаражаттың бөлінбеуі Жетісу қалаларын зерттеуді тежеді.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғалы бері қалалар жөніндегі іргелі еңбектер дүниеге келді. Бұл Кеңестік кезеңде қарастырылмаған деген сөз емес, қайта тәуелсіздікпен өзінің жалғасын тапқан, ірі мәселелердің бірі. Біз осы тарауымызда қарастырғалы отырған негізгі мәселеміз орта ғасырлық Жетісу қалаларының тарихы емес, тек тәуелсіздік алғалы бері дүниеге келген еңбектерге тарихнамалық талдау жасау.

Арнайы тарихнамалық тұрғыдан жазылған еңбек жоқ, бірақ жалпы қалалар туралы, жеке қалалар туралы жазылған еңбектер көп.

Алдымен, біз негізгі мәселеге тоқтауда, осы жылдары атқарылған далалық жұмыстарды жүйелеп кеткенді дұрыс көрдік. Тәуелсіздік жылдарында Жетісу өңірінің бірқатар қалаларында қазба жұмыстары одан ары өз жалғасын тапты. Дәлірек айтсақ, бұл жылдары Луговое Г [7, 7-9 б.], Өрнек [87, 25 б.], Төменгі Барысхан [88, 20 б.], қалашықтарында, Ақыртас кешенінде [67, 30-31 б.] зерттеу жұмыстары жүргізіліп, біршама тың мәліметтер алынды.

Сондай зерттеулердің бірі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың бірінде дүниеге келген еңбектердің бірі К. Байпақов, А. Нұржановтың «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан». Еңбекте Қазақстан жерінде барлық қалалардың қысқаша сипаттамалары келтірілген. Ал қазіргі Қазақстан археологиясында талас тудыртып келе жатқан «Баласағұн мәселесіне» авторлар өз тұжырымдарын келтіреді: «Тан әулеті тарихындағы» қытай бағытнамаларын өзара салыстырған белгілі шығыстанушы Томашектің пікірінше, Суяб

Ыстықкөлдiң батыс етегiне қоныс тепкен. В.В. Бартольд Суябтың орнын одан гөрi батысқа қарай iздеу керек дейдi. Зерттеушi сондай-ақ Баласағұнды белгiлi бiр аймақпен шектеудi ұсынды, бастапқыда ол Баласағұн мен Бурана қаласының орнын бiр қала десе, кейiнiрек Ақ Бешiм үйiндiлерiн Баласағұн деп есептедi. Бұл болжамдардың алғашқысы XV-XVI ғасырлардағы Мұхаммед Хайдардың мәлiметтерiмен тиянақталады, онда: «Джу елiнiң бiр тұсында үлкен бiр қаланың орны бар, ондағы ғимараттардың, күмбездер мен медреселердiң қалдықтары кей жерлерде сақталып қалған. Бұл шаһардың атын ешкiм бiлмегендiктен моңғолдар оны Монара деп атаған». Сонымен қатар осы автор 1311-1312 жылдары қайтыс болған Баласағұндық Факих имамның құлпытасының сол кезде сақталып қалғаны туралы да баяндайды. Атаулардың ұқсастығына қарағанда Монара (Бурана) қаласының Мұхаммед Хайдар сипаттаған Бурана қаласы екенiне дау жоқ. Зерттеушiлер бұны Бартольдтың «Очерк истории Семиречья» еңбегiнен келтiредi [89, 156 б.].

Сонымен бiрге, Баласағұнның үйiндiге айналған кезi туралы жазған Махмуд ибн Валидың (1634-1641) кейiнiрек ұсынылған мәлiметтерге қарағанда, Баласағұн дәл осы Бурана қаласының өзi деген тұжырым сенiмдi болжамға айналған. Махмуд Ибн - Вали былай деп жазады: «Баласағұн - тарихта Моғолстан деген атпен белгiлi болған Түркiстан Заминнiң бiр қаласы. Моңғол шапқыншылығына дейiн онда таза мұсылмандар тұрған. Олардың iшiнен көп ғалым оқымыстылар шыққан. Мустауфидiң айтуынша, Баласағұн - кең байтақ әрi табиғаты әсем ел; ауа - райы өте қатал. Кейбiр жылнамаларда оның тас қабырғаларының жалпақтығы екi жарым кез болғаны баяндалады. Баласағұнда қырық күмбездi және екi жүз қарапайым мешiт, жиырма ханақ пен он медресе болған... Моңғолдар басып алған соң моңғолдардың салт - дәстүрлерi өз әсерiн тигiзгенге дейiн қала жайлы да гүл жайнаған күйде тұрды. Содан берi күнi бүгiнге дейiн ол қаусаған және қаңырап бос қалған күйде келе жатыр. Әлдеқандай бiр қашқарлық саяхатшы осы кiтапты жазу үстiнде Балхта былай деген екен: бiрде Қашқардың билеушiсi қалмақтарды жазалау үшiн моңғолстанға енедi. Екi айдан соң шығыстан солтүстiкке қарай жүре отырып олар құм астынан биiк - биiк ғимараттардың, мешiттердiң, сарайлардың, медреселердiң төбелерi шығып тұрғанын және олардың iзi төрт фарса жерден байқалатын бiр жерге келдiк. Сол аймақтан көп ұзамай бiз қалмақтарды қуып жетiп, шайқасқа түстiк. Осынау дiнсiздердiң көбiн тұтқындадық та, қайтар жолда өзiмiз ғимарат қалдықтарын көрген тұсқа келгенде тұтқындардың бұл жердiң қалай аталатынын сұрадық. Олар бұл жерде бұрын Баласағұн атты қала болғанын ғана бiлетiнiн айтты. Бiр сөзбен айтқанда, бұл шаһар бұрынғы кездерi осынау өлкедегi жақсы қалалардың бiрi болғанын, бiрақ түбiнде ол (тiптi атауы да) мүлде ұмытылған». Екi автордың бiр - бiрiне ешбiр байланыссыз - ақ сәулет ескерткiштерi, атап айтқанда мұнарасы сақталған қаланың орны туралы бiрдей мәлiмет беруi, ал Махмуд Ибн Валидiң оның көне атауын баяндауы Баласағұн мен Бурананың бiр қала екенiн сөзсiз дәлелдейдi [89, 157 б.].

Бұл пiкiрдi бүгiнде көптеген зерттеушiлер қолдап отыр, олардың iшiнде археолог В.Л. Горячев пен нумизмат әрi эпиграфист В.Н. Настич те бар. Алайда, соңғы кездерi этнограф әрi археолог У.Х. Шәлекенов ұсынған,

Баласағұн Шу өзенінің орта сағасындағы орналасқан Ақтөбе қаласы деген тағы бір болжам айтыла бастады.

Дегенмен У.Х. Шәлекенов жоғарыда айтылған бірқатар жағдайларды еске ала бермейді, оның үстіне бұл көзқарасты жоққа шығаратын негізгі тиянақ та бар. Баласағұн XIII ғасыр мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген, олай болса соған сәйкестендіріліп отырған қала орнында осынау дәуірге тән қазба материалдар болуға тиіс. Ақтөбеде мұндай айғақ жоқ, қаланың өмір сүруінің соңғы шегі XII ғасыр мен XIII ғасырдың басына тура келеді. Оның үстіне, Ақтөбе Ұлы Жібек жолының негізгі арнасынан жырақта жатыр, ал қаланың өз орны (орталық үйінділері) аумағы жағынан Бурана қаласының аумағынан 5 есе аз деп У.Х. Шәлекеновтың пікіріне қарсы шығады [89, 158 б.].

Ал М. Елеуов бойынша Баласағұн қаласының әр түрлі аттары және осы қаланың төңірегіндегі жер атаулары жайлы деректер Махмұт Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігінде» келтірілген мәселен Баласағұнның Құз ұлұш, Құз Орда деп атаған Махмұт Қашқаридың осы шығармасында Баласағұн қаласының жанындағы Шу қаған салдырған Шу қамалы туралы аңызда берілген.

XIII ғ. басындағы Баласағұн қаласы туралы дерек 1210 жылы осы қаладағы қанды қырғынға байланысты берілген, 1218 жылы қала соғыссыз берілгендіктен, оны монғолдар «Гобалық» («Жақсы қала») деп атаған. Елеуов мұны Бартольд еңбегіне сүйене отырып келтіреді. Қорыта айтқанда, қытай дерегі бойынша Баласағұн Суяб қаласынан шығыста 20 лиде, Шудың сол жағасында орналасқан қала, ал Шудың арғы (Оң) жағасында Цзедань тауы бар. Араб парсы деректері бойынша Түрік керуен жолы бойындағы Навакет, Лабан қалалары аралығында, Занби (Шамсы) асуына жақын жерде орналасқан үлкен қала. Оның төңірегінде Ұлыш, Орду, Құлбақ, Бақырлығ тәрізді жер аттары болған, тарихи қаланың бірнеше аты болған: Баласағұн, Құз ұлыш, Құзорда, кіші орда, Жақсы қала т.б.

Баласағұн қаласының баламалануы мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ, оны бірқатар қалалармен баламалаған пікірлер бар. Ағылшын зерттеушісі Ховорс тарихи Баласағұнды Итшеку өткелінен солтүстікке едәуір жерде, Шу өзенінің оң жағасында орналасқан аты белгісіз бір қаламен баламалаған болатын. Шуға Құрағаты өзенінің құйған жерінде Иткешу өткелінен солтүстік - батыста 10 км жерде орналасқан Төрткүл көлемі 200 x 3180 м келетін, YIII-XIV ғ.ғ. кезінде өмір сүрген ескерткіш. Көлемі шағын, әрі түрік керуен жолынан солтүстікте 150 км жерде орналасқан бұл қала Баласағұн болуы мүмкін емес [3, 184 б.].

В.В. Бартольд әуелі Бурананы, ал кейін Ақбешімді Баласағұн болса керек деді. А.Н. Бернштам Ақбешімді Баласағұн деп жазады. А.Н. Бернштам, Л.Р. Кызыласов болса Ақбешім Баласағұн емес, оны басқа жерден іздеу керек деді. Н.Ф. Петровский Баласағұнды Шу өңіріндегі қалалармен баламалауға қарсы болды, ал Л.Б. Ерзакович болса: «Шу өңіріндегі XIII-XV ғ.ғ. кезінде өмір сүрген бірде - бір қала Баласағұн сияқты үлкен қалаға сай келмейді» – деді. М.Т. Тынышбаев Баласағұнды Қызыл өзен қаласымен баламалады.

70-жылдардан бастап ортағасырлық Бурана қаласындағы зерттеу жұмыстарды қайта қолға алынып, қаланың тарихи - топографиялық құрылымы

мен өмір сүрген уақыты жөнінде жаңа деректер жарыққа шықты, соның негізінде Бурананы Баласағұнмен баламалаған зерттеушілер қатары өсті дейді.

Мәселен, Д.Ф. Винник, Б.Д. Кочнев, В.Д. Горячева, К.М. Байпаков, О. Караев, В.Н. Настич, Бурананы Баласағұн қаласымен баламалайды.

Бурана Тоқмақтан солтүстік - батыста 12 км жерде орналасқан ұзын қорғанды қала, орталық бөлігі төртбұрышты 570x520 м, оның мәдени қабаты жұқа және бірқатар бөлігін бос жерлер алып жатыр (ешқандай құрылыс қалдықтары жоқ - М.Е). Қаланың әртүрлі бөліктерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында оның X-XIV ғ.ғ. кезінде өмір сүргені анықталды [3, 185 б.].

Сонымен, жазба деректерде X ғ. 40-жылдарынан бастап аталатын Баласағұн қаласы қай қала: Бурана ма? әлде Ақбешім бе? Біздің пікірімізше дей отырып автор әл - Мукаддасидің екінші тізімінде Орда (Урду) -Ақбешім қаласы, ал Баласағұн - Бурана болса керек. Бірақ бұл кездегі Баласағұн (Бурана) әл - Мукадаси айтқандай, «үлкен бай қала» емес, археологиялық зерттеулер барысында анықталғандай - жаңадан салынып жатқан, тарихи топографиялық құрылымы әлі толық қалыптаспаған, көлемі шағын қалашық болған, осы кездегі Баласағұн туралы В.Д. Горячева былай дейді: ... «что центральная часть городища могла сложиться как загородная (или новая) резиденция туркского князя Орду (Ордукента) около середины или во второй половине X в». М. Қашқари Орда (Орду) мен Баласағұн қалалары туралы былай деп жазады: «Орда- Баласағұнның жанындағы қала. Сондықтан да Баласағұн Күз Орда деп аталады», соған қарағанда бұл кезде осы екі қала бір - біріне өте жақын орналасқандықтан оларды бір қала деп есептеген болса керек, мүмкін олар бір атпен «Күз Орда» не Баласағұн» деп аталған. XI ғ. кейін жазба деректерде Орда атты қала аталмайды. Жүсіп Баласағұн мен М. Қашқари кезінде Баласағұнды «Күз ұлыш», «Күз Орда», «Кіші Орда» деп атаған [3, 187 б.].

Бартольд Баласағұн қаласының «Худуд ал - аламда» және ибн Зохах Гардизиде аталмайтындығын ескере отырып былай деген болатын: «Очень вероятно, что Баласағұн носил прежде другое название и упоминается в Маршрутах географов IX-X в.в. под этим старым названием».

1210 ж. Мұхаммед Хорезм шахтан ойсырай жеңілген қарақытай әскерін қалаға кіргізуден бас тартқаны үшін Баласағұн қатты қиратылып, талан - таражға түскен. Жазба деректердің хабарлауына қарағанда осы қанды оқиға кезінде 47 мың баласағұндықтар қаза болған. Шамасы осы апаттан кейін Баласағұн қаласы қайта қалпына келе алмаған, оның Монғолдарға 1218 ж. қарсылық көрсете алмай «Жақсы қала» аталуының бір себебі осында болса керек. XIII - XIV ғ.ғ. кезінде қаланың кейбір бөліктері ғана өмір сүрген. Баласағұнмен баламаланып жүрген келесі қала ортағасырлық Ақтөбе. У.Х. Шәлекеновтің бірқатар мақалары мен еңбектерінде Ақтөбе қаласының тарихи Баласағұнмен баламаланған. Ақтөбе Түрік керуен жолынан солтүстікке 45 км жерде, Ақсу мен Қарабалта өзендері жағасында орналасқан ұзын қорғанды қала. Тарихи - топографиялық құрылымы жақсы сақталған, көлемі жағынан Шу өңіріндегі үлкен қалалардың бірі. Ақтөбенің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген стратиграфиялық және кең көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың

VI-XIII ғ. басы аралығында өмір сүргені анықталды. Біз Ақтөбе қаласының Түрік керуен жолынан солтүгікте 45 км жерде орналасқанын, оның төңірегінде аттары жазба деректерде аталған ортғасырлық қалалар мен елді мекендердің жоқтығын және бұл қаладағы тіршіліктің XIII ғ. басында - ақ тоқталғанын ескере отырып Ақтөбе Баласағұн деген пікірге қосыла алмаймын деп М. Елеуов алдыңғы авторлардың пікірін қолдайды [3, 189 б.].

У.Х. Шәлекенов Баласағұн жөніндегі пікірі: Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі орта ғасырлық әйгілі үш қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суяб), Талас (Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болға. Олардың арасында ең үлкен, әйгілі Баласағұн. Бұл қала Ұлы Жібек жолы Жаркентке баратын тармағында орналасқан. Бұл қалаларға соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен жүрген жолаушылар «Әулие тауды, басып өтетін жолмен келіп, Тасөткел арқылы Шудың жағасындағы Тасқалаға шығып, содан Шудың оң жағын жағалай отырып, Қастек асуы арқылы Ұзынағашқа өткен. Одан әрі Жібек жолымен Жаркетке тартқан. Сужаб қаласы Жібек жолының Ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн IX-XII ғ.ғ. бастап Қарахандардың (Қарақидан) (X-XII) астанасы, экономикалық, саяси және мәдени орталығы болды.

Тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн қаласы туралы азды - көпті жазылып қалған ортағасырлық ғалымдардың саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында жасаған ұлы Хорезм ғалымы әл - Хорезми өзінің дүние жүзілік географиялық картасында Шу, Талас, жетісу өңірлеріндегі түрік қалалары туралы сөз қозғайды. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу - Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің географиялық картасында Баласағұнды 91 градуста 30 бойлықта, 44 градуста 40 ендікте орналастырылған, Таласты 89 градуста 50 бойлықта, 43 градуста 5 ендікте орналасқан көрсеткен. Өзбекстанның белгілі совет ғалымы географ, профессор Хамидулла Хасенов марқұм Птоломейдің, Әл - Хорезмидің, әл -Бирунидің, Махмұд Қашқаридың және т.б тарихи географиялық карталарымен ұзақ айналысқан. 1984 жылы осы ғалыммен кездескенімде, ол атанған карталардың өзара айырмашылықтарына тоқталып, Баласағұн Әл-Бирунидің картасында дәл көрсетілген еді. Ол Таластың шығысында шамамен 200 шақырым қашықтықта орналасқан деген болатын. Бұл тұжырымды В.В. Бартольдтың болжамымен тура келеді [121, 80 б.].

Белгілі ғалым, шығыстанушы Махмұд Қашқаридың да өзінің дөңгелек картасында Баласағұн жетінші климатты, Таластың шығыс - солтүстігінде орналасқанын баяндаған. Мұсылман дүниесінде М. Қашқари орталығын Қашқар қаласы етіп алса, ендеше Батыс Түркістан картасында орталықты Баласағұн етіп алуы заңды сияқты. Бұл ғалым Баласағұнда жиі-жиі болып, ғылыми еңбектер жазған. Сондықтан, әйгілі ғалым өзінің «Диуани лұғат ат - түрік» еңбегінде Баласағұн жөнінде толығырақ мағлұмат берген, XIII ғасыр аяғында XVI ғасырдың басында өмір сүрген араб географы Әбу-л-Фида Баласағұнның орналасуын 91 градус 50 бойлықта, 47 градус 40 ендікте

орналасқанын карта көрсеткен. Бұл қала түрік елінде 7-климатта орналасқанын баяндаған. Ғалымның Баласағұнның орналасуына берген анықтауы жоғарыда айтылған Әл-Бирунидың көрсеткен мағлұматына жақын келеді. Олай болса, Баласағұнның тұрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге дәл келеді деп өз тұжырымын келтіреді. Зерттеуші өзінің дәлелді болу үшін өз ойын ары қарай жалғастыра түседі.

Жоғарыда ғалымдардың Баласағұнның орналасқан жерін картада көрсеткендері бір-бірінен алшақ кетпейді. Олардың барлығы Баласағұн Таластың шығысында, Шу өзенінің орталық ағысында екенін бірауыздан баяндайды. Тарихтан белгілі, Таластың шығысындағы Баласағұнға дейінгі Жібек жолының бойында жатқан ірі қалалар Құлан, Мерке, Аспара екені белгілі. Осы жолмен жүргенде Талас Баласағұнның арасы осы күннің өзінде 200-250 шақырымнан аспайды [122, 163 б.].

1938-1939 жылдары Ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам Институт Истории Материльной Культуры (ИИМК) жанынан Жетісу археологиялық экспедициясын ұйымдастырып Ақбешім қаласында, оның рабадында кішігірім жерде қазба жұмыстары жүргізілген. Археологиялық зерттеулердің барысында Ақбешімде қолға түскен деректерге негізделіп В.В. Бартольдтың Баласағұн туралы айтқан болжамын қуаттап, Ақбешімді Баласағұн - деп жариялап жіберген. Бұл ашқан жаңалық ретінде кейінгі еңбектерде жарық көрген.

У.Х. Шәлекенов МГУ-дің профессоры, тарих ғылымының докторы Л.Р. Кызыласовтың 1953-1954 ж.ж. Ақбешімде жүргізген бірінші кең көлемдегі экспедициясының мәліметтерін келтіреді. Л.Р. Кызыласовтың жүргізген археологиялық экспедицияның нәтижелері бойынша 86 беттік мақала жарияланған. Онда Ақбешім ортағасырлық қаласын екі жыл бойы зерттегенде өте бай, құнды деректерді қолға түсіргені жөнінде жазылған. Ақбешім V-X ғ.ғ. өмір сүріп, онан кейінгі жылдарда, ол тарихи сахнадан кеткендігі айтылған. Автордың пікірі бойынша, XI-XII ғ.ғ. үстемдік еткен Қарахан әулиеті кезінде, бұл қала қирап, ол археологиялық ескеркіш келе бергені баяндалады. Ақбешімді қазған кезде табылған заттардың басым көпшілігі түргештердің мәдениетіне жататыны айрықша аталған. Осындай зерттеулердің нәтижесінде Л.Р. Кызыласов мынандай қорытындыға келеді деп У.Х. Шәлекенов зертеушінің тұжырымын толығымен келтіреді: «Все выше изложенное приводит нас к выводу, что отождествление городище Акбешим с историческим Баласагуном, сделанное еще В.В. Бартольд, а в последствии поддержанное А.Н. Бернштамом, который при этом опирался на так называемые «каракиданские» памятники из своих раскопок 1940 г. в рабаде, не может быть ныне приятно. Исторический Баласагун - блестящая столица караханидов XI-XII вв., город просуществовавший, согласно письменным источниками, вплоть до XIV в., - надо искать в другом месте».

Бұнан кейін Л.Р. Кызыласов Ақбешімнің оңтүстік шығысындағы 5 км қашықтықта орналасқан Бурана қаласына көңіл бөліп, ол жөнінде өзінің пікірін білдірген: «Бұл қала Бұрана сайының бойына орналасқан, онда XI ғ. қыш кірпіштен салынған төрт бұрышты мұнара сақталған. Бұранада Қарахан дәуіріне жататын XIII-XIV ғ.ғ. қабаты жоқ. Көлемі кішкентай, оны тарихта

әйгілі Баласағұнмен салыстыруға болмайтынын айта келіп, Ақбешім мен Бұрана жөнінде үзілді - кесілді, ғалым ретінде тұжырымын жазған: «Таким образом, ни городища Акбешим, ни городище Бурана не могут связываться с историческим Баласагуном. Их забытые имена еще предстоит установить историкам Киргизии» [122, 169-171 б.] деп У.Х. Шәлекенов өз тұжырымын нақтылай түседі.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбе ескеркішін 1974 жылдан бастап зертей келе жатса, соның белсенді қазушылардың бірі М. Елеуов келтірген тұжырымдарына У.Х. Шәлекенов қарсы пікір айтады: М. Елеуов 1) Ақтөбе Түрік керуен жолынан 45 км қашықтықта жатқанын айтқан. Тасөткелдегі Тасқаланы М. Елеуовтың өзі қазды. Бұл солтүстік Ұлы Жібек жолындағы тарихи өткел және сол жердегі қала. Ол Ақтөбенің солтүстік шетімен жалғасып жатыр. Солай болса, бұл қала әйгілі сауда жолында орналасқан; 2) Баласағұнның төңірегіндегі әдебиеттерде көрсетілген қалалардың жоқ екенін тілге тиек еткен. Бұл қаланың төңірегіндегі қалалардың көп болғанын айтқан деректер бар. Бірақ, олардың аттары аталмаған. Тек, Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атамалары М. Қашқариде бар. Қазіргі кезде Ақтөбенің төңірегіндегі Қырғызстан және Қазақстан жерлерінде қалалардың орындары көп. Олардың кейбіреулері: Қарақыршын, Қырықкүй, Соқлық, Степное және т.б. 3) XIII ғ. басында Ақтөбе өмір сүруін тоқтатқанын айтқан. Біздіңше де 1210 жылы Гурхан (Қарақидандар) кезінде қирап, одан кейін де бүлінген күйінде жасаған. Бірақ, бұдан кейін Баласағұн астана болмаған. Бұл кезде Қарақидандарды Шыңғысхан тарапынан жаулап алғаны баршаға мәлім. Оның Баласағұнды (1218) билегені тарихнамаларда бар. Ұзақ жылдар бойы Ақтөбедегі археологиялық қазбаларға және ел арасынан жиналған анамастикалақ деректерді жинауда куә болған маман - археолог М. Елеуов, кейбір құнды деректерді еске алмағанын түсіну қиын. Ақтөбенің төңірегінде табылған тарихи жерлерді Бұрананың төңірегіне кім алып барып орналастырар екен. Бұндай жерлерді Қырғызстан жерінен табу екі талай деп қатал сын айтады [122, 175 б.].

1974 жылы С.М. Киров (қазіргі әл-Фарби) атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары Ақтөбені көріп, оның үлкен қала екендігіне көздері жетіп, осы жылдан бастап Ақтөбеде археологиялық қазбалар жанданды. Сол жылы ұйымдастырылған университеттің археологиялық экспедициясы (УАЭ) жоспарлы түрде әр жылы зерттеу жұмыстарын Ақтөбе қонысында жүргізіп келеді.

Ақтөбенің жалпы көлемін анықтау үшін 1980 жылы мамырдың 5-де самолетпен масштабы 1:2000 аэрофотосы түсіріліп, қала орны анықталды. Сурет сапалы түсірілген. оны зерттеп, бір жүйеге, тәртіпке (системаға) келтіріп, Ақтөбенің картасы жасалды. Осы картада Ақтөбенің орталық жерінің көлемі 70 шаршы шақырым екені көрсетілген. Қала ормен бірнеше рет қоршалған. Әсіресе, Ақтөбенің батыс жағының бекінісіне көп көңіл бөлінген. Ордың сыртынан ені 8-10 м. су жүйесін жергілікті тұрғындар Дода (рудың аты) тоғаны деп атайды. Одан аққан су егістік жерлерді суарумен қатар, қаланың қорғаны да болғанға ұқсайды. Қала бірнеше қабат ормен қоршалған. Оған қоса саздан

соғылған қорған - дуал бар. 700-800 жылдай қирап жер астында жатса да, биіктігі 4-5-6 м. және ені 18-20 метрлік бұл дуал жақсы сақталған. Жалпы картада көрсетілген қорғанның ұзындығы 52 шақырым (карта). Қалаға кіретін бірнеше қақпалар (дарбазалар) болған. Бекіністің тек ішінде ғана емес, оның сыртында да көптеген қала тұрғындарының мекен еткені байқалады. Олардың қоныстары үлкенді -кішілі төбелер болып қазірге дейін сақталған. Ол төбелердің арасында табиғи төбелер кездеспейді, барлығы да қоныстардың қалдығы. Бұл тәрізді төбелер көп. Олардың аралары 25-80 м қашықтықта орналасқан. Бекіністің ішіндегі және сыртындағы сансыз төбелер қоныстардың орны болып, олар бір -бірімен тығыз байланыста екені анықталды. Ол қоныстардың қатарында тұрғындардың қора - қопсылары, бау - бақшалары және тұрмысқа қажетті құрылыс орындары салынған. Қаланың тұрғындары қазіргідей көшенің екі жағына салған [122, 182 б.].

Ұшақпен түсірілген Ақтөбе қаласының картасына сипаттама беріп, қаланың гүлденіп өскен кезеңіндегі тұрғындардың санын шамамен жобалауға болатынын белгілі самолетпен суретке түсіру маманы К.В. Шишкин айтқан болатын. Қаланың орталығындағы салынған құрылыстың көлемін 700 гектар деп алсақ. Таяу шығыстағы мұсылман елдерінің қалаларының тұрғындары бір гектар жерде 500 адам тұрған болса, осы есепті негізге алып, Ақтөбенің қаласында 350 мыңдай адам тұрған. Тағы да мұсылман елдерінің есебі бойынша, бір гектар суармалы жерде 50 адам тұрса, Ақтөбедегі суармалы жердің көлемі 1500 гектар мөлшерінде. Олай болса, егістік жердегі қала тұрғындарының саны 75 мың адамдай болуы тиіс. Жиілете салынған үйлердің орны 1000 гектарға жетеді. Мұндай жерде 250 мың адам тұрған. Бәрін қосқанда, Ақтөбеде 675 мың адам өмір сүрген. Қаланың қорғанының сыртындағы жерді қоса есептегенде, Ақтөбенің жалпы көлемі 150 мың гектар болса, қала тұрғындарының саны бір миллионнан асады. Бұл әдіс жалпы қала халықтарын есептеу шығару заңдылығына қайшы келмейді.

К.В. Шишкиннің бұл келтірген демографиялық есебін көпшілік тарихшылар шындыққа тура келмейді деген пікір айтады. Мұндай күмәнданудың да жөні бар сияқты. Осы күнге дейін Орта Азияда осынша көп адамдар қоныстанған қалалардың бар екенін ешкім жазбаған. К.В. Шишкин осы қаланы тарихта белгілі, Алдыңғы Азияның ірі қалаларымен салыстырып, XII ғасырдағы Ақтөбенің тұрғындарының есебін шығарған. Бұл есеп орта ғасырды зерттеп жүрген қазіргі тарихшылардың пікіріне тура келмейді. Мәселен, К.М. Байпаков Қазақстанның оңтүстігінде ірі ортағасырлық қалалардың тұрғындарының санын төмендегіше берген: Таразда (Таласта) – 10 мың, Отырарда - 15,5 мың, 17,460 адам тұрған; Испиджабта (Сайрамда) – 40 мың; Баласағұнда – 6 мың; Шелекте - 1,2; 5 мың; Сүмбеде - 2,2 мың; Дүнгенде - 5600; Антоновскийде – 13 мың адам тұрғанын айтады. Бірақ бұл келтірілген қалалардың тұрғындарының есебіне де күмәндануға болады. Себебі, көрсетілген тұрғындардың санын қандай деректерге сүйеніп алғанын К.М. Байпаков көрсетпеген. Біздіңше дейді У.Х. Шәлекенов: Орта Азиядағы және Қазақстандағы орта ғасыр қалалары тұрғындарының саны дұрыс көрсетілмеген. Жоғарыда келтірілген Ақтөбе қаласының ұзындығы 52 шақырымнан астам

бекіністі 6 мың тұрғыны бар Баласағұн қаласының тұрғындары тұрғыза ала ма? Осындай сұрақтарды аты аталған қалалардың барлығына қатысты қоюға болады. Өйткені отаршылдық жылдары біздің аймаққа келген Ресей империясының ғалымдарының көпшілігі жергілікті халықтардың отырықшы мәдениеті жоқ деген пікірді ұстанғандықтан, ортағасырдағы қалалар тұрғындарының санын анықтауға көңіл бөлмеген. Басқасын былай қойғанда, Орта Азия халықтарының тарихын жазуда үлкен үлес қосқан белгілі шығыстанушы академик В.В. Бартольдтың еңбектері де осындай көзқарастан құр емес екенін байқауға болады деп У.Х. Шәлекенов қалалардағы халықтың саны жөнінде басқа да авторлардың тұжырымдарына сүйене отырып, өз пайымдауын осылай келтіреді [122, 186-187 б.].

Жетісудың солтүстік-шығысындағы ортағасырлық қалалардың бірі Талғар қаласына 1978 жылдан бері Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Талғар археологиялық отряды Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі ортағасырлық аса ірі ескерткіш болып саналатын - ортағасырлық Талғар қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. 1978-1983 ж.ж. қаланың орталық бөлігі қазылып. Ол жерден екі көше мен 12 үйдің орны ашылды. 1986 жылдан бері Талғардағы қазба жұмыстары жалғасты, тағы да 2 мекен-жай ашылды, осы қазбадан 26 қалашық пен 8 елді-мекен табылды. 1990-1993 ж.ж. қазба жұмыстардың барысында көптеген заттар табылды. 1994 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израил зерттеушілері қатыстырыла бастады [5, 57 б.]. Бұл экспедицияның барлығын Т.В. Савельева басқарған. Біздің осы қала жөніндегі қарастырғалы жатқан еңбегіміз Т.В. Савельева және К.М. Байпаков, К. Чанг үшеуінің бірігуімен 2005 жылы шығарған «Средневековые города и поселение северо-восточного Жетісу» атты зерттеу жұмысы. Бұл еңбек ұзақ жылдар бойы археологиялық зерттеулер барысында жинақталған материалдар негізінде ортағасырлық дәуірдегі Солтүстік-шығыс Жетісудың қалалары мен қоныстарының дамуы, олардың құрылыс ісінің сипаты, транзиттік сауданың өсу, Ұлы Жібек жолы бойымен мәдениет дәстүрлері мен діни наным - сенімдердің таралуы жайлы түсінік беріледі.

IX-XIII ғғ. Талғар, Алматы, Шелек, Қаялық сынды ірі қолөнер орталықтары қалыптасады. Қазба жұмыстары нәтижесінде мыс өңдеу, қыш ыдыс пен шыны даярлайтын, әсіресе темір бұйымдар жасайтын өндіріс орындары анықталды. Алматыда теңге шығаратын сарай жұмыс істеді.

Көршілес елдермен және көршілес халықтармен Ұлы Жібек жолымен байланысқан, мұндағы қала мәдениеті - Евразиядағы мәдениеттер мен өркениеттер жүйесінің арасындағы өзіндік ерекшелігі бар өркениеттің ошағы болған [6, 5 б.].

Талғар қалашығы Алматы қаласынан оңтүстік - шығысқа қарай 25 км қашықтықта орналасқан. Қала Талғар өзенінің оңтүстігінде, Іле Алатауының етегінде орналасқан. Қаланың алып жатқан аумағы, солтүстік – шығысы - 300 м, Солтүстік-батысы – 298 м, оңтүстік – батысы – 280, оңтүстік -шығысы- 302 м, 9 га жерді алып жатыр. Талғар қаласының алып жатқан территориясы туралы

жоғарыда келтірілген А.М. Беленицкий бастаған авторлар 1973 ж. 7 га деп келтіреді. Бұл жерде шындыққа жанасатыны Савельеваның тұжырымы, себебі Беленицкий бастаған авторлар Талғар туралы жанама ғана мәліметтер келтіреді. 1978 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін аталған мәселемен айналысып келе жатқан Савельеваның қате кетуі мүмкін емес.

Бұл еңбекте авторлар солтүстік - шығыс жетісу өңіріндегі ірі қалалармен қатар ұсақ қалаларға да анықтама беріп зерттеген. Олардың қатары 60-тан асады, VIII-IX ғғ. жататын Талғар, Шелек, Дүнгене, Антоновская, Сүмбені жатқызуға болады.

Талхир қаласы. Алдымен X ғасырдың соңғы жылдарында географиялық шығарма белгісіз автор жазып қалдырған парсы тіліндегі «Худуд-эл-Әлем» («Әлем шекаралары») еңбегінде кездеседі. Көрнекті шығыстанушы В.В. Бартольд пікірінше: «белгісіз автордың Орта Азия географиясы бойынша түпкілікті білімі болған. Әсіресе, ол өзінің замандастарына қарағанда, Орта Азияның шығыс бөлігі туралы анағұрлым білген».

Аталған шығармада ертеде ержүрек, батыр халық - түркілері мекендеген Тонг және Талхир қалаларының аттары аталады. Бұл елді - мекендер жікілдер мен қарлұқтардың шекарасында, Ыстықкөлге жақын маңда орналасқан делінген.

Талхир (Талхиз). Бұл атау қаншама ғасырларды басып өтіп бізге жетіп отыр. Сол сияқты Талғар (топонимі) да - өте көне сөз. Екі түбірден құралған бұл атаудың «ғар» бөлігі үндіевропа тіліне жатады және «тау» деген мағынаны береді [5, 56 б.].

Анықталып отырғандай, қала VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырда салына бастаған да, X ғасыр мен XIII ғасырдың басы аралығында жақсы өмір сүрген. Бұл кезеңде ол аса ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналады. Онда ұста, қыштан, шыныдан, сүйектен бұйым жасау, металл өңдеу кәсіптері қанат жайған. құрылыс ісі ерекше орын алған. Мұның бәрін қала орнынан табылған деректер толық дәлелдейді. Олардың ішінде ұсталардың құрал - саймандары - төстер, ожаулар, сонымен қатар темірден құйып жасалған соқа тістері, балта, пышақ, таға, шынжыр секілді түрлі - түрлі бұйымдар бар. Қазба жұмыстары кезінде әсіресе күйдірілген саздан жасалған бүтін ыдыстар, көбінесе олардың сынықтары жиі табылады. Олардың ішінде дән сақтайтын 200 литрлік үлкен ыдыстар да, жасыл және қоңыр құймамен боялған шырақтар да бар. Саз балшықтан ұсақ ыдыс- аяқ, жылқы мүсіндері сияқты балалар ойыншықтары да жасалған [6, 125 б.].

Сүйектен бұйым жасау ерекше өркендеді: түрлі әшекейлер, түймелер мен доғабастар жасалды. Қала орнынан сүйектен жасалған шахмат фигуралары да табылды.

Талғар батыс пен шығысты жалғастыратын керуен жолдарының қиылысында тұрды, сол себепті де бұл жерден орта шығыста жасалған аса көркем металл бұйымдар табылды. Атап айтқанда, сондай олжалардың бірі - қанатты сақтар бейнесі бейнеленген мыс табақша.

Қаланы қарлұқтар, жікілер, тұхсилер, үйсіндер, дулаттар сияқты түркі тілдес тайпалар мекендеген.

X-XI ғасырларда қала тұрғындары мұсылман дінін қабылдады. Мұны қазған кезде өз орнынан да, қаланың оңтүстік шетіндегі тау етегінде орналасқан қалалық бейіттен табылған мұсылмандар қабірлері айғақтайды. Дегенмен қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде де, жерлеу рәсімдерінде де шаманизммен, көк пен жерге табынумен, жануарларға сыйынумен байланысты сипаттар әлі де болса сақталып қалды. Мәселен, ит сүйегі жерленген қабір табылды, ал итті киелі санау көптеген түркі тілді халықтар мен тайпаларға тән нәрсе. Атап айтқанда, Алтай мен Сібірді мекендеген түркі тайпаларында соңғы кезге дейін итті жерлеу дәстүрі сақталған. Оны төбе басына, биік жерлерге қоятын болған. Бұл арада итте, өз қызмет еткен адамдардың өлгеннен кейін баратын жеріне, о дүиеге барады деп саналады.

Талғардың тіршілік тынысы Жетісуда XIII ғасырдың басында татар-монғолдар жаулап алғаннан кейін әлсірей бастайды. Мұнда негізінен мал шаруашылығы үстем бола бастады, егіншілік пен қала өмірі құлдырап, XIII ғасырдың екінші жартысында қала өмір сүруін тоқтатты [123, 131 б.].

Автор бұл жерде ешқандай өз тұжырымын келтірмейді. Тек қала туралы мәлімдеме жасайды.

Ал «Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу» атты еңбекте суретпен келтірілген Талғар қаласындағы XI ғ. жататын қыштан жасалған, тігінен бір - бірінің жанында тұрған трубалар табылған. Трубаның жанынан ашық ошақтың орны бар. Талғар - III 12,5 м 32 керамикалық труба табылған. Қаладардағы халықтардың саны жөнінде осы еңбекте зерттеушілер өз тұжырымдарын келтіреді: XII-XIII ғ. басында Талғар қаласының халқы 4000-4500 адамды құрады, авторлар Талғар қаласы бойынша Шелек, Сүмбе, Дүнген, Антоновск қалаларында қанша адам тұратынын есептеп шығарды. Шелекте 4200-5000 адам, Сүмбеде 1870-2200 тұрғын, Дүнген қаласында 4760-5600 адам, Антоновск 10000-13000 адам болды есептеп шығараған. Келтірілген есептер бойынша XI-XIII ғғ. 25-30 мың адам болған дейді. Іле аңғарында жерлерде ұсақ 100-ге дейін тұратын, орташа 100-250 аралықта, ірілері 250-ден асатын адамдар тұратын ауылды жерлер болған. Іле аймағындағы ауылдық жерлердегі бардык халықтарды қоса есептегенде 13000-18000 адамды құрайды делінеді. Қамалы жоқ елді мекендерде 13000-18000 мың адам болған. Үшінші қалашық баспаналарда феодал байлар мен әскери адамдар ғана тұрған, әрқайсында 100-250 адам аралығында болған, егер бұндайлардың төртеуі екенін ескерсек, олардың саны небәрі 400-1000 аралықты құрайды. Осы санның бәрін қосып алып есептесек Іле өңірінде 44-64 мың адам тұрған. Зерттеушілер: бұл санақ бойынша ауылды жердің халқы біраз ғана қалалық халықтан көп дейді. Ауылдық жердің тек отырықшы халқының санын ғана келтіріп отырмыз, ал көшпелі халықтың сандары әлі белгісіз, сондықтан толығымен қанша халық болғанын дәп басып айта алмаймыз дейді [6, 70-72 б.].

Антоновка (Қойлық) Іле бойында орналасқан VIII-XIV ғ.ғ. ең ірі қала. Қала Ащыбұлақ өзенінің жағасында Антоновка (Қойлық) селосының шығыс бөлігінде орналасқан. Қаланың көлемі оңтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай 1,2 км, солтүстік-батыстан солтүстік -шығысқа қарай I км қашықтықта созылып жатыр. Әр 20-25 м-де бір мұнарасы бар қала қабырғасының солтүтік -

шығыс жақтары жақсы сақталған. Қаялық қаласы туралы монах Г. Рубрук 1253-1256 ж.ж. Монғолияға жасаған сапарында Қаялық қаласы туралы мәліметтер қалдырған. Осы қалада 12 күн жатқан саяхатшы Қаялықтың үлкен қала екенін, саудагерлер көп екенін айтады және Қаялықтан 4,5 км несториандық елді мекенді көріп ішіне кіргенін айтады. Бұл елді мекен Лепсі өзенінің жартасты сайынан шыға берісте, сол жақ жағалауда орналасқан Лепсі қаласына сәйкес келеді. Ол арадан елшілер үш күннен кейін кейін теңізге жетеді. Теңіз елшілерге «мұхиттай буырқанып көрінеді». Жолдасым теңіз суын тартып көрмек болып, жағалауға жақындап барды. Дәмі кермек татиды, дегенмен де ішуге жарамды екен. Биік таулар арасында оңтүстік-шығыс бағытқа қарай кең жазық дала созылып жатыр. Содан ары таулардың арасында тағы да бір үлкен теңіз бар. Осы жазық арқылы бірінші теңіз бен екіншінің арасын жалғайтын бір өзен өтеді. Жазық далада ылғи да толассыз күшті жел соғып тұрады. Әрі-бері өтіп бара жатқан адамдар тіптен теңіз алып кетер ме екен деп қатты қорқатын.

Осынау бір «мұхиттай буырқанған теңізді» Алакөл екендігін білу қиын емес. Рубрукқа дейін осы жолмен П. Карпинидің елшілік тобы өткен. Қызығы, Карпини де Алакөлдің күздің күнгі желінің күштілігін баса көрсеткен. Ол тіпті «жартастың арасынан соғып тұратын жел» туралы аңызда қалдырған [5, 95 б.].

Қойлық қаласында қазірдің өзінде археологиялық экспедиция жүргізілуде. Жоғарыда көрсетілген «Средневековые города и поселение северо -восточного Жетісу» атты еңбекте Қаялық қаласы жөнінде жан - жақты мәліметтер берілген, қазба жұмыстары барысында үйлердің орындары, монша, будда храмы табылды. Будда храмы тік төртбұрыш және дөңгелек пішінді төбешіктер. Олар жеке тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстардың үйіндісі болып табылады. Қала қабырғасының сыртындағы, солтүстік жақта іргесінен бастап өлшегенде 30-35 м, биітігі 5 м болатын текше түріндегі төбе бар. Мұнда жүргізілген қазба жұмыстарының негізінде оның салыну жобасына қарап, будда храмы сияқты құрылыстарға ұқсастығын байқауға болады деп болжам айтады. Қазірге бұны нақты дәлелдейтін мүсіндер, заттар табылған жоқ. Храм XI ғ. соңы мен XIII ғ. басына жатады. XI-XIII ғасырларда буддизм Жетісуге Уйғыр мемлекетінен, Тибет және Таңғут империясынан келді. Жобасы бойынша 60х60 м текше түріндегі құрылыс. Ортасында көлемі 4,5х4,6 м болатын Құдайға құлшылық қылатын залы бар. Оның төрт қабырғасын айналдыра дәліздер салынған. Дәліздердің кеңдігі 2,5 м-ден 2,8 м-ге дейін жетеді. Құрылыстың қабырғаларына өлшемі 36х36х18 см сабан кірпіштер қолданылған. Сақталған қалдықтарына қарағанда ғибадатхананың едені күйдірілген кірпіштен төселген. Ғимаратқа кіретін қақпа оңтүстік батыс қабырғада. Басты кіреберіс тас блоктардың үстіне орнатылған екі кең колонналармен өрнектелген. Олар - жуан, діңі түзу, лаймен сыланып, тігінен қосылған бөренелер. Сыртқы есіктің ені 2,8, ішкі есіктікі - 3,5 м. Зертеу барысында храмның салынуының екі кезеңі анықталды. Алғашқы ғимарат құлап қалған. Шамасы жер сілкінісінен болса керек. Қабырғалырын тегістеп қалдырып, оның үстінен екінші құрылыс жүргізген. Бұрынғы қабырғалары төменгі бөлігіне екі қатар күйдірілген кірпіш қалап, қабырғаларын қайтадан тұрғызған. Құрылыс жобасы сол қалпында қалған өзгермеген. Солтүстік-шығыс , солтүстік -батыс дәліздердің едендері

малта тастармен толтырылып, топырақ, ұсақ тастар төсеу арқылы биіктетілген. Бұған оңтүстік-батыстағы дәліздің едені кірер есіктен бастап жоғарылай белбеу көтеріле түсуі дәлел. Соңғы ғибадатхана - қабырғасының биіктігі 3 м-ге жететін, сабан кірпіштерден салынған. Тек сыртқа қарай сәл көлбеу салынған, Төбенің кейбір белағаштарын ішкі қабырғаны бойлата жерге қазылып орнатылған тіреу бағаналар ұстап тұр. Бағаналар еден деңгейіне дейін тереңдетіліп орнықтырылған кеспелтек ағаштардың үстіне қойылған. Төбенің жапқан белағаштарының үстіне балшықпен қалың етіп сыланған қамыс салынған. Белағаштар темірден соғылған әр түрлі өлшемдегі шегелермен бекітілген. Олардың арасында 25см-ге жететін ұзындары да. 5-7 см болатын қысқалары да бар, тіпті төрт бұрыш шегелерде кездеседі [123, 41 б.]

2001 жылы археологтардың еңбектері нәтижесінде қазіргі Антоновка орнында орналасқан ортағасырлық қала Қаялықта хаммам - монша аршылып алынып, зерттелді.

Моншаның сырт көрінісі төртбұрышты (11,36x8,9 м) құрылысты аңғартады. Ол орталық залды және шығыс жақтан шығарылған есікті айналдыра салған сегіз бөлмеден тұрады. Оның құрылысына крест түріндегі жоба қолданылған.

Моншаның солтүстік жағында үйге жапсыра шағын айбан салынған. Осы жерден табылған төменгі бөлігінде тесігі бар хумдар (оларда шарап сақталынған) айбанның моншадан шығып дем алатын орын екенін дәлелдейді.

Моншаның негізгі немесе орталық қақпасы тамбур тәріздес дәліз түрінде жасалынған. Осы дәліз арқылы № 1 бөлмеге кіруге болады. Бұл бөлменің солтүстік жағында кішірек астауша бар (көлемі 100x50, тереңдігі 40 см-ден жоғары). Бөлменің батыс жақ бұрышынан шығатын тар дәліз орталық залға апарады. Ол орталық залдан моншаның кез - келген бөлмеге шығуға болады.

Моншаның әр бөлмесінің неге арналғанын да анықтауға болады. Кешеннің бірінші бөлмесі шешінуге және аяқ - қолды жуып шаюға арналған. Онда жылы суы бар терең, алайда онша үлкен емес астауларда болған. Осы арада моншаға түспес бұрын дене, аяқ - қолдарын шайынатын болған. Мұндай бөлмелер «аяқ жуатын бірінші және екінші бөлмелер» деп аталған.

Бұл бөлмелер бу қабылдайтын, емдік массаж жасайтын қызметтері бар «орталық залдың» кіреберісінде орналасқан. Тап осындай қызметтер орталық залға қосарлай салынған бөлмелерде де (№ 2) көрсетілетін болған.

Монша кешеннің ішінен жуынуға келген адамдарды қажетінше ыстық сумен қамтамасыз ету үшін арнайы «шаруажай» («№ 3») бөлінген. Мұнда су ысытатын ыдыстар қойылған.

Келесі екі бөлмеде (№ 4,6) орташа көлемді астаулар орналасқан. Ал бұдан басқа тағы екі бөлмеде (№ 7, 8) оларға қарағанда үлкендеу астаулар тұрған. Бұлар жууынуға арналған бөлмелер. Әдетте бөлмелердің температуралары бір - бірінен ерекшеленген. Олар орташа температурадағы «суық» және температурасы жоғары «ыстық» бөлмелерге бөлінген.

Кешеннің бес бөлмесінде астаулар орналасқан. Барлық астаулардың қабырғалары су өткізбейтін ақ түсті қалың қырман сыланған. Қырды дайындаудың әдісі өте қызық.

В.Л. Воронина ташкенттік қарт шеберден жазып алған осындай сылақ дайындаудың әдісін келтіреді. «Алдыменен таңдалып, сұрыпталып алынған таза әкті қамыстың күлімен жақсылап арластырады. Бұл арада күл әктің төрттен бірі немесе үштен бірі шамасындай көлемде қосылады. Әдетте күлді құмыра жасаушылардан немесе тері илеушілерден алған. Содан кейін әк пен күлді жақсылап ұнтақтап араластырады. Ол үшін қоспаны таяқпен ұзақ пісіп сабайды. Одан соң алынған ұнтақ қоспаны ыдысқа салып, үстіне су құяды. Олардың жақсы бірігуі үшін қамыстың басындағы ұлпасын қосады. Бұдан кейін бір ыдыс қоспаға 20-30 жұмыртқа салынады. Дайын болған қойыртпаққа жүзім сірнесін қосса да (жарты немесе бір шелек) болады екен. Содан соң сылақ жүргізу басталып, ол бірнеше күнге созылады. Алдымен бірінші жүргізілген сылақты кептіреді. Кепкен қыр бірнеше күннен соң жарылып кетеді. Жарықтар пайда бола бастаған кезде, ол жерлерге әбден сіңгенше жүзім сірнесі араласқан су сеуіп отырады. Одан соң жұмыр таспен үйкіліп, оның бетін тегістейді». Бұл сылақтың жақсы ұсталып, ұзақ сақталуына мүмкіндік береді [6, 50 б.]. Зерттеушілер келтірілген мәліметтер негізінен қазба кезінде табылған заттарға, қоныстарға зерттеу жүргізу барысында берілген. Қаялық Кеңес кезеңіндегі авторлардың еңбегінде кездеспейтін қалалардың бірі болып табылады. Кеңестік кезеңде 1968 жылы қазба жұмыстары жүргізілген, алайда қала туралы толықтай мәлімет берілмеген, ал қазір Қаялық қаласында зертеу жұмыстары жүргізілуде, алдағы уақытта қала туралы бұдан да басқа да еңбектер жарық көретініне сенімдеміз. Қала жайлы жасалынған мәліметтерді жүйелеп, нақтылап басқа еңбектермен салыстыра алмауымыздың басты бір себебі, қала туралы зерттеліп жазылған еңбектің жоқ болуы.

Осы еңбекте К.М. Байпаков, Т.В. Савельева, К.Чанг өздеріне дейінгі кейбір зерттеушілердің отырықшы мәдениеттің Жетісу жеріне монғолдардың келуімен күйзеліске ұшырап, қалалардың қирауымен байланыстырған ойларына қосылмай өзіндік пікір қалыптастырады. Олар: Өлкедегі отырықшы мәдениеттің дамуының келесі кезеңі, оның XIII ғ. Монғол империясының құрамына кірумен байланысты. Монғол татарлардың Іле аңғарын жаулап алуы барысында жергілікті қалалар қырғынға ұшырамады. Ұлы Жібек жолы бұрынғыдай қызмет атқара берді. Бұл кезде басты торапқа Алакөл маңынан басталып, Тарбағатай арқылы өтіп Моңғолияға - Қарақорымға апаратын тармақ қосылады. Солтүстік - шығыс Жетісудың Талхир, Алматы, Ілебалық, Эквиус және XIII ғ. бірінші жартысындағы «облыс астанасы» Қойлық қалалары транзиттік сауданың ірі орталықтарының бірі болатын. Талғар қаласында XIII ғасырға жататын құрылыс учаскелері ашылып, қыш ыдыстар табылды. Сол дәуірде айналымда болған теңгелердің көмбелері мен жекелеген олжалар бар. Алматыда өзіндік таңбасы басылған шағатайлық келпеттегі теңгелер шығаратын сарайлар істеді. Мұндай теңге сарайы Талхирде де болуы мүмкін дейді.

Бірақ зерттеушілер мұнымен монғолдардың келуімен қалалар мүлдем қирамады деген пікір қалыптастырмайды, XIII ғ. аяғында Алматы, Талғар, Шелек қалаларының қирағанын Моңғолдың Ұлы ханы Мөңкенің өлуімен, таққа

таласу кезіндегі соғыстар барысында қираған деп өз тұжырымдарын келтіреді [6, 132 б.].

Егер біз тарихты халықтың болмысы деп түсінсек, оған тарих кез -келген халықтың өткені мен келешегінің айнасы. Халықтар оған қарап бой түзейді. Тарих ғылымы сол халықтың даму заңдылықтарын зерттейді, ал халықтар оны қабылдаудың нәтижесінде келешекке барар жаңа жолдың соқпақтарына түседі. Құлаған «Совет өкіметінің біздің елімізде» коммунстік орнатпақ болып жөнсіз байбалам салып, халқымыздың жергілікті даму заңдылықтарын басып - жаншып, қырып - жойып әлек салған жорықсыз әрекетінен ешнәтиже шыққан жоқ. Оның басты себебі, әрбір халықтың жергілікті жағдайына байланысты даму заңдылықтарының бұзылғандығынан болған іс еді.

Әрине, бұл ойдан, онда қазақтар малмен мәңгі бақи малмен айналысуы керек екен ғой деген ой тумаса керек. Әрбір туған, пайда болған жаңалық жергілікті жағдаймен қабысуы қажет. Әрбір елдің ескісі мен жаңасы, жаңасы мен ескісі бірін-бірі қолдау қажет. Оларды іске асыратын ұлттық көсемдер болуы тиіс, және олар ондай ұлы көштерді өздері басқаруы керек. Жаңалық сонда ғана баянды болады. Сондықтан біз халқымыздың өткендегі өмірінің жақсы жақтарына сүйенбей келешекке жол сала алмаймыз.

Тарихнамада алғашқы кезеңде түркілер, жалпы көшпелі халықтар дамуы жағынан артта қалған, кембағал мәдениет иелері деген пікірлер қалыптасты. Бірақ әлемдік дамуда орын алған өзгерістер, сондай-ақ тарих ғылымының тамаша жетістіктерге жетуімен мәселелені зертеуде жаңа кезең басталды. Сондықтан түркі халықтарының ортағасырлық қалалар мәселелері өткен ғасыр басында жандана түскен археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты көшпелі мәдениет және отырықшы өркениеттердің өзара байланысы мен әсерлесуі деген мәселесі көтерілді.

Тарихи білімдердің кеңейуі мен жаңа деректер тобының ғылыми айналымға енуі нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағындағы қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы және осы кезеңдегі рөлі туралы нақты зерттеулер жүргізіліп, дәлелденген кесімді пікірлер айтылды. Бірақ, тарихнамалық ойдың даму үрдісін бақылай отырып, кей зерттеушілердің тарихнамадағы ескірген көзқарастар шеңберінен әлі де болса шыға алмай отырғандығын көреміз. Осы соғдылық мәселесі туралы біздің зерттеуіміздің ауқымында А.Н. Бернштам пікірлерін кеңестік кезеңдегі авторлардың көп бөлігі қолдады. Бұған қарсы пікір айтқан М. Елеуов, У.Х. Шәлекеновтер пікірлері көңілге қонымды, алайда кең көлемде арнайы зерттеуді әлі де болсын қажет етеді.

Біздің бұл жұмысымызда Жетісу қалалары жөнінде жазылған еңбектерге біршама тарихнамалық талдау жасалынды. Кеңестік кезеңдегі еңбектерде Жетісу өңірінің қалаларының негізгі көп зерттелгені Шу, Талас аймағындағы қалалар, сонымен қатар қазіргі Қазақстандық археологтар арасындағы талас тудыртып келе жатқан «Баласағұн мәселесі» өзінің бастауын осы уақыттағы авторлардан алады.

Жетісу өңірінің Қазақстандық тарихнамасы тарауында кеңестік кезеңдегі авторлардың еңбектерімен салыстыра отырып, қалалардың біразына тоқталдық.

У.Х. Хамзаұлы, М. Елеуовтың, К.М. Байпақовтардың «Баласағұн мәселесі» туралы пікір - таластарын, ой - тұжырымдарын келтірдік.

Сонымен қатар ұзақ жылдар бойы жинақталған археологиялық материалдарды ой сараптарынан өткізу арқылы солтүстік Шығыс Жетісудың ортағасырлық қалалары мен қоныстары жайлы толық түсінік беретін К.А. Байпаков, Т.В. Савельева, К. Чанг атты үш автордың «Средневековые и поселения Северо - Восточного Жетысу» еңбегі Іле өлкесіндегі VIII-IX ғасырлардың мәдени қабаттары бар қатарына жататын Талғар, Шелек, Дүнгене, Қойлық, Алмалы қалалары туралы мәлімет беретін бірден-бір еңбек. Біз еңбекті қарастыра отырып, Талхиз, Қойлық қалаларына тоқталдық. Еңбекте осы өлкедегі отырықшылық мәдениеттің сонау қола дәуірінен бастау алатыны дәлелденді.

Жетісу өңірі туралы еңбектердің көбі Тараз, Ақтөбе, Талғар, Құлан, Мерке қалаларына арналған, қазіргі уақытта жан - жақты, терең зерттеле қоймаған қалалар қатарына өзіміздің ірі орталықтарымыздың бірі Алматы қаласын жатқызуға болады. Қала әлі де өз тарихын ішіне бүгіп жатыр, Алматыны зерттеп ғылыми еңбек шығару болашақтың, яғни біздің еншімізде.

Соңғы уақыттарда қаланың (Алматының) іргетасы қай уақытта салынғандығы туралы көпшілік арасында пікір-талас туындады. Шовинистік пиғылдағы өлкетанушылар (Поздеев-Башта А.Г., т.б.) 1854 жылы мұнда салынған Заилийск (кейіннен Верный) бекінісіне орай қаланың 150 жылдық тарихын тойлауды ұсынды. Бұған бұқаралық ақпараттар көзінде бірнеше мақалалар жарияланды. Көпшілік мақалаларда «Бабырнама», «Тарих-и-Рашиди» сияқты көне деректемелердегі Алмату қаласының тарихы орта ғасырлармен мерзімделетіндігі айтылып, мұндай олқылықтарға жол берілмеуі қажет екендігі айтылды. Олардың арасынан тарихшы Досалы Салқынбектің «Алматы қаласы қашан пайда болды?» деген «Қазақ тарихы» журналына шыққан (2004, №1) мақаласын ерекше атап кетуге болады. Ол ғалым қаланы зерттеуге үлес қосқан мамандардың еңбектерін саралай келе, мұндай бассыздыққа жол берілмеуі тиіс екендігін жазды.

Кезінде В.Н. Настич анықтаған Алмату қаласының хронологиялық мерзімі Х-ХІІІ ғасырлардан басталатынын білмейтін өлкетанушылар бірқатар ғалымдардың еңбектері жарияланғаннан кейін бұл мәселе күн тәртібінен алынып тасталды. Қала тарихына қатысты іргелі зерттеулердің қатарына З. Самашев, Ф. Григорьев, Г. Жумабекова сынды археологтардың «Древности Алматы» [61] атты еңбегін жатқызуға болады. Онда қала төңірегін ілкі замандардан мекендеген ата-бабаларымыздың археологиялық нысандары жайлы нақты ақпараттар берілген.

Мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және оны қолданудағы бетбұрыс Елбасы Н.Ә. Назарбаев бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттермен қатар мәдени мұрамызды дамыту мәселесі жайлы айтқан үндеуімен тығыз байланысты. Осыған орай 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламасы жасалды.

Қазіргі уақытта көптеген қалаларда зерттеу жұмыстары қолға алынып, жүргізіліп жатыр. Мұндай археологиялық ескеркіштер қатарында Антоновка

(Қойлық), Талғар (Талхир), Ақыртас, Жуантөбе (Усбаникент), Қараспан (Қарасман қаласы), Отырартөбе (Отырар), Сауран, Жайық қалалары бар.

Осылайша қорытындылар болсақ, Жетісу жеріндегі қалаларды зерттеу негізгі үш кезеңге бөлінеді. Біріншісі – кеңестік дәуірге дейінгі, екіншісі – кеңестік дәуірдегі және үшіншісі – тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер. Әрбір кезеңнің отандық тарихнамада өз орны бар. Оларды жеке-жеке қарастырмай, тек тұтас қарастырғанда ғана Жетісудағы қалалық мәдениеттің қыр-сырына терең үңілуге болады.

2.2 Оңтүстік Қазақстандық Ұлы Жібек жолының қалалары жөніндегі зерттеулер: мәселелері және бағыттары

Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тарихнамасын жазбас бұрын алдымен, мұнда жүргізілген археологиялық зерттеулерге шолу жасап кеткен жөн сияқты. Себебі, біріншіден, қалалардың зерттелу тарихын білмей, тарихнамасына тоқтау мүмкін емес. Екіншіден, бұлай жасау арқылы біз өңірдегі қалаларда жүргізілген ізденістерді бір жүйеге келтіреміз. Сөйтіп, мұнда атқарылған жұмыстарға тарихнамалық талдау жасай аламыз.

1917 жылы азамат соғысы басталып Қазақстанның көптеген аймақтарында археологиялық зерттеу жұмысы тоқтайды. Кеңес үкіметі кезінде басталған археологиялық жұмыстардан Оңтүстік Қазақстанның кейбір жерлері, оның ішінде Отырар өңірі тыс қалады. Тек қана Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін 1946 жылы Қазақ ССР ғылым академиясы құрылғаннан кейін, (Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты) 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы бұл өңірдің ескерткіштерін зерттеуді қолға алады.

Экспедицияға Ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам [124] жетекшілік етті. Экспедиция құрамында Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Г. Кушаев, С.С. Сорокин, Л.Я. Маловицкая, Г.Г. Бабанская, Н.С. Куликова, Л.Г.У. студенті Ю.А. Заднепровский және Шымкент обл. музейінің қызметкері В.Н. Никонов болды. Бірінші кезеңде негізінен ескерткіштерге барлау жұмыстары жүргізілді (топографиялық сызба, үстіңгі қабат керамикаларын жинастыру) [46, 112 б.].

Экспедицияның зерттеу жұмыстарының бір объектісі Отырар оазисі болды. Бірінші жылы оазистің Пышақшы, Алтын, Құйрық төбелер, сонымен қатар, Сырдарияның сол жағалауындағы Оқсыз, Артық-ата, Қауған ата және Сумағар төбелері зерттелді. Қалалардың өмір сүру кезеңі скиф-сармат-монғол-темірліктер заманы деп анықталды [46, 135-142 б.].

Экспедиция жұмысының екінші жылғы қорытындылары маңызды болды. Бұл кезде 11 қорған тобы, 24 қалашық орны анықталып зерттелді. 1948 жылғы жұмыстардың маңыздысы Ақтөбе, Алтын тау, Тарса төбелерге қазба жұмыстары жүргізілді. Қазбадан табылған керамикалар Сырдария бойындағы қалалардың керамикасымен ұқсастығы көп болды. Бұл А.Н. Бернштамға кангюи-қаратау мәдениеті туралы тұжырымдауға мүмкіндік берді [46, 59-99 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы археологиялық зерттеудің сол кезеңдегі басты жетістіктерінің бірі тарихи шолудың жасалуы. Келесі кезеңдерде ОҚАЭ барлау маршруттарынан басқа Құйрық төбе, Көкмардан, Алтын төбе және

Бөріжар мазараттарына қазба жұмысы жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бұл жерлерде б.з. алғашқы ғасырларында отырықшы елді-мекендердің болғанын, олардың санының VIII-X ғ.ғ. азайғанын және XIII-XIV ғ.ғ. тіршіліктің Отырар маңында шоғырланғанын анықтады [125].

1949 жылы экспедиция Созақ, Қаракөншек, Көк-мардан, Жалпақ төбе, Отырар, Сығанақ, Сүткент, т.б. ескерткіштерден шыққан 113 керамика үлгілерін Шымкент музейіне өткізді. Экспедиция 6 жыл ішінде (1941 — 1951 ж.ж.) Оңтүстік Қазақстан жерінде кең түрде барлау жұмыстарын жүргізді, шурфтар салды, қалашықтар мен мазараттардың даталары белгіленді. Бұдан кейін ОҚАЭ жұмыстарына Е.И. Агеева [47, 55 б.] басшылық жасады. Бұл кезеңнің зерттеу жұмыстары Е.И. Агеева [125, 86-88 б.], Г.И. Пацевич [49, 10 б.], А.Г. Масимовалардың еңбектерінде жарияланды. Онда Отырар, Көк-мардан, Күйік мардан (Қоңыр төбе), Алтын, Пышақшы төбелермен қатар Қарақоңыр маңындағы (Темір ауылы), Талтақай қасындағы бірнеше қорымдарды анықтайды.

1960 ж. Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Қазақстанның археологиялық картасы» атты кітап шығарылды (кітап құрастырушылар Е.И. Агеева, К.А. Акишев жауапты редактор, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова) [126].

Жинақта республиканың басқа өңірлерімен бірге Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы да толымды мәлімет берілді. Аталған еңбектің отандық тарихнама үшін маңызы өте зор болды. Енді қалалардың немесе басқа кезеңдердің нысандарын зерттеушілер өздеріне қажетті соңғы мағлұматтарды ала алатын еді. Оңтүстіктегі әрбір ескерткіш осы кітапта тұңғыш рет толыққанды тарихымен жазылып шықты. Қалаларды зерттеген экспедициялар, археологтар мерзімдеген уақыт, алынған негізгі материалдар, қалалардың аумағы, шыққан бұйымдар, т.б. проблемалар осы жинақта сол кезде-ақ айтылып кеткен. Қазіргі уақытта, археологиялық зерттеулер мейлінше дамығандығын кітаптағы ескерткіштер санынан-ақ көруге болады. Айталық, бұл кітапта Отырар ауданы бойынша 43 ескерткіш қана белгіленген. Оның 15-і қалашық, 10-ы елді мекен, 1- керуен сарай, 9- қорған, 4- мола, 1- көмбе. Отырар (бұрынғы Қызылқұм) ауданына қарасты Шөгірлі, Төрткүл, т.б. бірнеше ескерткіш аудан Арыс, Қызылқұм ауданы болып екіге бөлінген кезде Арыс ауданының жерінде қалып қойды. Аталған статистикалық мәліметтер осы уақыт аралығында біршама көбейген. Бүгінгі күні Отырар ауданының өзінен ғана 200-ден астам ескерткіштер анықталған [71, 248 б.]. Олардың жартысынан астамы қалалар мен қоныстар, кенттер болып табылады [127].

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы XX ғасыр 50-60 жылдарында республиканың оңтүстік аймақтарында елеулі жұмыстар атқарған болатын. Бұл экспедицияның отрядтары Оңтүстік Қазақстан қалаларының біразында стационарлық жұмыстар жүргізген. Солардың бірі – ортағасырлық Баба-Ата қаласы. Ол облыс аумағының теріскейінде орналасқан. Ертеден-ақ, отырықшылық мәдениеттің ірі ошағына айналған бұл қаладан құрылыс орындары, махаллалар, ғимараттар аршылып, қалалық мәдениеттің соны материалдары алынды [47, 75-82 б.]. Баба-Атаның өзіндік зерттелу тарихы бар.

Оны алғаш рет 1818 ж. Г.И. Спасский зерттеп, кейінгі орта ғасырларға жатқызды [128]. 1948 жылы зерттеу жүргізген Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә.Х. Марғұлан) есебінен кейін оның мерзімі біршама көнеленді [129]. Нақты мәліметтер Е. Агеева басқарған археологиялық отряд жұмысының арқасында алынды [130]. Ескерткіштің цитаделінде, шахристаны мен рабадында жүргізілген қазба жұмыстары отандық археологияның жарқын беттерінің бірі болып табылады.

1961 ж. жаз айында Қазақстан ғылым академиясы Отырар қаласының орнына үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді жобалайды. Бұл жұмыс кейінге шегеріледі.

1966 — 1967 жылы Отырар өңіріндегі ескерткіштерді зерттеумен Жетісу археологиялық экспедициясы айналыса бастайды. Экспедиция Бөген өзенінің төменгі ағысындағы Мергенбай, Ақтөбе қалашықтарын зерттеді. Сонымен қатар, 1967 жылы Сырдарияның сол жағалауындағы Сумағар қалашығында болады.

Осы жылы (1966 ж.) Отырар өңірінің Мәслихат, Ақтөбе, Сумағар т.б. ескерткіштерінде зерттеу жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының құрамында Б.В. Андриянов пен Б.И. Вайнберг болды. Бұдан кейін Оңтүстік Қазақстанда оғыз қалаларының зерттелуі жаңа кезеңді басынан кешіре бастады. Оған жоғарыда аталған экспедиция көп септігін тигізді. Экспедиция негізін қалаған – С.П. Толстов. Бұл экспедиция Хорезм маңынан басқа Оңтүстік Қызылқұм, Солтүстік Қарақұм, Каспий теңізі маңы мен Арал өңірі, Сырдария төменгі ағысы сынды көптеген тарихи-мәдени аймақтарда, жазираларда көп жұмыстар атқарды. Жұмыстардың нәтижесінде тарихи дамудың кезеңдері қайта қарастырылды. Әмудария мен Сырдария бойындағы қалалардың сан алуан проблемалары жаңа қырынан ашылды [131]. Ежелгі оғыз қалаларындағы халықтың діни наным-сенімдері, қоныстар мен қалалардың дамуы, жекелеген аудандардағы этноүрдістер, т.б. сауалдар экспедиция мүшелерінің ғылыми ізденістерінде кеңінен өрбітілді [132].

Көптеген қалалардың негізін салуға «Алты Алаштың» перзенттері қатысқан, олардың ішінде ежелден отырықшылық өмір сүрген оғыз тайпалары болған. Олар да Қазақстан аумағындағы көпшілік қалалардың іргетасын қаласқан. Сондықтан оғыздардың қалаларынан деректер келтірейік.

Түркілердің басым көпшілігі отырықшы болып, ежелден тұрақты мекендер мен қалалар салғанын дәлелдеп, отырықшы өркениеттің негізін салғанын айқындайтын ғылымның әдеби бұлақтары жеткілікті. Б.з. V — VIII ғғ. түркі халықтарының этникалық құрамын тұжырымдап айтатын «Алты Алаш» ұғымы пайда болып, оған төмендегі тайпалар кірген: қыпшақ, тоғыз-оғұз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғұз. «Алты Алаш» сөзі Білге қаған мәтінінің түсініктемесінде былай берілген: «Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түркі төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік, ынтымақта болса, қағанат айбарлы, қаһарлы. Алтауы араз болса, қағанат әлсіз. Олар түркі қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған» [133].

Бұл пікірдің негізі бар екенін нақтылайтын Білге қаған мәтінінде мынандай дерек бар: «Алты тақ иегерлері». Осы алты кіші хандықтың ордасын

не деп атағанын іздестірдік. Таңқаларлығы соншалық, кіші ордаларды М. Қашқари «алачу» (alacu) деп атапты. XI ғасырға дейін халық арасында қалыптасып, XI ғасырдың басында жазылған хатқа түскен атау. «Alacu» — кіші орда... Бұл тарихи дерек, алты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған.

Түркілер қағанат орталығын Орда деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» деп атағаны бізге осылайша белгілі болды. Олай болса, байырғы түркілердің осы алты тайпасы кейін «Алты Алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүкіл бүтін оғұз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-оқ түркештердің кейінгі ұрпағы — қазақ халқының ұранына айналған [133, 202 б.].

«Алты Алаш» сөзінің семантикасы түркілердің аттары аталған алты тайпасының бірлескен ордасы деген пікір шындыққа келетін сияқты. Бұрынғы жарық көрген тарихи, лингвистикалық әдебиеттерде «Алты Алаш» сөзінің келіп шығуына, оның семантикасына әртүрлі пікірлер айтылғанмен, оның ғылыми анықтамасы жеткіліксіз болатын. Енді Орхон ескерткіші мен М. Қашқаридың қалдырған деректерінің шындыққа жақын екенін байқауға болады. Қазақ халқының арасында «Алты Алаш» сөзі жиі қолданылып жүргенімен, оның семантикасы мен пайда болуы туралы түсінік жоқтың қасы, оны әркім өздерінше түсіндіруге ұмтылатын. Сөйтіп, «Алты Алаш» дегенде, барлық қандас, тілдес халықтардың бірлігін түсінеміз. Кейін, түркілердің бірлестігі ыдырап, өзара енші алысып кеткенде, оның ортасында мекендеген қазақтар түркілердің қара шаңырағына ие болып қалған.

XX ғ. қазақтың көрнекті ақыны М. Жұмабаев түркілердің тарихын жетік білген, оның тарихына терең қараған. «Түркістан» атты шығармасында «Алаш» деген сөзді бірнеше жерде келтіріп, ертедегі түркілердің бәрін алаштың ұрпақтары деген, Тұран елі, Амудария, Сырдария алаштардың отаны екеніне айрықша көңіл бөліп, бұл жерде бабаларымыз қоныстары және молалары (бейіттері) сақталғаны, соның куәгері екенін тілге тиек еткен. Міне, Тұран елінің қақ ортасында, етек-жеңін көтермей, «қара шаңырақ» иесі қазақ халқы екенін мақтаныш етеді. Сондықтан да «Алты Аталы алаш» болған кездегі ірі-ірі тарихи оқиғалар қазақ халқының санасында, ауыз әдебиетінде мықты сақталғандықтан, алаш сөзін тұрмыста жиі-жиі қолданады. Енді оның семантикасын білуге қол жеткіздік. ұлы жеңілмейтін құдіретті күш екенін баяндаған. Бұл тұжырым тарихтың барлық кезеңдерінде де өзекті мәселе. Міне, осы Білге қаған кезінде барлық түркі тайпалары бірігіп, «Алты Алаш» деген канатты ұғымға қол жеткізген болуы тиіс.

Осындай «Алты Алашқа» біріккен тайпалар, Орталық Азияны түгел, Солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік жағасына дейін мекендеген түркілер шетінен көшпелі болмай, отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты мекендер мен қалалар салған. Олардың ертедегі қоныстарын археологтар жылма-жыл ашып жатыр. Солардың ішінде, өзендер мен көлдердің, теңіздердің алқаптарын жайлаған көп санды оғыз тайпалары. Енді, сол тайпалардың салған қалаларына қысқаша тоқталайық.

Жалпы түркілердің өркениетті мәдениетінің зор болуы, ол да болса отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі шаруашылықтардың қосындысының (синтезінің) нәтижесі деген көзқарастамыз. Өте бай, кең-байтақ өлкені (регионды) мекен еткен түркілер, ерте заманнан бастап-ақ, өз Отанының табиғи-жағрафиялық ерекшеліктеріне икемделіп өмір сүрген. Отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты баспаналар мен қалалар, бекіністер салып, оларды өздерінің заттай, рухани мәдениеттерінің орталығына айналдырған. Жартылай шөлді аймақта отырықшылық, көшпелі тұрмыс кешірген. Шөлейттік жерлерде көшіп-қонып, төрт түлік малды өсірген. Каспий, Арал сияқты теңіздер мен көлдерде, өзендерде балық аулаған. Аталған көп салалы шаруашылықтың түрлерімен айналысушылар өзара, ұдайы қарым-қатынас жасап, өздерінің өнімдерімен, рухани байлығымен алмасып отырған. Осындай кешенді шаруашылықтардың негізінде өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, оны ұдайы дамытқан. Оның үстіне, түркілер шығыстағы көршісі Қытай, оңтүстіктегі Үнді, батыстағы Алдыңғы Азия, Еуропа елдерімен үздіксіз қарым-қатынас жасаған. Міне, осындай жағдайда түркілер өз мәдениетін өркениетті дәрежеге жеткізген. Оның орталығы түркі, қалалары мен отырықшы мекендері болған.

Ертедегі ортағасырда Орталық Азияда тұрақты мекендер мен қалаларды салған түркі тайпаларының бірі — оғыздар. «Оғыздар (араб және парсыша — гүз, ғузз; ежелгі түрікше — оғуз; қазақша — оғыз) — ертедегі ортағасырда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген түркі тілдес тайпалар» [134]. Олардың тайпа екенін қазіргі Түркияның ғалымдары да мойындайды: «Оғыз» сөзінің мағынасына қатысты түрлі пікірлер айтылады. «Оғыз» сөзі түркі тілінде сол кезде «тайпа» мағынасына келетін «оқ» сөзіне түрікшедегі «з» көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалып (оқ+из), «тайпалар» дегенді білдіреді» [135].

XI ғ. жасаған әйгілі түркі ғұламасы Махмұт Қашқари түркі тайпаларын мейлінше аралап, деректер жиып, өзінің мәңгілік мұрасы етіп, кейінгі ұрпақтарға қалдырған «Түрік сөздігі» атты еңбегінде: «Оғұз: оғыз. Түрік тайпаларының бірі. Оғыздар — түркмендер. Олар жиырма екі ұрық; әрбірінің айырым-белгілері мен малға басатын таңбалары бар. Руларды, бір-бірінің малын сол таңбаларға қарап таниды.

Бұл ұлыстардың тегін білуге адамдардың ынта-ықтияры болғандығы үшін мен оларды бір-бірлеп жазып шықтым. Бұл таңбалар ат, мүлік пен малдарының белгілері...

Бұлар негізгі тайпалар. Олардың әрқайсысының аймақтары бар. Қысқарту үшін оларды жазбадым...» [136, 85-87 б.] – дейді.

Келтірілген үзіндіде, М. Қашқари оғыздардың тайпа екенін нақтылы, ашық айтуымен қатар, олар түркілердің ішіндегі негізгі тайпалар деп айтуында үлкен мән бар екенін меңзейді. Соған қарағанда, оғыздар саны және жайласқан аймақтары жағынан да көп көлемге таралған, өскен түркілердің басты тайпалары екенін байқаймыз. Тілекке қарсы, олардың жайласқан аймақтарын әдейі көрсетпегенін баяндаған. Егерде, оны жазып қалдырғанда, оғыздар туралы мағлұмат молырақ болар еді.

Бізге белгілі тарихи деректерге қарағанда, оғыздар Ыстықкөл, Сырдария, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген көрінеді. М. Қашқарида: «Окуз: Жайхун мен Фират (Еврат) секілді үлкен дарияларға берілген ат. Бұл сөз жалғыз қолданғанда оғыздарша Venegit:: Бенегіт-Бенегит» дариясы деген ұғымды білдіреді. Олардың шаһарлары сол өзеннің жағалауларына орналасқан; олардың көшпенділері де сол дария жағалауларында тіршілік етеді. Түрік өлкелерінің басқа бірталай өзендері мен өлкелері де «Өкүз-Өкүз» деп сол атты алған, солай аталады. «Ілэ: Па-Іле» мен «Лафынш: Иафынш-Иафынш» арасында орналасқан бір қала да «Лкі өдүз: Ики өгүз - Екі өгіз» деп аталады.

Өгүз: өгіз. Мақалда былай айтылады: «Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі». Бұл мақал «басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық» [136, 87-88 б.].

Ұлы ғұламаның еңбегінен келтірілген деректерге қарағанда, оғыз тайпалары Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі өзендердің (дариялардың) алқаптарында жайласып, ол су жүйелерін өздерінің этникалық атымен жалпы Өкүз (өгіз) деп аталған. Үлкен дарияларға жекелеп Бенегит деген ат берген. Соған қарағанда, үлкен аймақтағы өзендер мен өлкелерді оғыздар өзара бөлшектеп орналасқанын байқаймыз. Бұл жерде автор Жетісудың ең үлкен өзені болған Ілені де атайды. Сөйтіп, оғыздар Сырдария, Шу, Талас, Жетісу, Ертіс аймақтарын мекендеп қана қоймай, олар Шығыс Түркістандағы Тула-Селенга өзендерінің өңірінде өзінің қағанатын 630 жылдары құрғаны айтылады [135, 73 б.]. Бұл пікір М. Қашқаридың айтқанына тура келеді: «Рум жерінен Шынға (Қытайға) дейін тіршілік ететін оғыздар мен көшпелілер бірқатар сөздерді жеңілдетіп айту үшін іс-әрекеттің ұластылығын білдіретін «Ғ» мен «Г» әріптерін түсіріп айтады» [136, 584 б.]. Бұл жерде де, автор оғыздардың Византиядан Қытайға дейінгі жерлерде жайлайтынын баяндайды. М. Қашқари «Шігіл» деген сөздің мағынасына тоқтап, Шігіл түркілердің үш аймағының атауы екенін айтады: Барсғанның, Талас қаласының, Қашқар өңірлерін жайлайтын түркі тайпасының. Олар оғыздармен тату тұрмағанына тоқталып: «Оғыздар да сол төңіректегі жерлерде тіршілік еткен және шігілдермен үнемі қақтығысып, соғысып отырған, олардың арасындағы алауыз жаулық бүгінгі күнге дейін сақталып келеді» [136, 452 б.] – деген.

Бұл дерек бойынша, шігілі, оғыз тайпалары Ферғана, Ыстық-көл, Сырдария, Шығыс Түркістан жерлерін мекендеген көп санды этникалық топтар. Олардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүріп, егіншілікпен айналысқан. М. Қашқаридың айтуына сүйенсек, әсіресе, оғыздардың көпшілігі тұрақты мекендер мен қалалар салған.

Ұзақ жылдар бойына тарих ғылымында үстемдік еткен түркілер туралы айтылған евроцентристердің пікірлерінің жалған екенін жазба және археологиялық зерттеулер әшкерелейді. Түркілер ежелден шетінен көшпелі болмаған. Олардың отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды, тұрақты мекендерді өздері ерте заманнан бастап, Тұран өлкесінде салғандағы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиабпен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемдерде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде көп жазылған. Атақты

шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиаб жан-жақты суреттелген. Шығармада Афрасиаб Тұран (жалпы түрік әлемінің) патшасы (ханы, қағаны) әрі елін парсылардан қорғаушы, қолбасшы болып бейнеленген. Оның әкесі — Бешен (Бошан), ағасы — Перен, балалары — Барысхан, Қарахан, Шиде, Алақ, қызы — Қаз [137]. М. Қашқари «Афрасиаб: Алып, батыр» — деп жазған.

Бізге белгілі деректерге қарағанда, Афрасиаб барлық түркілердің құрметіне бөленген көсемі. Ол Амудариядан солтүстікке қарай созылып жатқан Орталық Азияны түгел басқарған, кеңбайтақ жерді «Афрасиаб әулеті» билеп, қалалар, ордалар салдырған. Оған бағынған елдер — оғыз, қарлұқ, қимақ, беркен, қаңлы, хазар. Міне, Афрасиаб билеп тұрғанда, түркілер бірнеше елдерден, мемлекеттік құрылымдардан құрылған ұлы мемлекет болған» [3, 95 б.].

М. Қашқари «Түрік сөздігі» атты еңбегінде Мауераннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан жерлерінде түркілердің, әсіресе, оғыздардың ірі-ірі қалаларының Афрасиаб кезінде салынғанын жазған: Ниса, Мерв, Термез, Самарканд (Афрасиаб), Бұхара, Соғдақ, Мар, Пайкент, Ферғана, Ахсикет, Ходжент, Өзкент, Ош, Ташкент, Түркістан, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудақент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және т.б.

Осы қалалардың көпшілігі оғыздар тайпасының салған қалалары екенін ашып айтқан. Осы еңбегінде: «Орда. Хан қаласы. Орда кент. Баласағұн»; «Кенд: кент: оғыздар және оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде «қыстақ» деген мәнде, түрік халықтарының көпшілігінің тілінде «шаһар, қала» дегенді білдіреді. Осыдан алып, Ферғананы «Өз кенд: Өз кенд - Өзкент» деп атаған, «өз шаһарымыз» дегендегісі. Сол сияқты үлкен қала болғандықтан «Semіз кенд: Семіз кенд — Семіз қала; семіз кент» солай аталған. Мұны парсылар «Samaг kand: Самар канд - Самарканд» дейді. Балық: исламдықтан бұрын, ілгері замандағы түрік тілінде шаһар, қала. Ұйғыршада да айтылады. Ұйғырлардың ең үлкен шаһарларының бірі «Бес балық» деп аталады. Бұл «Бес қала» деген мағынада» [3, 90-103 б.].

Тарихта дәлелденген мәселенің бірі, оғыздар осы күнгі түрікмен, әзірбайжан, Осман түріктерінің этногенезіне белгілі үлесін қосқан тайпа. Олар ертедегі ортағасырда Орталық Азияны мекендеген. Кейін әртүрлі тарихтың тәлкегімен оғыздардың бір бөлігі батысқа қарай жылжып, жаңа қоныстарға ие болған. Солай болса, олар ертеде отырықшы мәдениеттің орталықтарына айналған қалалар салған, әсіресе, Ұлы Жібек жолдарында.

Оғыздар батысқа жылжып барған жерде, бұрынғы тәжірибелері бойынша тұрақты мекендер мен қалалар салған. Сельжук пен Осман империясы кезінде, оғыздардың Алдыңғы Азияның бірқатар жерінде, атап айтқанда, осы күнгі Иран, Сирия, Рум жерлерінде тұрғызған қалалары болған: Стамбул, Анкара, Измир және т.б. Сондықтан да, Осман түріктерін бұрын көшпенді болды деудің ешбір қисыны келіспейді. Олардың бабалары оғыздар отырықшы мәдениетті пайда етуші өркениетті ел болған. Оны өздерінің жаңа қоныстарында іске асырған.

Бұл ғылыми тұжырымды кейбір Түркия ғалымдары өздерінше былай түсіндіреді: «Еуразия территориясы, яғни Байкалдан Балқан жарты араларына дейінгі кең алқаптар атты көшпелі мәдениет үшін барынша ыңғайлы мекен болған. Сондықтан да дала мәдениеті осы аймақтарда қалыптасқан.

Дала мәдениетін көшпенді мәдениетпен шатастырмау керек. Дала мәдениеті ат, қой және темірден құралғандықтан көшпенділердің өміріндегі сияқты ат бірінші орында тұрмайды. Ал, темір көшпенді қауымның мәдениетінде кездеспейді. Осы тұрғыдан дала мәдениеті мен көшпенді мәдениет бір-бірінен өзгеше болады» [3, 54 б.].

Бұл келтірілген үзіндіде авторлар ертедегі түркілердің мәдени дамуын екіге бөледі: дала және көшпелілер мәдениеті деп. Бірақ бұл екеуінің бір-бірінен қандай ерекшеліктерімен бөлінетініне анықтама бере алмаған. Байкалдан Балқанға дейінгі кеңбайтақ аймақты егіншілер де, қолөнершілер де, малшылар да, балықшылар мен аңшылар да мекендеген. Дала деп жүргеніміз, біздіңше, бүкіл Орталық Азия, Кавказдың солтүстігі, Қара теңіздің солтүстік жағалауларына кіретін түркі әлемінің ежелгі қоныстары. Тарихшылардың көпшілігі «дала» деген сөзді басқаша түсінеді. Олай болмау керек. Дала дегеніміз жалпы түркілердің автохтондық Отаны. Осы Отанында түркілердің басым көпшілігі отырықшы, жартылай отырықшы болып, тұрақты мәдениеттің іргетасын қалаған. Олардың ішінде шөлдік аймақтарда көшпелі өмір сүрген түркілер өз үлестерін қосқанына жоғарыда тоқталып өттік. Сөйтіп, түркі өркениетінің негізін көп салалы шаруашылық құраған. Бұл пікірді дәлелдейтін тарихи деректер жеткілікті. Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі айтылып жүрген «дала» және «көшпелілердің мәдениеті» деген ұғым ғылыми жақтан дәлелденбеген пікір.

1969 — 1970 жылдары Отырар өңірінің ескерткіштерін К. Акишевтің басшылығымен Отырар археологиялық экспедициясы зерттеді. Жұмыстың мақсаты Отырар өңірінде кең түрде қазба жұмыстарын жүргізуге дайындық болатын: ол маршрутты іздестіру, археологиялық-топографиялық жұмыстар, аэро-фото сурет және әуебарлау, стратиграфиялық қазба мен тікқазба (шурф) салу жұмыстарын қамтиды.

К. Акишев сол кездегі республика басшысы Д.А. Қонаевқа 20 жылдық бас жоспары бар Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясын құруға ықпал етеді. 1971 жылы ОҚКАЭ құрылып, жыл сайын 100 мың сом қаражат бөлініп тұрды. Бұл қаражат археологиялық зерттеулермен қатар Шәуілдірде шеберхана, қойма, гараж, жатақхана, асхана, коттедждер, лабораториясы бар үлкен археологиялық база салынды. 30 жылға созылған кең көлемді ғылыми жұмыстар Отырар өңірінің көне тарихының жаңа бетін ашып берді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бірнеше ғылыми кітаптар, монографиялар, альбом-кітаптар, жүздеген ғылыми мақалалар баспа беттерінде жарияланды.

Экспедиция құрамында К. Ақышев, К. Байпақов, Л. Ерзакович, В.А. Грошев, Б.Н. Нұрмұхамбетов, Х. Алпысбаев, Е. Смағұлов, Н. Алдабергенов, Ж. Таймағамбетов, Т.Б. Савельева, т.б. археолог ғалымдар болды. Экспедицияның алғашқы жылында (1972 ж.) К. Акишев, К. Байпақов, Л.

Ерзаковичтердің орыс тілінде, Отырар өңірінің тарихы орта ғасырдан қазіргі кезеңіне дейінгі зерттелуіне кең түрде шолу жасаған, аса құнды «Древний Отрар» атты монографиясы шықты. Кітапта Отырар жеріндегі 33 ескерткішке кең түрде ғылыми сипаттама жасалды. Бұл жұмыс әлі күнге дейін күнгей өңірі археологтарының әдістемелік нұсқау іспеттес кеңінен қолданылып келеді.

Экспедиция құрамында тас дәуірін Х. Алпысбаев зерттеп, неолит заманындағы Ақсу, Маятас, Қожатоғай жерінен Тасқотан тұрағын анықтады. Б.Н. Нұрмаханбетов Көкмардан, Қоңыр төбе зираттарын және Қыркескен зиратына (А. Әлімовпен бірге) зерттеулер жүргізді. Зираттарды зерттеуді әр жылдары Е. Смағұлов, М. Қожа да жүргізіп отырды [138]. В.А. Грошев Отырар өңіріндегі ежелгі суландыру жүйелері Темір-арық, Саңғыл-арық, Қаракөншек-арық, Ақ-арық, Қауған арықтарды зерттеді [138, 14-22 б.]. Отырар және Отырар алқабындағы қалалардан табылған теңгелерді нумизмат ғалымдар Р.З. Бурнашева, В.Н. Настич, Д. Кочнев, С.М. Айтбаева зерттеп келеді [51, 70 б.] .

Ескерткіштердің ең көп орналасқан жері Сырдарияның оң жағалауы мен Арыс өзенінің сол жағалауы болды. Отырар өңірінің ірі қалалары болып Отырар, Көкмардан, Алтын, Қоңыр төбе, Құйрық төбе, Оқсыз, Бұзық, Жалпак, Маслихат төбелері есептелінді.

1979 жылдың 11 мамырында ҚазССР Жоғарғы Кеңестің Р-219 бұйрығымен Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі құрылады. Музей Отырар өңіріндегі барлық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорып-сақтау, насихаттау, зерттеу жұмыстарымен айналысады [139].

Алғашқы жылдары музей қарамағында Отырар және Түркістан ауданы жерінде ескерткіштер бар болатын. Онда Түркістан ауданы бойынша 33, Отырар ауданы бойынша 29 ескерткіштің ғана мемлекеттік актісі болды. 1994 жылы «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан «Свод памятников истории и культуры Казахстана, Южно-Казахстанская область» атты жинақ кітап шықты. Бұл жинақта Оңтүстік Қазақстан облысындағы көне дәуір мұраларынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі жәдігерлерге шолу жасалған. Кітапта Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың тарихына, табылған жәдігерлерге шолу жасалып, қалалар мен қоныстар жобасы (жоспары) картаға түсірген. Жинақта көптеген ортағасырлық археологиялық нысандардың жай-күйі, зерттелу тарихы, географиялық орналасуы көрсетілген [140].

1973-1974 жылдары, 1987 жылы Казпроектреставрация институтының археологиялық отряды Түркістанда далалық жұмыстарын бастап, зор нәтижелерге қол жеткізе бастайды. Отанымыздың мақтанышы болып саналатын, қазақ халқының рухани астанасы Түркістан қаласында жүргізілген зерттеулер 1928 ж. осында болған М.Е. Массоннан басталады. Ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, қаланың төбелерін, сондай-ақ ортағасырлық Сайрам қаласының орнын зерттеген болатын [141, 142]. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мұнда А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы болып, жоспарын қағазға түсіреді. Осыдан кейін қаладағы қазба жұмыстары біршама уақыт тоқтап қалған болатын. Ендігі кезекте жоғарыда аталған экспедиция мүшелері Түркістанның кейінгі орта ғасырларға жататын

түрлі бұйымдарының коллекциясын жинастыра бастайды. Олардың арасында қыш ыдыстар сынықтары өзіндік бір төбе болып табылады [48, 182 б.]. Бірнеше қоныс-жайлары қазылған бұл ескерткіш материалдары Қазақ хандығы тұсындағы заттық мәдениеттерді де айғақтайды.

1989 — 1993 жылдары Отырар музейінің қызметкерлері бұрын зерттелген, бірақ елеусіз қалған археологиялық ескерткіштердің орнын анықтап, әрбір ескерткішке ғылыми паспорт жасауды қолға ала бастады. Сол жылдары музей қызметкерлері жеке қазба жұмыстарын жүргізе бастады. Бірінші қазба жұмысын 1989 жылы 1 маусымда Отырар қаласынан 4 км оңтүстікте Мыңшұңқыр елді мекен ортасынан XIV-XV ғ.ғ. құмырашылар шеберханасы орны ашылды. Бұл жерде қазба жұмыстары 4 жылға созылды (әлі толық зерттелген жоқ). 1991 жылы Қоңыр төбе ескерткішінен 2 км оңтүстік-батысында Шәуілдір-Түркістан тас жолының жиегінен XI — XIII ғ.ғ. шыны өндірісінің орнын, 1990 — 1991 жылдары Көк-мардан ескерткішінен 2 км солтүстікте Көк-мардан зиратының орнын зерттеді.

Қорыта айтқанда, кеңестік дәуірде Оңтүстік Қазақстанда қалаларды зерттеу жүйелі түрде жүргізіле қойған жоқ. Оны археологиялық экспедициялардың ұйымдастырылуына қарай негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Біріншісі, А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы; екіншісі, С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы; үшіншісі, К.А. Акишев жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, республика археологиясы жаңа белестерге көтерілді. Оған себеп болған бірнеше жайттар бар. Олардың ең негізгісі Ғылым Академиясында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ашылуы болып табылады. Институт басшылығы жыл сайын наурыз айында есептік сессия ретінде «Марғұлан оқуларын» (алғашқысы 1992 жылы өтті) ұйымдастыра бастады. Қазақстан облыстарындағы тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығын шығаруды қолға алды. Ең алдымен Оңтүстік Қазақстан облысының ескерткіштерінің жиынтығы шықты [140, 319 б.]. Оның шығуы заңды құбылыс еді. Себебі, Оңтүстік Қазақстанның ескерткіштері басқа өңірлерге қарағанда толымды түрде зерттелген болатын.

Сондай-ақ, Түркістан қаласының 1500 жылдығы тойланды. Бұған арналған мерекелік ғылыми жиындарда археологтар, этнологтар және тарихшылар сөз сөйлеп, Түркістанның тарихына қатысты түрлі жайттарды қозғады. Осы уақытта, Түркістанның 1500 жылдық тарихына қатысты археологтар екіге бөлінді. Кейбір археологтар Түркістанның ірге тасы қаланғанына 1500 жыл болды десе (Е. Смағұлов, т.б.), келесілері (З. Исабеков, Ж. Таймағамбетов, т.б.) оның тарихын тереңірек, ертерек уақытқа, яғни 2000 жылға апару қажет деген ой айтты. Дегенмен, Түркістанның 1500 жылдық тарихын бүкіл ел атап өтті.

Түркістан қаласының мерейтойына көптеген мақалалар, монографиялар шықты. Олардың арасынан «Түркістан» халықаралық энциклопедиясын ерекше атап өтуге болады [143]. Онда Оңтүстік Қазақстандағы және онымен іргелес аймақтардағы ортағасырлық қалалар жөнінде де мол материалдар бар.

Түркістандағы музей қызметкерлері аймақтағы көптеген қалалардың зерттелуіне өз көмектерін көрсетіп отырды. Нәтижесінде, олар Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтымен бірлесіп Түркістан археологиялық экспедициясын құрды. 1999 ж. экспедиция Төрткүл-Бабайқорған, Төрткүл-Құшата, Күлтөбе-Орынғай, Төрткүл-Қаратөбе сынды қалалардың орындарын тауып, ғылыми айналымға енгізді [144].

Негізі өткен ғасырдың 60-70 жылдары қаланған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы әлі күнге дейін осы өңірдегі басты экспедициялардың бірі болып келеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұл экспедиция мүшелеріне ауыр салмақтар түсіп, жаңаша тарих беттерін түзудегі олардың орны айқындала бастады. Экспедиция ұйымдастырған көлемді істер баршылық. Мысалы, 90-жылдардан бастап Оңтүстік Қазақстан қалаларының бірқатарында қазба жұмыстары қайтадан өз жалғасын тапты. Айталық, осы кездері Сырдария мен Арыс өзендері алабындағы Құйрықтөбе, Отырар, Марданкүйік, т.б. қалаларда, Бөріжар қорымында қазба жүріп, жаңа материалдар алынды [145].

Тәуелсіздік жылдары күнгейдегі қалалардың арасынан әлем жұртшылығының назары Отырарға ауды. Бұған бірнеше мәселелер өз септігін тигізді. Біріншіден, халықаралық жобалар жасалынды, екіншіден, көпшілік қалаларды келешек ұрпаққа жеткізу сынды проблемалар қойылды.

2001 жылдың тамызында Жапон үкіметінің траст қоры ЮНЕСКО арқылы бөлген қаражатқа Қазақстан Үкіметінің арасында келісім шарт түзіліп, Қазақстанда бірінші рет Отырар қалашығында аршылған құрылыстарға ғылыми құжаттау жұмыстары мен консервация жүргізу қолға алынды. Негізгі жұмыс саз кесектен тұрғызылған құрылыстарды консервациялау тәсілдерін іздестіру. Келісім шарт 4 жылға, яғни, 2004 жылға дейін кезең-кезеңімен атқарылуы тиіс болды.

Бірінші: Отырар, Көкмардан, Құйрық, Алтын, Қоңыр төбе ескерткіштерін құжаттау және ғылыми-зерттеу жүргізу. Ғылыми тіркеу мен құжаттауды жүргізу, мәліметтердің компьютерлік базасын жасау.

Екінші: консервация, Отырар төбені болашақ үшін сақтауды қамтамасыз ету, сонымен қатар, Құйрық, Алтын және Көкмардан ескерткіштерін шұғыл қорғау шараларын жүргізу.

Үшінші: Отырар мен оның аймағын консервациялау және сақтаудың мастер-планын жасау.

Төртінші: Оқыту. Ескерткіштерді сақтау мен менеджмент жүргізуге жауапты мамандардың кәсіби және техникалық потенциалын арттыруға септігін тигізу, халықаралық дәрежеде консервация жасау үшін жергілікті мамандарды дайындау, тарту.

Бұл жұмысқа Қазақстан тарапынан Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет министрлігі, Ә. Марғұлан атындағы археология институты, Мәдениеттің материалдық ескерткіштерін ғылыми-зерттеу және жобалау институты, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қатысты.

Қалпына келтіру, сақтау жұмысы Отырардағы XIV ғ. моншасында, XIV-XV ғ.ғ. құмырашылар шеберханасында, XIV-XV ғ.ғ. мешітінде, осы мешітке карама-қарсы салынған құрылысқа, XVII ғ. мешітіне және қорған кесіндісіне

жүргізілді. Отырар төбенің үстінен бұрынғы қазба жұмыстарының барысында жиналған бос топырақ үйіндісінің біразы тасылды. Сонымен қатар, Құйрықтөбедегі аршылған құрылыстар мен шұңқырлар көмілді. Әрбір құрылыстар жанынан суағар арықтар қазылды.

Ғылыми құжаттау жұмысы Отырар, Құйрық, Алтын, Қоңыр төбе ескерткіштеріне жүргізілді. Ғылыми жұмыстарға ЮНЕСКО-ның Париждегі үйлестірушісі Франсис Чайлд (Канада), мамандар профессор, доктор Майкл Янсен (Германия), доктор Джон Херд (Англия), доктор Энрико Фодде (Италия), Тарсис Стивенс (Бельгия) және Қазақстан мамандары профессор т.ғ.д. К.М. Байпақов, ММЕҒЗЖИ бас сәулетшісі Е. Хорош, маман В. Чарлин, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкерлері М. Қожа, С. Ахмет, С. Ақылбек, С. Қалдыбек, Ө. Жұмабай, С. Жұбаниязовтар қатысты. Соңғы уақыттарда Отырар музейінің бірқатар қызметкерлері М. Қожа [146], С. Ахмет [147] ортағасырлық кезеңнің жұмыстарын нәтижелі ете бастады.

2002 жылдың сәуір айында музейдің археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі ұйымдастырған экспедиция (жетекшісі С. Ахмет) барысында Сырдарияның сол жағалауынан кәріз суландыру жүйесі, Төбекұм шеберханасы, Тұщықұдық шеберханасы анықталды. Осыдан кейін Отырар өңіріндегі белгісіз келген ескерткіштерді зерттеу қолға алына бастады [146, 152 б.]. 2002 жылдың күзінде Көксарай ауылынан Айбек, Қанбаба, Жарты төбе, Өтеген төбе, Дүйсебай әулие шеберханасы, ескерткіштері анықталды.

2002 жылдың 14 сәуірінде музейдің археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі мен (жетекшісі С. Ахмет) Шымкент қаласындағы Археология және этнология ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері мен Қожатоғай жерінің Айғырұшқан, Дастарбасы, Тасқотан, ежелгі тау жоталарынан тастан үйілген обалар, су қоймасы, үңгірлер орны, тасқа түсірілген таңба белгілер, тоғыз құмалақ орнын анықтап өлшемдерін алып, сызбасы сызылып суретке түсірді.

2004 жылы Отырар, Құйрықтөбелерде және Талтақай мен Қоңыр төбе зираттарына «Мәдени мұра бағдарламасы» негізінде қазба жұмыстары басталды. Отырар төбедегі қазба жұмыстары Отырар шахристанының оңтүстік және солтүстік батыс қабырғасындағы қорғандарға жүргізілді. 2005 жылы қазба жұмысы XIV ғ. мешіті мен медресе арасындағы үлкен мәдени қабат үйіндісін аршу және солтүстік-батыс қабырғадағы үлкен шурфты қазу жұмыстары болды [148].

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының 1 отряды Отырар шахристанының солтүстік-батыс қабырғасындағы 1970 — 71 жылдары қазылған үлкен шурфты араға 34 жыл салып кең көлемде зерттеп, реставрациялап, ашық аспан астындағы музейге айналдыру жұмысын Ө. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, т.ғ.д., профессор К.М. Байпақовтың жетекшілігімен 2004 жылдың 31 тамызында бастады. Қазба жұмысы 2005 жылы жалғасын тапты.

Жұмыс барысында біз үлкен шурф орнын 4-ші шурф деп белгіледік те, қазба барысында шыққан құрылыс бөліктерінің реттік номерін 101-ден белгіледік.

Алғашқы жұмыс (2004 ж.) 4-ші шурф ішіндегі құлаған бос топырақтарды тасып тазалаудан басталды. Қазба орны 30 жылдан астам уақыт ішінде ашық аспан астында еш қорғансыз тұрғандықтан ауа-райынан, жауын-шашын, қар мен желден өзінің бастапқы көлемінен көп ауытқып, қабырғалары құлап түскен. Сонымен бірге, 4-ші шурфтың оңтүстік-батыс қабырғасымен жапсарлас батысқа қараған Отырар шахристанның XI-XIII ғ.ғ. қорған дуалының құлаған топырақтары да тасылып, ол жерге жаңа қазба жұмыстары жүргізілді. Осы қабырғаның мұнара бөлігінде бұрынғы болған қазба орнын тазалап, ол жерге де кеңейтілген қазба жұмысы жүргізілді.

Тазалау барысында солтүстік-шығыс қабырға бойындағы қорған-дуалдың қалыңдығы мен салыну тәсілі ерекше назар аударуға тұрарлық екенін байқадық.

Қысқа мерзімдік қазба жұмысында 4-ші шурфте жүргізілген зерттеу толығымен аяқталмай қалды.

Сонда да болса қазба барысындағы анықталған құрылыс орындары Отырар шахристанның қорған-дуалының күрделі қалану тәсілін анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл қазба орнына келешекте Отырарға келуші туристердің ең қызықтап көретін тарихи орнына айналатынына еш шүбә жоқ.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының Отырар өңіріндегі Құйрықтөбеге жүргізген қазба жұмыстары 2004 жылы жалғасын тапты. Қазба кезінде күл-қоқыс төгетін және арнайы шұңқырлардан көптеген шишалардың жаңа үлгілері табылды. Шишалармен қатар табылған теңгелер мен керамика сынықтарына қарап, біз қазба орнын X ғасыр — XIII ғасырдың басы деуге болады. Қазақстан қалаларынан табылған шыны бұйымдар X ғасырға жатады. Сол кезде XIII ғасырдың басына дейін шыны бұйымдардың түрлері, үлгілері және жиынтығы өзгерімейтіні байқалады. Қазақстанның түрлі қалаларынан табылған шынының Отырардан табылған шыны-шишалардың жақын ұқсастығын аңғаруға болады. Бұл жерден шишалардың бірнеше жаңа түрлері табылды: графин, түбек, т.б. Графиндер көбінесе қою жасыл, қызғылт не қою көкшіл түсті, сыртынан жапсырылған тіндермен әсемделген. Зерттеліп отырған аймақтың графиндері мен Орта Азия қалаларынан табылған шыны бұйымдарының арасында тікелей ұқсастық бар.

2004 жылдың 5-қазанында екінші экспедиция кезінде (экспедиция басшысы Н.О. Алдабергенов, ғылыми жетекшісі С. Ахмет) Көксарай ауылынан Қисық құдық-Аққорған I-II Ескімола төбе, Аққорған Көлқұдық маңынан, Көлқұдық төрткүлі, Сырдария өзенінің іргесінен Көрқара төбе, т.б. 10-шақты ескерткіш анықталды. Экспедиция кезінде ғылыми еңбектерде Маяқұм жерінде де көрсетілген Шұрық төбе, Орынбай төбе, Ақтөбе ескерткіштерінің орнын таба алмадық. 2005 жылдың сәуірдегі үшінші экспедиция кезінде Ызақөл елді мекенінің қасынан Баусексаул төрткүлі, Қотан, Баусексауыл қорғаны, Қожатоғаш ауылынан кәріз суландыру жүйесі, таңбалы науа, бірнеше оба орындары есепке алынды [148, 276 б.].

Барлау жұмыстарының барысында тек археологиялық ескерткіштер ғана емес Қызылқұм ішіндегі көне керуен жолдарының да орнын анықтауға мүмкіндік болды.

Тарихқа шегініс жасасақ, ежелгі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен сауда байланысы көне дала жолдары арқылы жалғасып отырғаны белгілі. Тарихи деректерде бұл жолдардың пайда болуы мен аталуы, жүру бағыты әр заманда тарихи оқиғаларға байланысты өзгеріске ұшырап отырғаны туралы айтылады.

Сауда жолына әр кезеңде негізгі зат айналымына қарай «ат» беріліп отырған. Біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықта Бадақшан тауынан лазурит (көк лағыл), Яркенттен (Жаркент) нефрит (көк минерал) кендерінің шығуына орай керуен жолдары «Лазурит жолы» одан кейін «Нефрит жолы» деп аталды.

Ал біздің дәуірімізге дейінгі I-мыңжылдықтың орта кезінде «дала жолы» жұмыс істеп тұрды. «Ұлы Жібек жолының» шығуы біздің дәуірімізге дейінгі I-мыңжылдық деп есептелінеді. Бұл жолдың Қытайдан шығарылған жібек матаның атыменен аталғаны белгілі. Жібек жолы жолға қойылғаннан кейін, оның жан-жаққа тараған тармақтары жекелеген атқа ие бола бастады.

Орталық Қазақстаннан басталатын «Сары-су жолы» деген тармақ-Отырардан шығып Шавгар, одан Ұлытау арқылы Есіл мен Ертіс өзендерін бойлап кететін. Жібек жолының тағы бір тармағы «Хан жолы»- Тараздан шығып Мойынқұм мен Бетпақдала арқылы Атасу жағасына апаратын.

Орта ғасырда Жібек жолы Отырар арқылы Сырдарияның сол жағалауына өтіп, Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан әрі Кавказға кететін, енді бір жолы Сырды жоғары өрлей Шашқа (Ташкент) апаратын.

Біз, Жібек жолының Отырар оазисіндегі Сырдария өзенінің сол жағалауымен Қызылқұм шөлі ішіндегі тармақтарының көне атауларын ел ішіндегі аңыз-әңгімелермен ұштастыра іздестірдік.

Бірінші Боранды жол Ташкент бағыты бойынша Арнасай, Шардараның үстіңгі құм жағымен Балақарак, Мұрынқарак тауларының етегін ала Табақбұлақтың үстімен Балтакөлге жақындай түсіп, Сапар көпір тұсынан шығады. Табақбұлақтан жоғары 3 км жердегі (бұл жер Қарақтаудың етегі болып есептелінеді) Мұрынбұлақ бұлағының басында Ташкент, Түркістан, Жызақ және Бұхараға апаратын жолдар қиылысады. Түркістаннан Жызаққа баратын жолда осы бұлақ маңынан өтіп «Боранды жол» деп аталды.

Боранды жол аталу себебі Н. Рудневтің «Заброшенный уголок» атты еңбегінде Әзірет Сұлтан (Түркістан) қорғаған Боран есімді адамның аты мен атаған. Бұл жолмен осы кезге дейін автокөліктер жүріп келеді. Боранды жол Өгізсайдың сол жағалауымен жүрген. Мұрынбұлақтың қасында қазіргі кезде үлкен зират орны бар.

Екінші жол Жау жолы. Бұл жол Қызылқұм шөлін тік кесіп өтеді. Негізгі бағыты Бұхара, бағыты мен Отырар ауданына қарасты құм ішіндегі ең шеткі Орынбай фермасының үстін басып, әл-Фараби кеңшарына қарасты Босағаның қасынан, Балтакөл кеңшарындағы құм ішіндегі Қызтескеннен өтіп Қызыл-Орда қаласының маңынан шығып отырған. Жолдың Жау жолы болып аталуы ел ішіндегі аңыздарға сүйенсек кезінде осы жолмен біздің құм ішіндегі ауылдар мен Сыр өңіріне түркімендер, қоқандықтар жиі-жиі шабуыл жасап отырғандықтан Жау жолы деп аталып кеткен деседі.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша Жау жолының бойында көптеген көне мазарлардың орны бар екен.

Үшінші жол Үрме жолы. Жол негізінен Жау жолымен қабаттас көрінеді, бұл жол тіке Сырдария өзенінің Аралға құяр маңынан шығады дейді. Екінші жорамал Үрме жолы, бұл жол Қызылқұм ішіндегі үрме құмдарды басып өткендіктен осылай аталуы мүмкін. Осы жол кей әңгімелерде Жау жолының бір тармағы деп те айтылады. Үрме мен Жау жолымен автокөліктер қатынай береді. Құм ішіндегі осы үш жол туралы әңгімелер осындай, бәлкім бұдан басқа да деректер болса Қызылқұм шөліндегі көне керуен жолдарының жаңа бір тарихы ашылып қалары сөзсіз.

Арыстанбаб кесенесінде 2004 жылы жүргізілген қалпына келтіру жұмыстары кезінде кесененің кейінгі едені төмен түсірілген болатын. Осы жұмыстар кезінде ерте заманға жататын сағананың бір бұрышы анықталып, оған музей қызметкерлері С. Ахмет, С. Ақылбек қазба арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сағананың солтүстік қабырғасы түгелімен, шығыс қабырғасы жартысына дейін аршылды. Солтүстік қабырғаның ұзындығы 2,96 метір, биіктігі 49 см (10 қатар). Қабырғаның қалыңдығы 19,5 см, сағана көлемі 18-19, 5×9-15, 5×3,5-4,5 см келетін қыштардан тұрғызылған. Кірпіштер екі түсті, бірі сары, екіншісі қызғыш. Сары кірпіш отқа таза күйген, қызғыш кірпіш шала күйген болу керек. Өйткені, қызғыш кірпіштердің үгітілуі байқалады. Сағананың орта тұсы төмен ойыс түскен. Бұл қыштар Құйрықтөбедегі X-XII ғ.ғ. жататын мешіттердің қыштарына келеді. Осы құрылыстың батыс фасадының 8 см жерде 24×24×4,5 см келетін қыштардан соғылған биіктігі 22 см (4 қатар), ұзындығы 70 см қабырға қалдықтары бар. Осы анықталған мәселелер негізінде Арыстанбаб қабірінің басына ең алғашқы сағана «төртқұлақ» түрінде XII ғ. тұрғызылып, XIV ғ. қайта салынған деуге болады.

2004 жылы алғаш рет Отырар қазбасындағы шығарылған бос топырақтарды сыртқа тасу қолға алынды. Бұл жұмыс 2002 жылы жоспарланған болатын.

4.07.2002 жылы мамандардан құралған топ Отырартөбеге 1973 — 2000 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарында тасылған бос топырақ үйінділерінің жоспарын және полигон орналасатын орынды анықтау жұмыстарын жасады.

Отырар төбедегі идентификациялау және бос топырақ үйінділерін өлшеу жұмыстарын К.М. Байпақов, Д. Воякин және Ю. Пешков жүргізді. Орталық төбеден шамамен 1 км ара қашықтықта топырақ қалдықтарын тастау мұражай қызметкері С. Ахметтің көмегімен жүргізілді [148, 301 б.].

Қазба жұмыстары барысында Отырартөбенің орталығынан 5 негізгі жерге қазба кезіндегі аршылған бос топырақтар төгілген.

Ол үйінділер жол бойындағы және жаңа мешіттің төңірегіндегі құландылар, бірінші 1973 ж. қазба құландылары, екінші 1973 — 1976 ж.ж. қазба құландылары, үшінші 1976 ж. қазба құландылары, төртінші 1976 — 1978, 2000 ж.ж. қазба құландылары, бесінші 1998 — 2000 ж.ж. қазба құландылары.

Бос топырақ қабаттарын тазалауға 3 Камаз автокөлігі, екі трактор, 10-жұмысшы жұмылдырылып 1,5 ай жұмыс істеді. Әрбір үйіндіні тасу кезінде

суретке түсіріліп, бос топырақ кесінділері жасалды. Тасылған топырақтардың әрбір үйіндісі жеке-жеке жерлерге үйілді.

2005 ж. мамыр-маусым айларында Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Арыс, Отырар аудандарына қарасты Қызылқұм массивіндегі тың жерлерді мақта егістігіне айналдырудың III-IV кезеңін іске қосу мақсатында Шымкент қаласындағы «Оңқазсужоба» ААҚ, М. Үнембаев атындағы барлау және жобалау институты алғашқы жұмыстарын жүргізе бастады.

Егістікке және осы мақсат үшін салынатын құрылыс т.б. үшін бөлінетін жер көлеміндегі тарихи ескерткіштердің бұзылуын, бүлінуін болдырмау ниетінде аталмыш мекеме мен Алматы қаласындағы Ә. Марғұлан атындағы археология институты арасындағы келісім негізінде институт директоры т.ғ.д. профессор К.М. Байпақов 12. 05. 2005 жылғы № 50 бұйрығымен ОҚКАЭ құрамында «Көксарай археологиялық экспедициясы» құрылды.

Экспедиция мақсаты жаңадан игерілетін жерлердегі археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау, суретке түсіру, жобасын сызу, картасын жасау және игерілу негізінде ескерткіштердің жойылып кетудің, не бүлінудің алдын алу, кейбір ескерткіштерге жүргізілетін қазба жұмыстарын анықтау.

Экспедиция жұмысын т.ғ.д. профессор К.М. Байпақов басқарды, барлау жұмысына Отырар музейінің қызметкерлері С. Ахмет, С. Қалдыбек, М. Бекетов, Ә. Марғұлан атындағы археология институтының кіші ғылыми қызметкері Х. Айтқұл қатысты.

Осы жұмыс барысында Сырдарияның сол жағалауындағы Ешкілі көл маңынан үлкен ежелгі арық-канал және егістік алқаптар орны анықталды. Сазантөбе ескерткіштерінің айналасынан 10-астам көне зираттар, 2-төрткүл типтес қорған, Байраш көлі маңынан Байраш төбе, тағы бірнеше ежелгі арық-канал орындары табылды.

2005 жылдан бастап «Отырарды жаңғырту бағдарламасы» бойынша археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30. 12. 2004 жылғы № 1009 қаулысымен «Көне Отырарды жаңғыртудың 2005 — 2009 ж.» бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның негізгі бағыты Отырарды және Отырар оазисіндегі көне қалалардың бұзылудан сақтауын қамтамасыз ету мен тарихи-мәдени ескерткіші ретінде тиімді пайдалану.

Бағдарламаның міндеті Отырар және Отырар оазисіндегі ескерткіштерді (Отырар, Құйрықтөбе, Алтын төбе, Қоңыртөбе, Көкмардан, Оқсыз, Талтақай) ғылыми негізде зерттеу, қазба жұмыстарын жүргізу мен консервациялау, Арыстанбаб кесенесінің айналасын көріктендіру, Арыстанбаб кесенесінің қасынан қазақ ауылы көрінісін жасау. Археологиялық ескерткіштерді реставрациялау, Отырар музейінің айналасын көріктендіру, музей жайына күрделі жөндеулер жүргізу, музей экспозициясын қайта жасау, ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер шығару.

Бағдарлама 2005 — 2009 жыл аралығында 5 жылға арналған. Бірінші кезең 2005-2007 ж.ж., екінші кезең 2008 — 2009 ж.ж. Бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылады. Барлық қаржы көзіне

373,124 млн. теңге қаралған. Республикалық бюджеттен 2005 ж.-53,824 млн. теңге, 2006 ж.- 10,0 млн. теңге, 2007 ж.- 13,5 млн. теңге қаралса, жергілікті бюджеттен 2005 ж.- 0,6 млн. теңге, 2006 ж.- 184,6 млн. теңге, 2007 ж.- 110,6 млн. теңге қаралған.

Сонымен қатар бағдарламаға Отырар оазисіндегі ескерткіштердің картасын, ескерткіштердің қорықтық аймағының шекарасын анықтау жұмыстары да қаралған.

5-жылдық бағдарламада 9-ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттер шығару көзделген. Олар «Отырар оазисі» кітап-альбомы, 2005 ж. «Күйрықтөбе қалашығы - Кедер қаласы» кітап-альбом, 2006 ж. «Мардан-Күйік қалашығы» буклет, «Көкмардан қалашығы», «Оңтүстік Қазақстандағы ортағасыр зираттары», монография 2005 ж. «Отырар және Отырар оазисі» монография 2007 ж., «Отырар және Отырар оазисін құжаттандыру» монография 2007 ж.

Бағдарлама бойынша жұмыс 2005 жылы 4 мамырдан т.ғ.д. профессор К.М. Байпақовтың жетекшілігімен басталды. Отырар қалашығындағы қазба жұмысына Н. Алдабергенов, С.З. Ахмет, С. Ақылбек, Д. Воякин қатысты.

60-жуық ескерткішіне қайта құжаттау жұмыстары жүргізілді. Көк-Мардан, Оқсыз, Жалпақ қалашық құландарына Талтақай зиратына қазба жұмыстары, Оқсыз, Бұзық т.б. қалашықтарына аэрофотоға түсірілу жұмыстары жүргізілді.

ОҚКАЭ жұмысы барысында Ә. Марғұлан атындағы археологиялық институтының қызметкерлері К. Байпақов, Д. Воякин, М. Антонов, музей қызметкері С. Ақылбек Отырар оазисіндегі ескерткіштерді соңғы техникалық жаңалықтарды пайдалана отырып зерттеді. Мұндай жұмыс Қазақстанда алғаш рет қолға алынды. Жұмыс барысында электронды археологиялық карта жасалып, ескерткіштердің орындары нақтыланды. Жұмыстың басым бөлігі Leica фирмасының электронды тахеометрлерімен инструменталды топографиялары жасалды. Ескерткіштердің электронды базасы жасалды. Ол үшін ArcGIS бағдарламасы пайдаланылды. Бұл бағдарлама бойынша жасалған ескерткіштер орналасу картасы, мәліметтер базасы, жәдігерлер күтіп-сақтау, есепке алу жұмыстары үшін аса пайдалы. Осы жұмыс барысында Темір стансасының шығыс және солтүстік жағындағы Шошқакөл мен Шілік маңынан оннан астам жаңа ескерткіштер табылды.

2003 — 2005 жыл аралығында археологиялық барлау кезінде 80-нен астам ескерткіштер орны анықталып есепке алынды. Ел ішіндегі осы өңір тарихы мен табиғатына байланысты аңыз әңгімелер жинастырылды. Бірнеше XVIII — XX ғ.ғ. басындағы сыналы жазулы көктастары бар зираттар анықталды [144, 170 б.].

Ұзақ жылғы археологиялық зерттеу жұмысының барысында 14- ортағасырлық қала орны, 89- ортағасыр елді-мекен жұрты, 13- төрткүл типтес қала орындары, 4- шеберхана, 3- архитектуралық ескерткіш, 38- көне зираттар, 23- арық-каналдар, 5- ежелгі егістік орыны, 1-үңгірлер тізбегі, 3- су қоймасы, 2- кәріз суландыру жүйесі, 6- тас бетіне түсірілген таңба белгілер, 1- жазулы үңгір, 7- тастан үйілген обалар, 4- тас дәуір тұрағы, барлығы-217 тарихи-мәдени ескерткіштер есепке алынды [148, 259-260 б.].

Бөлімді түйіндей келе айтарымыз, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген зерттеулер ешқандай идеологиялық нұсқауларсыз жүргендігімен ерекшеленеді. Жаңадан ғылыми орталықтар (музейлер, археологиялық кафедралар, т.б.) ашылып, ортағасырлық қалалар тарихнамасына өз үлестерін қосты. Сондай-ақ, бұл кезең бұрынғы экспедициялардың жұмыстарын қорытындылауымен өзгешеленеді.

Сөйтіп, тараушаны қорытындылар болсақ, Оңтүстік Қазақстан аймағындағы зерттеулердің бір жарым ғасырдай тарихы бар деуге болады. Мұнда жүргізілген зерттеулер ортағасырлық қалалардың мәдениетінен мол хабар береді. Өлке жерінде орналасқан қалалардың шетелдік қалалармен тығыз байланыстар орнатқандығын археологиялық және жазба ескерткіштері растап отыр. Соңғы жылдары озық технологияларды пайдалана отырып археологтар мол мәліметтер алуда. Бұл болашақта отандық тарихнаманы одан ары дамытуы мүмкін.

2.3 Батыс Қазақстан торабындағы Ұлы Жібек жолы қалаларының тарихы: зерттеулер және проблемалар

Қазақстанның батыс өңірлерінің қалалары Еуропа мен Азия сынды екі алып құрлықтардың шекарасында болғандықтан біршама саяси өзгерістерге үнемі ұшырап отырды. Бұл өлкедегі қалалардың құрылысына өз әсерін тигізгенін де байқатады. Еліміздің батыс өңіріндегі Сарайшық пен Жайық қалаларындағы жүйелі түрдегі қазба жұмыстары негізінен республика тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Бұл қалалардың тарихы ертеден басталатындығын зерттеушілер кезінде жазған болатын [31, 17 б; 72, 8 б; 73, 5 б.].

Қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағасында, бір кездегі ұлы да атақты Сарайджук (қазіргі атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргізді. 1937 ж. Н. К. Арзютовтың жетекшілігімен Қазақстанды зерттеу Қоғамының Батыс-Қазақстандық бөлімшесі Саратов облыстық мұражай қызметкерлерімен бірге қалашықтың кейбір жерлерінде зерттеулер жүргізді.

1950 ж. Ә. Х. Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді.

Ескерткішті зерттеуде визуалды қарастырумен қатар жоспарларды инструментальды түсіру және аэротәсілдер қолданылды. Қалашықты зерттеу барысында стратиграфия, хронология, даму динамикасын анықтау мақсатында шурфтар мен кескіндер (разрез) пайдаланылды.

1996-2000 жж. зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың қалыптасып дамуының үш кезеңі анықталды. Ерте кезеңі қала өмірінің алғашқы он жылдығына сәйкес келеді. Сарайшықтың ол кезде, негізінен шикі кірпіштен соғылған, орталық бөлігіндегі ғимараттары көп салынды. Оңтүстігінен шетіне қарай біртіндеп киіз үйлермен және жеңіл каркас құрылыстарымен толықтырылды. Бұл бөлігі негізінен өзенді бойлап салынды. Зерттеушілердің болжамы бойынша оның ені шамамен 300 м. болған тәрізді. Келесі

онжылдықтарда қаланың даму қарқыны, оның көлемінің неғұрлым ұлғайғаны анықталды. Дамуының екінші кезеңінде, 1330-шы жылдардан бастап әртүрлі факторлардың әсерімен Сарайшық өзінің кірпіштен соғылған орталық бөлігінде жүйелі түрде салынып шоғырланады да, Жайық пен оның сағаларында жайғасқан аралдың шеңберінде дамып кеңейді. Мұның өзі, осы мандағы өткелдер мен адамдардың іс-әрекетін мұқият бақылап отыруға да мүмкіндік берді.

Сарайшықтың аумағын итальяндық Фра Мауроның 1340-шы жылдардағы картасын қазіргі табиғи орта жағдайымен салыстырып және қалашық туралы ХІХ және ХХ ғ.ғ. басындағы авторлардың деректерін есепке ала отырып, оның батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы 2 шықырым, ал ені 600 м. ден астам болуы мүмкін деп мөлшерлеуге болады. Қаланың гүлдену уақыты ХІV ғ. сәйкес келеді. ХV-ХVІ ғ.ғ. шаһар тағы да өзгеріске ұшырады. Орталық бөлігі көлемі жағынан біртіндеп кішірейе келе, оңтүстік шығыста Жайықтың қазір Сорочинка деп аталатын саласына қарай жылжыды.

Соңғы екі ғасырда Жайықтың негізгі арнасы әрнеше өзгерістерге ұшырады. Жыл сайынғы су тасқыны қаланың біраз бөліктерін шайып кетіп отырды. Қазіргі таңда көне Сарайшықтың қалған ауданы, жапсарлас көне зираттарды есептемегенде шамамен 600 x 600 м.

1937 ж. Н. К. Арзютовтың жетекшілігімен Қазақстанды зерттеу Қоғамының Батыс-Қазақстандық бөлімшесі Саратов обылыстық мұражай қызметкерлерімен бірге қалашықтың кейбір жерлерінде зерттеулер жүргізді. Сол қазба жұмыстарының көптеген материалдары қазірге дейін Саратов мұражайының қорында сақтаулы. Сол кезде Н. К. Арзютов Сарайшықтың жағдайы туралы былай деп жазған: "Солтүстік, солтүстік-шығыс және батыс жағынан өзеннің жағасы тіпті мүлде шайылған.

70 жылдың ішінде ұзыны 1100 м, ені 300 м-дей аумақ жоғалды. Бәрін қосқанда 320 гектардай жер құрыды. Дәл сол жерлерде алтынордалық Сарайшықтың талай құрылысы болған. Осылайша, бізге өте қызықты ескерткіштерді жыл сайын жоғалтып, орнын сипап отырмыз" [149, 127-128 б.].

1950 ж. Ә. Х. Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді. Сол кездің өзінде-ақ Орал өзені көне қаланың орта тұсын шайып жатыр еді. Сол жылы Ә. Х. Марғұланның жетекшілігімен археологиялық экспедиция ұйымдастырылды, алайда ол бір-ақ маусым жұмыс істеді, өкінішке орай нәтижелері осы уақытқа дейін толықтай жарияланған жоқ. Осыдан кейін Сарайшықтың ескерткіштерін зерттеп, сақтап қалу проблемалары 60-80 жылдардағы кейбір құлшыныстарды есептемегенде, осы уақытқа шейін назардан тыс қалып келді.

Сарайшықтың тарихи мәні, оның Қазақ мемлекеттілігінің алғашқы қалыптасу кезеңіндегі ролі және ұрпақтар арасындағы байланыстар үшін ата-бабалар мұраларының төтенше маңыздылығы ескеріліп, осы жерде символды Пантеон, археология мұражайы және мешіттен тұратын мемориалды-мұражай кешенін құру ісі қолға алынды.

Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының авторлар басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1996-2000 ж.ж. жүргізген тыңғылықты зерттеулері барысында қаланың әр бөлігінен оның өмір сүруінің бірінші кезеңіне жататын ауқымды жерлер аршылып, алғашқы тұрғындардың үй құрылыстары айқындалды. Қала құрылысы белгілі бір жобамен, көшпелілерге тән дәстүрмен салынған. Табылған үйлер шикі кірпіштен қаланған, көлемі 4x5 метр екі - төрт бөлмелерден тұрады. Бөлмелердің төр жағында етегінен ені 1,5-2 метр келетін көлденең орналасқан түтін шығатын қос каналмен жылынатын суфа орналасқан. Олар тандырлы ошақтан шығып, бөлмеден қабырғаның арасына жасалған тік жол арқылы төбеге шыққан. Барлық қабырғалар мен суфалар бірнеше рет саз балшықпен сыланып, әктелген. Суфаның біреуінен киіз кілемнің қалдығы табылды. Едені лаймен тығыздалған кейбір бөлмелерде шиден жасалған төсеніш сақталған. Суфаның үстіндегі қабырғада кезінде шырағдан, қымбат ыдыстар және басқа да тұрмысқа қажетті заттар қоятын текшелер қуыс бар. Үйде тұрғын бөлмелерден басқа тары мен арпа сақтайтын баздар, сондай-ақ, табылған дән-сүйектеріне қарағанда, өрік, алма, жүзім, жуа және алыс елдерден әкелінген миндал жаңғағын сақтайтын қойма бөлмелер де болған. Ол жерден қурап қалған пияздың бастары табылды. Қоймалар жылынатын жатын бөлмелерден ағаш қанқалы қабырғамен бөлектелген. Ағаш қанқалы қабырғаның арасы шикі кірпіштермен шырша әдісімен қаланған. Осындай конструкция бір жағынан декоративті болса, екінші жағынан қойма бөлмеде ауа алмасуды жақсартады.

Үйлердің архитектурасы мен ішкі интерьерлерінде Төменгі Поволжье, Хорезм және Сырдария қалаларына тән дәстүр араласып келеді. Бір үйден көлемі 4 x 4 м. болып келген бөлме аршылып тазаланды. Онда тандырлы кішкентай суфадан басқа үй иесінің кәсіби қызметін көрсететін ерекше құрылыс табылды. Бір қабырғаның етегінде от жағатын тандырдан көлденең орналасқан түтін шығатын жол көлемі 1 x 1 м., ені 80 см. жуық саз кірпіштен "жәшік" түрінде қаланған конструкциямен жалғасқан. Одан қабырғаға жабыстырылып салынған түтін шығатын мұржа көтерілген. Еденде от жағатын орынның маңында ошақтан шыққан күл мен балықтың, үй малдырының сүйектерімен толтырылған үлкен шұңқыр орналасқан. Бұл балық және ет өнімдерін ыстайтын құрылыс болуы мүмкін. Оның жанынан табылған тиындар Өзбек ханның билік құрған кезіне, яғни 1310 ж. жатады. Бұндай құрылыс Алтын Орда қалаларын қазу барысында табылған алғашқы құрылыс және ол Сарайшықтағы еңбек бөлісінің жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Бөлмелерден табылған ыдыстар формасы жағынан сан алуан. Атап айтсақ, олар - жергілікті көзешілер жасаған қыш құмыралар, құтылар, құмғандар және қазандар. Оны кашин балшығынан жасалып жылтыр бирюза құймамен жабылған құмыра толтырады. Осы ыдыстар жиынтығын Хорезмнен әкелінген тас қазандар, төменгі Волга қалаларынан әкелінген кашинді түрлі-түсті жылтыр кеселер, сондай-ақ жергілікті бай адамдар тым жоғары бағалайтын өте қымбат жасыл түсті қытай фарфоры - селадоннан жасалған табақтың, кесенің, тостағанның сынықтары толықтырады. Мұндағы мәдени қабаттардан жылқы мен түйенің сүйектері көптеп кездеседі. Бұл тұрғындардың қала өмірінің

алғашқы кезеңінде қала құрылысы мен сауда жолында қызмет еткендігін де көрсетеді. Қаланың тек орталық бөлігі ғана дамып қоймай оның сырт жақтарында да құрылыстар салынған. Сарайшықтан бес шықырым жерде, өзен жағасын бойлай орналасқан усадьбалар кездеседі. Сарайшықтың тұрғындары жаз айларын бау-бақшасы, егістігі бар қала маңындағы үйлерде өткізген. Олар сондай-ақ Жайық өзенінің бойындағы жайлымдарда керуен үшін қызмет істеуге керекті жылқылар мен түйелерді ұстаған. Қаланың және усадьбалардың мәдени қабаттарынан кетпендер, орақтар, шалғылар және шығырға арналған құмыра түріндегі қыш ыдыстар табылды. Шығыр бұл өзендегі диірменге ұқсатылып ағаштан жасалған және осы қыш ыдыстар байланған үлкен дөңгелек. Малдың күшімен айналған дөңгелек ыдыстардағы суды жоғары көтеріп арықтарға құйған. Осында бау-бақша өнімдерімен қатар арпа мен тары өсірілген. Оны шаруашылық шұңқырларынан табылған астық өнімдерінің қалдықтары дәлелдейді. XVI ғ. кейінірек Сарайшық билеушілері Орыстың астық өндіретін орталықтарынан осындағы егістіктеріне қажетті тұқымдық астықтың көптеп жіберілуін сұраған. Оған ноғайлының әйгілі бектербегі Смайылдың 1557 ж. орыс патшасы Иван IV-ге: "Сарайшық егістіктерін су басып қаңырап бос қалды сен бізге бір кеме тұқымдық астық жіберсеңіз екен", - деп сұрап жазған хаты дәлел бола алады [9, 326 б.]. Сарайшықтағы осындай егістіктердің көп болғандығы тастан жасалған қол диірмендерінің көптеп табылуымен айқындалады.

Бекініс қамалы болмаса да қала маңындағы адамдар тыныш және тату-тәтті өмір сүрген. Бекініс қамалдың жоқтығын оң тарапы жарқабақты болып келген өзен жағасы көрсетеді. Бекініс қамалдың қала үшін онша қажеті болмады. Өйткені, Алтын Орданың әскери күші XIV ғ. екінші жартысындағы өзара қырқысуларға дейін мығым болды. XV ғ. басында да қаланы қорғай алатын билеушінің күштілігі туралы пікірлер халық арасында сақталып келді. Оған мысал ретінде татар көпесі мен венециялық дипломат И. Барбаро арасындағы әңгімені келтіруге болады. Бұл әңгімінің желісі бойынша Танының (Азов) бекініс қамалын көріп жүрген И. Барбаро мұнараны көрсетіп тұрып, татар көпесінен: "Мынау бір таңғажайып тамаша зат емес пе екен?" - деп сұрайды. Сонда ол маған қарап, былай деді: «Ба! Кім қорықса, сол мұнара тұрғызады!» Бұл жерде, мен ойлаймын, ол дұрыс айтып тұр" [150, 90-91б.].

Қала өмірінің екінші кезеңі XIV ғ. екінші жартысынан басталады. 1330-шы жылдары Жайықтың тасуымен ерекшеленеді. Осыған орай тұрғындар қалаға тығыз орналасып, қайта жобалау жұмыстарын жүргізді. Сарайшықтың шетін су басқанымен, қайта жобалау қаланы көріктендіріп қана қоймай, негізгі көшелер мен кварталдарды сақтап қалды. Бұрынғы құрылыстар қиратылып, бөлмелердің іші топырақпен толтырылды. Қала тұрғындары бұрынғы үйлердің үстіне соған ұқсас, алай да өзіндік ерекшеліктері бар жаңа үйлерді тұрғызды. Жинақылы жобамен салынған көп бөлмелі үйлермен қатар желілі ықшамды болып жобаланып, шаруашылық құрылыстармен бір шатырдың астына салынған көп бөлмелі үйлер пайда бола бастады. Бөлмелердің көп бөлігін бұрынғыша бір бөлігінде от жағатын орны мен "кәні" бар II немесе Г түріндегі суфа алып жатыр. Кейбір бөлмелердің ішкі қабырғалары қалқанды немесе қаңқалы болып

жасалған. Қабырғалар мен суфалар сыланып, әктелген және киізбен, кілемдермен безендірілген. Кейбір үйлердің еденіне ақ түсті алебастр қосылып жасалған күйдірілген қызыл кірпіш немесе тақталар төселінген. Әдетте от жағатын жердің маңында түбі жоқ үлкен ыдыстан жерге көміліп, беті күйдірілген кірпіштен қалаңған беті-қол жуғыш - ташнау орналасады. Осы ыдысқа аққан су жерге сініп кетеді.

Қазба кезінде қаланың бір бөлігіндегі құлап қалған үйлердің арасынан моншаның қалдығы табылды. Алуан түрлі қызметтерді атқаруға арналған бірнеше бөлмелерден тұратын моншаның шикі кірпіштерден төселген қабырғалары декоративті тақталармен безендіріліп, едені күйдірілген қызыл кірпішпен қаланған. Бір бөлменің еденінде пайдаланылған су жиналатын шұңқырмен аяқталған су ағар жолақ бар. Бөлмеде жылытқыш пеш және ыстық суға арналса керек, үлкен ыдыс - хум бар. Суды шойын қазанға жылытқан. Ені 4 метрден 8 метрге дейін болып келетін қаланың көшелері негізінен түзу. Қаланың орнынан әзірше арықтар мен су жүйелері табылған жоқ. Бірақ-та қыш құбырлар аз емес. Халықты сумен қамтамасыз ету негізінен мемлекеттің астанасы Сарай қаласындағы сияқты өзеннен арбамен күбі-құмыралар арқылы тасмалдау және ауладағы терең құдықтар арқылы іске асырылды. Құдықтың қабырғалары ағаш қаңқаға тіретілген қаланған кірпішпен өрілген. Бұндай құрылыс құдық қабырғасының құлауын және отырып кетуіне жол бермейді. Құдықтың маңында орналасқан бір ауладан үлкен ағаштың тамырлар жүйесінің қалдығы сақталған шұңқыр табылды. Соған қарағанда бұл ағаш кезінде осы ауланың бір бөлігін көріктендіріп тұрса керек. Қала тұрғындарының шаруашылық қызметі XIV ғ. ортасында алуан түрлі болған. Ол қала мен қырдағы халық үшін өндірілген әр түрлі тауарлар өндірісінен байқалады. Олардың көп бөлігін көзешілер өндірген. Бұған осы уақыттың мәдени қабатынан табылған әр түрлі ыдыстардың көптеген сынықтары дәлел. Қаланың бір бөлігін қазу барысында күйдірілмеген құтылардың көптеген сынықтары табылды. Соған қарағанда осы маңда қыш күйдіретін үлкен пештің бірі болса керек. Сарайшықта жасалған қыш ыдыстар үш түрлі саздан жасалған. Соның ішінде қызыл түсті саз балшықтан жасалған бұйымдар өзінің формасымен, қолданылуы жағынан әр түрлі. Атап айтсақ, олар құмыралар, шығыр ыдыстар, әр түрлі азық-түліктерді сақтайтын үлкен хумдар, табақтар, шырағдан майшамдар және тағы басқалар. Ас ішуге арналған ыдыстардың бір бөлігі әр түрлі өрнектермен безендірілген түрлі-түсті жылтыр ыдыстар. Ыдыстың екінші түрі кашин балшығынан көркемделіп жасалған пиала, тостаған, құмыра және вазалар. Олардың арасынан өсімдік тектес және зооморфтық өрнектермен аса көркем түрде безендірілген қыш өнерінің тендесі жоқ туындыларын кездестіруге болады. Сырлы қыш ыдыстарды безендірудің жиі кездесетін және негізгі мотиві - суда жүзетін құстар. Осы образ қазіргі уақытқа дейін келіп жеткен Сарайшық туралы көптеген аңыздардың негізі. Олардың бірінде Жәнібек ханның қала аумағында үлкен су қоймасын жасағандығы айтылады. Ыдыстың үшінші түрі - сұр түсті ерекше саз құрамынан жасалған құмыралар мен торсықтар. Олардың сырты рельефті өрнектермен көмкеріліп, құстың, балықтың, жұлдыздың, өсімдіктің символдық бейнелерімен, философиялық

және жақсылық тілейтін мағынасы бар текстермен безендірілген. Қалада, сондай-ақ, сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберханалар болған. Онда әртүрлі тоғалар, садақтың қаптамалары, қорамсаның әшекей бөліктері, пышақтың саптары, садақ атуға арналған сақиналар, тері өндеуге, тоқыма өндірісіне арналған және т.б. бұйымдар жасалды. Қазба кезінде тері өндеушілердің көптеген былғарыдан жасалған дорба, белдік, мәсілер мен өкшелі етіктер, күртелер, местер мен ертоқымдар сияқты жоғары бағаланатын бұйымдар кездесті. Қазба кезінде сол кездің мәдени қабатынан шыны бұйымдардың көптеген сынықтары табылды. Олардың көпшілігі жергілікті өндірістің бұйымдары еді. Атап айтсақ, олар - моншақтар мен жүзіктер, әртүрлі ыдыстар, сондай-ақ түрлі-түсті терезе әйнегі. Терезе ойығындағы алебастрлі панжар-торға орнатылған шынылар түрлі-түсті жарық шығарып бөлменің интерьерін қосымша безендірді. Қазба кезінде табылған темір мен қоладан жасалған бұйымдардың әртүрлілігі қала тұрғындарының, көпестердің және қыр адамдарының қажетін өтеген ұста шеберлердің көп болғандығын көрсетеді. Әзірше Сарайшықта ұста шеберханалары қазылған жоқ, бірақ та олардың орны белгілі. Оған шлак пен қоланың қатып қалған тамшылары, шойын құю өндірісінің сынықтары мен суып қалған көріктегі шойын ожаудың бір жерден табылуы дәлел бола алады. Сарайшық ұсталары негізінен ат-әбзелдерін, пышақ пен қылыш жүздерін, жебе ұштарын, шалғы, кетпен және қайық пен кемелердегі тақтайлардың бекіткіштерін жасады.

Қола құюшылар көркем тоғаларды, табақтарды, жылқы бейнелі құлыптарды, шынжырларды, жүзіктерді және әртүрлі суреттер мен сюжеті бар қола және күміс айналаларды жасады. Солардың ішінде, әсіресе, шырағдандар өте қатты бағаланды. Өйткені, олар жарық беріп, тұрғындардың түнгі уақыттағы өмірін ұзартты. Қазба кезінде шырағданның бірнеше түрі табылды. Соның біреуі - XIV ғ. соңына жататын қола шырақ Түркістанда кеңінен тараған нұсқаларды дәл қайталайды. Бұндай заттар кезінде Ақсақ Темір сарайының төрінен орын алған. Осы шырағданның жанынан өрнектелген араб әріпі-мен қапталған қалып (штамп) табылды. Бұл қалып былғарыдан кітап мұқабасын жасау үшін пайдаланылса керек. Ал әскерилер үшін көп қырлы қола күрзілер дайындаған. Қаланың орнын қазу барысында кірпіш күйдіретін пештер кездесті. Қолөнершілер оны көптеп жасады. Бұл пештердің көлемінің үлкендігі сондай, олардың кейбіреулерінің ұзындығы 6 метрге, ені 4 метрге жуық. Осында құрылыспен тікелей байланысы бар алебастр өндірісі де жолға қойылған. Оған дәлел топырақ күйдіргіш пештің қалдықтары. Жергілікті зергерлер көп түсті қондырмасы бар жүзіктер, оймалы бай өрнектермен безендірілген білезіктер, әдемі сырғалар мен өте нәзік алтын жапсырмалар үшін көп еңбек еткен тәрізді. Кілем тоқитын станоктар бөліктері мен ұршық бастарының көптеп табылуы қалада шебер тоқымашылардың өмір сүргендігін көрсетеді. Балта, тесе, тескіш сияқты ағаш шеберлерінің әртүрлі құрал-саймандары, сондай-ақ, үй құрылымының сақталған ағаш бөліктері мен аула құрлыстары қаладағы ағаш шеберлері мен ұсталар өнерінің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Сарайшық тұрғындарының шаруашылық қызметін алыс керуен маршруттары үшін тамаша жылқылар мен төзімді түйелер

өсіргендігінен байқауға болады. XV ғасырдағы араб тарихшысы Ибн-Араб-шахтың айтуынша, Хорезмнен шыққан керуен үш ай ішінде "қорқынышсыз және күдіксіз" Қырымға дейін жеткен. "Жолдағы халықтың көптігіне, қауып-қатердің жоқтығына, азық-түліктің молдығына сенген керуендер өздерімен бірге ешқандай азық-түлік, жылқыларына жем-шөп алмай, тіпті жол сілтеушілерді де ертпеген" [151, 460 б; 80, 262 б.].

Сарайшық тұрғындары өздерінің жоғары деңгейдегі сауаттылығымен ерекшеленеді. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе, қыш ыдыстардағы жазулар жақсы сақталған. Сондай бір үлкен қыш ыдыс - хумның сыртына Шу аңғарында туып, Қашқарда өмір кешкен Жүсіп Баласағұни поэмасынан (XI ғасыр):

"Адам көркі - жүз, бұл жүз көркі - көз,

Ауыз көркі - тіл, бұл тіл көркі - сөз.

Тағы көркі кісіге - білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер, - деген үзінді жазылған". Жанына "Бұл күбіге көз жасын құяр болар", - деп белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Екінші бірінде еркін шебер-көзешінің осы хумды жасағандығын дәлелдейтін таңба-белгі бар. Бетінде жазуы бар ыдыстың келесі бірі - кесе. Бұл кесенің бір бөлігі нақыл сөздермен көмкерілген. Оның бір нұсқасы былай деп оқылады: "Түнде екі әлемнің періштелері оның алдына келді." Ал зергердің тас қалыбында бізге дейін толық жетпеген қысқа: "Жұмыс", деген фраза сақталған. Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан.

Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. Қытай фарфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық жасыл түсті селадон деп аталатын бұл ыдыстар нәзік өрнектермен қоса бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтермен де безендірілген.

Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған әйнекейлі құмыралар, құтылар, шамдалдар көздің жауын алады. Сарайшық тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап тұратын құмғандар, кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Шыны, ақық, маржан тастардан оймышталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылатын гауһарлар Иран мен Орта Азиядан әкелінетін, болмаса жергілікті жерде жасалынған; "каури" ғажайып қабыршақтары Үндістаннан, амфоралар сонау қиырдағы қаратеңіздік сауда қаласы Трапезундтан тасылған ыдыстарда шарап пен май сақталған, ол қырымдық әйнекейлі сырлы аяқ-табақтар керуеннің теңдерінде, кемелердің трюмдерінде тасылып әкелінген. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасынандағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселері мен пиалалары Сарайшық халқының күнделікті өмірінде көп пайдаланылған. Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық

шеберлерінің қолынан да шыққан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеудің Қызыл Алаңындағы Мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған.

Сарайшыққа сауда керуендері көп жол жүріп, қиыншылықпен жеткен. Мысалы, кең сахара даланы басып мемлекеттің астанасы Сарайға келетін сауда жолы 500 км болған. Дегенмен, төте жолдар арқылы сегіз күн ішінде кемелер арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауларына жетіп, одан әрі жағалай отырып Сарайшыққа, сонан соң Еділдің жағасындағы астанаға баруға болатын еді. Бұл туралы сол кезде көпестер мен жиһанкездер қалдырған толып жатқан ақпарлар бар. Солардың ішіндегі ертеден белгілері - Генуя көпесі Франческо Пеголоттидің 1340 ж. шыққан "Сауда ісінің кітабы" мен Италияның солтүстігіндегі Тосканалық беймәлім автордың жазбасы. Еділдегі Сарайдың тұсында тауарлар тиелген кемелерді Дон өзеніне дейін құрлық арқылы астына бөрене төсеп сүйреп жеткізетін бекет тұрған, одан әрі тауарлар Қара теңіз бен Жерорта теңізіне жеткізілген. Каспий теңізінің кез-келген жағалауынан Сарайшықтан шыққан кемелерді көруге болатын еді.

1360-1370 ж.ж. Алтын Ордада тақ үшін ақсүйек топтары арасында талас басталады. XIV ғ. ортасына таман мемлекеттің ішкі жағдайы күрт өзгерген. Соғыстан байыған ақсүйектер жергілікті халық пен саудадан түскен алым-салықты пайдаланып жекеленуге көшті. Қалалар мен оған іргелес жерлерді иемденген ірі феодалдар осыны шебер пайдаланды. Мұндай қиян-қырқысты тоқтата алмаған орталық Өкімет өз беделін жоғалта бастады, әсіресе 1359 Батудың тікелей ұрпағы, Бердібектің өлуі, Сарай тағына Орда-Еженнің ұрпақтары Ақ Орда хандарының ұмтылуын туғызды. Сарай әкімшілігі қуыршақ хандарды қоя бастаған кезде, бақастық соғыстар басталып кеткен. Әрбір билікті алған хан өзінің қарсыластарын қатал кудалаған, үйлеріне дейін қиратқан. Сарайшық бұл кезде Ақ Орда хандарының назарына түскен еді, олардың иелігіне Жайық пен Батыс Сібір ойпатына дейінгі Жошы, Орда-Ежен және Шайбан ұрпақтарының жерлері кірді.

Сарайшық осы кезеңде үлкен саяси, діни-идеологиялық маңызға ие болды, Алтын Орда тағына үміткерлердің бәрі қалаға көз салды. Қала 1370 ж. Шайбан ұрпағы Айбектің құзырында болды, ол осында өз ақшасын соқтырды. Осы онжылдықтың ортасында Орда-Ежен ұрпағы Орыс хан биледі, ал аяқ шенінде Шайбанның тұқымы Арабшах иемденді.

Бұл кезде соғылған ақшаларға қарайтын болсақ Алтын Ордада әредік құрылыс ісі жолға қойылып жандана бастаған. Сарайшықтың әр жерінде үлкен ғимараттар салына бастаған. Осының бірі 1997-2000 ж.ж. зерттелген Сарай, болмаса, "хан" тектес кешен. "Хандар" құрметті қонақтарға, көпес-саудагерлерге, ғибадатшыларға, жиһанкездерге арналып салынатын [152, 137-162 б; 153, 154, 155]. Мұндай құрылыстар XIV-XVII ғ.ғ. мұсылман Шығысында кең етек алған. Бұл ғимараттың бет жағы екі метрлік тағанның (стилобат) үстіне, яғни шикі кірпіштен қалың етіп құйылған қабырғалы платформаға тұрғызылған. Сарайдың өлшемдерінің үйлесімі оның белгілі бір архитектурлық жобалау арқылы салынғанын көрсетеді. Бұл жердегі бұрынғы құрылыстар мүлдем қиратылып, қабырғалары құлатылып жермен тегістелді. Тек қана кейбір үйлердің түзу салған қабырғаларының негізі сақталып келесі құрылысқа

іргетас ретінде пайдаланылған. Кейбір жерлерде мұндай іргетастар құйылған кесек пахсалардан қаланған. Қам кесектерден қаланған мұндай блоктармен құрылыс салу Орта Азия құрылысшыларына тән.

Зәулім сарайлардың шикі кірпіштен қаланған қабырғаларының биіктігі 6 м. дейін жеткен. Құрылыс өлшемдері әйдік: 20 x 20 м. Оңтүстік жағындағы пештак (портал) бөлігі сатылы пандуспен бітеді, пештақтың биік иіні, құрылыстан шығыңқырай орналасқан аркамен үйлеседі. Бұрыштарындағы мұнаралар, бұрынғы құрылыстардың табаны ауыр салмақтан жерге отырған кезде құлаған. Пештак күйдірілген кірпішпен қапталып, әктастан құйылған ою-өрнекті панелдермен қиюластырылған, есік ауызында кең алаң болған. Зәулім сарайдың арты платформасыз тұрғызылған.

Болжаммен, бұл құрылысты Жошы ұрпағы - Орыс хан салған. XIV ғ. 70-жылдарында ол қазіргі Қазақстан территориясына сай келетін өз иеліктерін нығайтып қана қоймай (осы жердің негізгі бөлігі - Оңтүстік Сібір мен Сарыарқаны X ғ. парсы авторлары шығыс Дешті-Қыпшақ деп атаған), ыдырап бара жатқан империяны қайта қалпына келтірмекші болды. XVII ғ. тарихшысы Махмуд Ибн-Валидтің мәлімдеуінше, Сығнақтағы ордасында отырып, өз иеліктерінің астанасын Сарайшыққа ауыстырмақшы болды. Өзінің атасы Ерзеннің ізіменен кезінде "медресе, ханака, мешіт тағы басқа халық үшін көп құрылыстар салған", негізгі қалалардың құрылысын жандандырып, көп еңбек сіңірді. Кейінен Сарайшықтың аталмыш Сарайлық кешендері үлкейе бастады, оған жан-жағынан көп бөлмелер симметриялық түрде жалғаса берді. Ішкі жағы да көптеген бөлмелер есебінен өсті. Олардың жалпы саны 40-қа дейін жетті. Сарайдың орталық бөлігі сыртынан қарағанда оған жалғасқан тұрғын үй құрылыстарынан анағұрлым биік тұрды. Кешеннің аддында, одан түзу көшелер тарайтын кең алаң болған. 1380 ж. Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамыс Алтын Ордадағы билікті өз қолына алады. Тоқтамыстың ұлы державалық ұмтылыстары, ыдыраған мемлекеттің бұрынғы күшін қайтадан қалпына келтіру пиғылы Ақсақ Темірге ұнамады. Өзара бақталастық соғыс басталды.

Темірдің өмірбаяншысы Ибн Арабшах: "Оның алдыңғы қатарлы әскерлері Азаққа шейін жетіп, Сарай, Сарайджук, Хаджитархан қалаларын және бүкіл осы аймақтарды талқандады", - деп жазады. Бірақ ғылымда тағы бір пікір бар, ол бойынша Сарайшыққа Ақсақ Темір тиіспеген. Егер бұл пікір дұрыс болса, онда қаланың қаңырап бос қалуына алып келген апат астаналық қала (Сарай) және де басқа Сарайшық сияқты негізгі қалаларды жаулап алуға тырысқан Жошы әулетінің үш бұтағы болып табылатын Орда-Ежен, Шайбан, Тоқай-Темір ұрпақтары арасындағы өзара әулеттік күрестерінен болған болуы керек.

Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей - ондағы үйлер, сарайлар, қоғамдық кешендердің барлығы бұзылып-қираудың екі кезеңін бастан кешкен. Алдымен кездейсоқ шайқас кезіндегі бұзылулар, ал сосын арнаулы мақсатпен бағытталған түрде барлық ағаш бөліктері алынып, қабырғалары құлатылған. Құлаған үйлердің арасынан жебе, найза ұштары, қылыш сынықтары, катапультаардың тас оқтары мен ортағасырлық бомбалардың қыштан жасалған ядролары табылды. Жазба және археологиялық деректердің көрсетуі бойынша, апаттан кейін де қала өмір сүруін тоқтатпаған.

Сарайға жақын орналасқан біраз бөлмелер қайтып қалпына келтірілді. XV ғ. басында бұрынғы үйлер үйіндісінің үстіне жаңа құрылыстар көтерілді. Олар құрылыс ерекшеліктері жағынан алдыңғы кезеңдегі үйлердің түрін қайталады. Бөлмелердің көлемі де бұрынғыдай 4 x 5 м. болды. Бөлмелердің ішінде адамдар жататын суфалардың астына орналасқан кәндары бар тандырлар кездеседі. Суфалар алебастрмен сыланған. Бұл ғимараттардың бір ерекшеліктері бөлме едендері қабырға негізінен төмен түсіріліп төселген, осының арқасында қыста бөлменің астыңғы жағы суыққа қатпай, жылы болған. Тұрғын үйлердің қабырғалары Сарай қабырғалары бағытталған жаққа қаратылған. Кез келген қосымша бөлмелер салу мен өзгерістер енгізуде Сарай қабырғалары құрылысшылар үшін негізгі бағыт болған. Аулаларда киіз үйлердің іздері жиі кездеседі. Сарайшықтан табылған археологиялық олжалар сол кездегі сан-қилы оқиғалардың үнсіз куәгерлері. Кейбір бөлмелерде XIV ғ. теңгелермен қатар, XV ғ. нумизматикалық деректері де кездеседі. Олар негізінен тимуридтер кезінде соғылған және олардың кейбіреулерінде әшекей етіп тағу үшін жасалған тесіктері бар.

Қалада кездескен нумизматикалық деректер бірегей керемет, олар XIII ғ. аяғы мен XIV ғ. аралықты қамтиды. Тиын соғатын сарайлардың орналасу географиясы да өте кең. Олар - Қырым, Солтүстік Иран, Еділ бойы, Хорезм, Сарайшық және Самарқанд. Осы ақшаларды шығарған ортағасырлық мемлекеттер - Алтын Орда, Хулагуилық Иран, Шағатай ұлысы, Қырым хандығы. Сарайшықтағы табылған ең көп және көне теңгелер -Өзбек ханның билігінің алғашқы жылдарында Сарай қаласынан шыққан теңгелер. Осы хан бастаған мемлекеттегі үлкен өзгерістер ақшалардың сыртқы түріне де өз ізін қалдырды. Мысалы, ислам дінінің енуі және орнығуы, күміс теңгелер - дирхемдерде сунниттік сенімнің белгісі мен құранның алғашқы жолдарының жазылуынан көрінеді. Ақша реформасының жасалауы мыс пұл мен дирхемнің жаңа өзара қатынасын заңдастырды. Мыс белгілерде көрсетілген 16 пул-даникке яғни 32 мыс теңгені 1 күміс дирхемге ауыстыруға болатын. Сонымен қатар теңгелерден "Кутлуг булсун" деген көне түркі батасын оқуға болатын. Билік, байлық, ержүректіліктің белгісі болып табылатын - сұңқар, алдыңғы аяғын көтерген, арқасынан күн шығып келе жатқан арыстан (немесе барыс) бейнелерін көруге болатын. Олардан тағы басқа да жануарлар бейнесін, тартымды геометриялық және өсімдік тәріздес оюлармен қатар зодиак белгілерін: Суқұйғыш белгісі - құмыра мен ожауды, Таразы -таразыны, Шаян белгісі - шаянды, сонымен қатар Сары Шаян, Балық т.б. көруге болады. Пуддардың үлкен тобында қасиетті тауыс құстың бейнесі кездеседі.

XIV ғ. ортасында шығарылған теңгелердің көбінде әрленген екі басты бүркіт бейнеленген. Ақшаның келесі бір тобында ашылған алты жапырақты гүл бейнесі түсірілген. Бұл теңгелер ақша айналымында көп жүрген. Олардың көптеп шығарылуы жеке сауданың дамығанын, Алтын Орда қалалары тұрғындарының ауқатты өмір сүргенін көрсетеді.

60-80 ж.ж. бүлік кезінде де астаналық Сарай - Ақ Орда тағы үшін күрескен үміткерлер -Хызыр, Хайр-пулад, Келдібек, Тулымбек ханум және т.б. аттарымен теңге шығарып тұрды. Көптеген теңгелердің артқы жағында

жануарлар, гүлдер, геометриялық оюлар бейнеленген. Олар сауатсыз тұрғындарға әр шығарылымдағы теңгелерді ажыратуға көмектесті деген болжам бар. Өйткені, әрбір жаңа хан тек өзінің ақшаларын ғана заңдастыруға тырысты. Сарайшық Қырымнан Хорезмге дейін, одан шығыс пен оңтүстікке созылып жатқан ірі магистраль бойындағы қала ретінде дамыған. Сол себепті қалаға ең жақын сауда орталығы - Хорезмнің теңгелері айналымда басқаларға карағанда көп болғаны түсінікті. Тоқты ханның атынан Хорезмде шығарған күміс теңге хижраның 694 жылымен мерзімделеді, онда "Әділ Тоқты" деген жазуы бар. Бұл Сарайшықта табылған теңгелердің ең көнесі. Хорезмнің теңгелері бедер салынуымен, ірі салмағымен және көркемділігімен, ерекшеленеді. XIV ғ. аяғында оларда әртүрлі көріністер салынған: ерттелген ат, барыс, балықтар және т. б.; кейбір бейнелердің мағынасы күрделі және толық анықталмаған.

Астаналық Сарайдан басқа қалаларда теңгелер көп табылмаған. Олардың ішінде стилденген, бастары әлем бәйтерегіне бұрылған екі құстың бейнесі бар Қажы-Тарханның пұлдары, Орду ал-Муаззам (Тохтамыстың бұрынғы ордасы) қаласының жұлдыздар арасында ұшып бара жатқан қыран бейнеленген Өзбек ханның таңбасы бар Қырым пұлы; Тебризден шығарылған Елхан Абу-Саидтың пұлы және алты жапырақтың бейнесі бар Тебриз пұлдары қызықты. Үш шеңбер (розетка) тәрізді таңбасы бар үш теңгелер Темірдің атынан Самарқан мен Сығанақтағы теңге сарайларында шығарылған.

Нумизматикаға көз жүгіртсек, Сарайшық 1310-1370 ж.ж. экономикалық және мәдени өрлеуді бастан өткізген. Бүліншілік кезеңде ақша айналымы Хорезмнің және Сарайшықтың қосымша соғылған теңгелерімен байытылып отырылған. Қалада XIV ғ. ірі алтын теңгелер де кездеседі. Тоқтамыс билігінің алғашқы кезінен-ақ жергілікті нарықтық орта қайтадан астаналық теңгелерге толған, ал XIV ғ. аяғымен XV ғ. Сарайшықтан шығарылатын әр түрлі пұлдар пайда бола бастады. Жергілікті Сарайшық теңгелері ерекше қызықты. Олардың ертеректе шығарылған біреуінде көпжапырақты гүл салынған, ал екінші жағында "Сарайджук қаласынан шығарылған" - деген жазу бар. Енді біреуінде арыстанға ұқсайтын жануар бейнеленген, ал келесі жағында - аша тәріздес таңба салынған. Тағы бір данасында 1360 ж. Мурид ханға еліктеп жасалған бейнелер бар. Төртіншісі - 1390 ж. астаналық теңгелердегі бейнелерді көшірген. Қалған бейнелер де жоғарыдағылар сияқты әртүрлі. Ноғай Ордасы кезеңінде Сарайшықтың Қырыммен байланысы өсті де, Герей теңгелері ағылып келе бастады.

Алтын Орданың құлауы барысында Жошы әулетінің өкілдері бұл мемлекетті қайта жаңғырту және оның билеушісі болу ниетінен ешқашан тайған жоқ. Билікке үміткерлердің ішінде Қазақ хандығының негізін салушы Жәнібектің әкесі, Орыс ханның немересі Барақ Оғлан болды. 1420 жылдары Сырдария өңірінен астанаға келген Барақ хан тақты тартып алады, бірақ кейін тақтан тайып, өзара бақталастық соғыста қаза табады. Қаланың маңыздылығы мен Барақтың жеке тұлғасына ерекше мән берілгендігі сондай, оның басын шауып алған жеңімпазға Сарайшық қаласының "даруға" мансабын беруге уәде жарияланған [156, 208-212 б.].

1420 жылдардан кейін Сарайшық атақты әмір Едігенің баласы Нұрадиннің (1426-1440) және немересі Оқас тұрғанда жеке мемлекет - Ноғай Ордасы болып құрылған Маңғыт әулетінің орталығына айнала бастайды. Поляк географы Матвей Маковецкийдің айтуынша, соңғының балалары Сарайшық Сарайларының маңына қоныстанып, көбейе келе ірі ордаға айналған [157, 242 б.]. Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі - Жәнібектің баласы, әрі көреген қазақ ханы Қасымның (1511-1521) кең территориялық иелігінің батыс шетіне Каспий және Жайық маңы далалары енді, ал Хан Орда Сарайшықта орналасты. Бұл жөнінде XVI ғ.ғ. тарихшы, әдебиетші М.Х. Дулатидің әйгілі "Тарихи-Рашиди" шығармасында айтылады: "Ол өз билігін бүкіл Дешті-Қыпшаққа таратты, оның қол астында миллионға жуық халық болды, Жошыханнан кейін ешкім де ол сияқты күшті бола алмады. Әскерінің өзі ғана жүз мыңнан асты" [158, 139-140 б.].

Тағы айта кетерлік жәйт, оның айтуынша Қасымнан бұрын хан болған Бұрындық біраз уақытқа дейін өз ордасын Сарайшықта ұстаған және "сол жерде Қасым хан дәрежесін иеленбесе де, оның билігі үстем болғаны сонша ешкім де Бұрындық хан туралы ойламады" [158, 145 б.]. Және тағы бір мәлімет тарихи деректерде сақталынып қалыпты. Шежіреші Ораз-Мұхамедтің жазбасында: "Әрқайсысы (Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері) өз ордасын құрды, сонда билеуші болып, атақ-даңққа бөлене білді. Олардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Солардың бірі Жаған-бегімнен туған Қасым хан еді. Ол біраз уақытқа дейін әкесінің ұлысында билік құрды және көптеген көрші елдерді бағындырды, оны бүгін де барлығы есте ұстайды. Ол Сарайшықта қайтыс болды және оның зираты қазір де сонда орналасқан" [158, 125 б.]. Мұны XVII ғ. басындағы мемлекет қайраткері Қ. Жалайыридың "Жами ат-Тауарих" еңбегі де растайды [159, 121 б.].

Орыс тарихи әдебиеттерінің хабарлауы бойынша, XVIII ғ. ортасына дейін Қасымханның мазары осы жерде сақталған, әрі жақын және алыс мандағы тұрғындардың зиярат ететін орны болған. Қасымханның мұрагерлері тұсындағы тәуелсіздікті және территориялық тұтастықты сақтау жолында болған сансыз көп қақтығысулар нәтижесінде қазақтар Сарайшықтан уақытша қол үзді, дегенмен, кейін 1568 ж. Хақназар хан (1538-1580 ж.ж.) тұсында қала қайтадан қазақ хандығының құрамына енді.

Қала өмірінің үшінші кезеңі XV-XVI ғ.ғ. сәйкес келеді. Сарайшықта бұл кезде топографиялық өзгеріс орын алды. Жайық бойында орналасқан тұрғын жерлер қаңырап бос қалды және қаланың батысынан орамдала келіп Жайықтың солтүстік-батыс маңынан ағып шығатын, қазір Сорочинка деп аталатын өзен сағасының бүгіндегі құрғап қалған арнасы бойында, қаланың оңтүстік аумағына тұрғандар топтана бастайды.

Жайықтың арнасында осы кезеңде табиғи өзгерістер болған тәрізді. Австрияның Московиядағы елшісі Сигизмунд Герберштейннің 1549 жылы айтуынша, Сарайшықты бұл кездері ноғайлының бекзадасы Шидак басқарған. Ол картада Сарайшықты Жайық өзенінің сол жағалауына орналастырды [160, 179 б.]. 1558 жылы осы жерлерде болып қайтқан ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон осы пікірді растайды. Ол күндері Сарайшық Ноғай ордасының

астанасы болды. Ордадағы басым билік маңғыт тайпасының өкілдерінде болды. "Ноғай" этнонимі XV ғ. аяғында ғана пайда болды [150, 225 б; 161, 8 б.]. Ноғай Ордасының негізгі территориясы Еділ мен Жайық арасындағы далада жатты.

Ноғай Ордасының құрамына жиырмадан астам тайпа мен рулар енді: наймандар, қыпшақтар, алаштар, қаңлылар, алшындар, қоңыраттар, қатағандар, ұйғырлар, маңғыттар және т.б. Бұл негізінен этникалық емес, саяси бірлестік еді. Ноғай Ордасы құлағаннан кейін көптеген рулар мен тайпалар этникалық құрамын және рулық байланыстарын сақтай отырып, қазақ халқының қалыптасуының күрделі процесіне қатысып, қазақ жүздерінің құрамына енді. Сарайшықтың рухани мәні осы уақытта да көрінді. Ноғай Ордасының мұсылман діни басшыларының орталығы осында орналасты. Сарайшықта тұрған сейіттерге өз қыздарын беруді ноғай бекзадалары мен мырзалары өздеріне бедел санады, Сейіттер Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтары деп саналды және осындағы дінбасылардың ерекше тобын құрайды. Сонымен бірге Сарайшықта сейіттерден басқа бөлек топқа жататын ислам қызметкерлері өмір сүрді: шейхтер, молдалар, қажылар, хафиздер, суфийлер, дервиштер. Бұл дәстүр XIII ғ. ислам дінін қабылдауымен орнықса керек. Дінбасылар әр жағдайларды ойланып-толғанды және мемлекет қайраткерлеріне ізгі кеңестер берді. Сонымен қатар дипломатиялық келісімдерге және қала мен даланың күнделікті өміріне белсенді араласты. Олардың көбісі Сарайшықта жерленген [162, 43-80 б.]. Осында кейбір ноғай билеушілері, бекзадалары мен мырзалары да жерленген. Олар-Оқас, Ших-Мамай және тағы басқалар.

Бұл кездегі Сарайшықта тұрғын үйлер көп бөлмелі болып салынған. Бөлмелердің көлемі 4 x 5 м. Оларда дәстүрлі тандырдан шығатын кәндар қыздыратын, жатуға арналған суфалары бар. Сарайшықта Сырдария өңіріне тән пештер де кездеседі. Олардың бүйірінде отын салатын арнаулы оттығы болмайды. Отын мен қиды үстінен салатын болған. Бөлмелердің едені кейде күйдірілген кірпішпен төселіп, қол жуатын ташнаулары орнатылған. Үйлердің көлемі 20 x 12 м. Бұл үйлерде XV-XVI ғ. қыш құмыралары, әртүрлі бұйымдарымен қатар жергілікті теңгелер мен Орта Азия ақшалары және Қырымның күміс дирхемдері кездеседі. Бұл жерде тұрғын үйлер өте тығыз орналасқан. Көгілдір күмбездері және жарасты склепі бар XVI ғ. жататын кірпіштен жасалған мавзолей қалдықтары кездесетін үлкен алаңды қоршаған қабырға қалдықтары сақталған. Бұрын бәрі - осы жерде XVI ғ. өмір сүрген Ноғай Ордасының астанасы қалдықтары. Осы ғасырдың екінші жартысында Орда бірнеше тәуелсіз иеліктерге бөлінді, бөліну кезінде халықтың бір бөлігі қазақтың Кіші жүзінің құрамына енеді. Оған Ноғай Ордасы ішіндегі экономикалық, әлеуметтік-саяси ахуалдардың шайқалауы мен қолайсыз сыртқы жағдайлар ықпал етті.

Осы ғасырда-ақ тұрғындары тастап кеткен Сарайшықтың бөліктері жерлеу орындары ретінде қолданыла бастады. Құлаған үйінділер даладағы қорғандарға ұқсап, қайтыс болған адамдарды жерлейтін зиратқа айналды. Қаланың осы ескі бөліктерінде мыңдаған молалар бар. Ғылым үшін олардың да берері бар. Жерлеу ғұрыптарының жиырма шақты түрлері анықталды. Негізінен күйдірілген кірпіштерден жасалған склептерде жерленген. Көрханаларда ұзақ

уақыт бойы жеке отбасы мүшелері немесе олардың руластарын жерлеген. Склептер-өліктердің о дүниедегі жер асты үйі болып саналғандықтан, оларды шебер құрылысшыларға салдырған. Жерлеу құрылыстарның түрлерінен қала мен дала, ислам мен дәстүрлі исламға дейінгі діни көзқарастар, халықтың әлеуметтік топтары арасындағы ара-қатынастарын көруге болады. Олар бір жағынан Сарайшық тұрғындарының көп ұлтты болғанын анық көрсетеді. Сарайшық XVI ғ. аяғында өзінің ежелгі құдіретінен айрылып шағын қонысқа айналды және 1580 ж. орыс казактардың шапқыншылығына ұшырады. Дегенмен ол содан кейін де көп уақыт бойы киелі жер болып қала берді.

Қазіргі уақытта қалашық жер бетінен тым тез жоғалып барады Бұл процесс Жайық өзенінің арнасының ауытқуына байланысты болып отыр. Судың асау ағысы оның мәдени қабаттарын күн сайын және жылдам шайып жатыр. Сондықтан да бұл кітаптың міндеті - халықтың тұңғыш тарихи жадынан бүгінгі және келешек ұрпаққа нәр беру болып табылды.

Түйіндей келе айтарымыз, Сарайшықтан қазіргі қалған мәдени қабаттары - бақытты, махаббат пен күндестікті, қалалықтардың рахаты мен уайымын, ауыруы мен қайғысын ғасырлар бойы сақтаған ерекше бір тарихи кітап. Ұлы табиғат біз үшін сақтаған, табан ет, мандай термен жиналған әр бір жәдігерлік - мейлі олар көркем керамика, мифологиялық бейнелері бар қапсырмалар болсын, әлде әшекейлер, теңгелер, т. б. болсын, бәрі де біздің ата-бабаларымыздың аса бай рухани әлемін көрсететін, біз әлі танып үлгермеген сол бір дәуірдің дерегін сыйлайды.

Тек қана Каспий атырабы аймағындағы ғана емес, тұтас Шығыс пен Батыс елдерінің геосаяси мүддесінің осы жерде тоғысуы, оның ерекше байланыстырушы рөлі, экономикалық, мәдени, саяси қарым-қатынастарды қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыруы көне Сарайшықтың қираған орнына жақын орналасқан Атырау қаласына ауысты.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесінің 3-ші отырысында Президент Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Бүгінде мемлекет мәдениетті дамыту мәселелерінің бұдан бұрынғы «қалдықтық» практикасынан біржолата қол үзуге мүмкіндік алды. Және де бұл мүмкіндігімізді барынша іске асыруымыз қажет».

Президенттің Жарлығы бойынша 2004-2006 ж.ж. тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және қолдануда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге тиіс болатын, «Мәдени мұра» бағдарламасының орындалу уақыты болып белгіленді. Бұл, көптеген жылдарға созылатын үздіксіз жұмыстың тек бастамасы ғана екені айдан анық. Қазіргі таңда бұл ұлттық бағдарлама 2007-2010 жылдары одан ары жалғасатын болды.

Археологиялық зерттеулер үшін таңдалған ескерткіштердің арасында (одан арғы консервациясы мен музейфикациясымен қоса) Батыс Қазақстанда Орал өзені бойындағы Жайық қаласы да бар. Отандық археологияның қол жеткізген елеулі табыстарының бірі ретінде Жайық қаласына біз бір бөлімше арнадық.

2001-2004 ж.ж. Алтын Орда дәуіріндегі бұл аймақтың үй құрылыстары дәстүрінен кең көлемді деректер беретін төрт бірдей қоныс-жайларда қазба

жұмыстары жүргізілді. Аршылған нысандардың барлығы бір қабатты. Бұның өзі олардың ұзақ өмір сүрмегенінің дәлелі. Тек бір қоныс жайда ғана екінші құрылыс кезеңі аңғарылады. Оның барысында үйдің алғашқы жобасы біршама өзгеріске ұшыраған. Қаланың тұрғындары мекендерін бейбіт жағдайда тастап кеткен деп жорамалдауға болады. Зерттеу жұмысының өн бойында өрттің немесе әдейі қиратылған іздер байқалмады. Яғни, себебін қандайда бір шапқыншылықтың немесе жаулап алушылықтың әсерінен болған әлеуметтік катастрофамен байланыстыруға болады. Қалада тұрғын үйлермен қатар өндірістік және қоғамдық маңыздағы құрылыстар ұшырасады. Қаланың шеберлер ауданында кірпіш күйдіретін пеш табылып және зерттелінді. Жерасты жүйесі арқылы жылытылатын шығыс моншасының қалдығы аршылды.

Келбетін полихромдық глазурьмен көмкерілген күмбезді мазарлар сипаттайтын қаланың қорымы жақын маңдағы Свистун-гораның төбесінде орналасқан. Мұнда екі камералы мемориалдық құрылыстардың қалдықтары тазаланды. Олардың фасадтары мен интерьерлері сол кезеңнің мәнеріне байланысты ақ-көгілдір-жасыл түстегі глазурьленген плиткалармен қатталған. Тұрғындары тастап кеткен бұл қала біртіндеп қалашыққа айналып, ал XVII-XVIII ғғ. оның күйдірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыстары жақын маңында бой көтере бастаған Жайық қаласының құрылыстары үшін бұзыла бастады.

1925-27 ж.ж. «Қазақстан зерттеу қоғамы» Саратов университеті жанындағы Оңтүстік-Волгалық облыстың өлкетанулық институты және Саратов облмұражайымен бірге, профессор П.С. Рыковтың басшылығымен археологиялық экспедицияны ұйымдастырды. Оны зерттеудің негізгі түйіндерінің бірі, Еділ мен Орал қосөзені аралығы – қола ғасыры, сонымен қатар савроматтық-сарматтық мәдениеттің (б.з.д.VII – біздің заманымыздың I. ғ.ғ.) ескерткіштерінің орналасқан ауданы. П.С. Рыковтың есебі бойынша ең бертінгі ескерткіштер кейінгі көшпелілерге қатысты болып, б.з. X-XV ғ.ғ. жатады.

Батыс Қазақстанның көне тарихын зерттеуде КСРО Ғылым Академиясының кешенді экспедициясы және, сонымен қатар, одақтық және автономды республикаларды зерттеу бойынша Ерекше комиссияның ұйымдастырған, М.П. Грязнов пен М.В. Комарова басшылық еткен Қазақстандық экспедицияның антропологиялық отрядының атқарған жұмыстарының маңызы зор болды.

Өткен ғасырдың 40-шы жылдары соңы – 50-ші жылдардың басында Саратов Мемлекеттік университеті мен облыстық өлкетанулық мұражайдың археологиялық экспедициясы профессор В. Синицынның басшылығымен барлау және обалардың қазу жұмыстары ұйымдастырылған болатын. Үш маусымның ішінде (1948-50 жж.) экспедиция қола, темір ғасырының және орта ғасырлық болып табылатын 55 қабірі бар 28 обаны зерттеді.

1953 ж. Оралдық-Көшімдік суармалы жүйесі құрылыстарының ізденіс жұмыстарының ұйымдастырылуы мен жобалауына байланысты Н.

Сенигованың басшылығымен, Қаз ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды.

Экспедиция бұған дейін қазба жұмыстары өткен Көрпебай, Қараоба қорымдарындағы 16 обада қазба жұмыстарын жүргізді. Сонда да, кең көлемді жұмыстардың жоқтығынан, облыстың үлкен бөлігі зерттелінбеген күйінде қалды.

Жайық қаласының орнында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жиналған деректер мен оның үй құрылысын талдау әрекеттерін былайша қорытып, топшылауға болады. Қаланың тұрғын үйлері тік бұрышты және шаршы шитті кірпіштерден тұрғызылған. Тұрғын мекендер әдетте отын ретінде тандыр жағылған желілермен жылытылған. Бұдан қосымша «үлкен мекенде» және «шағын қоныстың» бірінде күйдірілген кірпіштен қаланған тікбұрышты пештер бар. Олар әдетте шитті кірпішпен еденнен тумбаға (суйеуге) қарай тартылады. Тұрғын мекендердің «П-бейнелі» суфтары бар, шаруашылыққа арналған бөлмелерде шұңқыр-қоймалар, сыпырынды орындары, ташнау бар. Құрылыстың басты қабырғаларының қалыңдығы 70-80см, кірпіш имектеліп қаланған. Қабырғалардың сақталған шағын ғана биіктігі мұнда тек шитті кірпіштер ғана қаланды ма деген сауалға түпкілікті жауап табуға мүмкіндік бермейді. Алтынорда дәуіріндегі Еділ бойындағы қалалардың тұрғын үйлерін зерттеу кезінде «моңғол үлгісіндегі» үй құрылысы байқалды. Мұндай үйлер шаршы болып келеді, 50-70 см қасбеттік бөлігіне ағаш қаңқа (каркас) тұрғызылған. Бірақ мұнда ағаш жаңқалары кездеспегендіктен Жайық қаласының орнындағы үйлердің қабырғалары тұтастай шитті кірпіштерден қаланғанын көрсетеді [163].

Еділ жағасындағы қалалар мен Жайық қаласы орнындағы үй құрылыс мәдениетіне Хорезм мен Сырдария аймақтарының үй салу дәстүрлері шешуші ықпал еткенін көрсетеді. Жайық қаласының орнындағы тұрғын үйлер тұрғызу жоспарлары XII-XIV ғ.ғ. Үргенші, Отырар, Түркестан қалаларын салу жоспарына сәйкес келеді. Айырмашылық инерьердің (ішкі құрылыстың), суфтың, жылыту жүйесінің кейбір ерекшеліктерінен ғана байқалады, ал құрылыс техникасы мен пайдаланылған заттар бірдей дерлік. Хорезм мен Оңтүстік Қазақстан шеберлерінің синкретикалық алтынорда қалалық мәдениетін қалыптастыруға қатысқаны жайында зерттеушілер талай рет жазған болатын.

Сірә, Жайық қалашығы орнын зерттеудің жалғастыру барысында Сырдария өңірінің ықпалын бөліп көрсетудің, оны нақтылы сипаттаудың сәті түсіп қалар. Әзірше XIV-XV ғ.ғ. Отырардың қала құрылысы мен Жайық қаласы орнындағы тұрғын үйлер.

Қаланың қоғамдық құрылыстары қатарында дәл орта тұсында дерлік бой түзеген „хамам” – монша болды. Ол екінші қайтара пайдалану үшін кейін кірпіштері алынып тасталғандықтан әбден бүлінген. Оның цоколь бөлігінің (ірге тас үстіндегі үй қабырғасының төменгі бөлігінің) жапсарлары бөлшектеп (ішінара) ашылды [163, 12 б.].

Монша айқыш (крест) тәрізді жоспарланып салынған. Оның орталық бөлігі сегіз бұрышты болып келген де, кемі 4 метр аумағында шаршылай қиюластырылған.

Орталық алаңды беньюарлар уқалап емдеуге арналған қуыс орын ұлғайтып көрсетеді. Залдан жуынып – шайынуға арналған тұсқа апаратын өткелдер жасалған. Мұнда сірә „салқын” және „ыстық” су пайдаланылған сияқты. Шылапшын, леген, шаралар мен қазан қолданылған. Бұлардың кейбірі алебастер ерітіндісімен сипап ысқылайтын жабдықтарға жалғанған. Құбыр арқылы жуынатын орынға ыстық немесе салқын су әкелу жағы реттеліп отырған. Осындай қуысты бекітетін үш бұқтырма табылған Алтын Орданың Еділ жағасындағы орталықтарында табылған олардың кейбірін „тығындар” деп аталады.

Алтын Орда аймағында жиырма шақты монша қалдықтары қазба жұмыстары барысында жан-жақты зерттелді. Құрылыстың осы түрін салуда Еділ Жайық бойында екі дәстүр болғаны, олардың екі бағытта көрініс тапқаны атап өтілген. „Рим Византия” дәстүрі „жетіліп жоспарланған моншаларға, ал „шығыстық” үлгісі крест тәрізді жоспарлауға саяды. Жайық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде байқалған кейбір сипатты белгілер оларды шығыстық тұрпаттағы хаммам моншаларға жатқызуға мүмкіндік береді.

Жайық белгісіндегі моншалардың пайда болу мерзімі біржақты анықтала қойған жоқ. Айталық, В Л Воронина күйдірілген кірпіштен крест тәрізді етіп салынған және температурасы қатал реттеліп отыратын моншалар Орта Азияда XIV ғасырда пайда болды деп есептейді. Алайда Отырарда қазба жұмыстары кезінде табылған крест тәрізді жоспарланған монша XI – XII ғ.ғ. аяғында салынған болып шықты. Әдетте мұсылмандар қаласында қоғамдық моншалар мешіттерден кейін екінші орында құрметтеліп, оның көз тартардай сәулетіне үлкен мән беретін болған. Монша салып, пайдалану табыс әкелумен қатар, осы құрылысқа бас болған адамдардың беделін де арттыратын болған. Бұл істі тіпті бай-манаптар, қала және тіпті мемлекет басшылары да қомсынбайтын. Ұлықбектің Самарқандта Регистанға таяу „жақсы монша” салғаны мәлім [160, 170 б.].

Бізге жақындау белгілі моншалар қатарына Отырар, Самарқанд, Ұлы Болғар және Жетісудағы Антоновка қалашығының қалдықтары Түркістан ауданындағы (ортағасырлық Шауғар) Шойтөбе қалашығының бөктерінде табылды. Алтын Орда қалаларында моншалар сондай-ақ Бельджеменде (Сулы қалашық) „Селитрен қалашығында” РФ Пенза облысының Махше мекенінде табылған. Э Зиливинскаяның атап көрсеткеніндей, қазір Алтын Орда кезеңіне қатысты 20-дан астам монша мәлім болды.

Демек, Орталық Азияда Алтын Орда кезеңіне тиесілі осындай құрылыстарды зерттеу деңгейі оның жалпылама көрік-бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. XIII – XIV ғ.ғ. Азияның ұлан – байтақ аймақтарында қоғамдық моншалар тұжырымды құрылымға ие болып, негізінен бір ғана (шағын ауытқуларды қоспағанда) „типтік-тұрғылық жоба” бойынша салынған. Осы типтік - тұрғылық жобада зор маңызы бар осындай құрылысты

ұйымдастырудың неғұрлым тиімді тәсілдері қарастырылған. Мамандар қазірдің өзінде-ақ мәселен XII – XIV ғ.ғ. Отырар моншалары (Алтын Орданың оңтүстігі) мен XIV ғ. Бұлғар (Алтын Орданың терістік шегі) моншаларының құрылысындағы ұқсастықты атап көрсетуде. Жуырда Жетісудың шығысында орналасқан Антоновка қалашығында тіркеліп зерттелген, тарихи Қаялыққа теңдестірілген монша да аталған жоба бойынша салынған. Әдетте мұндай үлгідегі моншаларды арабша „хамам” немесе „шығыс моншасы” деп атау үрдісі қалыптасқан. Мұндай моншалардың Орта Азияда пайда болып, етек ала жайылуы В. Л. Воронинаның еңбегінде кеңінен қарастырылған.

Қалашықтың шығыс бөлігін күйдірілген кірпіш өндіретін шеберханалар алып жатты. Қазба жұмыстары нәтижесінде тік бұрышты кірпіш күйдіретін пештердің бірінің сақталып қалған күйдіру (оттық) камерасы тазартылып алынған. Оның ішкі аумағы мынадай болды: ұзындығы 490 см, ені 325 см, биіктігі 180 см. [164].

Сегіз арканың арасында алдыңғы тұстағы жалғыз арка ғана толық сақталған. Сол арқылы бүлінген басқа аркаларды тегіс қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Арканың еден деңгейінен биіктігі 165 см, ені 325 см, іргелі құрылысқа қарай ол 10 см-ге ұзарады. Арканың құлпы ретінде сыналанып кертілген кірпіш қолданылған. Арканың иілген бөлігі мен қазандық жиегі арасындағы кеңістік құлыптан құрылыс іргесіне дейін дерлік көлбеулете қаланған кірпіштермен толтырылған. Арканың ішкі жағы қалың етіп майланып тасталған. Пештің оттығын тексеріп зерттеу оның талай рет жөнделгенін көрсетті. Мұны жағылған майлы қабаттардан да аңғаруға болады. Жайық қалашығында зерттелген кірпіш күйдіруге арналған пеш осындай өндірістік құрылыстың нақтылы үлгісі болып табылады. Бұған таяу әрі жақын келетін пеш үлгісі Сарайшық қалашығында зерттелді. Оттық камераның ішкі аумағындағы 2,5 м, ал ұзындығы кем дегенде 4,4 метр. Оттық камераның кемі жеті аркамен жабылып, ол күйдіру камерасына негіз болған. Аталған пеш XII – XIV ғ.ғ. қатысты [164, 6-9 б.].

Сірә, алтынордалық Еділ мен Жайық қалаларына кірпіш күйдіру пештерінің мұндай үлгілері Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстаннан әкелінсе керек. Алтынорда кезеңіне қатысты мұндай пештердің үлгілері Хорезмде, ежелгі Отырар түбінде және Құйрық төбе қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде белгілі болды.

Жайық қаласы орнынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жердегі некрополь Свистун тауында орналасқан. Ал, шығысқа қарай Орал (Жайық) өзенінің жағасында ол Борлы таулар (төбелер) деңгейімен ұштасып жатыр. Осы үстіртте көрінген обаға ұқсас төбеден күйдірілген кірпіштің сынықтары табылды. Мұндай барлық бес төбе бар болып шықты. Жар қазу жұмыстары көрсеткеніндей, ол мұсылман мазарларының қалдықтары екен. Бұрынғы Свистун тауы бөктерінде бидай егістігі болғандықтан төбешіктер еңістігі болғандықтан төбешік еңістігі небәрі 0,4-1 метрге дейін жетеді. 2002 жылы жүргізілген осындай төбелердің біріндегі қазба жұмыстары оның астында күйдірілген шаршы кірпіштен салынып, жартылай хромды глазуурлы

плиткалармен әрленген екі камералы мазардың қалдықтары жатқанын көрсетті [164, 25 б.].

Мазардың сыртқы көрінісі екі күмбезді аумағы 9x12 м, тік бұрышты ғимаратты елестетеді. Құрылыстың ұзындау білігі Оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай бағыттанып, шығысқа қарай 30° қа ауытқыған. Оның оңтүстік батыс қабырғасы портал (ғимарат қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элементтің түрі) түрінде безендірілген [164, 27 б.].

Құрылыс ерекшеліктері мен оның сапалық сипатына қарай осы архитектуралық ғимаратты қасбетті – күмбезді бойлық – біліктік екі камералы мазар деп атауымызға болады. Орталық Азияда мазарлардың бұл түрі XIV ғасырдың екінші жартысына қарай бой көтере бастағаны мәлім. Ал осы XIV ғасырдың аяғына таман сәулетшілердің осы бағыттағы шығармашылық ізденісі өзінің шарықтау шегіне жетті. Алтынорда мемориальді сәулетшілігі үшін Солтүстік Кавказдағы Пятигорск төңірегінде зерттелген бір камералы мазарлар біршама үлгі боларлық құбылыс.

Жер қазу жұмыстары жүргізілгенге дейін төбешік солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып, шығысқа қарай сәл ғана (10°) ауытқып жатқан. Оның аумағы 50x37 м, биіктігі 2,5 метр. Төбешіктің солтүстік жиегінде шығыс пен батысқа қарай диаметрі 10-15 метр, тереңдігі 1,2-1,8 метр қатарластыры орналастырылған екі дөңгелек шұңқыр болған [163, 2 б.].

Сонымен қатар негізіне оңтүстік жағынан орналастырған және жақын арадан аса айқын көрінетін, кезінде қоршалған аумағы шамамен 50x25-27 метр тік бұрышты алаңқай әлі күнге дейін толық ашылған жоқ.

Сонымен, осындағы құрылыс қалдықтарын аршып тазарту жұмыстары мұнда XIV – ғасырда аса ауқымды мемориальды сәулет ескерткіштері бойлық білікті етіп жобалаған екі камералы қасбеттік мазар салынғанын көрсетті. Құрылыс заттарын қайталап пайдалану мақсатымен ғимаратты көне көрнеу қиратып, бүлдірудің салдарынан құрылыс жобасының (конструкциясының) нашар сақталуы осы бірегей ғимараттың бастапқы көрік – бейнесін толық және сол қалпында жаңғыртуға (елестетуге) мүмкіндік бермей отыр деп санаймыз. Соған қарамастан қазба жұмыстарының қазіргі қолда бар нәтижелері басты сипаттарын алдын-ала қайта жобалауға мүмкіндік бар. Құрылыстың басты ауқымы көлемі 12,85x19,5 метр тік бұрышты параллеллопипедтен (яғни қарама қарсы жақтары өзара қос-қостан параллель болатын алтықырдан) көрінеді. Оның үстінен тиісті барабандарға орнатылған сірә шатырлы болса керек әртүрлі екі алып күмбез бой түзеп, глазуурленген көгілдір плиткалармен көмкерілген. Ғимараттың басты (оңтүстік) қасбеті кең (4 метрге жуық) орталық кірме күмбез тәрізді қуысы бар монументті портал (ғимараттың қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элемент) түрінде көз тартатын болған. Сірә ол басқа қасбеттердің қабырғаларынан біршама жоғары тұрса керек. Порталдың батыс және шығыс жиектері шеткі қасбеттерден 2 метр шығыңқы болғандықтан қасбеттің жалпы ені 17 метрге дейін ұзарған. Дәл осы тұста, басты қасбеттің жиектері бойымен мыналар бой түзесе керек. Басты қасбет пен кіре беріс қуыс ашық. Көк және көгілдір түсті

өсімдіктер әлемі мен геометриялық бейнелермен әшекейленген глазурлі плиткалармен безендірілген. Сірә, басты декоративтік сәндік „П” – кірме арқа қуысын қамтыған. Бейнесі белбеуде көк фонда (түсте) ірі ақ әріптермен жазылған таныстыру болса керек. Қапталдағы (бүйірдегі) қасбеттерде қызыл түсте кірпіш төсеніштер көз тартқанға ұқсайды. Мазардың басты қасбеті алдында күйдірілген тік бұрышты шаршы кірпіштерден төселіп, қоршалған сарай (аланқай) бой түзеген. Әзірше сарай ауласы толық тазартылған жоқ, соған қарамастан мұнда да Ұлытаудың (XIV ғ.) Жошыхан мазарының қасбеті алдындағы сияқты қабірлер болуы мүмкін деген болжам бар [165].

Мазардың марқұм жерленетін басты бөлме-жайлары “гурхана” “зиарат-хана” сырт жағында орналасқан. Оның көлемі 8,8x8,8 метр. Мұның бас бөлігіндегі құлыптастың астында мазардың басты екі қабірі жатыр. Бұл мазар өзінің көз тартарлық сәулетімен Свистун тауының жотасында орналасқан некропольде (мола, зират, өлікті жерлеуге арналған зираттар кешенінде) айшықталып тұрса, ал Свистун тауы өз кезегінде Жайық өзенінің жайылған иінінде қазіргі Борлы төбешіктер ауданында аяқ өткел болған өзен сағасында бой түзеген. Бұл мазарды архитектуралық (сәулетшілік) ерекшеліктеріне қарай “Кіші мазар” тәрізді “қасбетті екі камералы мазарды” жатқызуға болады. Өйткені порталдың (ғимарат қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданатын архитектуралық элемент түрі) қасбеттік тұсынан шығып тұрған негіздер байқалмады. Мемориальды құрылыстардың бұл түрі бұдан бұрын Алтын орданың Еділ бойы мен солтүстік Кавказ аймақтарында тіркелмеген болатын [165, 32 б.].

“Үлкен мазар” гурханасында табылған қабірлеу құрылыстарының әртүрлі болуы Евразия даласында Алтын Орда кезеңінде қалалық некропольдердің жерлеу құрылыстарын қызметінше толық бейнелейді. Кезінде ғалым Л.Т. Яблонский Алтынорда қалаларында (Еділ жағасы, Солтүстік Кавказ, Қырым) некропольдеріндегі қабірлеуді жіктеп, талдаған еді. Зерттеу деректерінің тереңдігін (500-ден астам қабір) және сондай ақ содан кейінгі ондаған жылдар бойы зерттеудің айтарлықтай қайта қаралмағанын ескерсек, онда осы зерттеу маңызын жоғалтқан жоқ! Л.Т. Яблонский мол деректерді статистикалық сұрыптау жөнінде тиісті деңгейде сыналған “Г.А. Федоров-Давыдов тәсілдемесін” пайдалана отырып 18 жерлеу салтының тараған түрін тапты. Жіктеу жүргізілген негіздерге (белгілерге) және пайдаланылған терминдерге тоқталмастан Жайық қаласы орнындағы некропольден табылған жаңа деректер кейбір негізгі тұжырымдарға өзгерістер енгізеді.

Л. Т. Яблонский [80, 765 б.] ұсынған Алтын Орда некропольдеріндегі қабірлердің “әртүлілігі” (әртектілігі) жайындағы талдау түсіндіру жеткіліксіз деп топшылауға болады. Жалпы шартты түрде “циста” деп аталған зират шұңқырының табында шитті немесе күйдірілген кірпіштен “жекелей сағаналардың” салынуы, ал “арқалықтары бар шұңқырлар” Орта Азия археологиясында жамылғылары әртүрлі “саңлаулы жерлеу камералары” немесе “шұңқыр табанына қарай саңылауы бар” зират шұңқыры деп аталады. Бұлар Орта Азияда мұсылмандардың орта ғасырдағы қалалық некрополдерінің басты өзіндік сипатын көрсетеді. Мұсылман қағидасына сәйкес осындай сағаналарда

жерленген бастапқы табыттар әдетте VIII – IX болып, XIV ғасырға дейін жалғасқан. Соған қарамастан жерлеудің бұл түрі сырдарияның орта сағасында біздің дәуіріміздің I мыңыншы жылының орта тұсында пайда болып, тарады және әртүрлі үлгі - нұсқаларда этнографиялық ақиқаттылыққа дейін қолданылады деп топшылауға негіз бар. Зират шұңқырларының табанында шитті кірпіштен (әртүрлі) салынған жеке сағанаға жерлеу XIV – XVIII ғ.ғ. (мәселен Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауидің мазары ішіндегі “жамағат – хана” (немесе “қазандық”) ауласы еденнің астынан аршылған қабір тәрізді) неғұрлым кеңінен тараған және басты дәстүр болды. Демек, қала некропольдерінде Алтын Орда дәуірінде жерлеуге жасалған талдау негізінде жасалған Еділ бойына, сондай-ақ Жайық жағасына жеке зират ішінде кірпіш сағаналар салу дәстүрі басқа да мәдениет түрлері сияқты Орта Азиядан әкелінді деген тұжырым негізделіп дәлелдене түсуде.

Кезінде Водяной қаласы қасбетті күмбезді мазарды жариялап, оған талдау жасаған ғалым В.Л. Егоров [72, 6 б.] мұндай құрылыс түрі Орта Азияда мәлім емес, ал оның үлгісі Алтын Орда дәуірінде Еділ жағасын жайлаған қалалардың архитектуралық дәстүріне тікелей байланысты деп атап көрсетті. Мұндай пайымдауға негіз болмайтын себебі Орта Азияда XIV ғасырдан XIX ғасырға дейінгі мемориал құрылыстар түрлері қатарында зират-хана мен гурхананы ажыратуға негізделген екі камералы ойық білікті порталды – күмбезді мазарлар түрі жақсы белгілі болды. Орта Азия мен Хорасанда мемориал құрылыстардың бұл түрін мамандар XI – XII ғасырларға жатқызады [166].

Бұл архитектуралық қалыптың тікелей бастауы Хорезм болғанын, мұнда ол дамудың барлық түрлерінен өтіп дәстүрлі болғанын жоба үлгісінің түрленгенін мойындау керек. Мұның үстіне Алтын Орда құрамындағы Хорезмнің ислам діні тереңдеп енген неғұрлым дамыған облыс болғаны мәлім. XIV ғасырдың бірінші жартысынан бастап Хорезм астанасы Ургенч қаласы Алтын Ордадағы басты діни орталыққа айналып, мұнда Алтынорда мешіттері мен ханактары үшін діни қызметкерлер даярланады. Дешті Қыпшақ өңіріне дін уағыздаушы Хорезм миссионерлерімен бірге екі камералы мазардың архитектуралық қалпының да тарауы әбден мүмкін еді. Шатырлы күмбездері бар мазарлар құрылыс жобасы жөнінен “жайық мазарларына” ұқсас болған. Оларды екеуі соңғы кезге дейін жақсы сақталып Жайық қаласы орнындағы некрополь мазарларының сыртқы бейнесін елестетуге мүмкіндік береді. Бұл тұста Ақтөбе облысындағы Абат – байтақ мазары мен Челябі облысының оңтүстігіндегі Жайық жағасында орналасқан Варна елді мекеніндегі кесене мазары жайында сөз болып отыр.

Абат – байтақ мазарында қазу жұмыстары 2004 жылы жүргізілді. Мұндағы гурханадан да қабір аршылды. Тоналған зираттардан темір шегелермен бекітілген ағаш табыттардың қалдықтары, мата және орталық қабірде темір түйреуіш табылды. Осы екі ескерткішті Абат – байтақ мазарлары мен кесенені Орал қаласының төңірегіндегі Жайық қаласы орнындағы некрополь мазарларымен салыстыру олардың басты белгілерінің ұқсас екенін көрсетті. Бәрі де Жайық жағасындағы XIV-XV ғ.ғ. мазарлар ретінде белгіленген [166, 76 б.].

Қорыта айтқанда, мамандар Алтын Орда дәуіріндегі Еділ бойы қалаларының қолөнер өндірісі Хорезмнің, бірінші кезекте Үргеніштің қолөнер дәстүрлеріне тәуелді болғанын талай рет атап көрсетті. Сол себепті, Алтынорда қалаларының материалдық бейнесін де Хорезм және тіпті бүкіл Орта Азия қалаларына тән ортақ көрініс сипаттайды. Жайық жағасындағы мемориальді құрылыстарды Орта Азия ғимараттарымен генетикалық (тамырлық) байланысына қазірдің өзінде мамандар ешбір шүбә келтірмей отыр. Жайық қаласының орнындағы некропольде ашылған екі мазардың сондай-ақ Абат-Байтақ пен кесене мазарларының архитектуралық қасбеттік екі камералы бойлай-ендік үлгісі, мамандардың пікірінше, XI-XII ғ.ғ. Орта Азия мен Хорасанда пайда болған. Бұл архитектуралық – сәулетшілік Хорезмнен басталғанын мойындаған жөн.

Жалпы тарауға қорытынды жасайтын болсақ, Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы қалаларының ішінде біршама жақсы зерттелгендері Алматы, Талғар, Тараз, Ақтөбе, Құлан, Мерке қалалары. Іле, Шу, Талас аймақтарындағы басқа да қалалар тарихи-археологиялық тұрғыда кең түрде әлі де зерттелуі қажет. Ал аталған қалалардың тарихына қатысты мәселелердің ішінде таласты пікірлер тудырған көзқарастар да бар. Мәселен, Алматы және басқа да қалалардың негізінің қалануы, «Баласағұн мәселесі» әлі де айқындауды, нақтылауды қажет етеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар ең көп орналасқан аймақ Оңтүстік Қазақстан өңірі екендігін зерттеушілердің бір жарым ғасырлық көлемде ғылыми негізде жарияланған еңбектері айқындап берді. Солардың ішінде ұзақ жылдар бойы кешенді түрде зерттелгені және бірнеше монографиялық еңбектерге арқау болғаны - Отырар қаласы. Зерттеу жұмыстары Отырарды қала құрылысының үлгісі ретінде сипаттауға тырысады және оның үлкен мәдени, саяси және экономикалық орталық болғандығын көрсетті. Дегенмен әлі де болса зерттелуі, анықталуы керек мәселелері де баршылық. Мысалы, Отырар кітапханасы мәселесі айқындауды қажет етеді. Зерттеушілер Оңтүстік Қазақстан қалаларының басқа аймақтармен, шетелдік қалалармен байланысы, түркі халықтарының орналасуын анықтаудағы орны жөніндегі мәселелерге де назар аударған. Бірақ, Оңтүстік Қазақстандағы көптеген қалалардың пайда болуы, даму кезеңдері, құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, сауда-экономикалық және мәдени байланыстардағы орны жөніндегі мәселелер нақты зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз.

Ал Ұлы Жібек жолының Батыс Қазақстандық бөлігіндегі қалалардың ішінде айқындалып зерттелгендері – Сарайшық пен Жайық қалалары. Зерттеушілер бұл қалалардың, әсіресе Сарайшықтың құрылысына тоқтала келе, олардың Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азиялық қалаларға ұқсас екендігін ерекшелейді. Сарайшықтың ең алдымен саяси орталық болғандығына, Оңтүстікпен ғана емес, Қырым, Еділ бойы және Батыс елдерімен байланыстағы маңызды рөл атқарғандығына, әсіресе кейінгі ортағасырлық тарихпен байланысына баса назар аударады. Біздіңше қаланың негізінің қалануы, қыпшақтар, тіпті одан бұрынғы кезеңдегі жағдайына көңіл бөлу оның тарихын тереңдете түсер еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Отан тарихының әлі де болса көлеңкелі, қалтарысты беттері жетерлік. Оны шешу үшін тарихнамалық бағыттағы алар орны ізденістерге мейлінше дұрыс көңіл бөлу қажет. Бұл жерде ең алдымен, сол ғылымның немесе мәселенің даму тарихына үңіліп, одан кейін күрделі проблемаларды айқындап, түйіткілі сан алуан сауалдарын анықтау керектігі белгілі жайт.

Осындай мәселелер Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың тарихнамасынан да орын алып отыр. Қазақстан археологиясы дамып, елеулі нәтижелерге қол жеткізе бастаған кезде ол да жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан тарихнамалық талдауды қажет етіп отыр.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан, Шауғар, Отырар және Отырар өңірі туралы деректер көне заман және ортағасыр тарихшылары, географтары, жиһанкездерінің еңбектерінде қалалар өмір сүріп тұрған кездің өзінде-ақ жазылды. Олардың бірі осы өңірде болып көрген, білгенін қағаз бетіне түсірсе, екіншілері ауыз екі естігендерін, үшіншілері бұрын хатталып жазылған шығармаларды пайдаланды.

Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды археологиялық негізде зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып күні бүгінге дейін жүргізіліп келеді. Сондықтан да Ұлы Жібек жолының тарихнамасын талдауды шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Солардың алғашқы кезеңі - XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі.

Ежелгі және ортағасырлық отырықшы және қалалар мәдениеттерін тарихи тұрғыда зерттеуді XIX ғ. соңында П.Х. Лерх, В.В. Бартольд бастаған еді. Олардың екеуі де Түркістан археология үйірмесінің мүшесі болатын. Қазақстан археологиясының ғылым болып қалыптасуына орыс зерттеушілері В.В. Радлов, П.С. Савельев, В. Розен, В.В. Бартольд, Н.В. Веселовский, А.А. Спицын, және В.А. Городецовтардың да тигізген үлестері бар. Осындай ғалымдар мен өлкетанушылар Жібек жолы туралы айтарлықтай дәйекті материалдар қалдырды. Сол себепті де ежелгі және ортағасырлық қалаларға берген сипаттамалары құнды болып саналады. Патшалық Ресейдің ғалымдары мен зерттеушілері Жетісудағы қалаларды сипаттау мен тіркеу, материалдарын жинақтау жұмыстарымен айналысты. Ал Оңтүстік Қазақстандағы көне және ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуді олар бірнеше бағытта жүргізді. Түркістан археологиялық үйірмесі құрылғанға дейін зерттеулер жүйелі, әрі мақсатты жүргізілмегенімен Ресей империясының Орта Азия және Қазақстан жерін жаулап алғаннан кейін осы аймақтағы көне ескерткіштердің көптігі орыс қызметкерлері мен шенеуніктерінің қызығушылығын тудырды. Көшпелілерде өркениет болмаған және болуы да мүмкін емес деген идеологияға шырмалған зерттеушілердің Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар, олардың мәдениеті туралы кері көзқарастар қалыптасты.

Түркістан археологиялық үйірмесінің құрылғаннан соң да оның құрамында археолог мамандардың болмауы зерттеушілердің қазба жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізілмеуіне алып келді. Дегенмен де олар Оңтүстік Қазақстан,

оның ішінде Сырдарияның төменгі және орта ағысы қалаларының орнын зерттеп, өзіндік қайталанбас тарихи және тарихнамалық деректер қалдырды.

Ресейге бодан болған жылдардан бастап Қазақстан жеріне келген саяхатшылар, саяси-ғылыми қызметкерлер, басқару жүйелері адамдарының жазғандары жеке кітап болып, арнайы журналдарда, газеттерде мақала болып жарық көрген. Тарихқа қатысты бұл еңбектердің мазмұнында шындыққа жататын да, жатпайтын да жақтары бар. Оларды бір-бірінен ажырату үшін тарихын жазып отырған халықтың басынан өткерген өмірін жетік білетін нағыз ұлттық рухтағы тарихшылар болу керек. Өйткені шет елдерден, сондай-ақ Ресейден келген авторлардың қазақ халқының тілі, өмірі, салты туралы жеткілікті хабарлары болмаған. Олардың ғылыми тұжырымдары қазақ халқының өмірінен алшақ жатты. Оған қосымша, отарлаушы елдің кейбір ғалымдары жергілікті халыққа үстемдік көзбен қарап, көрген-білгенін соған негіздеп жазған. Соған қарамастан, қазақ тілін білмейтін тарихшылар орыс тіліндегі деректерге аксиома ретінде қараған және қазір де солай қарайтындары кездеседі. Бұндай соқырлық көзқарастан бас тартып, орыс зерттеушілерінің еңбектеріне мейлінше терең қарап, олардың тек шынайы жағын ажырату қоғам үшін де, ғылым үшін де көкейкесті екендігі дау тудырмаса керек. Осы орайда Қазақ халқының тарихын зерттеудегі еуроцентристік, шовинистік пиғылдар үстемдік еткен саяси жүйелердің қасақана дүниеге келтірген рухани қаруы болғандығын тарихи және тарихнамалық талдаулар жүргізуде ескерген абзал.

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларға жүргізілген археологиялық жұмыстар мен зерттеулерге М.Е. Массон, А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, А.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, К.А. Акишев, И.И. Копылов, К.М. Байпаков, У.Х. Шәлекенов, Л.Б. Ерзакович, Е.А. Смағұлов, М.Б. Ходжаевтар жетекшілік етті.

1936 ж. СССР Ғылым Академиясының Н.Я. Марр атындағы заттай мәдениет тарихы (Ленинград), Ғылым Академиясының Қазақстандық бөлімі (филалы) және Қырғыз ССР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті құрған Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) алғашқы экспедиция 1936-1938 ж.ж. Талас өңірі мен Қаратаудың оңтүстік беткейінде ал 1938-1941 ж.ж. Шу өңірінде кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізді. 1938-1941 жылдары экспедиция 21 ортағасырлық қалалардың орнын ашты, оның 12-сі әдебиеттерде белгілі қалалар, ал 9-ы жаңадан ашылған қалалар еді. 1946 ж. Қазақ ССР Ғылым Академиясы құрылды. Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының археология бөлімі археология бөлімі республика көлемінде археологиялық зерттеулерді ұйымдастырушы, үйлестіруші ғылыми орталыққа айналды.

Шу-Талас өңірлерін және Қаратаудың ортағасырлық қалаларын 1946-1948 ж.ж. А.Х. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан экспедициясы зерттеді. Міне осы кезден Қазақстанның көне қалаларына қазба жұмыстары қазіргі уақытқа дейін өз жалғасын тауып келеді.

Қазақ АССР-і ғылым Академиясының президиумының шешімімен 1970 жылы 24 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық

экспедициясы ұйымдастырылды. Бұл ортағасырлық қалаларды зерттеудегі жұмыстарды кешенді түрде ұйымдастырған экспедициялардың бірі болып табылады. Бұл экспедицияда көптеген ғалымдар өсіп-тәрбиеленді. Оңтүстік Қазақстандағы зерттеулердің басым бөлігі осы экспедицияның еншісіне тиесілі.

Осы «ежелгі мәдениет аралығы» ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп жатыр, әрбір зерттелу маусымында Отырар тарихына тың жаңалықтар қосылуда. Қазақстан егеменді ел болып ата тарихымызға қатысты бар мұрамызды түгелдеп сұрыптауға және жоғымызды түгелдеп тауып есепке алу мақсатында 2002-2004 жылдары «Мәдени-мұра», «Көне Отырарды жаңғырту» бағдарламалары қабылдады.

Қазақстан археологиясы көптеген мәліметтер жинады. Орта ғасырлық мәдениеттен сыр шертетін заттай деректерге қол жеткізді. Қазақстанда жүргізілген археологиялық және палеоантропологиялық зерттеулер бұл жерлерде өте ерте замандардан-ақ өзіндік заттай мәдениеті бар жергілікті тайпалардың өмір сүргендігін дәлелдеді. Мұның бәрі еліміздің мәдениетінің, ғылым-білімінің артуының, өндіргіш күштердің өсуінің арқасында қол жеткен табыстар.

Отандық тарихнамада Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың мәселелері көп ретте ашылмаған тақырыптардың қатарына жатады. Тарихнама үшін белгілі бір мәселеге бірнеше ғалымның ой-пікірі, көзқарастары қажет дейтін болсақ, орта ғасыр қалаларының көпшілігін көбіне бір ғана ғалым зерттейді. Бір археологиялық нысанда аралары үзілістермен болса да, бірнеше зерттеулер жүргізілсе, сол мәселе жайында ғалымдар арасында пікір алшақтығы орын алған болар еді. Сондықтан, кейде орта ғасыр қалаларының тарихнамасы сан алуан пайымдаулар болмағандықтан, ақсап та жатады. Сонда да болса, диссертацияда осы уақытқа дейін орын алған зерттеулер бір жүйеге келтіріліп, ғылымның даму тарихына назар аударылды. Ғалымдардың тұжырымдары кейде ортағасырлық деректермен бірге талданды. Әрбір зерттеу кезеңдерінің өзіндік тарихнамада алар орнына баға берілді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан аумағындағы Жібек жолы тарихының зерттелуі туралы мына төмендегі жайтты айтуға болады: біріншіден, зерттеулер республикадағы тарихи сана қалыптастыру мемлекеттік тұжырымдамасына сәйкес жүргізілген; екіншіден, зерттеушілердің қатаң маркстік-лениндік методологиядан бас тартып, қазіргі отандық тарих ғылымында белең алып келе жатқан өркениет теориясының ауқымында Жібек жолының тарихына қатысты тың тұжырымдар жасаған; үшіншіден, керуен жолы бойындағы қалалардың экономикалық, мәдени жағдайы жоғары болғандығын баса көрсеткен; төртіншіден, Батыс пен Шығысты байланыстыратын халықаралық жолдың осы аймақтың шаруашылық, мәдени және діни дамуына игі ықпал еткендігін археологиялық жәдігерлер мен жазба деректердің негізінде дәйектеген. Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда Жібек жолы тарихы республика көлемінде ғана емес халықаралық деңгейде зерттеле бастаған.

Дегенмен де мәселе жан жақты зерттелгенімен оның әлі болса зерделенуге тиіс тұстарының бар екендігі байқалады. Мәселен, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы тармақтары мен олардың бойындағы қалалардың

өткені және тарихи маңызы зерттеушілерден назарынан тыс қалып келеді. Жібек жолы бойындағы және оның тармақтарындағы қалаларды терең зерттеуде шығыс тілдеріндегі жазба деректер ғылыми айналымға кеңінен тартылуы, археологиялық зерттеулер жүргізілуі тиіс. Сонда ғана қалалардың тарихи баяны туралы шынайы да салмақты пікір айтуға болады.

Жетісу жеріндегі қалаларды зерттеу бірнеше кезеңдер бойынша жүргізілді. Тарихнамалық деректер мен фактілер Жетісу жеріндегі қала мәдениетінің жоғары болғандығын, алайда қалалар тарихының толық зерттелмегендігін дәлелдеді. Зерттеушілер Оңтүстік Қазақстанда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың көп болғандығын айқындады. Қала құрылысы мен мәдениетінің кешенді түрде зерттеліп айқындалғаны Отырар қаласы болды және ол қаланы археологиялық зерттеу үлгісі ретінде ұсынылады.

Батыс Қазақстанның Жібек жолы бойы қалаларының ежелгі дәуірде, ортағасырларда, әсіресе Алтын Орда кезеңінде Орталық Азия аумағындағы қалалардың дәстүрлерімен етене жақын, өзара байланыста дамығандығы оларды зерттеу барысында айқындалды. Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар тарихы туралы еңбектер ұзақ уақыт бойы батысшылдық еңбектерде орын алып келген «көшпелілердің өркениетті дамуға бейім еместігі» туралы пайымдауларына үлкен соққы бере отырып, оның негізсіздігін, олардың отырықшылыққа ғана емес дамыған қалалық мәдениетті жасауға да қабылетті екендігін дәлелдеді.

Сонымен біздің бұл зерттеу жұмысымызда Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихын зерттеудің жалпы бағыты, негізгі мазмұны мен басты тұжырымдар, кезеңдері мен бағыттары айқындалды. Тарихнамалық деректерді талдаудың нәтижесінде мәселенің негізінен зерттелгендігіне көз жеткізуге болады. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды зерттеу түрлі кезеңдерде жүргізіліп, сәйкесінше ой-пікірлер мен тұжырымдар түйінделді. Дегенмен де әлі де болса зерттелуге тиіс мынадай мәселелерді атап көрсеткен жөн. Олар:

- Ежелгі дәуірдегі «лазурит жолы», нефрит жолы», «дала жолы» «астық жолы» тарихтарын зерттеу Ұлы Жібек жолы мен оның тармақтарының қалыптасуы мәселелерін айқындауға жол ашады деп ойлаймыз;

- Ұлы Жібек жолының қазақстандық тармақтары арнайы зерттелсе, оның тарихы толығына, нақтылана түсер еді;

- Ұлы Жібек жолы бойы қалаларынан мәлімет беретін жазба деректер толығымен анықталып, ғылыми айналымға ендірілмеген. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында сондай деректерді іздеп тауып, деректанулық талдаудан өткізіп, зерттеушілердің пайдалануына ұсыну қажет;

- халықаралық керуен жолдарындағы қалаларға қатысты шетел тілдеріндегі тарихи және тарихнамалық деректердің мазмұнын айқындап, маңызды фактілеріне баға беру ғылым үшін өзекті;

- Жібек жолы бойындағы Қазақстандық қалалардың кешенді тарихын айғақтайтын ұжымдық зерттеулерді дайындау заманауи қажеттіліктердің бірінен саналады. Мұның өзі бір жағынан қазақ жеріндегі материалдық және

рухани мәдениеттің тарихи ошақтарын жаһанға танытуға септесе, екінші жағынан республикада туризмді де дамытуға үлес қосар еді;

- тарихнамалық талдау атап көрсеткендей, ғылымда көбінесе Жібек жолы қалаларының орнын және өмір сүрген уақытын анықтауға назар аударылды. Сол қалалардың шаруашылық, саяси, мәдени өмірі, сондай-ақ демографиялық жай-күйін, әлеуметтік құрылымын, тұрғындарының құрамын, сәулет үлгілерін, қайталанбас ерекшеліктерін терең зерттеу ежелгі және ортағасырлардағы қазақ тарихын байытып, Қазақстан аумағындағы «көшпелілерде отырықшы мәдениет болмаған» деген жаңсақ пікірге қарсы дәйекті күшейтер еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бернштам А.Н. Памятники старины Талаской долины. – Алматы, 1941. – 240 с.
- 2 Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIIIғ. басы). – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 210 б.
- 3.Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы, 2002. – 248 б.
- 4 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алматы: Наука, 1972. – 217с.
- 5 Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалаларының энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2005. – 316 с.
- 6 Байпаков К.М., Сенигова Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселение Северо - Восточного Жетысу. – Алматы, 2005. – 188 с.
- 7 Байпаков К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. Раннесредневековая архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 2001. – 259 с.
- 8 Бернштам А.Н. Древний Отрар // Известия АН Каз ССР, серия археологическая. – 1951. – Вып. 3, № 8. – С. 14.
- 9 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы: Наука, 1950. – 189 с.
- 10 Ерзакович Л.Б. О позднесредневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. – Алматы, 1969. – С. 17.
- 11 Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 356 с.
- 12 Валиханов Чокан. Избранные произведения. – Алматы, 1958. – 273 с.
- 13 Пантусов Н.Н. Фергана по «Запискам султана Бабура» // Записки ИРГО. – 1891. – № 2. – С. 26-47.
- 14 Пантусов Н.Н. Город Алмалык и Мазар Туглук-Тимур-хана // Кауфманский сборник. – М., 1910. – С. 161-188.
- 15 Фишер Г.В. Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до ее устья // Записки ЗСО РГО. – 1884. - Т. 6. – С. 3-21.
- 16 Абрамов Н.А. Алматы или укрепление с Верное с его окрестностями // Записки РГО. – СПб., 1867. – Т.1. – С. 255-268.
- 17 Абрамов Н.А. Древнее укрепление при речке Чингильда // Тобольские губернские ведомости. – 1867. – № 50. – С. 70-75.
- 18 Абрамов Н.А. Древние курганы и укрепления при в Семипалатинской и Семиреченской областях // Известия РГО. – 1873. -Т.8, вып.1. – С. 59-63.
- 19 Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – СПб., 1870. – 39 с.
- 20 Иванов Л.Д. По вопросу некоторых туркестанских древностей // Известия РГО. – СПб., 1886. - Т. 21. – С. 71-89.
- 21 Каллаур В.А. Древности в низовьях реки Талас // ПТКЛА. – 4. прот. № 2 от 13 марта 1899 г. – Ташкент, 1899.
- 22 Каллаур В.А. «Археологическая поездка по Аулие-Атинскому уезду» // ПТКЛА. 2 прот. – Ташкент, 1897.

- 23 Каллаур В.А. «К истории г. Аулие-Ата» // ПТКЛА.- 8 прот. от 22.09.1903. – Ташкент, 1903.
- 24 Каллаур В.А. «Древние местности Аулие-атинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулие – Ата» // ПТКЛА. Прот. №1 от 12.09.1904. – Ташкент, 1904.
- 25 Каллаур В.А. «Поездка на Ахыр-Тас (Ахур-Таш, Таш-Акыр) и его окрестности» // ПТКЛА.- 10 прот. от 23.12.1905. – Ташкент, 1905. - №2.
- 26 Каллаур В.А. «Находка клада древних монет в г. Аулие-Ата» // ПТКЛА. -12 прот. от 27.02.1907 г. – Ташкент, 1908. - №1.
- 27 Григорьев В. Об арабском путешественнике X века, Абу-Долеф и странствовании его по Средней Азии // Туркестанский сборник. – СПб., 1873. – Т. 53. – С. 1-45.
- 28 Берг Л.С. Предварительный отчет об исследовании озера Балхаш летом 1903 года // Избр. тр. – М., 1960. – Т. 3. – С. 68-70.
- 29 Лыкошин Н. С. Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского Кружка любителей археологии // Среднеазиатский Вестник. – 1896 – № 6. –17 с.
- 30 Кларе А. К., Черкасова А. А. Древний Отрар и раскопки, произведения в развалинах его 1904 // ПТКАА. – Ташкент, 1904. – С. 14.
- 31 Рычков П. История Оренбургская, по учреждению Оренбургской губернии. – СПб., 1759. – 21 с.
- 32 Казанцев И. Описание киргиз-кайсака. – СПб.: Общественная польза, 1867. – 231 с.
- 33 Бартольд В.В. Кульджа // Соч. - М., 1965. – Т. 3. – С. 470-471.
- 34 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг // Соч. – М., 1966. – Т. 4. – С. 21-91.
- 35 Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период. (По поводу Семиреченских надписей) // Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества. –СПб., 1893. –Т. 8. – Вып. 1-2. – С. 180-182.
- 36 Бернштам А.Н. Прошлое района Алма-Ата (Историко-археологический очерк). – Алматы: АН Каз ССР, 1948. – 17 с.
- 37 Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар (Топография, стратиграфия, перспективы). – Алматы: Наука, 1972. – 215 с.
- 38 Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселения Семиречья // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. - 1966. – № 2. – С. 34- 45.
- 39 Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). – Алматы: Наука, 1986. – 256 с.
- 40 Байпаков К.М. «Великий Шелковый путь»: культурные контакты в прошлом и настоящем // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1989. – № 3. – 18 б.
- 41 Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962. – 96 с.
- 42 Неразик Е. К. К проблеме развития городов Хорезма // Культура и искусство древнего Хорезма. – М.: Наука, 1975. – 272 с.

- 43 Васильев Л.С. Культурные и торговые связи ханьского Китая с народами Центральной и Средней Азии // Вестник истории мировой культуры. – М., 1958. – № 5. – С. 42-46.
- 44 Кумекоев Б.Е. Государство кимаков IX-XI в.в. по арабским источникам. – Алматы: Наука, 1972. – 156 с.
- 45 Массон М. Е. Краткий очерк истории изучения Средней Азии в археологическом отношении // Тр. САГУ. Археология Средней Азии. – Ташкент, 1956. – Вып. LXXXI, кн. 12. – Ст. 9.
- 46 Агеева Е.И. Керамика городов и поселений среднего течения Сыр-Дарьи и Каратау // Известия АН КазССР. сер. арх. – 1949. – Вып. 2. – С. 100-118.
- 47 Агеева Е.И. Краткие итоги работ археологических экспедиций Института истории, археологии и этнографии 1953 года // Известия АН КазССР. сер. ист. экон. филос. и права. – 1954. – Вып. 1. – С. 53-58.
- 48 Сенигова Т.Н. Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта (XVII-XVIII вв.) // Археологические памятники Казахстана. – Алматы, 1978. – С. 171-187.
- 49 Пацевич Г.И. Историческая топография городов и поселений юга Казахстана VIII –XV вв. н.э. (по археол. данным): автореф. ... канд. ист. наук.- М., 1954. – 15 с.
- 50 Зуев Ю.А. К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и китаем во второй половине I в. до н.э. // Известия АН Каз ССР. сер. Ист. Экон. Филос. и права. – 1957. – Вып. 2 (5). – 71 с.
- 51 Бурнашева Р.З. Отрар, Отрарский оазис и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов VIII-XVIII вв. Научно-аналитический обзор. – Алматы, 1989. – 77 с.
- 52 Шәлекенов У.Х. Құм басқан қала. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 120 б.
- 53 Шәлекенов У.Х. Баласағұнның жұмбағы шешілді. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 93 б.
- 54 Байпақов К.М., Самашев З.С., Төлеубаев А.Т. Археология Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 256 с.
- 55 Байпақов К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. – Алматы: Credo, 2005. – 202 б.
- 56 Байпақов К.М., Танабаева С.И., Сдықов М.Н. Батыс Қазақстанның археологиялық қазыналары. Фотоальбом. – Алматы: Credo, 2001. – 160 с.
- 57 Байпақов К.М. Отырар алқабы. Фотоальбом. – Алматы: Баур, 2005. – 256 б.
- 58 Байтанаев Б.А. Древние города Южно-Казахстанской области на Великом Шелковом пути // Кітаптану. Библиография. Мақалалар жинағы. Құраст. К.Т. Қасымжанова, С.Т. Тұяқова. – Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2008. – Б. 26-28.
- 59 Насыров Р. По Великому шелковому пути. (Фотоальбом). – Алматы: Крамдс-реклама, 1991. – 320 с.

- 60 Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия. – Туркестан: Издательство МКТУ, 2005. – 284 с.
- 61 Самашев З, Григорьев Ф, Жумабекова Г. Древности Алматы. – Алматы, 2005. – 182 с.
- 62 Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. – М., 1973. – 287 с.
- 63 Результаты экспедиции полковника Ю.А.Сосновского для исследования торгового пути в Китай // Туркестанский сборник. – СПб., 1876. – Т.151. – С. 84-87.
- 64 Древний торговый путь в Среднюю Азию // Туркестанские ведомости. – 1870. – № 14. – С. 81-82.
- 65 Западный Туркестан в УП столетии, по описанию китайского путешественника // Туркестанские ведомости. – 1889. – № 38-40. – 25 с.
- 66 Байпаков К.М. Тараз и средневековые города Таласской долины // Проблемы древней и средневековой истории Казахстана // Материалы чтений по творчеству М.Х. Дулати. – Алматы, 1999. – С. 22-37.
- 67 Байпаков К.М., Нортхедж А. Новые данные об Акырташе // Известия МН-АН РК. Сер. общ. наук. – 1997. – № 1. – С. 3-11.
- 68 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығы. Жамбыл облысы. – Алматы, 2002. – Т. 2. – 346 б.
- 69 Агеева Е. И., Пацевич Г. И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ. Археология. – Алматы, 1958. – Т. 5. – 200 с.
- 70 Байпаков К. М., Кумеков Б. Е. Бартольд как историк и археолог средневекового Казахстана // Изв. АН Каз ССР. сер. общ. наук. - 1976. – № 6. – С. 84-87.
- 71 Отрар. Энциклопедия. – Алматы, 2005. – 345 с.
- 72 Арзютов Н.А. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. На месте развалин золотоордынского города Сарайчика // Известия АН КазССР.- 1949. – Вып. 2. – 12 с.
- 73 Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании в 1951 г. В г. Ленинграде // Архив ИА МН АН РК. - 1953. - Инв. № 763А.– С.3.; Выписка из протокола заседание секции археологии Средней Азии пленума института истории материальной культуры АН СССР от 24 апреля 1951 г. Выступление С.С. Черникова по докладу А.Х. Маргулана // Архив ИА МН АН РК. Инв. № 763а. – С. 8.
- 74 Агеева Е.И., Сенигова Т.Н., Пацевич Г.И. Археологические работы за 1950-1953 гг. // Архив ИА МН АН РК. - Опись. 2, дело № 24. – С. 11.
- 75 Самашев З., Кожиков Д., Талеев Д. Сарайчик: проблемы исследования великого города // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – 35 с.
- 76 Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды и ее падение. – М., 1996. – 350 с.
- 77 Токтабаев А. Сарайшықтың аққу көлі // Егеменді Қазақстан. – 1998. – 22 март.

- 78 Абулгази Бахадур-хан. Родословное древо тюрков. – Москва-Ташкент-Бишкек, 1996. – 224 с
- 79 Тасмағамбетов И., Самашев З.С. Сарайшық. – Алматы: Берел, 2001. – 320 б.
- 80 Путешествие Ахмеда ибн Фадлана на реку Итиль и принятие в Булгарию ислама // На стыке континентов и цивилизации. – М.: Инсан, 1996. – 768 с
- 81 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М. – Л., 1950.
- 82 Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана // Труды института ист., арх. и этн. АН Каз ССР.– Алматы, 1960. – Т.8. – 225 с.
- 83 Ұлы жібек жолы // Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1977. – т. 11. – 632 б.
- 84 Таиров С.М. «Шелковый путь» как проводник духовной культуры и искусства // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1989. – № 3. – Б. 16-19.
- 85 Ұлы Жібек жолы. Оның өткені мен болашағы хақында // Қазақстан коммунисті. 1991, ақпан. – № 2. – Б. 46-52.
- 86 Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути // Тез. докл. междунар. семинара ЮНЕСКО. Алматы, 15-16 июня 1991 г.). – Алматы, 1991. – 120 с.
- 87 Байпаков К.М., Нортхедж А. От ставки к городу // Новости археологии. МКТУ им. Ясави. – 1997. – № 1. – 32 с.
- 88 Байпаков К.М., Шарденова З.Ж. Монументальная архитектура в раннесредневековых государствах (VIII-IX вв.) // Эволюция государственности Казахстана. – Алматы, 1996. – С. 17-23.
- 89 Байпақов К., Нұржанов А., Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
- 90 Албани Б.Қ. Тарихи таным. – Алматы: Ататек, 1994. – 400 б.
- 91 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 92 Шелковый путь и Казахстан. Материалы научно-практической конференции. Алматы, 2-3 сентября 1998 г. – Алматы: Жибек жолы, 1999. – 324 с.
- 93 Кожаметов К. Средоточие Великого Шелкового пути // Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ хабаршысы. Тарих сер. – 1998. – № 9. –Б. 40-41.
- 94 Шалекенов У. Ұлы Жібек жолының дамуына ирандықтардың қосқан үлесі // Қаз МУ хабаршысы. Тарих сер. – 2001. – № 15. – Б. 47-54.
- 95 Шалекенов У. Ұлы Жібек жолының дамуына ирандықтардың қосқан үлесі // Қазақ-иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы. Семинар материалдары. – Алматы, 2001. – 142 б.
- 96 Байтілен С. Ұлы Жібек жолындағы қала // Қазақ тарихы. – 2002. – № 3. –Б. 20-21.
- 97 Физатов Ж. Сарайшық – астана қала. – Ақтөбе: А-Полиграф, 2004. – 192 б.

- 98 Исакова З. Ұлы Жібек жолы - өркениет жолы // Зерде.- 2004. – № 1. – Б. 18-19.
- 99 Кляшторный С.Т., Лившиц В.А. Согдийцы в Центральной Азии // Формирование и развитие трасс Великого Шелкового пути в Центральной Азии в древности и средневековье. – Самарканд, 1990. – С. 7-9.
- 100 Ртвеладзе Э. Великий Шелковый путь // Энциклопедический справочник. – Ташкент: Узбекистон миллий энциклопедияси, 1999. – 280 с.
- 101 Изтелеуұлы Ш. «Жібек жолы» Қазақ елі туралы // Егемен Қазақстан. – 1994, ақпан - 15.
- 102 Құлнбай Ә. Президент АҚШ сенаторын қабылдады // Егемен Қазақстан. – 1998, сәуір - 21.
- 103 Дороги, которые объединяют мир // Вечерний Алматы. – 2003, сентябрь - 3.
- 104 Кулибаев А. Шелковый путь // Kazakhstan. – 2001. – № 1.
- 105 Кулибаев А. «Шелковый путь – Казахстан»: возрождение истории, развитие туризма // Казахстанская правда. – 2003, сентябрь-17.
- 106 Новиков И. Казахстан обладает высокитуристским ресурсом // Казахстанская правда. – 2004, апрель-9.
- 107 Байтлесова С. Шелковый путь Казахстана // Страна и мир. – 2004. – № 12.
- 108 Никитинский Е. Шелковый путь – начало индустрии туризма // Казахстанская правда. – 1998, январь-13.
- 109 Вержбицкая Н. «Шелковый путь» стирает границы // Казахстанская правда. – 2000, июль-22.
- 110 Есали А. Туризм табыс көзі бола ала ма? // Егемен Қазақстан. – 2001, қазан - 20.
- 111 Бейсебаев И. «Жібек жолымен» керуен ағылады // Арқа ажары. – 1992, сәуір - 22.
- 112 Примбетов С. Возрождение древнего Шелкового пути // Азия – экономика и жизнь. – 1996, ноябрь.
- 113 Шермухамедов А., Топалиди В., Хамраев Г. Великий Шелковый путь и современные автомагистрали // Экономика и статистика. – 1997. – № 6.
- 114 Гурина Е. Шелковый путь возродится на рельсах // Комсомольская правда. – 2000, июнь -16. – № 107.
- 115 Бекмамбетова Г. Шелковый путь в системе Евразийских транспортных коридоров // Транзитная экономика. – 2003. – № 1.
- 116 Әуезов М. Ұлы Жібек жолының мәдени дәстүрлерінің жаңғыруы // Дипломатия жаршысы. – 2005. – № 4 (6).
- 117 Артемьев А. И. От Великого Шелкового пути – в XXI век: диалог христианства и ислама в Казахстане // Открытая школа. – 2006. – № 11. (60).
- 118 Ауезов М. Шелковый путь как магистраль информации // Central Asia monitor. – 2006, январь- 13. – № 2 (57).
- 119 Хошимов М. Ислам әлеміндегі рухани ескерткіштер атласы // Түркі әлемі туризм құрылтайы. – Түркістан: ХҚТУ басп, 2005. –Б. 97- 99.

- 120 Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселение Чуйской долины. – Фрунзе, 1959. – 187 с.
- 121 Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Средневековый Жайык. – Алматы, 2004. – 207 с.
- 122 Байпаков К., Алдабергенов Н.О. Отрар. – Алматы, 2005. – 169 с.
- 123 Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998. – 216 с.
- 124 Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане // КСИИМК. – 1947. – Вып. 26. – С. 131-133.
- 125 Бернштам А.Н. Советская археология Средней Азии // КСИИМК.- 1949. – Вып. 28. – С. 5-17.
- 126 Археологическая карта Казахстана, Реестр. – Алматы, 1960. – 449 с.
- 127 Жәнібеков Ө., Нұсқабаев Ж. Ежелгі Отырар. – Алматы, 1997. – 179 б.
- 128 Спасский Г.И. Записки о Сибирских древностях // Сибирский вестник. – 1818. – Ч. III. – С. 52-110.
- 129 Маргулан А. Х. Оседлые поселения VIII – XIII вв. на северных склонах Каратау // Известия АН КазССР. сер. археол. – 1948. – Вып. 1. – С. 109-115.
- 130 Агеева Е.И. Городище Баба-Ата // Тр. ИИАЭ АН КазССР. – Алматы, 1962. – Т. 14. – С. 117-215.
- 131 Толстов С.П. Города гузов // СЭ. – 1964. – № 2. – С. 45-60.
- 132 Приаралье в древности и средневековье. – М., 1998. – 301 с.
- 133 Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана, 2003. – 269 б.
- 134 Қазақ Совет энциклопедиясы (КСЭ). – Алматы, 1976. – т. 8. – 438 б.
- 135 Ювалы А., Имашова Н. Жалпы түркі тарихы. – Түркістан, 2004. – 349 б.
- 136 Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – т. 1. – 590 б.
- 137 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972. – т. 1. – 600 б.
- 138 Археологические исследования в Отраре. – Алматы, 1977. – 144 с.
- 139 Шежірелі Отырар. – Шымкент, 2005. – 321 б.
- 140 Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. – т. 1. – 368 с.
- 141 Массон М. Е. Мавзолей Ходжа Ахмета Ясеви. – Ташкент, 1930. – 112 с.
- 142 Массон М. Е. Старый Сайрам // Известия Средазкомстарсиса. – 1928. – Вып. 3. – С. 23-42.
- 143 Түркістан. Халықаралық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 656 б.
- 144 Культурное наследие Южного Казахстана. Сб. статей, посвященный 80-летию Южно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея. – Шымкент, 2002. – 189 с.
- 145 Байпаков К.М., Грищенко А.Н., Кожа М., Нурпеисов М.М. Работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции в долинах рек Сырдарья и Арыси // Известия МОН РК. сер. общ. наук. – 2000. – № 1. – С. 215-229.

- 146 Қожаев М. Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан: Мұра, 1996. – 160 б.
- 147 Қожа М., Ахмет С. Сырдарияның орта ағысындағы жаңа археологиялық ескерткіштер // Халықаралық Марғұлан оқулары. – Қызыл-Орда, 2001. – 300 б.
- 148 Ахмет С.З., Исабеков З.Қ., Есжан Е.Ә. Отырар ескерткіштері. 1-бөлім. – Шымкент, 2006. – 309 б.
- 149 Ибрагимов Н. Ибн-Баттута и его путешествие по средней Азии. – М., 1988. – 225 б.
- 150 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алматы: Ғылым, 1992. – 243 с.
- 151 Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – Т. 1. – 385 с.
- 152 Самашев З.С. Исследование золотоордынского города Сарайчик (предварительное сообщение) // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 60-69.
- 153 Самашев З.С., Кузнецова О.В. Поливная керамика Сарайчика // Изв. МОН РК, НАН РК. сер. общ. наук. - 2000. – № 1. - С. 84-100.
- 154 Самашев З., Әділгереев Б. Сарайшықтағы тың зерттеулер // Қазақ тарихы. - 2000. – № 5. –Б. 72-76.
- 155 Аитова С.М., Самашев З.С. Джучидские монеты с городища Сарайчик // Изв. МН АН РК. – 1998. – № 1. – С. 35-41.
- 156 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 92 с.
- 157 История Казахстана. – Алматы: Атамұра, 1997. – Т. 2. – 620 с.
- 158 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – СПб., 1864. – Ч. 2. – 498 с.
- 159 Қадырғали Жалайыр. Шежілер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
- 160 Герберштейн Сигизмунд. Записки о Московии. – М., 1988. – С. 179.
- 161 Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды. – М.: Искусство, 1976. – 250 с.
- 162 TATARICA. Звездный час татарской истории. – Казань, 1997. – Т. 1. – 240 с.
- 163 Смагулов Е.А., Ержигитова А., Ахатов Г.А. Отчет Западно-Казахстанской Экспедиции за 2001 г // Архив ИА МН АН РК.- Инв. № 24.
- 164 Смагулов Е.А., Ержигитова А., Ахатов Г.А. Отчет Западно-Казахстанской Экспедиции за 2003 г // Архив ИА МН АН РК.- Инв. № 214.
- 165 Смагулов Е.А., Ержигитова А., Ахатов Г.А. Отчет Западно-Казахстанской Экспедиции за 2004 г // Архив ИА МН АН РК.- Инв. № 456.
- 166 Байпаков К.М., Воякин Д., Айткул Х.А. Исследование в Отраре // Отчет по государственной программе «Культурное наследие» за 2004 г.- Алматы, 2005.- С.78.